

А.Қ. Дүйсенбев

Тәрбие теориясы мен әдістемесі

Оқулық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А.Қ. ДҮЙСЕНБАЕВ

ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Сырдария университеті
Алматы, 2014
ТАҢХАНА
Инв. № 54701

УДК 37.015 (075.8)

ББК 74.00я73

Д 87

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған

Пікір жазғандар:

С.М. Кенесбаев – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Ш.И. Жанзакова – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Г.А. Такишева – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Дүйсенбаев А.Қ.

Д 87 Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқулық. – Алматы: «Отан», 2014. – 257 бет.

ISBN 978-601-7796-03-7

Бұл оқулық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болатын теориялық мағлұмат беруді көздейді. Оқулық мазмұнында дәрістер, практикалық сабақтар мен өзіндік жұмыс тапсырмалары, емтихан сұрақтары, глоссарий, әдебиеттер тізімі берілген. Оқулық негізінен 5В010000 - «Білім» тобы мамандығының студенттеріне және мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастырушы сынып жетекшілеріне арналған.

УДК 37.015 (075.8)

ББК 74.00я73

ISBN 978-601-7796-03-7

© Дүйсенбаев А.Қ., 2014

© «Отан» баспасы, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Қоғамның барлық тарихи даму кезеңдерінде жеке тұлғаны тәрбиелеу, адамгершілік, ізгілік, әдеп туралы зерттеу проблемалары көптеген ғалымдар мен педагогтардың назарын аударды. Тәрбие теориясы мен әдістемесі мұғалімдер мен тәрбиешілер үшін кәсіби бағытта тәрбие жүйесін дұрыс ұйымдастыруда ерекше маңызға ие болып табылады.

Тәрбие теориясы мен әдістемесі оқу пәні ретінде ерте кезден бастап қазіргі кезеңге дейінгі тәрбиенің, мектептің және педагогикалық теориялардың қалыптасуын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттейді. Әртүрлі тарихи кезеңде өмір сүрсе де, өзінің білім беру жүйесіндегі еңбектерімен ғылымға елеулі үлес қосқан прогрессивтік бағыттағы педагогтар мен көрнекті ойшылдар кейінгі ұрпаққа өшпес мұра қалдырды.

Атап айтқанда, әлемге әйгілі Анахарсистің, Күлтегіннің, Қорқыттың, Әл-Фарабидің тағылымдық мұраларында және өткен кезеңнің белгілі педагогтары Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци, А.В.Дистервег, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов және т.б. ағартушы-педагогтардың тәлім-тәрбиелік мұраларының бүгінгі күні маңызы зор.

Халықтың тағылымдық мұрасын зерттеу педагогикалық ойлауды дамытуға, педагогикалық мәдениетті арттыруға көмектеседі, педагогикалық теория мен тәжірибе мәселелерін бүгінгі күннің қоғамдық тәжірибесіне сәйкес қарастыруды қажет етеді. Демек, бұрынғы педагогикалық жүйелер мен идеяларды пайымдай отырып, адамзат ақыл-ойы мен мәдениетінің дамуындағы ең алдыңғы құнды мұралары шығармашылықпен пайдаланылады. Оның негізі тарихи-педагогикалық мұраны пайдалануда әлеуметтік жағдайда жасалған теориялар мен идеялардың әдіснамалық тұрғыда құрылғандығын түсіндіруге болады. Тәрбие теориясы мен әдістемесі пәнінде педагогтардың ілімдерімен қатар, ғұлама философтардың, ойшылдардың, ағартушылардың және қоғам қайраткерлерінің педагогикалық көзқарастары қарастырылады.

Тәрбие теориясы мен әдістемесін оқып-үйрену студенттердің педагогикалық мәдениетін арттыруда ерекше рөл атқарып ғана қоймайды, сонымен қатар оны жүзеге асыруда педагогикалық шеберлікпен қарулануға көмектеседі. Мұғалім өткеннің озат

тәжірибесін зерттей отырып, шығармашылықпен пайдаланады және күнделікті тәжірибесінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасында: «...Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің тәрбиесінің кәдесіне жарату – қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес», - деп халқымыздың тәрбие тарихын ерекше атап өтеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жағдайында педагогикалық білім берудің мазмұны ұлттық негіздегі халық педагогикасын зерттеуге тың бағыттар мен серпін берді. Қоғамның саяси-әлеуметтік және мәдени өмірінің жаңа жағдайларына байланысты оқу пәндерінің барлық түрлеріне жаңа талаптар қойылды. Тәрбие теориясы мен әдістемесі пәнінің мақсаты – жеке тұлғаны тәрбие қағидаларымен қамтамасыз ететін, тәрбие әдістерін, тәрбие құралдарын жаңаша қолдана білетін, болашақты болжай білетін, дүниеге ғылыми көзқарасы айқын, қоғамдық ортада тәрбиелі тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Тәрбие теориясы мен әдістемесі пәнінің міндеттері:

- тәрбиенің тағылымдық қағидалары мен әдістемелік ережелерді тұлғаның меңгеруі және түсінуі;
- тәрбиенің даму тенденцияларын, заңдылықтарын, кезеңдерін және ерекшеліктерін білмей, педагогика ғылымының, білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын бағалау мүмкін емес;
- әрбір халықтың мәдени дамуының барлық адамзат қауымдастығының дамуы мен арақатынасы жағдайында қазіргі тәрбиенің дамуының сабақтастығын анықтау.

Тәрбие теориясы мен әдістемесі курсының ролі мен маңызы тәрбиелік тәжірибені тарихи-дамуда меңгеруде болашақ сынып жетекшілері мен мұғалімдерге, оны кәсіптік және адамгершілік жетілдіруде оқушылармен қарым-қатынаста өзінің шығармашылық келбетін қалыптастыруға көмектеседі. Курсты оқыту барысында болашақ педагогтар тәрбие теориясы мен әдістемесін, тәрбие құралдарын әртүрлі кезеңдердегі қазақ халқының ағартушылары мен педагогтарының тәрбие мұраларын, идеяларының қалыптасуы және даму тарихы бойынша біліммен қаруландырылады.

Сонымен қатар тәрбие теориясы мен әдістемесін оқыту барысында болашақ педагогтар төмендегідей дағдыларды меңгеруі қажет:

- тәрбиенің мәдени және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін талдау;
- тәрбиенің қоғамдық мәнін түсіну және объективті тұрғыдан ашып көрсету және бірыңғай әлемдік тарихи-педагогикалық үрдіспен тереңірек байланысын меңгеру;
- қоғамның қазіргі даму жағдайында өткендегі тәрбиенің тағылымдық мәнін үздіксіз пайдалану.

Тәрбие теориясы мен әдістемесі оқулығы 3 тараудан тұрады:

1-тарау. Тәрбиенің қалыптасу генезисі жәні оның қоғамдық мәні.

2-тарау. Ғұлама ойшылдардың тәрбие туралы тағылымдық мұралары.

3-тарау. Жалпы білім беретін орта мектепте тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың әдістемесі.

I ТАРАУ. ТӘРБИЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘНІ

1.1 ТӘРБИЕНІҢ ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Жоспары:

1. Тәрбие генезисі туралы жалпы түсінік.
2. Педагогика классиктерінің тәрбие мақсаты туралы ой-пікірлері.
3. Тәрбиенің мақсат-міндеттері.
4. Тәрбие процесінің мәні.
5. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері.
6. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу.

Негізгі ұғымдар: тәрбие, тәрбие мақсаты, тәрбие процесі, өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу, тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика.

1. Тәрбие генезисі туралы жалпы түсінік. Тәрбие адамның және адамзат қоғамының дүниеге келгенінен бастап пайда болды. Бала тәрбиесі адамзат қоғамының дамуымен байланысты жалпы мәңгілік ұғым болып табылады. Қоғам бар жерде тәрбие де болады. Тәрбие қоғам қажеттілігіне байланысты. Тәрбие ұрпақтар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Аға ұрпақ әр уақытта өз білімі мен тәжірибесін кейінгі ұрпаққа беріп отырады. Тапсыз қоғамда ру, отбасы болмағанда адамдардың негізгі айналысатын балық аулау, аңшылық кәсіптері болды, ер балалар үлкендермен бірге аңшылық және үй хайуанаттарын күтумен айналысты, ал қыз балалар аналарына үй жұмыстарына, тамақ дайындауға көмектесті. Адамдардың қажеттіліктерінің негізінде тәрбие еңбек үрдісімен байланысты дамыды.

Адамзат қоғамы дамуының алғашқы сатысында тәрбиенің мақсаты еңбекке араласқан балаларға үлкендер қарапайым еңбек құралдарын қалай дайындау және пайдалану керектігін үйретті және түсіндірді. Еңбек түрлерінің қиындау деңгейіне қарай адамдар мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан кезде ру пайда болды, осы кезеңде тәрбиенің ролі арта түсті және оның мазмұны мен түрлері өзгерді. Еңбек үрдісінің өзінде оқта-текте айтылатын

нұсқаулардан балаларды бірте-бірте еңбекке даярлауға, оларды еңбектен бос уақыттарында әртүрлі дағдылар мен ептіліктерге оқытуға көшу іске асырылды. Сонымен қатар балаларды рудың дәстүрлерімен, діни түсініктерінің ережелерімен таныстырды.

Алғашқы қауымдық құрылыста отбасы болмаған кезде, балалар руға ортақ болды. Балаларды тәрбиелеу мәселесімен ру мүшелерінің ерекше тәжірибелі, құрметті адамдары, ақсақалдар айналысты. Кейіннен моногамиялық отбасы пайда болғанда, балаларды тәрбиелеу мәселесімен отбасы айналысты. Дегенмен отбасы тәрбиесінің нәтижелерін ру, тайпаның ақсақалдары бақылап отырды. Бұл кезде тәрбие тапсыз сипатта болғандығы өзінен-өзі түсінікті болды. Тәрбие талаптары барлық балаларға бірдей дәрежеде кеңінен тарады.

Қоғам дамуының алғашқы сатысында, алғашқы қауымдық құрылыс кезінде адамдардың өмір жағдайлары өте ауыр болды, сондықтан да адамдарға өмір сүру үшін бәрі бірге болу, тек ғана ұжымдық түрде болып еңбек етудің қажеттілігі байқалды. Бұл қоғамда бәрі ұжым болып еңбек етті, әлеуметтік теңсіздік, тап деген болмады, адамдар ортақ үйлерде тұрды және бала тәрбиелеу ісі де барлық руларға ортақ болды.

Тапсыз қоғамда барлық балаларды бірдей тәрбиеледі, өздеріне лайықты іс-әрекетке ерте қатыстырды. Жас кезінен бастап олар азық өндіруге қатысты – жеуге болатын өсімдіктерді, жемістерді жинады. Жас шамасына қарай олар үлкендермен бірге еңбекке араласты. Үлкендермен бірге және олардың басшылығымен балалар мен жеткіншектер өмірге қажетті еңбек ептіліктері мен дағдыларын меңгерді. Қыз балалар мен ер балалардың тәрбиесінде кейбір ерекшеліктер болды. Жоғарыда айтылғандай, ер балалар ерлермен бірге балық аулаумен, аңшылық кәсіппен айналысты, оларды күреске білуге, садақпен ата білуге, ептілікке баулыды; қыз балалар үй шаруасына әйелдерге тамақ даярлауға, киім тігуге, ыдыс-аяқ жасауға қатысты. Барлық балаларды жануарларды күтуге, егіншілікпен айналысуға үйретті, колөнердің дамуымен оларды өнерге баулыды.

Жекеменшіктің, құл иеленушіліктің және моногамиялық отбасының пайда болуымен алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауы басталды. Жеке неке пайда болды. Отбасы ең негізгі қоғамдық құрылыстардың бірі болды, өз бетімен шаруашылықты жүргізді, сонымен қатар бала тәрбиесімен айналыса бастады.

Отбасы тәрбиесі тәрбиенің бұқаралық түріне айналды. Пайда болған үстем таптар (көсемдер, ақсақалдар) ақыл-ой білімін дене еңбегінен бөлуге ұмтылды. Алғашқы білімнің негіздерін (жер өлшеу, өзендердің тасуын алдын ала түсіндіру, адамдарды емдеу тәсілдері және т.б.) өздерінің қолдарына жинақтап, оларға өз үстемдігін жүргізді. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасында айырмашылықтар байқала бастады. Осы білімнің алғашқы түсініктерін оқыту үшін арнаулы мекемелер (мектептер) ұйымдастырылды. Дене еңбегімен негізінен бұқара халықтың балалары айналысты. Ондай отбасыларда балалар еңбекке ерте араласты, ата-аналар өз тәжірибесін үйретіп отырды. Мектептерде жүргізілетін ұйымдасқан тәрбие бірте-бірте үстем тап өкілдерінің ісі бола бастады.

Қоғамдық ортада тәрбиенің пайда болуы туралы мәселені ғалымдар бірнеше бағытта сипаттайды. Бұл мәселені түсіндіруде ғалымдардың арасында әртүрлі көзқарастардың болуына қарамастан, алғашқы адамдардың экономикалық өмірі мен еңбек әрекетінің және қоғамдық дамудың ең алғашқы даму сатысында бала тәрбиесінің арасында өмір сүрген тығыз байланысты жоққа шығару көзқарасы тән. Еуропа ғалымдарының тәрбиенің пайда болуы туралы кейбір тұжырымдары адамның дамуы жайындағы вульгарлық-эволюциялық түсініктердің ықпалымен қалыптасқан, ол негізінен тәрбиенің әлеуметтік мәнін жоққа шығаруға, оның үрдісін биологияландыруға алып келеді деген ұстанымда болды.

Жануарлар дүниесіндегі жинақталған нақты материалдарға негіздей отырып, аға ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қоршаған ортаға бейімделу дағдысын беру қамқорлығын осы тұжырымдамалардың жақтаушылары Ш.Летурно, А.Эспинас т.б. жануарлардың инстинкт жағдайындағы іс-әрекетін алғашқы адамдардың тәрбиелік тәжірибесімен бірдей деп қарастырады және тәрбиенің негізіне адамдардың ұрпақ жалғастыру инстинкті ұмтылыстарына жатады, табиғи сұрыптау заңдылығы әрекет етеді деген теріс қорытынды жасайды. Тәрбиенің пайда болуының негізгі шарты алғашқы қоғамдағы адамдардың еңбек іс-әрекеті және қалыптасқан қоғамдық қатынастар болып табылады.

Тәрбиенің пайда болуы туралы әлемдік ғылымда бірнеше тұжырымдама ұсынылады. Ондай көзқарастың дәстүрлі түрлерінің біріне эволюциялық-биологиялық теорияны (Ш.Летурно,

Дж.Симпсон, А.Эспинас) және психологиялық теорияны (П.Монро) жатқызуға болады.

Эволюциялық-биологиялық теорияның өкілдері алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі адамдардың тәрбиелік іс-әрекетін жоғары сатыдағы жануарлардың ұрпақ қалдыру туралы инстинкті қамқорлығымен байланыстырады. Белгілі ғалым П.Монро негіздеген психологиялық теория бойынша, тәрбиенің пайда болуын балаларда санасыз инстинктің үлкендерге еліктеуінің байқалуы деп түсіндіреді. Екі теорияда бір-біріне ұқсас тұжырым қалыптасты: алғашқы тәрбиенің пайда болуы оның ортаға бейімделуі деп түсіндіреді.

2. Педагогика классиктерінің тәрбие мақсаты туралы ой-пікірлері. Тәрбие – қоғамның негізгі қызметтерінің бірі, жеке адамды мақсатты, жүйелі қалыптастыру процесі, аға ұрпақтың тәжірибесін кейінгі буынға меңгертіп, олардың сана-сезімін, жағымды мінез-құлқын дамытушы үрдіс болып табылады. Ересек буын қоғамдағы тарихи өмірде жинақталған тәжірибені, білімді жас буынға тәрбие процесі арқылы береді. Тәрбие материалдық игіліктерді өндіруге қабілетті, іскер адамдарды дайындауға бағытталуы қажет. Басты өндіруші күш жеке тұлға болып табылады. Адам жүйелі түрде күрделі қатынастарға араласып, қоғамдағы қалыптасқан идеяны, саяси және моральдық көзқарастарды, сенімдерді қоғамдағы адамдардың өмір сүру тәртібін меңгереді. Педагогика баланы оқыту, тәрбиелеу тәжірибелерін қорытып, тәрбие және даму үшін қажетті жағдайларды анықтайды. Олай болса, тәрбие – қоғамның тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларынан туатын объективтік процесс. Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең алдымен білім емес, тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», – деген болатын. Демек қазіргі қоғамда бірінші адамға тәрбие берілуі керек. Тәрбие бар жерде тәртіп пен мәдениет қалыптасады.

Тәрбие процесінде бала өзінің дамуына қажетті жағдайларды пайдалануға тиіс. Табиғи және әлеуметтік орта оның көзқарасын дамытады. Мақсат дегеніміз – бір нәрсеге ұмтылу, іске асыру. Бұл тұрғыдан алғанда тәрбие мақсаты – жастарды өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесі. Тәрбиенің мақсаты мен жүйесі мемлекеттің саясаты мен экономикасына тәуелді. Тәрбие мен қоғам бір мезгілде пайда

болды. Тәрбие – қоғамдық құбылыс, онсыз қоғам ілгері дамымайды. Алғашқы қауымдық құрылыста ересектер балаларды еңбекке дағдыландыру үшін қауымның әдет-ғұрпын, салтын үйретті. Таптық қоғамда тәрбие мақсатын анықтау қоғамның ең негізгі мақсатына айналды. Құл иеленушілік қоғамдық құрылыста құлдар, өндіріс құралдары (жер, еңбек құралдары) құл иеленушілерінің жеке меншігі болды. Тәрбиенің мақсаты құл иеленушінің мүддесіне бағындырылып, балаларды соғыс өнеріне тәрбиеледі. Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Осыған сәйкес мұғалім қандай тұлғаны қалыптастыратынын дәл білуі керек. Орыс педагогы К.Д.Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

Чех педагогы Я.А.Коменский: «Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек», - десе, енді бір пікірінде: «Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние даналардың көптігімен бақытты», – деген идеясын айтты. Осы ойларын «Аналар мектебінің» кіріспесінде өрбітеді. Ғалымның ойынша: «Тәрбие – адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс» деп келтіреді.

Я.А.Коменский тәрбие мақсатын төмендегідей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу – «ғылыми білім»;
- қоршаған ортаға ізгілік қатынас – «адамгершілік»;
- құдайға құлшылық ету – «діни тәрбие»;
- тән саулығы – «дене тәрбиесі».

Әлемге танымал Швейцар педагогы И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту қағидасын ұсынады. Неміс педагогы А.Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, «Мектептің міндеті – адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу» деген құнды пікірлерімен педагогика

тарихында оның есімі алтын әріптермен жазылған болатын. Яғни тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеу деген ойды жетілдіре түседі. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады. Белгілі педагог П.П.Блонский тәрбие мақсаты балаға жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарын қалыптастыру деген болатын.

1941-1990 жылдардағы педагогикалық әдебиеттерде «жан-жақты дамыту» ұғымына ақыл-ой, политехникалық, оқу және өндірістік еңбек, адамгершілік тәрбиесі, дене және эстетикалық тәрбие салалары енгізілді. КСРО педагогы А.С.Макаренко тәрбиенің мемлекеттік міндеті негізінде педагогикалық міндет қойып, педагогтардың жұмысын бақылауға алуға болатындығын атап көрсетті. Ол «Тәрбиенің негізгі мақсаты баланы жан-жақты дамыту» деген ұсынысты қолдады, ал В.А.Сухомлинский оны жүзеге асырды. Тәрбие мақсаты туралы озық идеялар қазақ халқының ағартушылары мен ойшылдары еңбегерінде негізгі орынға ие болды. Қазақ халқының ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің «өмірдің негізгі мәні – еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін жетілдіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын көре білу – кісіліктің басты белгісі» деген кемел ойының өзіндік орны ерекше болып табылады. Ал Абай Құнанбайұлы «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым» сынды жеке тұлғалық жақсы қасиеттерді қалыптастыру мақсатын қойып, «өсек, өтірік, маңтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» деген зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

Қазақ халқының біртуар азаматы Мағжан Жұмабаев: «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден жақсылық пен ізгілік алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы», – деп келтіреді.

Ғалым Мәтжан Тілеужанов өзінің «Қазақ тағылымы» атты монографиясында қазақ тағылымының негізгі бағыттарын атап көрсетті. Олар «ар-ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз

сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берік болу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нәрселерден алулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау; ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Сонымен дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты «жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген.

3. Тәрбиенің мақсат-міндеттері. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 16 қарашада жарық көрген «Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие» тұжырымдамасында «жеке тұлғаның жан-жақты үйлесімді дамуы» туралы проблема негізге алынған. Қазақстан Республикасында тәрбие берудің негізгі мақсаты – Қазақстанның егемендігін қамтамасыз ететін, оны дүние жүзіне мойындататын, онымен тең қарым-қатынас жасап, қазақстандық патриотизмді, саяси бостандықты қамтамасыз ететін, нарықтың іргетасын қалап, экономикалық бостандыққа қол жеткізетін, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Тәрбиенің мақсатынан міндеттер туындайды. Дүниетаным – тәрбиенің маңызды міндеттерінің бірі. Дүниетаным – адамның табиғат пен әлеуметтік орта, қарым-қатынас, іс-әрекетінің бағыты туралы көзқарастарын құрайды. Дүниеге көзқарас – ғылым негізінде дүниенің даму заңдылықтарын танып білу.

Ақыл-ой тәрбиесі – оқушылардың ойлау қабілетін, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, ғылыми білім жүйесін меңгертуге бағытталады. Ақыл-ой тәрбиесінің басты міндеттері: оқушыларды табиғат және қоғам жайындағы ғылыми білімдермен қаруландыру; ойлау қабілетін жетілдіру арқылы (абстрактілі, ой операцияларын талдау, синтездеу, салыстыру, жинақтау, саралау т.б.) таным іс-әрекетін (іскерлік, дағды, бақылау, жазып алу, өзін-өзі бақылау, т.б.) дамытып, ғылыми көзқарасын қалыптастыру. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: ізгілік, адалдық, батылдық, төзімділікті қалыптастыру; адамға сүйіспеншілік, құрмет, қайырымдылық сезімін дамыту; оқушыларды өз міндетіне, өзгенің мүддесіне байыпты қарауға үйрету; өз Отанын сүйуге, мемлекеттің рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Еңбек тәрбиесінің негізгі міндеттері: оқушыларды іскерлікке, еңбек дағдысына үйрету; оқушыларды халық шаруашылығының басты салаларымен, еңбек түрлерімен таныстырып, мамандық таңдауға тәрбиелеу; озық еңбек дәстүріне тәрбиелеу.

Эстетикалық тәрбие міндеттері: бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, мүсін), көркемөнер шығармашылығы (көркем әдебиет, музыка, театр, кино) арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру; эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру; әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.

Дене тәрбиесінің міндеттері: оқушылардың ағзасын дамыту; жастарды еңбекке, Отанды қорғауға даярлау; төзімділікке, батылдыққа, ептілікке, іскерлікке тәрбиелеу.

4. Тәрбие процесінің мәні. Баланың ұжыммен және қоғаммен қатынастарының жүйесін құру, педагогикалық жағдайлардың, тәрбиелік әсерлердің нәтижесін талдау, жоспарлау жұмысын реттеу; тәрбие процесінің жобасын құру және жүзеге асыру; тәрбиелік ықпалдарды реттеу және оларға түзетулер енгізу; қорытынды, есепке алу және бақылау негіздерін құрайды. Тәрбие диалектикасы сыртқы ықпалдан (объективті) адам санасына (субъективті) өтіп, іс-әрекет барысында көрінетін құбылыс. Адамның қоғамдық санасының қалыптасуында әлеуметтік іс-әрекеттер маңызды роль атқарады, ал тәрбие процесінде сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтар ықпал етеді.

Сыртқы қарама-қайшылықтар:

- қоғамдық ережелер мен адамдардың тәртібі арасындағы сәйкессіздік;
- мұғалімнің талабы мен оқушының тәртібінің арақатынасы.

Ішкі қарама-қайшылықтар:

- тәрбиешінің талабы мен тәрбиеленушінің мүмкіндігінің арақатынасы;
- тәрбиеленушінің қажеттіліктері мен қанағаттандыру тәсілдерінің арақатынасынан тұрады.

Бала тәрбиесіндегі мұндай қарама-қайшылықтардың негізгі шешімін табу педагогикалық процесті ұтымды ұйымдастырумен сипатталады.

5. Тәрбиенің заңдылықтары мен принциптері. Педагогикалық құбылыс пен үрдіс арасындағы байланысты заңдылықтар деп атайды. Тәрбиенің қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, демократиялық принципті іске асыруына, адам құқығын қорғау мәселелеріне тығыз байланысты болуымен сипатталады. Осы заманғы тарихи жағдайларға

байланысты халықаралық қауымдастық дүниежүзі тарихында халықаралық стандарт болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтар мен адамның негізгі құқығы, бостандығы ашылып көрсетілген («БҰҰ адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», «Бала құқығының Конвенциясы») құжаттары жасалды. Олар осы заманғы тәрбие теориясы мен әдістемесіне, тәрбие мұраттары мен рухани құндылықтарға жаңаша бағыт береді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес бұл құжаттар еліміздің білім саласындағы мемлекеттік саясатының негізі болды.

1. *Тәрбиенің оқыту мен білім берудің сапасына байланыстылығы.* Оқыту – тұлғаны қалыптастыру құралы. Тәрбиенің мазмұны, түрі және әдісі тәрбиеленушілердің даму дәрежесіне байланысты іріктеледі.

2. *Тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеу бірлігі.* Жеке адамның дамуы мен қалыптасуында белсенділіктің ролі зор. Іс-әрекет барысындағы белсенділіктің түрлері: қарым-қатынас белсенділігі, таным белсенділігі, өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі. Қарым-қатынас белсенділігі тұлғаның мінез-құлқын, жүріс-тұрысын қалыптастырады. Таным белсенділігі заттар мен құбылыстардың мәнін, ғылыми ұғымдар мен заңдылықтарды терең түсінуге, оны тәжірибеде қолдана білуге үйретеді. Егер ересек адамдар балалардың сұрақтарын қостап, таным белсенділігінің дамуына бағыт беріп отырса, онда олардың талпынғыштық және бақылағыштық қасиеттері қалыптасады. Өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі, тәрбиеші өзін-өзі тәрбиелеуге баланың ынтасын оята алғанда тәрбие жұмысы нәтижелі жүреді.

3. *Педагогикалық процестегі ұжым мен жеке адамның өзара байланысы.* Ұжымның басты борышы – әрбір адамның шығармашылық өсуіне қамқоршы болуымен сипатталады. Ал тәрбиенің принципі дегеніміз – адамның іс-әрекетінде басшылыққа алатын алғышарты, негізгі ережесі. Бүгінгі күннің талабына сай ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін және ұйымдастыру жүйесінің іргетасын қалайтын негізгі қағидаларына негізделеді:

1) *Тәрбиенің идеялылығы мен мақсаттылығы.* Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан адамды

тәрбиелеу. Мектептің бүкіл іс-әрекеті, қоғамдық өмірі осыған қызмет етуі керек.

2) *Жас ұрпақты іс-әрекет пен қарым-қатынас арқылы тәрбиелеу* – балаларды ақыл-ой әрекетімен қатар іскерлікке машықтандыру, өнімді еңбек етуге бейімдеу, ата-ана мен бала, тәрбиеші мен тәрбиеленуші, үлкен мен кіші арасындағы қарым-қатынасты өзара сенімге, қайырымдылыққа, имандылыққа, бір-біріне сый-құрметпен қарауға негіздеу, тәрбие барысында психологиялық үйлесімділік ахуал туғызу, жас ұрпақтың өзіне сенімін арттыру, қамқоршылық сезімін дамыту.

3) *Тәрбие барысында жеке тұлғаға қойылатын талап пен көрсетілетін құрметтің бірлігі.* Жаңашыл ұстаз Құмаш Нұрғалиев: «Мұғалім мен оқушы арасында үзілмейтін алтын желі болуы тиіс. Ол баланың ұстазына деген сенімі, мұғалімнің баланы сүйюі», – деген болатын. Тәрбиеленушіні құрметтеу және оған талаптар қою – баланың мықты және әлсіз жақтарын біліп, оның өсуіне қажетті жағдайлар жасау. Талап коюдан оқушыға құрмет, күші мен қабілетіне сенім көрінеді. Мұғалім оқушы бойынан рухани қасиетті жобалап, оған сүйеніп, оқушының өз тәжірибесін дамытуына көмектесу керек. Тәрбиелік ықпалдардың тізбектестігі, жүйелілігі, үздіксіздігі болуы қажет. Тәрбие тәжірибесі балаларға қойылатын талап пен педагогикалық ықпал бірлігі қажет екенін дәлелдеді. Ұрпақ тәрбиесінің нәтижелілігінде тәрбие мекемелеріндегі талаптың бірлігі, іс-әрекеттің сабақтастығымен байланысты қарастырылады.

4) *Оқушылардың жас және жеке-дара ерекшелігін есепке алу.* Оқушылардың жеке ерекшелігі – денсаулығы, ақыл-ойы, адамгершілік қалыптасуы, сыртқы әсерлерге жауабы, қабылдауы, т.б. Біреулері өзінің байсалдылығымен ескертулерді дұрыс қабылдаса, кейбіреулеріне керісінше әсер етуі мүмкін, сондықтан оқушылардың тәрбиелік дәрежесін дер кезінде анықтап отыру қажет. Тәрбие жұмысының барлығы білім мен сенімнің, сөз бен істің үздіксіздігі негізінде құрылады.

Баланың ішкі мүмкіндіктерінің ашылуы адамдардың сүйіспеншілік сезімі мен қарым-қатынасына байланысты. Баланы тең адам санап, оған еркіндік бергенде ғана ол өз пікірін ашық айта алады, үлкендердің балаға деген құрметі олардың сенімін арттырады. Бастауыш сынып оқушыларының өзіндік санасы жаңа қалыптасып келе жатқандықтан, олар негізінен мұғалімнің

ықпалында болады. Жасөспірімдер жедел дамып келе жатқандықтан, тәрбиесі бірқалыпты жағдайға ауысып, өзін-өзі тәрбиелеуге қажеттілігі артады. Баланы ұжымда, ұжым арқылы тәрбиелеу – тәрбие жұмысындағы жетекші принциптердің бірі. Мұны екі түрлі көзқарас тұрғысынан қарау керек. Бірі – ұжымдық тәрбие қоғамның негізгі қаруы. Бала берік ұйымдасқан, ынтымақты, әлеуметті, рухани таза ұжымда болуы қажет. Екіншісі – тәрбиеленушінің педагог ықпалымен, көзқарасымен шектеліп қалмауы. Педагог-тәрбиеші қосарланған ұғымына белгілі педагог А.С.Макаренко қарсы болып, оны ұжымның жан-жақты тәрбиелік әсерімен бекітуді ұсынған. Бірлескен іс-әрекетте, орынды ұйымдастырылған ұжымдық жұмыстарда өзара тәуелді, жауапкершілікті қатынастар туындайды, баланың тәжірибе және ұжымдық өмір дағдыларын жинау процесі жүреді.

6. Өзін-өзі тәрбиелеу және қайта тәрбиелеу. Тәрбие процесінде мұғалім, мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдардың күш-қуатын үйлесімді педагогикалық бірізділікке бағыттау қажет. Тұлға өзін өмірде сирек кездесетін ерекше феномен деп қарайды. Бұл принцип мектеп мұғалімдерінің, отбасының және қоғамның педагогикалық күш-жігерінің бірлігі мен қызмет етуін қажет етеді. Бала тәрбиесінде отбасының рөлі көп жағдайда жаңа әлеуметтік қатынастарға байланысты. Ол ата-аналар мен мектептің және қоғамның арасындағы нарықтық еңбек жағдайында қатысады. Отбасындағы тәрбиеге көмек ретінде елімізде демеушілер мен қайырымдылық жасаушылар, әлеуметтік құқық қорғау бөлімдері мен қамқорлық қорғау кеңестерінің жұмысы да ұмытылуда. Тұлғаның сапаларын қалыптастыру бір мезгілде, кешенді түрде жүргізілетіндіктен, педагогикалық ықпал да кешенді сипатқа ие болуы тиіс. Жасөспірімдердің өздеріне сын көзбен қарамауы, жауапкершілікті сезінбеуі ата-аналары мен мұғалімдерді босқа мазасыздандырып отырған жоқ. Мектеп пен отбасындағы балалар тәрбиесінің ең маңызды міндеті – оларды қажетті өмір сүру процесіне дайындау. Өзін-өзі тәрбиелеуді көбіне ұнамсыз жайды сезініп, сонымен күресуден бастайды. Біреуі – бойындағы берекесіздіктен, екіншісі – дөрекіліктен, үшіншілері – тұйықтықтан, ұяшақтықтан арылғысы келеді. Мақсат қою, күш-жігер жұмсау, өзін-өзі бақылау мен өз ісіне талдау жасап отыру – өзін-өзі тәрбиелеудің міндетті бағытын құрайды. Оқушылар өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын қалай жасауды жақсы елестете

алмайтындықтан, оларға жиі-жиі көмек көрсетуге тура келеді. Олар өзінің ойлау ерекшелігі мен мінез-құлпына талдау жасауға киналады. Тәрбиешілер оқушыларға өзін-өзі тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіретін арнаулы әңгімелер немесе пікірталастар өткізеді. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері:

Жеке міндеттеме – белгілі мерзім аралығында өзі атқаратын міндеттерді таңдап алып, есеп жүргізу, өзіне-өзі қызмет көрсету. Иландыруға ұқсас өзін-өзі міндеттеу әдісі. Оны бала өз кемшілігін жою үшін қолданады. Үй тапсырмасын орындауға, таза жазуға, оларды байсалдылықпен ойланып істеуге жаттығып, оны әр уақытта қайталап, орындауға күш-жігерін жұмылдырады. Оқушы белгілі бір міндетін орындауда енжарлық көрсеткенде өзін-өзі міндеттеу, өзіне-өзі бұйыру әдісін қолданады.

- өзіндік есеп беру – қоғамдық жұмысты атқару, баланың өз іс-қилығына жауаптылығы, жолдастарымен тәжірибе алмасуы.

- өз іс-қилығына талдау жасау – өзінің кейбір қилықтарына сын көзбен қарап, себебін білгісі келуі, оны жоюға тырысуы.

- өзін-өзі бақылау – кемшіліктерін болдырмау үшін жағымды мінез-құлқықтарын дамыту мақсатында күнделік жүргізу. Өзіне баға беру – мінез-құлқықтарының кемшіліктерін жою үшін баланың өзін-өзі тәрбиелеуі. Орыс педагогы К.Д.Ушинский жасаған өзін-өзі тәрбиелеу ережелері:

- өте сабырлылық, тіпті болмағанда, сыртқы сабырлылықты сақтау;

- турашылдық;

- ойлы әрекет;

- шешімділік;

- өзің туралы қажет болмаса, бір сөз айтпау, сапасыз бос уақыт өткізбеу;

- не істесең де еріктісің, бірақ, кездейсоқ істен сақ бол;

- қажетті немесе керекті іспен ғана айналыс, көрсеқызар болма;

- бітірген ісіңе еш уақытта мақтанба;

- әркез ағыңнан жарылма, өз ісің туралы өзіңе жауап беріп отыр.

Бұл ережелерді әлі де толықтыруға, жетілдіруге болады. Кейбір кездері адам өз алдына игі бір биік мақсат қойып, өз бетімен ізденіп, өзін-өзі тәрбиелеп жетілдірудің жолдарын өзі қарастырады. Содан әсерленіп қанаттанған ішкі сезімдері арқылы білімді

қажетсініп, нәтижесінде мақсатына жету үшін табандылықпен ізденеді. Адам баласының тарихында ондай мысалдар көптеп кездеседі. Тарихта белгілі шешен Демосфен жас кезінен шешендік өнерді меңгеруді армандайды. Алайда көпшілік алдындағы алғашқы сөзінде-ақ сәтсіздікке ұшырайды. Оның даусы тым бәсең, сөздері ұйқаспай, тілі күрмеліп, сөйлей алмайды. Соны сезген қауым оны тындамай, тыжырынады. Оның орнында басқа біреу болса, бұл масқарадан кейін тауы шағылып, қолын бір-ақ сермеп, жайына кете барар еді. Демосфен өйтпеді. Ол елден оқшауланып, теңіз жағасынан үй салып, дауылды күндері, бұрқ-сарқ болып жағаны ұрып жатқан толқынға карап, сағаттап суырып салма сөздерін қарша боратып, бар даусымен сөйлейтін. Тіліндегі кемістігін жою үшін, тілінің астына малта тастар салып алатын болған. Сондай жанқиярлық, табандылық пен ерік-қайрат Демосфенді дегеніне жеткізді. Ол әлемнің айтулы ұлы шешеніне айналады. Талай ұлы адамдар өз мінездерін жаман әдеттерден арылтып, жақсы қасиеттерді дарыту мақсатымен жұмыс істеген. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан ғұлама-ойшыл Абай да «өзін-өзі тәрбиелеп, өзін-өзі білімдар еткен» болатын. Қазақтың жас ойшыл ақыны С.Торайғыров: «Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін, болмасам толып туған толық айдай» немесе «Қараңғы қазақ көгіне күн болмағанда кім болам» деген жігері мен ерлікке толы батыл сөздері өзіне және болашақ жастарға арнап айтқан.

Профессор С.Я.Долецкий айтқандай, біз өз қателігімізді ойша айтамыз да өзімізге өзіміз кешірім жасап, кейін оны ұмытып кетеміз. Егер біз оны дауыстап айтатын болсақ, онда өзіне-өзі кешірім жасау қиынырақ болады. Өзін-өзі тәрбиелеу әдістері: өзін-өзі сендіру. Оқушы өзін жақсы ұстап, жаман қылық жасамауға сендіреді. Темекі тартуды қойғысы келетін адам: «Мен енді темекі тартпаймын» деп, өзіне-өзі сенімді түрде айтуы тиіс. Өзін-өзі сынау әдісі – дөрекілігі үшін өзін қатты сөгіп, сынға алу. Өз тарапынан мұның мәдениетсіздік, жексұрындық екенін, тәрбиелі адамның ондай іс істемейтінін, әбден өзі арылғанша қайталап айтумен болады. Өзін-өзі тәрбиелеуде – өзін ойша өзгенің орнына қою арқылы өзгемен санаса білудің (эмпатия) үлкен тәрбиелік мәні бар. Өзін-өзі жазалау әдісі – алдына қойған міндетті орындау, ауытқымау. Мысалы, 9 сынып оқушысы қызықты киноға баруға билет алады. Алдында сабағына шала әзірленіп, екі алып қала

жаздағаны ойына оралып, келесі сабаққа жөнді әзірленбегені есіне түсіп, кинодан бас тартады. Өзін-өзі тәрбиелеудің құрамды бөлімдері:

- өз кемшілігіне сын көзбен қарау, мақсат қою;
- өзін-өзі тәрбиелеудің кестесін жасау;
- әдістерін анықтау;
- аутотренинг – жеке тұлғаның өзіне жаттығу жүйесін әзірлеуі;
- өзін-өзі бақылау.

Тәжірибеде оқушы тәртібінде және мінез-құлқында ауытқулар кездесіп отырады. Сондықтан тәрбиелеу жұмысында қайта тәрбиелеу де үлкен орын алып, оқушы ауытқулардың алдын алуға және жеңуге бағытталады. Қайта тәрбиелеу тұлға құрылымын қайта құру, адамның барлық психологиялық сапаларын қайта жасау. Түзету – оқушы санасындағы және іс-әрекетіндегі жеке кемшіліктерді жеңу. Қайта тәрбиелеу – тәрбиелік ықпалдар жүйесі барысында құлықтық даму мен іс-әрекеттегі ауытқуларды түзетіп, қоғамның моральдық талаптарына сай тұлғаны қалыптастыру.

Қайта тәрбиелеу тұлғаның мотивтері мен қажеттіліктерінің, сезімдері мен еркіннің, түйсіктерінің, іс-әрекеті мен мінез-құлқының әлеуметтік-психологиялық өзгеру процесі, қиын балалардың орынды сапаларын қалпына келтіру, педагогикалық тұрғыда қараусыз қалған балалардың жүріс-тұрысындағы кемшіліктердің орнын еңбектегі, спорттағы және басқа іс-әрекеттегі нәтижелермен толтыру. Қайта тәрбиелеуде қайта ұғындыру, қайта оқыту, басқа іс-әрекетке бейімдеу, күрт өзгерту, еріксіз көндіру сияқты әдістер қолданылады. Қайта ұғындыру – бұл тәрбиесі қиын балалар және педагогикалық тұрғыда қараусыз қалған оқушылар бойындағы қате көзқарастарын өзгерту әдісі. Қайта тәрбиелеу – бұл теріс қажеттіліктер мен дағдыларды түзету, жақсы істерге тәрбиелеу әдісі болып табылады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдептану негіздері: Оқу құралы. V-VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.
2. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие /Оқу құралы.– Ақтөбе, 2009. – 122 б.

3. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. – 304 б.
4. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 208 б.
5. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. – Алматы: «Комплекс», 2000. – 330 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, – 2005. – 187 б.
2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. – 304 б.
3. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т. 1. – 320 б.
4. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1987. – 231 б.
5. Сейталиев Қ.Жалпы психология. – Алматы, 2010. – 296 б.

1.2 ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Жоспары:

1. Жеке тұлға туралы ғылыми зерттеулер.
2. Бала дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық факторлардың орны.
3. Жас ерекшеліктері туралы ұғым. Белгілі жас кезеңдерге бөлінуі.

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, тәрбие факторлары, даму, қалыптастыру, педагогика, инстинкт, тұқымқуалаушылық.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, педагогика, физиология, анатомия, генетика.

1. Жеке тұлға туралы ғылыми зерттеулер. Жеке адам бір-бірінен ерекшеленетін және оған пәрменді түрде ықпал ететін биологиялық белгілерімен сипатталады. Жеке адам болу үшін психикалық дамудың белгілі бір дәрежесіне өтіп, басқа адамдарға қарағанда өзгешелігі бар екенін білетіндей біртұтас тұлға болуы тиіс. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның жетілуін қалыптасу дейді. Жеке адамның қалыптасуы – күрделі, ағзаның өсуі мен жетілуін, стихиялы әсерлерді, мақсатты, әрі ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты процесс

болып табылады. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Сондай-ақ жеке адамның дамуы деген ұғымға түсінік беретін болсақ, дамуға ағзаның өсуі мен дамып жетілу процесі жатады. Бұл психикалық даму мен өзара тығыз байланыста өтеді, оған ықпал жасайды, бірақ адамның жеке адам ретінде қалыптасуын белгілеп бере алмайды. Жеке адамның дамуы – оның рухани өсуінің, жетілуінің процесі жеке адам үшін елеулі болып табылатын барлық салаларды іс-әрекетте, өзін қоршаған құбылыстарға, адамдарға деген қарым-қатынасқа, танымдық процестерінде болатын сапалық өзгерістер болып табылады. Жеке адамның, әсіресе балалық және жасөспірімдік шақтарында дамып, жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүреді. Дегенмен тәрбие әсерінің дәрежесі мен сипаты көп жағдайда тәрбиенің даму заңдылықтарын қаншалықты ескергеніне байланысты болады. Сөйтіп, тәрбие мен дамудың арасында екі жақты байланыс болады. Сондықтан жеке адамның даму заңдылықтарын тереңірек қарастырған жөн. Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, әлеуметтану т.б. қоғамдық ғылымдардың көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелерін құрайды. Бұл туралы философиялық, педагогикалық, психологиялық, этикалық еңбектерден белгілі ғалымдар Қ.Б.Жарықбаевтың, С.Қалиевтің, Қ.Б.Сейталиевтің, А.Т.Тайжановтың, Г.К.Нұрғалиеваның, К.Ж.Қожахметованың, К.А.Оразбекованың еңбектері жарық көрді. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамның, ұжымның, ұлттың, рудың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке басына тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтың, қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам – өзінше жеке тұлға. Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз – оның өзіне тән мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Қоғамда тұлғаларға ортақ этикалық бірыңғай талаптардың болуына қарамастан, қоршаған орта жөнінде әр адамның қалыптасқан өзіндік ойының, көзқарасының болуы, олардың құбылысқа деген пікірін білдіруі заңды болып табылады. Мәселен, біреулер айналасындағы құбылысқа таңдана, тамашалай қараса, енді біреулер сын көзімен қарап, ой қорытуы, сын пікірлер

айтуы мүмкін. Адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әр түрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемділігі, қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан әр адамды өзінше даралаған жеке тұлға деп қараймыз. Адамның психологиялық қасиеттерін анықтайтын оның санасы болып табылады. Сана ақыл-ойдан туындайды. Адамның ақыл-ойы біркелкі дамымайды. Адамдар бір-бірін бағалауда қателіктер жіберуі де мүмкін. Кейбір адамдар өзінің жеке басын басқалардан артық бағалауға тырысады. Жеке тұлғаға тән қасиет – ақыл, ес, яғни ол өмірді өзінің сана-сезім өлшемімен қарап бағалауға бейім тұруы. Сондықтан өмірді танып білу – миллиондаған жеке тұлғалардың сезім, түсінігінен тұрады. Жеке тұлғаның еске сақтауы өзге адамдардың тәжірибесін жинақтауға да негізделеді. Әрбір тұлға оларды оқып, көріп, оқығанын, естігенін, көргенін өз ойына тоқып, содан сабақ алу арқылы да өзінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, сана-сезімін байытады. Адам өмірде өзі жіберген қателіктерден де, басқалардың қателіктерінен де сабақ алады. Оны қайталамауға тырысады. Мұны педагогикада *адамның өзін-өзі тәрбиелеуі* деп атайды. Басқалардың өнегелі іс-әрекетінен үйрену, оны өзінің жақсы қасиетіне айналдыру өмір заңды болып табылады.

Тұлға – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойын, еркін жүзеге асыруға дайындығы және оның нәтижесі мен сипатталады. Ерік-жігер механизмі дегеніміз – адамның өзіне тән қасиеттерін іске асыруы. Адам ойына келген іс-әрекетті жүзеге асыруда ерікке жол береді. Бірақ адам бір нәрсені бастарда алдымен еркін ақыл-парасат таразысына салып, оны қолдану жөн бе, басқалар оған қалай қарар екен деген ойға қалады. Ерік-жігердің іске асырылуы ақыл мен санаға бағынышты. Өмірде кейбір адамдар жоспарланған шаруаны жүзеге асыру үшін өте байыппен қарап, осының нәтижесі қалай болар екен деп «он ойланyp, жүз толғанып» іске кіріседі, ал кейбіреулер ойына алғанын бірден іске асырып, кейін опық жеп жатады. Осының бәрі адамның ерік-жігер күшінің түріне байланысты. Тұлға дегеніміз –

сезімнің, әсердің, ішкі күйініш-сүйініштің бойға жинақталған көрінісі. Алайда әр тұлғаның эмоциялық сезім дүниесі әр басқа. Біреу жауыздықты көргенде айғайлап, бақырып, ішкі сезімінің сыртқа шығуына еркіндік берсе, екінші біреу іштей булығып, көгеріп-сазарып, тас-түйін болып қатып қалады. Бұл әр тұлғаның эмоциялық сезімі өзін-өзі ұстай алу еркіне байланысты құбылыс. Адамның дамуы және қалыптасуы жайында осы уақытқа дейін әр түрлі пікірлер мен теориялар орын алып келеді. Атақты грек философтары Платон мен Аристотель адамның дамуын алдын ала тағдыр белгілеген тұқымқуалаушылық табиғатынан деп дәлелдеді. Аристотель құл болушылық немесе бағынушылықты табиғаттың заңы дейді. Тұқымқуалаушылық теориясын қолданушы және уағыздаушылар – преформистер. Преформизм – XVIII ғасырда биология саласында үстемдік еткен адамның дамуы жайлы диалектикаға қарсы философиялық ағым. Преформистер ересек адамдардың барлық қасиеттері мен белгілері ана құрсағындағы сәбидің ағзасында болады, сондықтан жеке адамның дамуын алғашқы рет ұрықта пайда болған қасиеттердің өрістеп күшеюі мен сан жағынан артуы деп қарастырады. Ал даму – жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық процесі. Балада анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Платонның адамгершілік, әуестік, белсенділік және батылдық сияқты қасиеттері даму процесінде қалыптасады. Өйткені оның өсіп жетілуіне белгілі әлеуметтік тәрбие мен орта әсер етеді. Адамның дамуы және оның дүниені тануы түрлі әлеуметтік жағдайларға байланысты. Сондықтан оның мінезінде әр түрлі ерекшеліктер мен процестер пайда болады. Баланың дамуына ықпал ететін факторларға тұқымқуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбие т.б. әсер етеді. Тұқымқуалаушылық – ұрпақтың ата-ананың биологиялық ұқсастығын елестетуі. Кейбіреулері баланың сыртқы пішініне қарап, бірден қалай әкесіне не шешесіне ұқсап қалған деп таңданады. Әрине, бұл кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені баланың шашы мен көзінің бояуы, терісінің пигменті, бет келбеті мен басының формасы, жүрісі мен өзін ұстау қалпы тұқымқуалаушылық арқылы берілетін биологиялық ұқсастығының белгісі. Бала қозғалыс мүшелерін, жүйке жүйесінің функционалдық қасиеттерін, ал кейде дауыс тембрі, музыкаға, биге, математикаға қабілеттілігі сияқты өте нәзік ерекшеліктерді тұқымқуалау арқылы

алады. Бірақ өте нәзік ерекшеліктердің тұқымқуалау жолымен берілуі сирек кездесетін жағдай. Мысалы, әйгілі композитор Иоганн Себастьян Бахтың ұрпақтарында 300 жыл ішінде тек қана 20 адамдай музыканттар болған. Мұны бір жағынан отбасы мүшелерінің табиғи мүмкіншіліктердің (нышанның) болуына, екінші жағынан отбасындағы музыкалық дәстүрге, музыкалық тәрбиеге байланысты деп қарастырған жөн. Орта адам дамуына табиғи және әлеуметтік ықпал жасайды. Табиғи орта – түрлі табиғат жағдайының адам тұрмысына, қызметіне ықпал жасауымен сипатталады. Жылы және суық климат жағдайы да адамдардың тұрмысына, іс-әрекетіне елеулі ықпал етеді. Климаты ыстық жерлерде егін шаруашылығымен шұғылданады. Ал солтүстікте аңшылық, бұғы шаруашылығымен айналысады. Табиғат жағдайына байланысты олардың мінез-құлықтарында да ерекшеліктер байқалады. Әлеуметтік орта – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Әлеуметтік ортаға мектептің ықпал жасауы нәтижесінде баланың дүниеге көзқарасы, эстетикалық және осы сияқты болымды қасиеттері дамып қалыптасады. Егер адамдардың қалыптасуына ортаның қатысы шамалы болса, онда орта адамдардың талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан адам өзінің дамуы үшін қажетті материалдарды осы әлеуметтік ортадан жинайды. Егер бала әлеуметтік ортадан тыс қалса, онда оның даму дәрежесі жануарлардан жоғары болмайды. Мысалы, Африка, Үндістан, Индонезия елдерінің ормандарында түрлі себептерімен аң үңгірлерінде әлеуметтік ортадан тыс өмір сүретін жас баланың қабілетін дамытудың мүмкін емес екендігіне ғылыми мәліметтер дәлел бола алады. 1920 жылы Үндістанның Гадамури елді мекенінде тұрғындардың хабарлауымен аңшылар қасқырдың апанынан бет әлпеті адамға ұқсайтын, бірақ төрт аяқтап жүретін екі қыз баланы табады. Оларға Камала және Амала дейтін ат қояды. Камала 7-8 жаста, ал Амала 2 жаста. Амала көп кешікпей қайтыс болады, ал Камала күн сәулесінен және оттан қатты қорқып, тек шикі ет жеп қана күн көріп, төрт аяқтап жүріп, көбіне күндіз ұйықтап, түнде бөлме ішін кезіп жүрген, өзінің кешкі сағат ондарда, түнгі сағат бірлерде, таңға жақын – үш мезгіл ұлитын уақыты болған. Камаланы адамға айналдыру өте қиын болды. Адам арасында жүрген 2 жылдан кейін Камала түрегеліп тұруды және екі аяғымен жүріп, бірте-бірте түнде ұйықтап, тамақты қолымен жеуді

үйренеді. Адам тілін үйрету бұдан да қиын болған. Жеті жыл ішінде Камала 45 сөз ғана түсіне білді. 15-ке келгенде оның есі екі жасар баладай, ал 17-ге келгенде ой-өрісінің дамуы 4 жастағы баланың деңгейіне әрең жетті. Камала 17 жасқа дейін өмір сүрген. Адам жеке тұлға болып қалыпты өсуі және дамуы үшін тек қана адамдар арасында өмір сүруі қажет. Соңғы кезде Орталық Австралияда және Филиппиннің Минданао аралы ормандарынан табылған жабайы адамдардың сана-сезімінің өте төменгі сатыда екендігі байқалады. Олардың тіршілік әрекетінің де алғашқы қауымдағы жабайы адамдардың өмір сүріп, күн көру әрекетіне ұқсастығы анықталады.

2. Бала дамуына әсер ететін әлеуметтік, биологиялық факторлардың орны. Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардың іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Ол үшін тәрбиеші алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша тәрбие жұмысын мақсатқа бағыттап ұйымдастырып, тәрбиенің құралдары мен әдістерін және формаларын іздестіреді, оларды тиімді пайдаланады. Тәрбиенің орнын педагогика тарихында ерекше бағалаушылар да болды. Ағылшын ағартушысы Джон Локк (1632-1704): «Тәрбие – адамның көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін жасайтын негізгі құрал, адам тәрбие арқылы жақсы болады», - деген пікір айтты. Бала өмірге келгенде, оның жаны сүттей ақ, судан таза деп, тәрбиенің рөлін аса дәріптеп, тұқымқуалаушылық пен әлеуметтік ортаның баланың қалыптасуындағы рөлін бағаламайды. Демократ, ағартушы В.Г.Белинский (1811-1848) баланың жаны таза тақтай емес, тақта да сапалы, жазу да әдемі болуы керек деді. Ол тәрбиенің рөлін жоғары бағалап, адам дамуындағы тұқымқуалаушылық пен ортаның әсерін де ескерген жөн деді. Ағылшын ағартушысы Д.Локктың көзқарасы бойынша, тәрбие арқылы адамды түрлі дәрменсіздіктен, кемістіктен құтқаруға болады. Демек, тәрбие арқылы адам баласының тұрмысын жақсартуға және санасын өзгертуге болады деген жорамал ойға келді. Тәрбиеші тәрбие арқылы баланың түрлі іс-әрекеттерін тиімді етіп, оның жақсы дамуына қажетті материалдарды іріктеп алады, айналадағы табиғи және әлеуметтік ортаға көзқарасын дамытады. Тәрбие жұмыстарының сара жолдарын табу нәтижесінде баланың ой-өрісі кеңейеді,

эстетикалық сезімі мен талғамы артып, адамгершілік сапасы қалыптасады. Мектеп мемлекет қолындағы ақпарат құралдарды негізінде (баспасөз, радио, теледидар) көмегімен оқушыларға тәрбие береді, сондай-ақ, мемлекеттің саясатын жүргізеді. Баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш фактордың ішінен тәрбие адамның дамуына орасан күшті ықпал етіп, тұқымқуалаушылық пен ортаның ықпалына белсенді әсер етіп, баланың дамуын қоғам талаптарына сәйкес бағыттап, белгілі бағытта баланың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, ортадағы жағдайлардан тұлға дамуына қажетті материалдарды іріктейді, жеке бастың дамуына теріс, зиянды әсер қалдыратын жағымсыз ықпалдардан аластайды. Осы тұрғыдан келгенде тәрбие аға ұрпақтың жаңа ұрпаққа қоғамдық тарихи тәжірибені беру процесі, жаңа ұрпақты өмірге, еңбекке дайындау арқылы қоғамның алға қарай дамуын қамтамасыз ететін процесс. Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттайды, басқарады, сондықтан да ол баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Тәрбие негізгі күш болғандықтан, оның жетімсіздігі, әлсіздігі баланың қалыптасуына кері әсер етуі мүмкін.

Жеке тұлғада кездесетін *акселерация құбылысы* оның әлеуметтік және педагогикалық мәні қоғамдық ортада негізгі проблемалардың бірі болып табылады. Адамның өсіп жетілуінде белгілі заңдылық болады. Ал бұл заңдылық әр балада әрқалай болады. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін олардың жас және дара ерекшеліктерін білу қажет. Мектептегі кезеңнің өзі бастауыш (6-10 жасқа дейін), тоғыз жылдық (10-15-ке дейін), орта мектеп оқушылары (15-18-ге дейін) болып үшке бөлінеді. Баланың дене дамуындағы ең маңыздысы – орталық жүйке жүйесі, өйткені адамның психикалық әрекеттері осы орталық жүйке жүйесіне байланысты болады. Балалардың дене және психикалық дамуында соңғы жылдары айқындалған күрделі өзгерістердің бірі – ағзаның жедел дамуы. Бұл құбылыстарды акселерация (лат. «*acceleratio*» – *үдеу, жеделдету*) деп аталады. Акселерацияға тән ерекшелік – балалардың бойының, салмағының, бұлшықеттерінің жедел түрде өсіп жетілуі. Акселерация құбылысы тұрғысынан қарағанда қазіргі жеткіншек балалардың бойы биік, иықтары қысыңқы, кеудесі қысқа, аяқтары ұзын келеді. Күні бұрын тез жетілген ағзаның ауруға, суыққа және дене салмағына төзімсіз келуі анықталуда. Ересек жастағы балалар жыныс мүшесі жетілу кезінде тез

шаршайды. Осындай тез өсетін ағзада жүрек тамыр жүйесінің дамуы бірнеше есе жетілмей қалады да, өз міндеттерін атқара алмайды. Ал баланың психикалық жетілу деңгейі артта қалады. Осы мәселені ата-аналар, мұғалімдер ескеріп отыруы қажет. Акселерация – биологиялық фактор, әлеуметтік жағдайлардың жақсаруы сонымен бірге радиотолқындардың және географиялық-климаттық жағдайлардың өзгеруі аталған құбылыстың пайда болуына әсер етті. Әрине, акселерация құбылысы жайлы түпкілікті қорытынды шығару ертерек. Өйткені бұл әлі де зерттеуді қажет етеді, дегенмен акселерацияға байланысты мектеп жиһаздарына, сырт және аяқ киімдерінің үлгілеріне, дене шынықтыру және жаттықтыру кешендеріне қайта қарауға тура келіп отыр. Акселерацияның ақыл-ой дамуына ықпал жасайтындығы байқалуда. Сонымен, адамның дамуы өзара байланысты бірнеше факторлардың ықпалымен жүретін күрделі педагогикалық, психологиялық процесс болып табылады.

Жеке тұлғаға тән белсенділіктің табиғатын тани білу, еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау – мұғалімнің басты міндеті. Белсенділік деп адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Өмір сүру іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Бала белсенділігінің ең алғашқы формасының бірі – қарым-қатынас жасау белсенділігі. Бұл адамның бүкіл өмірінде дамитын белсенділік. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес басқа адамдармен қарым-қатынас жасау белсенділігінің мазмұны өзгеріп отырады. Мектеп жасына дейінгі балалар ересек адамдардың әрекеттеріне үңіле қарап, үйренеді, оларға еліктейді. Балалардың саналы түрдегі мұндай әрекеттерін ырықты немесс ерікті белсенділік дейді. Бұл жастағы балалардың үлкендердің әрекеттеріне және олармен өзара қарым-қатынас жасауға еліктеуі рөлге құрылған ойындарды атқару барысында байқалады. Ойын барысында балалардың құрдастарымен өзара қатынасы өзгереді. Бала еліктеу, қабылдау арқылы түрлі рөлді ойындарды атқара отырып, әлеуметтік өмірдің, өндіріс қатынастарының мазмұнын түсінеді. Әр түрлі ойын баланың дүниетанымын кеңейтіп, қарым-қатынас жасау белсенділігін дамытады. Қарым-қатынас жасау белсенділігі жеке адам қасиеттерінің (қайырымдылық, қамқорлық, т.б.) қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Баланың даму барысында

таным белсенділігі артады. Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу-тәрбие жұмысының барысында сана-сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету – мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім оқушының білімге, өнерге қызығушылық ынтасын, спорт ойындарына құштарлығын анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеуге жүргізілетін жұмыстардың тақырыптарын ақыл-ой, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен ұштастырып алады. Баланың өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін қоғамдық жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы дамытуға болады. Мысалы, сынып старостасы, тазалық секторы, спорт секторына жауапты болу т.б. Осындай тапсырмаларды дер кезінде сапалы орындап отыруға балаларды үнемі жаттықтыру мен дағдыландыру – мұғалімнің және тәрбиешінің негізгі ісі. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттерін ескере отырып, барлығын тапсырмалармен, яғни түрлі қоғамдық іс-әрекеттермен қамтамасыз ету керек. Егер тапсырма балаға бұйрық есебінде немесе көтеріңкі дауыспен берілсе, онда ол іштей наразылық білдіріп, тапсырманы орындамай аяқсыз қалдыруы мүмкін. Сондықтан мұғалім әр уақытта өзінің ілтипатты және ұстамды болуын естен шығармай, тапсырманы тыңғылықты орындау үшін балаға рухани күш беріп, сенім білдіреді. Кейбір баланың еріктік қасиеттері тұрақсыз болады. Ол бірінші қиыншылықты сезісімен-ақ қоғамдық тапсырманы орындаудан бас тартады. Мұндай сангвиник балаға көмек бере отырып, оның намысына тимей, тапсырманы орындауын табандылықпен талап ете білу керек. Сонда ғана баланың ісінде жаңа қарқын туып, ол алдына қойған мақсатын орындаудың қажет екенін сезінеді. Адамның еңбекте және адамдармен қарым-қатынаста көрсеткен белсенділігіне қарап, оның қоғам және ұжымға жарамдылығын жете анықтау мұғалімнің басты міндеті. Әлеуметтік мәні жоғары педология туралы зерттеулерде ғалымдар арасында үлкен пікірталас тудыруда, бұл бала туралы синтезді, кешенді ғылым болып табылатын педология ғылымының негізгі зерттеулері сауалнама мен тест әдістерін шамадан тыс пайдалануы, сондай-ақ осы ғылымның «Бала ой-өрісінің дамуы түрліше болып, әлеуметтік ортасына қарай олардың ойы, зердесінің деңгейі біреуде жоғары, біреуде төмен болады» деген тұжырымдарды жалған деп есептелуімен байланысты. Педология бала туралы ғылымдарды, яғни психология, педагогика,

психотехника, т.б. кешенді түрде біріктіретін, баланың жан жүйесі жайлы жан-жақты мағлұмат беретін синтезді ғылым болып табылады. Белгілі ғалым, профессор Х.Досмұхамедовтың педология саласында жүргізген зерттеулерінде ғылыми әділеттілік тұрғысынан қарасак, оның пікірінше, қазақ баласының шыр етіп дүниеге келгеннен бастап кәметке толғанға дейінгі тыныс-тіршілігі ән-жырдың құшағында өтеді, әдетте оның бірінші еститін үні – анасы айтқан бесік жырының әуені деп сипаттайды. Қазақ баласын тәрбиелеуде дыбыстың ырғақтардың басты орынға шығуына қазақтардың өмірін кез келген жағдайында өлең шығарып, ән айтуы себеп болған. Профессор Х.Досмұхамедов осы саладағы ғылыми еңбектерін қорытындылап үлгермеді. Ғалым өз еңбектерінде бала психологиясының қалыптасу жолдарын қазақ халқының ұлттық психологиялық ерекшеліктерін негіздей отырып түсіндірген болатын.

3. Оқушылардың жас ерекшеліктерінің оқу-тәрбие процесіндегі орны. Дамудың белгілі кезеңдерге бөлінуін, белгілі бір інақтық кезеңге тән анатомиялық-физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерді әдетте жас және дара ерекшеліктері деп атайды. Сондықтан педагогика және психологияда балалардың жас ерекшеліктеріндегі ширақтықты, белсенділікті айқындайды, тәрбиеленушінің және қоршаған ортамен жасайтын қарым-қатынастар жүйесіне тәуелді болатынын атап көрсетеді. Балалардың өсіп-жетілуінің бір сатысынан екіншісіне көшуі кездейсоқ емес. Әр жастағы кезеңге тән психологиялық ерекшеліктердің ұштасуын жиі байқауға болады. Сана-сезімнің, дене күш-қуаттарының дамуы адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Баланың жасы өскен сайын бойлары өсіп, денелері жетіліп, ақыл-саналары дамып, білімдері тереңдей бастайды. Балалардың жас ерекшелігін есепке алу, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі негізгі принциптердің бірі. Қоғамда атқаратын рөлі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз. Ал қалыптасу дегеніміз – адамның жеке басының дамуы мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, саналы өмір сүруге дайын болуы. Адам табиғаттан тыс өмір сүрмейді, олай болса, оның табиғи заңына орай дүниеге ұрпақ әкеледі. Адам өзінің баға жетпес ұрпағы үшін бар жағдайды жасайды. Тәрбие ісінде балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп отыру қажеттігін педагогика ғылымы ерте кезде-ақ көрсеткен еді. Ал белгілі педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо

тәрбие беру кезінде бала табиғатын, оның қабылдау, ойлау ерекшеліктерін еске алып отыруды қажет деп келтіреді.

Қазіргі педагогика және психология ғылымында балалар мен жеткіншектердің дамуындағы биологиялық фактордың рөлін айрықша көрсетеді. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады. Мәселеге бұлайша қарау балалардың дене және психикалық дамуының бірқатар кезеңдерін белгілеуге мүмкіндік береді. Осының негізінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуін мынадай кезеңдерге бөлу қабылданды:

1) бастауыш сынып жасындағы кезең (6 жастан 10 жасқа дейін);

2) негізгі мектеп шағындағы жеткіншектік кезең (11 жастан 14 жасқа дейін);

3) орта мектеп шағындағы жасөспірімдік кезең (14 жастан 17 жасқа дейін).

Соңғы жылдары қабылданған жас кезеңдерінің сызбасына жаңа туған баладан бастап жасөспірімдік кезеңдерге дейінгі өзгерістер кіреді. Олардың сатылары:

1. Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін);
2. Нәрестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);
3. Ерте сәбилік шақ (1 жастан 3 жасқа дейін);
4. Мектепке дейінгі балалық шақ (4 жастан 6 жасқа дейін);
5. Бастауыш мектеп жасы (6 жастан 10, 11 жасқа дейін);
6. Жеткіншек шақ (10, 11 жастан, 14 жасқа дейін);
7. Жасөспірім шақ (14 жастан, 17 жасқа дейін).

Тәрбие мен оқыту осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі керек.

Әрбір жас шағы психикалық дамудың ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңіндегі жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығын құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Осыған байланысты әрбір педагог-маман орта мектеп оқушыларының жас кезеңдеріндегі ерекшеліктерге сергек те сезімтал көзқараспен қарап, олардың жан дүниесін түсіне білуі шарт. Мектепке дейінгі балалық шақта, жас баланың 4 пен 6 жасының аралығындағы өзіне тән ерекшеліктері, оның айналасындағы болып жатқан құбылыстарды жіті аңғарып,

көргені мен сезінгендерін зердесіне хаттай жазып қоятын зеректігін ескерген жөн. Әрдайым қозғалыс үстінде жетіле дамыған балалардың денесі мен салмағы да бірқалыпты мөлшерді сақтап, өсіп отырады. 4-5 жасар балалардың салыстырмалы ойлай алатын қабілеттері ерекшелене түседі. Санамақтарды әжептәуір игеріп, аз және көп сандарды, айдың, күн, жыл мезгілдерін айыра алатын деңгейге жетеді. Бұл жастағылардың ойыны, әрбір әрекеттері мазмұнға айналып, белгілі бір мақсаттарды орындауға ұмтылыс жасайды. Мұндай жастағы балалар топ-топ болып, өзара бірігіп ойнағанды жақсы көреді. Баланың мектепке 6 жасында баруы – негізінен биологиялық және физиологиялық заңдылықтарды басшылыққа алудан деп түсінген жөн. Дені сау боп дүниеге келген балалар, қашан да алғыр, зерек, бір нәрсені ұғып алуымен ерекшеленеді. Олар айналасындағы құбылыстарды тез байқап қабылдауға да бейімді. Жете түсінген құбылыстарын өмір бойы ұмытпайтындықтары да белгілі.

Төменгі сынып оқушысын дамыту және тәрбиелеудің ерекшелігі. Бастауыш мектеп жасындағы баланың психологиялық ерекшеліктері баланың бұрынғы дамуында жинақталып, оны өз кезегімен дамудық келесі сатысына көшуге дайындап отырады. Бастауыш мектеп мұғалімі сынып оқушыларының ерекшеліктерін зерттей отырып, сол ерекшеліктерді мектепке дейінгі шағында қалыптасқан ерекшеліктерден бөлек алып қарай алмайды. Мектептегі тәрбие оның бүкіл өміріне түбегейлі, сапалы өзгерістер енгізеді. Алаңсыз балалық шақ аяқталып, баланың өмірінің іс-әрекеттің жаңа түрі – оқып-үйрену енеді. Оқу міндетті іс болып табылғандықтан, ол баладан белгілі бір жауапкершілікпен еңбек етуді талап етеді. Мектепке бару баланың қоғамдағы және отбасындағы жағдайын өзгертіп, оған бірқатар жаңа міндеттер жүктейді. Осының бәрі баланың қоғамдағы жағдайын өзгертіп, бұл өзгерісті ол біртіндеп сезінеді. Төменгі сынып оқушылары біртіндеп оқу ісіне, мектептің сан-салалы өміріне бауыр басып, өздерінің түсініктерін кеңейтіп, сөздік қорын молайтып, оқуға, жазуға, санауға үйренеді. Оқытудың алғашқы сатысында олардың өмірлік тәжірибелері арта түседі. Бірлесіп оқу, жалпы оқу тапсырмаларын шешу, мінез-құлықтың жаңа ережелері мен нормаларын игеру балалар арасында қарым-қатынастардың қалыптасуына жағдай туғызады. Төменгі сынып оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда ойлау

әрекеті мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Екінші сатыда оқушылар заттар мен жағдайларды сыртқы белгісі бойынша бағалайды. Есейе келе ойлау сипаттары өзгереді. Оқушылар білуге әуесқой болғандықтан, олардың табиғат құбылыстары, адамдардың өмірі туралы сұрақтары көбейеді. Шығармашылық ойындар баланың ақыл-ойын дамытады. Сезімдік көңіл күйінің көтеріңкілігі – олардың маңызды бір ерекшелігі. Оқушылар ересек адамдармен, өзінің құрдастарымен қарым-қатынаста болғанды жақсы көреді. Бұл жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті – оқу болып табылады. Бастауыш сынып оқушылары ұзақ уақыт бір калыпты отыра алмайтындықтан, сабақта жазу мен оқуды алмастырып, сергіту сәттерін өткізіп, сыныптың ауасын тазартып, үзіліс кезінде мектеп ауласында ойындар ұйымдастыру керек. Мұғалім оқыту процесін жеке бөліктерге бөліп, оқушыларға жеңіл тапсырмалар беріп, оларды бірте-бірте күрделендіріп отырады. Оқыту процесі зейін мәдениетін тәрбиелеуге бағытталуы керек. Оқуға және қоғамдық жұмыстарға байланысты талаптарды жүйелі қойып, оның орындалуын бақылау, өзіндік жұмыстарды орындату, іс-әрекетті түрлендіру, ойындарды қолдану, балалардың еңбегін жеңілдетіп, балаға тапсырма орындаудық қажет екендігін түсіндіру арқылы, мұғалім оқушының оқуға деген жауапкершілігін тәрбиелейді. Бала форма, бояу, дыбыс арқылы ойлайды, сондықтан көрнекілік әдістері мен ойындарды жиі қолдану пайдалы. Мектептегі, үйдегі еңбек, дене жаттығулары, ойындар баланың есте сақтау қабілетін дамытады. Бастауыш мектеп оқушыларының оқу мүмкіндіктерін зерттеп, оларды күрделі бағдарлама, оқулықтармен оқыту өте маңызды іскерлік, атап айтсақ, өз ойын ауызша, жазбаша түрде беруге үйретеді. Бұл жастағы балалармен тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыру үшін мына ерекшелікті ескеру керек: сөз бен істің сәйкесті болуын талап ету, жөнсіз кінәлаудан жиіркену сезімінің болуы, үлкен адамдардың жіберген қателігін тез байқау, арманшыл-қиялшыл, ұйымшыл, сенімді серік іздеу, өз мүмкіндіктерін асыра бағалау, түрлі спорт ойындарына ықыласты болу. Осы ерекшеліктерді оқу-тәрбие жұмысында сынып жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар ескеруі қажет. Адамгершілік тәрбиесінде баланың әдептілігін, сенгіштігін, еліктеуге бейімділігін пайдаланып, қателігін мойындауға үйретуге болады. Мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы, жайдары ізгі қатынасқа көшуі, баланың өзін тануына көмектесуі адамгершілік сезімін тәрбиелейді.

Ерекше көңіл аударатын мәселе – баланың мінез-құлқының көпшіл де кең пейілді болуы. Бұл жастағы балалар үшін еңбектің тәрбиелік мәні зор. Балаларды бірте-бірте еңбекке баулу отбасында, ұжымда жүргізіледі. Ұзақ уақыттың дене еңбегіне, күш түсетін жұмыстарға әлі қабілетсіз болатындығын ескеру керек. Еңбек іс-әрекетімен жүйелі айналысу, оны бірте-бірте күрделендіру, өндіріс орындарына экскурсияға апару, мамандықтармен таныстыру тұлғаның әлеуметтік құнды сапаларын қалыптастыруға көмектеседі. Төменгі сыныпта өзіне-өзі қызмет етудің әдеттері мен дағдылары қалыптасады. Үлкендердің еңбегін құрметтейді, адам өміріндегі еңбектің рөлін түсініп, дене еңбегіне даяр болады, дүние туралы ұғымдар қоры, қажетті іс-әрекет икемділігі дамиды. Мектептің ең негізгі міндеті – балаға білім атаулының әліппесін үйретумен қоса, оның өмірдегі өз орнын табуына көмектесу. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ең бастысы – ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дене тәрбиесін өзара байланыста кешенді жүргізу.

Жеткіншек балаларды дамыту және тәрбиелеу ерекшелігі. Анатомиялық тұрғыдан қаңқа сүйегі мен бұлшықетінің жедел жетілуіне байланысты моторлық аппараттың қайта құрылуы мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады, сондықтан дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру керек. Жеткіншектік кезеңнің шектері шамамен орта мектептің 5-8 сыныптарына сәйкес келеді де, 11-12 жастан 14-15 жасқа дейінгі аралықты қамтиды. Жеткіншектік кезеңнің баланың дамуындағы ерекше орны оның «өтпелі», «бетбұрыс», «қиын» кезең деген атаулармен бейнеленген. Бұл – ең тынымсыз, ең қиын, ең қызба жас кезеңі болып табылады. Жеткіншектің жеке басы дамуының аса маңызды факторы оның өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі, ол белгілі бір үлгілер мен игіліктерді игеруге, үлкендермен, жолдастарымен қарым-қатынас орнатуға бағытталады. Жеткіншектік кезеңнің маңыздылығы адамның жеке басының моральдық, әлеуметтік негіздерін қолданып, қалыптасуының жалпы бағытының белгіленуі. Бұл кезеңдегі дамудағы биологиялық және әлеуметтік жағдайлардың рөлі туралы теориялық пікірталас жарты ғасырдан астам уақыттан бері болып келеді. Жеткіншектер дамуындағы ерекшеліктер әртүрлі теорияларға негіз болды. Жеткіншектік шақтың басында балалардың сырт пішіні, мінез-құлқы ересектерге ұқсамайды. Олар көп ойнап, көп жүгіреді, алысып-жұлысып тентектіктер жасайды,

әлі де бала бола жүріп, елеусіз есейеді. Жеткіншектің жеке басындағы басты жаңа құрылым өзі туралы «енді бала емеспін, ересекпін» деген түсініктің пайда болып, өзіне жұрттың осылай қарауын тілейді. Мектеп пен оқу жеткіншектердің өмірінде үлкен орын алады. Оқу қызметіндегі ол қылықтардың сырттай көріну дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін. Жеткіншектер білімді, әділ, мейірімді, сабақтағы жұмысты ұйымдастыра білетін мұғалімдерді бағалайды. Мұғалімнің міндеті – оқу материалдарын қайталау арқылы мағынаны есте сақтауға үйрету болып табылады. Жеткіншектік шақ – болашақ туралы балалық армандардың орнына өзінің мүмкіндіктері мен өмір жағдайларын ескере отырып, ол туралы ойлану басталатын, өз ниеті, іс-әрекетін жүзеге асыруға ұмтылатын кезең екендігін үнемі қаперде ұстауымыз қажет. Сананың дамуы баланың өз бетімен тәуелсіз талаптануын тудырады. Олар отбасында, мектепте еңбек процесіне араласады, күнделікті өмірді бақылайды, ой-өрісі кеңиді. Бұл жастағы бала намысқой келеді, үлкендер бақылауын, әкімшілік шараларды ұнатпайды. Кейде түсініспеушілік осындайдан да туады. Олардың мінезінен шындықты байқауға тырысуы үлкендер мен балалар арасында түсініспеушілік туғызады. Үлкендердің ойланбай асығыс шешім қабылдауы балаға зиян келтіруі мүмкін. Бұл жастағы балалар өнегелі адамдық істерімен масаттанады. Осы тұрғыдан баланың мінезін тәрбиелеу, ықыласы мен қабілетін дамыту, мұқтаждары мен тілектерін қамтамасыз ету дұрыс педагогикалық ойларға негізделуі керек. Осы ерекшеліктерді есепке ала отырып, тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыру керек. Жеткіншіктер қоғамға пайдалы істерге ықыласты, ұжымшыл, жолдастық, достық сезімге бай, кітап оқуға, кинофильмдер көруге ынталы болып, спортты ұнатады. Әдебиет жеткіншекке азаматтардың қарым-қатынасының мәнін, сезімдерін ашып, өз сенімдерінің дұрыстығына жауап іздеуге үйретеді. Саз әуені – адам сезімінің әміршісі, толқу үстіндегі адамға түсінікті, сондықтан сазға баса көңіл бөлу жеткіншектің тәрбиесіне көмектеседі. Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идеал – баланың іс-әрекетте жетістікке жетуіне жағдай жасау. Баламен жеке жұмыс жүргізу, әдептілік сақтап, педагогикалық шыдамдылық, ұстамдылық көрсету жеткіншектің қалыптасуына тікелей ықпал етеді. Дұрыс тамақтанып, таза ауада жиі болу, көп қозғалу (ойын, дене жаттығулары, спортпен айналысу) дене тәрбиесіне көмектеседі.

Дене тәрбиесі мұғалімі және жаттықтырушы баланың бет әлпетінің, қолының, ернінің түсін үнемі қадағалау керек. Бұл жұмыс сабақтың басындағы және соңындағы қан тамырының соғысын тексерумен толықтырылады, жеткіншектер жиі тыныс алатындықтан, тыныс алуын басқаруын үйрету керек. Жеке гигиена, ұйқы, тамақ, демалыс, белсенді еңбек іс-әрекетіне жағдай жасайды. Шамадан тыс жұмыс жалпы дамуын тежейді. Дене тәрбиесі арқылы жүрек-қан жүйесін жаттықтыру, дене жаттығулары, спорт, дене еңбегі үшін дәрігерлік және педагогикалық бақылау өте пайдалы. Маскүнемдікке жол берілмеу керек. Дене тәрбиесі және спортпен айналысу зейіннің дамуына әсер етіп, оның көлемін көбейтеді, зейіннің бір нәрседен екіншіге бөлінуіне әсер етеді. Тәрбиешінің міндеті – еңбек, спорт іс-әрекетін, ерік-жігер сапаларын оқушы бойында қалыптастырумен сипатталады. Мұғалімдер, тәрбиешілер, ата-аналар мақсатқа жетудегі сенімділігін, жетістігін атап көрсетіп, қауіп-қатерден сақтандырып, дер кезінде көмекке келіп, жеткіншекті өз кемшіліктерінің себептерін түсіндіруге үйретеді. Жеткіншектердің қалыптасуында жолдастарының қоғамдық пікірі үлкен рөл атқарады. Мораль мәселелерін талдау және адамгершілік тақырытындағы пікір сайыстардың әсерінен өмірдің мәні, өз болашағы, мамандығы туралы, өз беделі туралы ойланатындықтан, мұғалім бұл мәселелерді шешуге пәрменді түрде көмектесіп, күнделікті іс-қылықтардың адамгершілік мәнін ашуға көмектеседі. Ересек адамдар бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, әр баламен ойланып жұмыс істеу керек. Сәнге сәйкес киінгені, музыка тыңдағаны үшін баланы сөгу дұрыс емес. Жеткіншектермен өзара әрекеттің негізгі тәсілдері: онымен бірге іс-қылықтарды, оқиғаларды талдау, баға бергізу, өзін-өзі талдауға, өз мінез-құлқын басқаруға үйрету. Осы жаста адамның мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Міне, осы кезеңде жеткіншектермен жасалатын тәрбие жұмысында кемшіліктер айқын көріне бастайды. Соңғы кездері жеткіншектер тәртібінің төмендегенін байқауға болады: а) ата-анамен келіспеушілік жағдайда болу; ә) мектептегі қиындық пен сәтсіздік; б) тәртібі қиын құрбы-достарымен байланыс орнату және т.б. себептермен байланысты.

Отбасы жағдайы, ата-ананың кәсібі, материалдық жағдайы, білім деңгейі жеткіншектің өмірдегі жолын айқындайды. Ата-ананың саналы, мақсатты тәрбиесі бала өмірінде үлкен рөл

атқарады. Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әртүрлі жолдарға итермелейді. Отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы – барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы, ең маңызды қоғамдық факторы. Демек, баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер ететіндіктен, оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Педагогикалық, әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік, оқу жүйесіндегі сәтсіздік – ауытқымалы мінез-құлықтың қайнар көзі. Жеткіншектің мінез-құлқындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу *девиантты мінез-құлық* деп аталады. Девиантты мінез-құлықтың бір түріне қылмыстық әрекетке апаратын *агрессивті мінез-құлық* (төбелес, тіл тигізу) жатады. Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивтілік адамдарды аяу сезімінің жоқтығынан қылмыстық бағытқа бейімделу нәтижесінде өзін қоршаған ортаға зиянын тигізеді. Бұл жағдай тұлғааралық, топаралық кикілжіңге өршіп кетуі мүмкін. Жеткіншектің мінез-құлығындағы агрессивтілік ішімдікпен, нашакорлықпен тікелей байланысты. Кейде жеткіншектер ішімдік ішкен кезде өзінің еңбегін (бұзақылық, төбелес, сәтті аяқталған оқиғаларын) атап өтеді. Жеткіншектің тәртібі агрессивті күйде болса, олар «қиын» балалар қатарына жатады. Кейбір мектеп мұғалімдерінің қиын балалармен жұмысы сынып алдында жүйке жұқартатын әңгіме, жазалау т.б. түрінде жүзеге асады. Әдетте бұл әрекеттің барлығы оң нәтиже бермейді, керісінше қиын жеткіншектердің мұғалімге, мектепке кектенуі күшейіп, қарсы келуіне әкеледі. Мұғалімдер қиын жеткіншектерге өзінің кері көзқарасын жасырмағанда, олармен кикілжіңге келеді. Девиантты мінез-құлықты жеткіншекке қолданылатын тәрбиелік профилактикалық іс-шаралар – тұлғаға әсер ету, әлеуметтік педагогикалық түзету іс-шаралары, кері әсерлі ортаны сауықтыру.

Жасөспірім шақ (15-17 жас) кезеңінің көптеген теориялары бар. Жасөспірімдік шақ бала мен ересектік шақтың аралығы, баланың ересектерге тәуелділігімен сипатталады, ересектер баланың өмірлік іс-әрекеті мазмұны мен бағытын белгілейді. Жасөспірімдік шақтың аса маңызды міндеттері – мамандық таңдау, еңбек пен қоғамдық-саяси қызметке даярлану, некелесуге, өз

отбасын құруға әзірлену. Өзара байланысты бұл міндеттердің жүзеге асырылуы белгілі бір уақытты талап етеді.

Адамның жалпы ақыл-ой қабілеті 15-17 жасқа қарай қалыптасып болады. Сондықтан оның бала кездегідей шапшаң өсуі байқалмайды, алайда ол одан әрі жетіле береді. Жасөспірімдік шақ – жеке адамның толысуы мен қалыптасуының аяқталатын кезеңі. Жыныстық толысуға байланысты өз ағзасы мен сырт келбетіндегі үлкен өзгерістер, өмірлік іс-әрекеттің күрделенуі байқалады. Сондықтан жасөспірімдік шақ ымырасыз келеді. Жасөспірімге өзін көрсетуге ұмтылу, өзін жан-жақты ашуға құштарлық тән. Олар өз мамандығын таңдап алуға тырысады. Мамандыққа ықпалының бірте-бірте қалыптасуы түрлі іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады. Оларға іс-әрекетті өз бетінше орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау мен педагогикалық басшылық жасау керек. Бұл кезеңде сезім, достық қарым-қатынастар дамиды, оның қатарына ғашықтық, өзара сенім, қайырымдылық, бірін-бірі сыйлау, көмек көрсету, іс-әрекеттерін бірігіп орындау, жолдасының кемшілігін айтып, жоюға көмектесу де жатады. Бұл кезде жастардың мінезінде түрлі өзгерістер пайда болды. Мысалы, қыздар өздерінің сыртқы киіміне, дене қимылына көңіл бөледі. Ер балалар әдемі киініп жүруді ұнатады. Әртүрлі іс-әрекеттерінің барысында осы ерекшеліктер еске алынады. Сонымен мектепке дейінгі балалық шақтан жасөспірімдік шаққа дейін балалардың бейімділігін және қабілетін, мінез-құлқы мен темпераментін мұғалім-тәрбиеші, ата-ана үнемі еске алып, олардың дұрыс дамуына, қалыптасуына жүйелі түрде ықпал етуі қажет. Педагогтар негізінен баланың дербес ерекшелігіне тәрбие процесінде, даму кезеңінде назар аударады. Дербес ерекшеліктерге түйсік, қабылдау, ойлау өзгешеліктері, жеке адам бойындағы мінез-құлық, темперамент, қабілет жатады. Жүйке жүйесінің типтік қасиеттері – адамның жеке психологиялық мінез-құлығының, темпераментінің, қабілетінің табиғи негізі. Мұғалім балалардың жеке ерекшеліктерін жете білуі қажет. Жүйке жүйесіне байланысты темперамент типтерін басшылыққа алмай, тәрбие процесін ұйымдастырып, жүзеге асыру мүмкін емес. Жеке адамның дүниені сезгіштігі және қабылдағыштығы темпераментке тәуелді. Дербес қабілеттерінің дамуы жеке адамның табиғи мүмкіншіліктеріне байланысты. Әрбір адамның қасиеттерін қалыптастыру мен дербес ерекшеліктерін дамытуды жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу

дейді. Жүйке жүйесіне байланысты темперамент типтерін басшылыққа алып отыру керек. Темперамент деп жеке адамның қылығы мен түрлі іс-әрекеттерінен көрінетін дара өзгешелігін айтады. Психология ғылымында темперамент 4 типке бөлінеді: холерик, сангвиник, меланхолик, флегматик. Оларды тәрбиелеу – баланың дамуына ықпал жасап, даму дәрежесіне сүйену. Мұғалім сабақ үстінде, тәрбие барысында (ойын, еңбек, қоғамдық жұмыстар т.б.) балалардың мінез-құлықтарын ескеріп, темпераментін тәрбиелейді. Сангвиник баланың іс-әрекетін бақылап, берген тапсырманың орындалуын қадағалап отыру керек. Меланхоликті белсенділікке, ынтымақтастыққа, ұжымшылдыққа тәрбиелеген жөн.

Тәрбиеші мына жағдайларды ескеруі қажет:

- баланың өз мүддесін ғана ойлауын болдырмау;
- өз мүддесін ұжым мүддесімен ұштастыруа білуге үйрету;
- баланың әр түрлі жағдайда болатын өзгерістерді басынан өткізе білуге баулу.

Аталған тәрбиелік ұстанымдарды мектептің сынып жетекшілері мен тәрбиешілері үнемі назарда ұстауы қажет деп білеміз.

Негізгі әдебиеттер:

1. Педагогика: Учебник /И.Ф.Харламов. – Минск, 2002. – 560 с.
2. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей /Под ред. П.И.Пидкасистого. Москва, 2004. – 608 с.
3. Педагогика: оқу құралы. /Жалпы ред. басқарған А. Құдиярова. Алматы: «Дарын», 2004. – 448 б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы, 1993. – 198 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: «Дарын», 2004, – 152 б.
2. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. и сред. учеб. Заведений / С.А.Смирнов, И.Б.Котова, Е.Н.Шиянов и др; под ред. С.А.Смирнова. – 7-е изд., - М.: Издательский центр «Академия», 2007 – 515с.
3. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы, 2001. – 240 б.

1.3 ТӘРБИЕНІҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Жоспары:

1. Тәрбие әдістерінің анықтамасы және оның жіктелуі.
2. Адамгершілік сананы қалыптастыру әдістері.
3. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері.
4. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері.
5. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері.

Негізгі ұғымдар: тәрбие әдістері, тәрбие тәсілдері, тәрбие формалары, жарыс, мадақтау, жазалау.

Басқа пәндермен байланысы: философия, психология, тарих, этнопедагогика.

1. Тәрбие әдістерінің анықтамасы және оның жіктелуі. Тәрбие әдісі дегеніміз – оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты педагогикалық жұмыс тәсілдері деп атауға болады. Әдістерді мұғалім тәрбиенің мақсатына, мазмұнына, балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, тәрбиелік деңгейіне қарай іріктейді. Әдістер тәрбие мақсатына жетуге, оқушыларды қоғамдағы тәртіп ережелерін үйретуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың жақсы тәлімдік тәжірибесін алуға көмектеседі. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты тәрбие мақсаты мен мазмұнының өзгеруі мүмкін. Қазіргі кезде әдістер жүйесінің ондаған жіктеулері бар, олардың біреулерінің тәжірибелік, ал екіншілерінің теориялық маңызы басымырақ.

Сипатына қарай топтастырылған тәрбие әдістері: сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, оқушының тәртібіне ықпал ету әдістері.

Нәтижесіне қарай топтастырылған тәрбие әдістері:

- адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған мотивтер, қатынастар, түсініктер, идеялар тудыратын әдістер;
- әдептілікті және тәртіптілікті қалыптастыратын әдістер.

Профессор В.С.Сластенин тәрбиені екі топқа бөліп, бірінші тобына педагогикалық ұзақ мерзімді әсер ету әдісін, ал екінші тобына өтпелі әдісті, яғни белгілі-бір жағдайда нәтиже беретін әдістерді енгізген. Жеке тұлғаны қалыптастыруда ұзақ мерзімді педагогикалық әдістер тиімді деп саналады. Олар: ұзақ мерзімді

жаттықтыру, оқыту әдістерінің жүйесі, тәрбиешінің жеке басының үлгісі. Қазіргі кезде тәрбие әдістерін жіктеудің ІІ-ден астам түрлері бар. Солардың ішінде Т.Е.Конникова, Г.И.Щукина және В.С.Сластенин жасаған тәрбие әдістері жіктеуінде бірізділік байқалады. Бұл жіктеу мектептерде қолданылады.

Осыған орай тәрбие әдістері төрт топқа бөліп қарастырылады:

- адамгершілік сананы қалыптастыратын әдістері;
- іс-әрекет және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыратын әдістер.
- тәртіпке, іс-әрекетке ынталандыратын әдістер;
- мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылау, ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беруді, ұйымдастыруды жүзеге асыру әдістері.

Тәрбие тәсілдері дегеніміз – әдістің бір бөлігі. Тәрбие тәсілдеріне жататындар:

- тәрбиенің мақсаттарын, міндеттерін, оларға жетудің жолдарын ұсыну;
- бағдарлау іс-әрекеті;
- қарым-қатынас;
- бағалау.

Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін және оларға жетудің жолдарын ұсыну тәсілін қолданып мұғалім оқушыларды идеялық адамгершілік көзқарастармен қаруландырып, өз еңбегі мен ұжым еңбегін жоспарлауға, ұйымдастыруға, іс-әрекеттің мақсаттарына жету жолдарын таңдауға, іс-әрекеттің сапасы мен нәтижелерін олардың алдағы мақсаттарға сәйкестігін анықтатуға үйретеді. Бағдарлау іс-әрекеттік тәсіл оқушыларды еңбекке даярлауға қызмет етіп, іс-әрекетке жауапкершілікпен қарауды, халық игілігін молайту жолында еңбек ету қажеттігі сенімін қалыптастырады. Балалар күнделікті шараларға қатысып, қоғамның материалдық саласында адамгершілік және еңбек бағдарларын дұрыс таңдап дамытады. Қарым-қатынас тәсілі – балалар мен ересектердің іс-әрекет кезіндегі қатынасына негізделіп, оқушылардың қоғамдық мінез-құлық нормаларын игеруіне көмектеседі. Оқушылар тәртіп ережелері жөніндегі ақпаратты топта, сыныпта, мектепте құрастырып, оны төменгі және жоғары сынып оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар, ересек адамдар арасында жетілдіреді. Бағалау тәсілі көмегімен мектеп оқушылары адамдардың кимыл-

әрекеттерін, көзқарастарын, сенімдерін, тәртіп бағыттарын айқындауға, негіздеуге, оқу мен еңбектегі жетістіктерін, адамгершілік сапаларын өздері бағалауға үйренеді. Мұғалім бағалауды, өзіне-өзі баға беруді қалыптастырып, қамқорлық жасайды. Баға беру алынған білімді жеке тәжірибемен байланыстырып, оған жаңа қасиет береді. Тәрбие құралдары дегеніміз – оқушының тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын тағылымдық өнегелер.

Тәрбие құралдарына жататындар:

- іс-әрекет түрлері (ойын, еңбек);
- заттар (ойыншықтар, планшет, интерактивті тақта);
- рухани және материалдық мәдениет (өнер, қоғам, өмір);
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- педагогикалық ықпал жасау құралдары.

2. Адамгершілік сананы қалыптастыру әдістері. Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістері (ұғым, пайымдау, пікірін айту, баға беру, сендіру):

- этикалық әңгіме;
- әңгімелесу;
- пікірталас;
- лекциялар;
- өнеге.

Тұлғаның адамгершілік санасын қалыптастыру әдістерінің синонимі – *сендіру әдісі* арқылы тәрбиеші оқушы мінезіне қойылатын талаптар, еңбектің, басқа адамдармен қарым-қатынастың маңызы туралы айтып, оның дұрыстығына баланың көзін жеткізуге ұмтылады. Баланы жақсы сөз бен іске сендіру үшін мұғалімнің өнегелі сөзі де қолданады. Беделді, мәдениетті, тәжірибелі мұғалімдердің өнегелі сөзі оқушыларға игі әсерін тигізеді. Мысалы, этикалық әңгіме – этикалық, эстетикалық мәселелерді оқушыға талдату. Мұғалім оқушылармен әңгімелескенде, олардың ойын тыңдап, онымен санасады, ынтымақтаса жұмыс істеп, адамның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қойылатын талаптарды бұзған оқушылардың іс-әрекетін талдайды.

Этикалық әңгіменің жақсы өтуіне әсер ететін жағдайлар:

- оқушы сұрақтарын мұғалімнің мақұлдауы, оған өзінің жауап беруіне көмектесу;

- бір мәселе төңірегінде бірнеше пікірлердің айтылуы;
- әңгіменің дайын жауаптарының болмауы;
- баланың өз ойын айтып, басқалардың пікірлерін тыңдауы;
- қарым-қатынас мәдениеті, мұғалімнің оқушы дәлелді пікір айтқанша шыдамдылық көрсетуі;
- әңгімені жалықтыратын лекцияға айналдырмау;
- әңгіменің әсерлі жағдайда өтуі;
- баланың ішкі сырын айтуға көмектесуі;
- әңгіме материалдарын баланың өмірінен алу;
- түрлі пікірлерді біліп, оларды бір-бірімен салыстыру, дұрыс пікір шығару;
- жас ерекшеліктеріне сай болуы;
- тартымдылығы, қызықтылығы;
- мұғалімнің артық сөздер айтпауы т.б. жатады.

Мұғалім тәртіп бұзған оқушылармен жеке сөйлесіп, оның қателігін өзіне әдепті түрде түсіндіреді. Әңгіме тақырыбына байланысты техникалық құралдар қолданылады. Әңгіме мұғалімнің қысқаша сөзінен басталады. Ол оқушыларға мәселелі сипаттағы сұрақтар қойып, сараптап, талдатып, қорытындылайды.

Пікірталас. Пікір білдіру, баға беру оқушының дүниеге сенімін арттырып, ондағы қателіктер мен кейбір адамдардың жалған көзқарастарымен күресуге үйретеді. Пікірталас оқушылардан ақыл-ой қызметін, сезім белсенділігін талап етеді. Мұғалім пікірталасты өткізбес бұрын оның тақырыбын, сұрақтарын тұжырымдап, жүргізушіні белгілеп, қолданылатын әдебиеттерді ұсынып, оқушыларды пікірталас ережелерімен таныстырады.

Түсіндіру. Бір топқа, жеке оқушыларға жаңа ережелер басқа адамды құрметтеу, өзін басқа кісінің орнына қою т.б. түсіндіріледі. Партаны сызу, дәрекілік жасау теріс қылық екенін түсіндіре берудің қажеті болмағандықтан басқа әдіс қолдану керек. Мұғалім адамшылық қасиет туралы баланың пікірін сұрап, оқушыны жақсы сапалардың қажеттігіне сендіріп, баланы теріс қылығы үшін ұялтып, түзетуге бағыттайды.

Өнеге. Мұғалім оқушыларға әдебиеттегі және өмірдегі түрлі кейіпкерлерді үлгі еткенде оқушы өзінің ішкі жан дүниесіне үніле бастайды. Бала басқа адамға еліктегіш. Бастауыш сынып оқушылары барлық адамдарға еліктейді. Жеткіншектер өздері

таңдаған адамдарына еліктейді. Балалар әдеби және тарихи кейіпкерлерге, құрбыларына, ересектерге, ата-аналарына, мұғалімдерге, бұқаралық ақпарат құралдарының, өнердің жас ұрпаққа үлгі ететін адамдарына еліктейді.

Сендіру. Мұғалім өз пікіріне баланы сендіргісі келіп, оған былай дейді: Оқушыға сабаққа кешігудің зияндығын дәлелдеу үшін: «Бәріміздің ойымызды бөліп жіберетіндіктен, адамдардың кешіккені ұнамайды» дейді. Мәдениеттіліктің пайдасына оқушының көзін жеткізу үшін, мұғалім: «Суды стаканмен іш, ыдыстың аузынан ішуге болмайды» дейді. Мұғалім балаға қарым-қатынастың маңызын ашу үшін: «Сен газетті үйіңе ұмытып кеткендіктен, сынып сағатымыз ойдағыдай өтпейді» дейді. Диалог әдісін қолданатын мұғалім: «Мен осылай ойлаймын, сендер қалай ойлайсыңдар?» деп сөйлеседі. Пікірталас жұмыс барысында пайда болады немесе оны мұғалімнің өзі ұйымдастырады. Көркем шығармадан алған әсерін мұғалім оқушыға былай білдіреді: «Мына портреттегі адам екінші портреттегі адамға қарағанда әдемі», «Сенің ақылың бар ғой, ренжіткен құрбыңнан кешірім сұра», - деп мұғалім балаға нұсқау береді. Ол жасырын түрде болғандықтан, бала басқаша қабылдайды.

Ертегі, әдеби кітаптар, мерзімді баспасөз материалдары мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік санасын қалыптастыратын құралдардың бірі. Оқушылар жағымды кейіпкерлерге еліктеп, жамандықтан аулақ болуға үйренеді. Көзін жеткізу – тәрбиешінің өз тәртібі, жұмыс тәсілдері арқылы жүзеге асатын, балалар көзқарасына ықпал етудің педагогикалық тәсілі болып табылады.

Қоғамдық пікір. Балаларға тәрбиешінің қоятын талабы ең алдымен ұжымның талабы екендігін түсіндіру керек. Ұжымның талабы – жалпы қоғамдық пікірдің көрінісі. Қоғамдық пікір ұжымдағы іс-әрекетті ұйымдастыру және мінез-құлықты қалыптастырудың негізгі әдісінің бірі. Қоғамдық пікір ұжым мүшесінің, жекелеген топтардың іс-әрекетін, қылығын бағалауда қолданылады. Қоғамдық пікірдің негізгі нысандары – ұжым мүшелерінің жиналыста, жиындар да, митингіде, жергілікті баспасөзде және дөңгелек үстел басында, ашық әңгімеде, кемшіліктерді сынап, жаңа міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын белгілеуі.

3. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері. Іс-әрекет – адамдардың қоршаған ортаға белсене қатысуының негізгі нысаны, ішкі жан дүниесінің көрсеткіші, дамуының, өздігінен жетілуінің шешуші белгісі. Адамның іс-әрекетінің дамуына қарым-қатынас ерекше әсер ететіндіктен, іс-әрекеттен тыс тәрбиенің болуы мүмкін емес. Бала іс-әрекетіне қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар:

- іс-әрекеттің мақсатының анықтығы, оның жеке адамға, қоғамға, ұжымға пайдалылығы, оқушының ынта ықыласын, қабілеттілігі мен іскерлігін ескеру;

- оқушылардың ортақ істі сезімталдықпен орындауына қолайлы жағдай жасау;

- баланың мүддесі мен бейімділігін ескере отырып, оның көңілінен шығатын, шамасы жететін қоғамдың жұмысқа, еңбекке қатыстыру өздігінен әрекет ету тәжірибесін кеңейтеді;

- іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру балалардың белсенділігіне байланысты. Жұмысты жоспарлау, жеке тапсырмаларды бөлу, оның нәтижесін тексеру т.б. міндеттерді балалар шешіп отыруы керек. Бала талабы мен қабілетін еңбекте көрсеткенде дамиды;

- тәрбиешінің басшылығы, жұмыс барысында кеңес беру, балалардың ынтасын арттыру. Жұмыстың мазмұны мен түрлерін, әдістерін жандандыратын материалдық және моральдық жағдайды сақтау. Оқушылар ұжымының қоғамдық пікірі арқылы іс-әрекеттің нәтижесін қорытындылау жатады.

Педагогикалық талап әдісі – іс-әрекеттердің бір түрін тежеу, енді бір түрін мадақтау тәрбиеленушінің санасын дамытады. Белгілі педагог А.С.Макаренко: «Егер жеке адамның басына тиісті талаптар қойылмайтын болса, онда ұжымды құруға, ұжым ішінде тәртіп құруға да болмайтындығы, әрине, өзінен-өзі түсінікті нерсе. Мен жүйелі түрде талаптар қойылуын жақтайтын адаммын» деп, педагогикалық талап әдісінің басқа әдістерге қарағанда ерекшелігін атап көрсеткен. Оқушылардың өмірінде ұстаздардың талап қоюы шешуші рөл атқарады. Нақты педагогикалық жағдайға байланысты талаптың түрі, мазмұны іріктеледі. Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара әңгімесі мен байсалды, сенімді қарым-қатынас педагогикалық талаптың нәтижелі болуына ықпал жасайды. Тұтас педагогикалық үдерісте тәрбиеленушіге педагогикалық талап қою мен дұрыс іс-әрекет ықпал етумен қатар жүреді.

Жаттығу әдісі – мінез-құлықтың нормалары мен ережелеріне сай тәрбиешінің әртүрлі іс-әрекетті ұйымдастыруы. Тәрбиеленушілердің орындайтын жаттығулары, тәрбиешінің талаптарын орындап, адам игілігіне еңбек ету, басқаларға қамқорлық жасап, қуанышқа бөленуі және оқушыны объект жағдайынан субъект жағдайына жеткізеді. Жаттығу әдісінің педагогикалық-психологиялық ерекшелігі – жаттығулар мен әрекеттердің баланың ішкі қасиетіне айналуы. Тапсырма бергенде баланың ішкі мүмкіндігін, күшін, бағытын жан-жақты терең зерттеп, қоғамдық бел-сенділігін басқару жалпы адамзаттық адамгершілік қасиетінің дамуына және оның дұрыс іс-қимылы мен мінез-құлық дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ойын – бала әрекетін дамытудың негізгі құралы. Ойын баланың мінез-құлқын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіріп, ортаға бейімдеп, өзін еркін сезуге үйретеді. Ойын – балалардың бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдеріне тәрбиелейді. Балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тілін дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері пәндері оларда табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сипатын қалыптастырады. Ойын – мектеп балаларының негізгі іс-әрекеті. Ақын С.Торайғыров: «Балалықтың жанына ойын азық», - деп бекер айтпаған. Ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды пайдаланады. Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін. Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын

қадағалайды. Құрылыс материалдарының пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, такпақтар қолданады. Мұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапаларын қалыптастырады. Бала қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады.

4. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері. Олар жалпы білім беретін мектеп оқушыларының іс-әрекеттерін қуаттау немесе айыптау, олардың жағымды іс-әрекеттерін мақтау, ал теріс қылықтарын тежеу мақсатында қолданылады. Бұл әдістерді қолдануда педагогикалық-психологиялық тұрғыдан ескеретін жағдайдың бірі – бала тәрбиенің тек қана объектісі емес, тәрбиенің субъектісі болып табылатындығы. Баланың табиғатында «Мен өзім» деген белсенділігі бар, ол тәрбиеленушілердің әрекетіне және өздерінің мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне тәрбиешілердің берген бағасына енжар қарамайды. Сондықтан, тәрбие мен баланың өзін-өзі тәрбиелеуі үнемі қатар жүреді.

Мадақтау – оқушылардың тәртібін, мінез-құлқын бағалап және көтермелеп отырудың, педагогикалық ықпал етудің тиімді жолы. Мадақтау оқушының өзінің адамгершілігін сезінуіне, мінез-құлқы мен көңіл-күйіне бақылау жасауға, өзін-өзі тәрбиелеуге

көмектеседі. Мадақтау әдісі арқылы оқушы өзінің мінез-құлқы қандай болуы керектігін түсінеді, жағымды мінез-құлықты дамытып, ісінің дұрыстығын көріп, өзіне сенімділігі артады, жақсы істерді жалғастыруға тырысады. Мадақтаудан алған әсері оқушыны теріс әрі келеңсіз істерден сақтандырып отырады. Мадақтау түрлері: алғыс айту, мақтау, сыйлық беру, марапаттау. Жазалау – жағымсыз мінез-құлқы мен іс-әрекетінің теріс екендігін балаға ұғындыру және істеген теріс ісіне қынжылту. Мұғалім мектептегі жазалау шарасына өте сақтықпен қарауы тиіс.

Оған қойылатын талаптар:

- жазаны талап қою әдісімен ұштастыру;
- жазаның кек алу, баланың жеке басының адамгершілік қасиетін кеміту, намысын қорлау, жәбірлеу түрінде болмауы;
- жазаның әділдігі, әділетсіз жаза балаларды тәрбиеленушілерден алыстатып, ұжымнан бөлектенуіне әкеліп соғады, жаза қолдануда ұстаздық әдепті сақтау.

Тәжірибелі ұстаздар оқушылар ұжымының көмегіне, қолдауына сүйеніп, тәртіпсіз оқушыны жазалайды. Жазаның түрлері оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай болып, тәрбиенің басқа тәсілдерімен байланысты болуы шарт. Жазалаудың түрлері: ескерту, сөгіс, т.б. Жарыс жастардың бір-бірімен еңбектегі, спорттағы, өнердегі табыстарын көрсету үшін қолданылады. Жарыс оқушының іс-әрекетіне жаңа серпін, жаңа өріс беріп, өзіне талап қоюына мүмкіндік туғызады.

Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері. Тәрбие әдістерінің ықпалын, оның сапасын және нәтижесін анықтау және талдау үшін мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, адамның өзін-өзі бақылауы және өзіне-өзі баға беру әдістері қолданады. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері тобындағы әдістің бірі – тәрбиелейтін жағдаят туғызу әдісі. Тұтас педагогикалық процесте жеке адам ең алдымен әр түрлі іс-әрекеттер барысында қалыптасып дамиды. Сондықтан баланың өмірін, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасын ұйымдастыру ісі белгілі міндетті шешуге барынша жауап беретіндей ұйымдастырылуы қажет. Балаға өмірде әртүрлі жағдаяттарды шешуге тура келеді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл жағдайда баланың дайындығы жеткіліксіз екендігін дәлелдеді. Мысалы, «Автобуста отырғанда жаныңа келген қарт кісіге орын бересің бе? Ескертуді естімеген боласың ба?» – деген мұғалімнің сұрағына оқушы өзінің көзқарасына, мінез-құлқына сүйеніп жауап

беруі жаңа талаптарға сай іс-әрекеттері мен қарым-қатынасын өзгертеді. Тәрбие жұмысының нәтижелерін оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін, өзін-өзі тәрбиелеуін педагогикалық бақылау жүргізу арқылы білуге болады. Педагогикалық бақылау әдісі тәрбиелілікті анықтауға арналған. Ауызша және жазбаша сауалнама, тестілер, тәрбиелік мақсат көзделген шығармалар, оқушыларды өзін-өзі сендіруге үйрету, оқушылардың барлық іс-әрекетіне талдау жасау қорытынды шығару әдістері – баланың өзіндік педагогикалық психологиялық ерекшеліктерін тану-дамыту мақсатында кеңінен қолданылады.

Тәрбие әдістерін дұрыс таңдау және оларды тиімді пайдалану. Тәрбие жұмысында әдістерді таңдап алу оқушылардың жас және дербес ерекшеліктеріне, өмір тәжірибесіне, педагогикалық жағдаяттарға тәуелді.

Тәрбие әдістеріне қойылатын педагогикалық-психологиялық талаптар:

- оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін зерттеп, оқу-тәрбие процесін бала дамуының заңдылықтарына сүйеніп ұйымдастыру.
- тәрбие процесінің үздіксіз, әрі кешенді ерекшелігін ескеру.
- ұстаздың жеке басының және еңбек мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы.

Тәрбие әдістері бір-бірін толықтырады, олардың бірлігі тәрбие жұмысына игі әсер етіп, балалардың білімін, іскерлігі мен дағдысын тереңдетеді, қоғамдық өмірге, еңбекке баулиды, адамгершілік тәжірибесін байытады. Әдістермен бірге мұғалім тәрбиенің тәсілдерін және құралдарын қолданады.

Негізгі әдебиеттер:

1. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Иманбаева С., Бейсенбаева А.А. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы: «РБК», 1998. – 158.
2. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы /Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. – Алматы, 2002. – 384 б.
3. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖАҚ, 2002. – 256 б.

4. Қожахметова К.Ж. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбие деңгейін бағалаудың өлшемдері. – Алматы, 2006. – 212 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Педагогика: Оқу құралы /Жалпы ред. басқарған А.М.Құдиярова. – Алматы: «Дарын», 2004. – 448 б.
2. Педагогика. Учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей /Под ред. П.И.Пидкасистого. – Москва, 2004. – 608 с.
3. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: «Дарын», 2004. – 152 б.
4. Педагогика: теории, системы, технологии: учебник для студ. высш. учеб. заведений / С.А.Смирнов, И.Б.Котова, Е.Н.Шиянов и др; под ред. С.А.Смирнова. – М.: «Академия», 2007 – 515 с.

1.4 ТҮЛҒАНЫ ОТБАСЫНДА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МӘНІ

Жоспары:

1. Отбасы – тәрбие факторы.
2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізі.
3. Отбасының тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері.
4. Отбасы тәрбиесіне сипаттама.
5. Мектеп пен отбасының әрекеттестігі.

Негізгі ұғымдар: қоғамдық және отбасылық тәрбие, атананың педагогикалық белсенділігі, диагностика әдістері, әрекеттестік формалары, мектеп пен отбасының тәрбиелік мүмкіндіктерінің интеграциясы.

Басқа пәндермен байланысы: философия, әлеуметтану, психология, педагогика, физиология, этнопедагогика, валеология.

1. Отбасы – тәрбие факторы. Отбасындағы тәрбие мәселесін философия, психология, педагогика, демография, құқық, әдептану, тарих т.б. гуманитарлық ғылымдар аясында терең зерттеулер нәтижесінде бірнеше анықтамаларды кездестіруге болады. Философиялық тұрғыдан «отбасы» дегеніміз қоғамның ажырамас құрамды бөлігі, өмірде зор мәні бар шағын ұйымы деп саналса, әлеуметтану ғылымында отбасы ерлі-зайыптылардың құрған кішігірім тобы деп анықтама берілген. Оның мүшелері бір-бірімен тұрмыстық, моральдық жауапкершілік, өзара жәрдем көрсету

қарым-қатынаста болып, әлеуметтік құрылыс ретінде қоғамның экономикалық базисінің дамуына байланысты өзгертіп, жекелей дербестікте болады деп көрсетеді.

Ал, педагогика, психология ғылымдарында отбасы – ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи нақты жүйесі болып табылады. Оның ерекшелігі тұрмыстың ортақтығы, өзара көмек және рухани жауапкершілік арқылы байланысқан. Қоғаммен, бүкіл қоғамдық қатынастардың жүйесімен тығыз байланыста бола тұрса да, отбасы – қоғамдық өмірге қарағанда адамдардың белгілі дәрежедегі дербес сырлас тобы.

Отбасы тәрбиесі проблемалары шетел ғалымдары В.И.Зацепиннің, Г.К.Матвеевтің, Ю.И.Семеновтың, Н.Е.Соловьевтің, ал елімізде С.Қалиевтің, М.Жарықбаевтың, К.Ж.Қожахметованың, Ж.Б.Қоянбаевтың, К.Бейсенбиеваның, Б.Аяғанованың еңбектерінде жан-жақты қарастырылады. Ғалымдардың тұжырымдалары бойынша отбасы – адамдардың, яғни некелік негізде қосылған ері мен әйелдің, олардың туған немесе тумаған балаларының, кей кезде басқа да бірге тұратын жақын адамдарының қарым-қатынастық, бірлестік формасы. Авторлардың ойынша, бұл анықтама барлық отбасының кез келген даму кезеңдерінің мәні мен сипаттарын қарастырады.

Дүние жүзіндегі әрбір халықтың өзіне тән отбасы тарихы бар. Сол сияқты, қазақ отбасы да өзіне тән ерекшеліктермен сипатталады. Қазақтың отбасы мәселесіне байланысты бұрын-соңды жазылып, кезінде баспа бетін көрген үлкенді-кішілі ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектер, әдеттік құқық туралы жинақтар мен қазақтың ауыз әдебиеті – фольклор деректері де көптеп табылады. Мәселен, ғұлама ойшылдар Қорқыттың, Асан Қайғының, әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Иассауидің, Кей Қауыстың отбасы тәрбиесі туралы айтқан құнды пікірлері баға жетпес еңбек болып табылады. Мұнда отбасында балаларды тәрбиелеуге ерекше мән беріледі. Отбасындағы тәрбие тағылымдық, өнегелік қағидаларға негізделіп, ата-ананың балаға деген қатынасын анықтайды. Отбасының бірлігі оның мүшелерінің бір-біріне адамгершілік, ізгілік, құқықтық т.б. өзара жауапкершіліктеріне, түсініктеріне, сонымен қатар эмоционалдық жақындықтарына негізделеді. Бір жағынан отбасы – адамдардың өзінің ішкі өмірін,

құпияларын, сырларын қарсы тұрған сыртқы әсерлерден қорғайтын бірлестік.

Сонымен қатар отбасы қоғамдық қарым-қатынасқа, оның барлық өмірінің үрдісіне ықпалын тигізе алады. Отбасы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, бірқатар әлеуметтік функцияларды орындайтын қоғамның әлеуметтік құрылымы, бір элементі болып табылады.

Отбасы мүшелелері бір-бірімен тығыз байланыста, ерекше жанашырлық, сүйіспеншілік сезімде болады. Олар бір-бірінің өміріне, тағдырына елеулі атсалыса алады. Бұл жерде бір немесе бірнеше ұрпақ отбасы болып іріктелінеді. Екі ұрпақты отбасыда: әке мен шешенің, балалардың, ағалардың және қарындас, сіңілілердің ролі негізделеді. Ал, үш ұрпақтық отбасыда ата мен әженің, ене мен атаның, күйеу бала мен келіннің, қайны мен балдыздардың ролі қосылады.

Отбасындағы ата мен баланың қарым-қатынасына әдептілік сипатта болады. Ана баланы өмірге әкеледі, ақ сүтімен тамақтандырып, әлдилейді, өсіреді. Ал, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасқа әртүрлі көзқарастар мен тұжырымдар бар. Біреулер – балаға әкесі әйелі арқылы байланысады десе, екіншілері әке мен баланың байланысы тек экономикалық және эмоционалдық көмекте дейді, ал үшіншілері «Әкенің баласына деген ниеті, жасаған жақсылығы – олардың анасын сүйюі» деген ойда. Қалай болса да әкенің ролі ананың ролінен кем болмауы керек. Ол тек әр адамның жауапкершілік сезіміне байланысты болады.

Отбасы, қай кезеңде, қай қоғамда болмасын өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешуде үлкен мүмкіндіктерге ие болған. Қазіргі заманғы отбасында жас ұрпақтың тәрбиесі мәселелерін шешудегі ерекшелігі – ата-ананың білім және жалпы мәдени деңгейінің жоғары болуымен сипатталады.

Балалардың отбасындағы тәрбиесі оның белгілі бір тұрақты әлеуметтік институт ретінде анықталады, ол отбасы мүшелері арасындағы өзара қатынастардың қалыптасуы мен дамуына септігін тигізетін адамдардың жақындығы, туыстық қатынастар, тұрмыстық өмір. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы да осы қатынастарда, оны тәрбиенің ешқандай да түрі алмастыра алмайды.

Олай болса, отбасы – болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы бағыт-бағдар беретін ортасы. Ол балаға моралдық қалпы туралы алғашқы түсініктер береді, оны еңбекке

баулып, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастырады. Ата-ананың іс-әрекеті мен мінез-құлқы, өмір сүру салты арқылы балаға дүниетанымдық, адамгершілік, әлеуметтік-саяси құндылықтар беріледі.

Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Алайда қазіргі қоғамдық өмірде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық және демографиялық өзгерістер отбасына белгілі бір қиыншылықтар туғызады. Яғни, нарық қатынастарының дамуы нәтижесінде отбасында айтарлықтай адамгершілік тұрғыдан ересектердің де, балалардың да жаңа құндылық бағыттарын қалыптастырып, отбасы өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Ата-ана мен мұғалімдердің міндеті – қоғамдық қатынастардың жаңа жүйесі ұсынып отырған әлеуметтік мүмкіншілікті дұрыс пайдалану. Мектеп пен отбасы балаларды тауар мен ақша қатынастарының мәдениетіне үйрету жұмыстарын ойластыру қажет, сондай-ақ алып-сату пайда табу немесе пайдакорлық емес, ол жалпы игілік үшін және өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құқықтық екі жақты қызмет көрсету екенін түсіндіру. Ата-ананың маңызды міндеті балаларымен біріккен коммерциялық қызмет-әрекетке қатысып, оны бақылау, оларды баланың адалдығын, адамгершілігін, ұқыптылығын дамытатын қызмет көрсетудің әр-түрін орындауға үйрету. Нарық отбасы мүшелерінің алатын орнына жанама әсер етеді, олардың өміріне жаңа әлеуметтік бағдарлар енгізеді. Қоғамдық және мемлекеттік тәрбие беделінің төмендеуі отбасы өмірінің тәрбиесіне қиындық әкелді.

Бүгінгі күні қоғам дамыған сайын отбасындағы бала саны азайып келеді. Аз балалы отбасында, негізінен бір баласы бар отбасында, ішкі отбасылық тәрбиенің ең басты жағдайы жоқ, ол – балалар қарым-қатынасы. Бір баланың тәрбиесі қосымша педагогикалық күш салуды талап етеді. Жалғыз балаға деген ата-ананың, әжесі мен атасының артық көңіл бөлуі оны белсенділігінен айырып, оның эгоистік қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Толық емес отбасыларда, ата-анасының біреуі жоқ болған отбасыларда тәрбиелік мәселелерді шешуде кейбір адамгершілік-психологиялық ыңғайсыздықтар болуы мүмкін. Мұндай отбасылардың көбінде ана және бала ғана болады.

Отбасы тәрбиесінің проблемасы – ананың отбасы тұрмысынан қолы босамауы. Ананың уақыты жетпеуі көбінесе насихат,

жазғыру, ұрсу сияқты тәрбиелік ықпалдың нәтижесіз әдістерін пайдалануға мәжбүр болады. Микроклиматы жағымсыз, отбасы өмірі ұрыс-керіске, ата-ананың бір-біріне, балаларына деген шағымдарына, айкай-шуға, қорлық сөздер мен іс-әрекеттерге толы отбасында әртүрлі проблемалар туындайды.

Ата-ана құқығынан айрылғалы тұрған ата-аналар әлеуметтік және педагогикалық проблемалар тудырады. Мемлекет олардың ата-аналық құқықтарынан айырғанда балалардың мақсат-мүддесін басшылыққа алады. Алайда бұл ретте олардың өмірі өз мәнін барынша жоғалтады, өйткені өмір сүру мен дамудың маңыздылығы кемиді.

Елдегі түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге, жекеменшіктің пайда болуына, жеке адамның баю мүмкіндігінің тууына байланысты материалдық жағынан ауқатты отбасылар пайда бола бастады. Мұндай отбасыларда тәрбие белгілі бір проблемаға кездеседі. Көбінесе мұндай отбасындағы бала балалық ұжымдардан алшақ болады, оның ерекше сезімі қалыптасып, қоршаған адамдарға деген жөнсіз наразылық эгоизмі тууы мүмкін.

Отбасының жоғары материалдық ауқаттылығы (материалдық жағдайының төмен болуы да) отбасы жұмысын ұйымдастыруда қолайсыз жағдайлар туғызады. Мектеп пен отбасы әдістемелерін нақтылап, оның кемшіліктерін түзете отырып, бұл проблемаларды жеңуге тырысу қажет.

Осылайша, демократиялық қоғамда ата-ананың бала тәрбиесіндегі қызметі толығымен қалпына келетінін есте ұстауымыз керек. Алайда қазіргі кездегі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да бала тәрбиесіне қиыншылықтар туғызып отыр. Ата-ана, отбасы тәрбиесінің маңыздылығы баланың құндылық бағыттарын, оның моралдық қасиеттерін қалыптастыруға негіз болады.

2. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізі. Отбасы тәрбиесінің, ата-ананың әлеуметтік-жауапкершілік қызметі мен іс-әрекеті ретінде басты құқықтық негізі бар. 1989 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған «Бала құқығы туралы Конвенция» - негізгі маңызды құжат. «Балаға, дене жағынан және ақыл-ойының жетілмегендігінен, арнайы қорғау мен қамқорлық, соның ішінде, туылғанға дейінгі және туылғаннан кейінгі тиісті құқықтық қорғау керек» деп келтірілген.

Олай болса, баланың өмір сүру, оқу, ойын және салауатты даму құқығын жариялай отырып, аталған Конвенцияда баланың жеке тұлғалық дамуында өзінің дербестігін, даралығын сақтау құқығына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ баланың ата-анаға деген құқығы да ескеріледі. Ата-ана «баланың мақсат-мүддесі үшін қажетін» орындамаған жағдайда ғана өз құқықтарынан айырылады.

Осы Конвенцияға қол қойған мемлекеттер мына міндеттерді орындауы тиіс: ақысыз және бәріне міндетті бастауыш білім енгізу, орта және кәсіби білім алуға жағдай жасау, жоғары білім алуға жол ашу. Конвенцияның 28-тарауында: «Мектептегі тәртіп баланың адами қадір-қасиетіне құрмет көрсететін әдістер арқылы жүргізілуі тиіс» деп, келтіреді.

Сонымен қатар, БҰҰ Бас Ассамблеясының 1959 жылы 20 қарашада қабылдаған «Бала құқығының декларациясы», «Адам құқықтарының жалпы декларациясы» және басқа да көптеген халықаралық құжаттары, Қазақстан Республикасының Конституциясының отбасы, сондай-ақ қатынастарды, баланың отбасы мен қоғамдағы тәрбиесі және ағартушылығы мәселелерін қамтитын тараулары негіз болды. Қазақстан Республикасының Конституциясының 27-бабында: «1. Неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың негізгі құқығы әрі міндеті. 3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген отбасы тәрбиесінің құқықтық принциптері «Неке және отбасы туралы» Кодексінде нақтыланған. Онда қазіргі заманғы отбасы құқығының бір некелік, некеге тұрудың бостандығы мен еркіндігі, ерлі-зайыптылардың отбасы қатынасындағы тең құқығы сияқты негізгі принциптері жазылған. Бұл құқықтар отбасы өміріндегі, отбасы ұжымындағы өзара байланыстың терең демократияға жол ашады. Аталған кодексте «Баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы» туралы 60-бабында: «Баланың өз ата-анасы тарапынан тәрбиеленуіне, оның тілек-талаптарын орындалуына, жан-жақты дамуына, адамгершілік қадір-қасиетін сыйлауға құқығы бар» деп нақты келтірілген. Бала ата-ана билігіне тәуелді объект ретінде емес, өзіндік құқық субъектісі ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында елдегі білім беру-тәрбиелік процесті мемлекеттік-құқықтық реттеудің мәселелеріне айрықша көңіл бөлінген. Бұл құжаттың нақты жасалған құқықтық негізі бар, ол ата-аналарға және балаларға, олардың қазіргі заманның талабына сай зиялы білім алуларына, құқықтық кепіл береді. Ата-ана және басқа құқық өкілдері балаларға өмір сүру мен білім алу үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасау керек, бала жеке тұлғасының интеллектуалды және адамгершілік қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етулері керек. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында елдегі білім беру мен тәрбие процесін жүзеге асыратын, қызмет етіп тұрған құқықтық негіз бар, отбасының дамуына кепіл беретін және отбасы өмірінің, отбасы ұжымындағы өзара байланыстың терең демократиялық бағытын қамтамасыз ететін құқықтық нормалардың жүйесі жетілген.

3. Отбасында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориялық негіздері. Отбасы тәрбиесі туралы алғашқы педагогикалық түсініктер мен идеялар халық педагогикасында пайда болған. Педагогика ғылымның дамуы барысында отбасы тәрбиесінің мәселелері нақты ғылыми-теориялық және әдістемелік мазмұнға ие бола бастады. Қазақ халқының ғұлама-ойшылдары Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Ыбырай Алтынсарин және т.б. ойшылдар балалар тәрбиесін ұйымдастыруда олардың даралық ерекшеліктерін, бейімділіктерін және психологиялық даму деңгейін ескеру керектігіне көңіл бөлген.

КСРО педагогтары А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский бала тәрбиесінің теориясын атап көрсеткен. Қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде баланың отбасындағы қарым-қатынасы, қызмет-әрекетін ұйымдастыру, салауатты өмір салтын құру, мектеп пен отбасы ара-қатынасы т.б. мәселелері қамтылған. Отбасының тәрбие өмір салты, оның барлық құрылымдық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені олардың мақсат-міндеттері ортақ іс-әрекеттерінің жалпы тәсілдері, әдістері және бағыттылығы бар. Отбасындағы тәрбиенің субъектілері – ата-ана мен бала, әлеуметтік мақсат, міндет, педагогикалық тәсілдер, әдістер. Осы элементтерді біріктіретін негізгі іс-әрекет болып табылады.

Ұйымдастырылған мақсатты жүзеге асыруда іс-әрекет болмаса, тәрбие де болмайды. Отбасындағы тәрбиенің маңыздылығы ата-ананың басшылығымен, бақылауымен әртүрлі іс-

әрекетке (оқу, еңбек, ойын, эстетикалық т.б.) балаларды үнемі қатыстырылады.

Баланың отбасындағы орындайтын тапсырмалары оның деңгейі педагогикалық процестің бірлігі. Бұл деңгей арқылы ата-ананың ұйымдастыру және бағыттаушы ролін, ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынастың сипатын, бала тәрбиесіне әсер ететін отбасының мақсатты адамгершілік бағыттарын, баланың отбасындағы араласатын іс-әрекетінің алуан түрлілігін және ата-ананың тәрбие құралдарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалана алу қабілеттерін, баланың белсенділігінің дәрежесін көруге болады.

Ата-ананың тәрбие жұмысының сапасын оқушының күн тәртібін ұйымдастыруынан көруге болады, онда отбасы тәрбиесінің маңызды ерекшеліктері көрініс табады, отбасының әдет-ғұрыптарының бір бөлігі болып табылады. Күн тәртібі баланың уақыт аралығындағы іс-әрекетінен тұрады: дене және еңбек қызметі, ой белсенділігі, бос уақыт, дер кезінде тамақтану, гигиена, ұйқы. Олардың ара-қатынасы баланың жасына, оның жеке тұлғасының психикалық ерекшеліктеріне және тілек-қалауларына байланысты өзгеріп отырады. Баланың бос уақыты оның күн тәртібінің құрамды бөлігі болып табылады. Оқушының бос уақытын пайдалануы, оның іс-әрекетінің түрлері отбасының тәрбие мүмкіндіктерінің айқын көрсеткіші.

Отбасының бос уақыттағы бірлескен іс-әрекетінің оқушы үшін маңызы өте зор. Отбасы мүшелерінің өзара әрекеттестігі ретінде, түсінісу, сезім әсерлері негізіндегі бір біріне ықпал етеді. Қарым-қатынас кезінде іс-әрекетпен, тәжірибе мен сезім әсерлері қатар жүреді. Ата-ана мен баланың ара-қатынасы отбасы өмірінің айқын көрінісі, оның микроклиматын қалыптастырып, отбасының даму мүмкіндіктерімен сипатталады. Педагогикалық процестің қызметіндегі іс-әрекеттің маңыздылығын, жеке тұлғалық өмірлік болашағын анықтаудағы мақсаттылық сипатын көрсете отырып, оның нәтижелілігі оқушының белсенділік дәрежесімен айқындалады.

Ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалыққа мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлықтына, олардың адамдарға деген қатысына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие-

нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоциялық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

4. Отбасы тәрбиесіне сипаттама. Отбасындағы бала тәрбиесінің жетілуі әлеуметтік-педагогикалық және материалдық сипаттағы көптеген жағдайларға байланысты. Олардың бірі – оқушы тәрбиесіндегі отбасы мен мектептің ынтымақтастық қарым-қатынасы. Бұл ара-қатынас отбасының педагогикалық процесінің күйі туралы ақпарат болған жағдайда ғана жемісті бола алады.

Педагогикалық процестің сипаттамалары отбасындағы тәрбие әрекетімен байланысты болады. Соның негізінде отбасындағы педагогикалық процестің тәрбиелік мүмкіндіктерінің деңгейін айқындауға болады (жоғары, орташа, төмен).

Жоғары деңгей – барлық негізгі көрсеткіштер толығымен көрініс тапқан отбасылар. Ата-ананың әлеуметтік жауапкершілігі мен педагогикалық мәдениеті дамыған, олардың педагогикалық ынта-ықыластары бар. Балалары белсенді, дамыған, ұйымдасқан, алдында белгілі бір мақсаттары бар. Отбасында оқушының күн тәртібі сақталады, оның өмірі әртүрлі іс-әрекетке толы. Отбасындағы ара-қатынас демократиялық тұрғыда негізделген. Мұндай отбасыларда өзара түсіністік және қамқорлық рухы басым; балалардың әкесі мен анасының қызметі жайлы хабары бар, олардың қиыншылықтары мен жетістіктерін де біледі; баланың мектептегі жағдайы да отбасында еркін талқыланады; ата-ана баланы жүйелі оқу іс-әрекетіне үйретеді, күн тәртібін дұрыс құруға көмектеседі, оқуда қиыншылықтар туған кезде көмек көрсетеді; әкесі мен анасы баланың сабақтан тыс уақытына көңіл бөледі; баланың бос уақытын ұйымдастыруына қатысып, оған мақсаттылық пен тиімділік элементтерін енгізеді. Отбасында бірігіп істелінген еңбек, табиғатқа саяхат, спорттық шаралар, кітап оқу – күнделікті және жиі болып тұратын құбылыстар. Ата-ана баланы дұрыс педагогикалық мәдениетке бағыттап оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне әлеуметтік-жауапкершілігін түсінеді.

Орташа деңгейде отбасының педагогикалық процесі, жалпы алғанда, қанағаттанарлық күйде, алайда кейбір элементтері, белгілі бір мөлшерде түзетуді қажет етеді. Ата-ана бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қараса да, олардың педагогикалық мәдениеті жеткіліксіз: олар көбінесе тәрбиеде аз әдістерін қолданады (насихат

әңгімелер, өнегелік сөздер т.б.), үй тапсырмасын тексеру андасанда ғана жүргізіледі. Балалар белсенді, бірақ жеткілікті ұйымдаспаған және мақсаттары анық емес. Отбасындағы өзара қатынас демократиялық принциптерге негізделген, алайда авторитарлық бедел қалады. Отбасы сипатындағы ортақ нәрсе – педагогикалық процесті ұйымдастыруда әртүрлі қиыншылықтардың болуы.

Ата-аналар баланың оқу іс-әрекетіне көңіл бөлгенімен, олардың тиісті педагогикалық мәдениеті жоқ. Оқудың маңыздылығын мойындай отырып, олар баланы күштеу және қатал бақылау арқылы оқуға мәжбүрлеуге тырысады. Баланың оқуға деген қызығушылығын дамыту, балаға көмек көрсету ата-ана үшін қиындық туғызады. Олар, сондай-ақ, баланың сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастыруға қиыналады. Бос уақытты бірге өткізу кездейсоқ болады. Онда жүйелілік пен педагогикалық бағыттылық жоқ. Авторитарлық, оқушыға ықпал етудің педагогикалық негізі жоқ тәсілдерін қолдану, әкесі мен анасы арасында бөлісу отбасында орын алады.

Төмен деңгей отбасының іс-әрекетінде алауыздықпен, ата-ананың нашар педагогикалық мәдениеті, бала тәрбиесіне деген жауапкершіліктің жоқтығы, педагогикалық сауатсыздығымен сипатталады. Балалардың үлгерімі төмен, олар үшін отбасылық өмірдің қызығы жоқ, балалардың әуестіктері кездейсоқтық сипатқа ие, жасөспірімдер ортасының оларға кері әсері өте үлкен. Ата-аналар өз міндеттерін тек қана оқушыны қаржы жағынан қамтамасыз ету және бақылаудың жалпы қызметтерін атқару деп түсінеді. Олар мектеппен жүйелі түрде байланыс жасамайды, педагогтер кеңесін ескермейді. Оқушының оқудағы, тәртібіндегі кемшіліктерді мұғалімдердің төмен жұмыс істеуімен түсіндіреді.

Отбасының тәрбие жұмысын зерттеуді ұйымдастыру өте маңызды. Ол мектеп құжаттарын (оқушылар сипаттамасы, сынып журналы, медициналық карталар) зерттеу мен талдаудан басталады. Бұл әдісті қолданғанда алдын ала жоспарланған мәселелер бойынша материалдар жинау.

Отбасы туралы алғашқы мәліметтерді «Менің отбасым», «Біздің отбасымыздағы демалыс күні», «Менің үйдегі міндеттерім», «Оқушының отбасындағы бір күні» атты шығармаларды жаздыру арқылы алуға болады. Оқушыларға сұрақтар беру олардың ойымен шынайы ақпарат алу, шығармалар

арқылы ата-аналардың азаматтық көзқарасы, отбасының рухани өмірі, оның мүшелерінің өзара қатынасы, балаларға деген қатынасы туралы білуге болады.

Шығармадағы отбасы туралы мәліметтерді ата-анадан (ата-аналар жиналысында өткізілгенде) сұрақ-жауап арқылы алынған материалдармен салыстырып, қайта тексеру керек. Бұл екі әдісті (шығарма мен сұрақ-жауапты) оқушылар мен ата-анадан объективті ақпарат алу үшін бір уақытта өткізу керек. Жетістіктер мен кемшіліктердің себептері айқындалып, мектеп пен отбасының бірлескен қызмет-әрекетінің болжамы анықталады.

Отбасы – іштей тұрақты, тұйық ұжым. Сондықтан оны зерттеуде белгілі бір қиыншылықтар ұшырасады. Отбасының сипаттамасы туралы мәліметтер алу мақсатында бақылаулар мен әңгіме жүргізу әдістері қолданылады. Әңгіме кезінде мақсатты түрде белгілі бір жоспарды ұстану керек. Ата-анамен әңгімелер өнері мұғалімнен өте жақсы дайындықты талап етеді. Әңгімелесіп отырған адамның бет әлпетінен, қойылған сұрақтарға қатынасынан оның психологиялық жай-күйін білуге болады.

Отбасы мүшелерінің арақатынасы мәселелерін анықтаудың аталған әдістерден басқа тағы бір жолы «Менің отбасымның суреті» әдісін саби және жасөспірім жаста өткізу тиімді. Оқушыларға «Өз отбасыңның суретін сал», «Біздің үйіміз» деген тапсырмалар беріледі. Бұл әдістің артықшылығы сонда – балалар өз суреттерінде отбасы мүшелерінің арақатынасы туралы ақпаратты өз бетінше, өз қалауымен бейнелей алады. Алайда оның объективтілігі күмән келтіруі мүмкін, оған бірнеше себеп бар: көзбен көру-моторлық сипаттың жетіспеуі (бала адамдардың суретін сала алмайды, сондықтан өз отбасын салудан бас тартады), кейде бала өзінің қалауларын, тілектерін шындық, ақиқат ретінде беруге тырысады (отбасында жоқ мүшенің суретін салады – оның ата-анасы ажырасқан). Сондықтан «Отбасы суреті» арқылы алынған ақпаратты басқа да әдістермен толықтыру қажет.

Осы ұсынылып отырған отбасының диагностикасының әдістері мұғалімге объективті ақпарат алуға және бөлек алынған немесе тұтас сынып отбасыларының ұжымы ретіндегі отбасының тәрбиелік сипатын қарастыруға, оқушылардың отбасыларымен жұмысында әдетте кездесетін мәселелерді табуға, ата-аналарға бала тәрбиесін жетілдірудің белгілі бір тұстарын түзетуге, көмектесуге мүмкіндік береді.

5. Мектеп пен отбасының әрекеттестігі. Қазіргі уақытта мектеп пен отбасы ынтымақтастық әрекетінің келесі бағыттары айқындалған: ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс; ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту; ата-аналармен баланың оқу үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу.

Ата-аналармен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыс ата-аналар комитеті (жалпы мектептік, сыныптық), ата-аналар жиналысы және конференция, педагогикалық консилиум арқылы жүзеге асады. Ата-аналар комитеті – ең белсенді, ықыласты деген ата-аналардан тұратын қоғамдық орган, ол жалпы мектептік (жалпы мектептік ата-аналар комитеті) немесе сыныптық жиналыстарда (сыныптық ата-аналар комитеті) сайланады. Ол 5-6 адамнан (өзара негізгі міндеттерді бөліп алатын төраға және 4-5 мүшесінен) тұрады. Керек болған жағдайда ата-аналар комитетінің жанында кеңестер, комиссияның ынталы топтары құрылуы мүмкін.

Мектептің ата-аналар комитеті – сынып жетекшісінің оң қолы. Сыныптың барлық күнделікті жұмысы (ұйымдастырушылық, орындаушылық, бастамалық, тәрбиелік, бақылаушылық, үгіттеушілік) сынып жетекшісінің шебер әрі бағыттаушылық ықпалымен ата-аналар комитетінің көмегімен жүзеге асырылады. Ата-аналар комитетінің мүшелері сынып жетекшісіне мектеп пен оқушылардың отбасылары арасындағы байланысты орнатуға, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын (мерекелерді, кештерді, саяхаттарды, театрға бару т.б.) өткізуге көмектеседі. Олар педагогикалық жағынан кемшілігі бар балалардың ата-аналарымен арнайы жұмыс жүргізе алады.

Ата-аналар комитеті жұмысының жемісті болу шарттары – оның мүшелерінің ата-аналар ұжымының алдында есеп беруі, оның іс-әрекетіне дем беру (алғыс хат, грамота, жұмыс тәжірибесін талдап қорыту және арнайы бюллетендер шығару арқылы), сынып жетекшісімен үздіксіз ынтымақтастық әрекет.

Мектептің отбасымен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстар жүйесінде мектеп кеңестерінің қызмет-әрекеті ерекше орын алады, олардың қызметтері сан түрлі болып келеді. Олар ата-аналардың мектеппен байланысын нығайтуға, олардың педагогикалық сауаттылығын ұйымдастыруға ықпал етіп, кейбір отбасыларға тәрбиеден көмек көрсетеді (көп балалы отбасыларға, жағдайы нашар отбасыларға).

Кей мектептерде құрамына жергілікті әкімшілік өкілдері, кәсіпорын, фирма, мәдени-ағартушылық ұйымдар, мәдени ұлттық орталықтар басшылары кіретін қамқорлық кеңестері қызмет етеді. Қамқорлық кеңестер мектепке жөндеу және жабдықтау жұмыстарында, тілек-қалаулары бойынша клубтарды ұйымдастыруға, кәсіби бағыттарында, еңбекке орналасуда, мектеп бітірушілердің одан әрі білімін жалғастыруда демеушілік көмек көрсетеді.

Мектеп пен отбасының іс-әрекеттерінің ұйымдастырушылық-педагогикалық формаларына, сондай-ақ, ата-аналар жиналыстары мен конференциялары жатады. Олар жалпы мектеп бойынша да, жеке сыныптар бойынша да өткізіледі. Жалпы мектептік ата-аналар жиналысы немесе конференцияларда отбасы мен мектептің оқыту-тәрбие жұмыстарын жетілдірудің өзекті мәселелері талқыланады. Мектептегі ата-аналар жиналысы әдетте жылына 2-3 рет өткізіледі.

Отбасы мен ұйымдастырушылық-педагогикалық жұмыстың ең тікелей формасы жеке сынып оқушылары ата-аналарының жиналыстары. Мұндай жиналыстарда сынып жетекшілері оқушылардың үлгерімі мен тәртібінің сынып өмірі жайлы, ұжым міндеттері туралы, т.б. ақпарат береді. Жиналыстар отбасы мен мектептің тәрбие жұмысында ортақ мақсаттарды анықтау үшін өте маңызды. Жиналыстарды оқушылармен бірігіп өткізген тиімді. Ата-аналар жиналысы әртүлі болуы мүмкін: тақырыптық, жиналыс-практикумдар, қорытынды, тоқсандық, жылдық, топтық, әңгімелесу-жиналыстар, т.б. Жылына бір рет сынып немесе мектеп деңгейінде диагностикалық негізде ата-аналар жиналысын (немесе конференцияларды) өткізген дұрыс. Себебі бұл процестің жетекші (өзгермелі) сипаттары арқылы мектептегі және отбасындағы шынайы жайды анықтау үшін қажет.

Отбасында бала тәрбиесіне көмек көрсетудің ықпалды тәсілі – ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ұйымдастыру. Мектеп ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытуды ата-аналар жиналысын, консультациялар, сұрақ-жауап кештерін, әкелер конференциясы т.б. өткізу арқылы ұйымдастыруға тырысады. Бұл орайда, әрбір мектеп өз жағдайына, «Отбасы суреті» ерекшеліктеріне, оқушылар тәрбиелілігіне сәйкес ата-аналардың педагогикалық сауатын дамытудың нақты жүйесін жасайды. Көбінесе оқушылар ата-анасы мен бала тәрбиесін жақсартудағы

педагогикалық консультациялар және практикалық кеңестер қолданылады.

Ата-аналарға отбасы тәрбиесін жақсарту мақсатында жеке көмек көрсетіп, ықпал жасай отырып, мұғалім педагогикалық әдептілік сақтау керек. Мұғалімдердің ата-аналарға оқушылардың мектептегі «жаман» тәртібіне шағымдануы әрқашанда теріс бағаға ие болады. Мұндай шағымданулардың еш нәтижесі болмайды, керісінше олардың тигізер зияны өте зор. Белгілі педагог А.С.Макаренко мұғалімдерді ата-аналарды мектепке шақыртудан, балалар тәртібіне шағымданудан сақтандырған: «Кей ата-ана мұндай әңгімеден кейін қолына қамшы алады, ал кейбіреуі болса еш нәрсе істемейді де, нәтижесінде барлығы бұрынғы қалпында қалады», - дейді.

Ата-аналар оқушылардың оқу еңбегінің әртүрлі шараларын өткізуге қатыстырылады (пәндік тақырыптық кештер, танымдық ойын-сауық ойындар, үйірмелік сабақтар т.б.). Көптеген мектептерде «Ашық есік күндері» дәстүрге айналған, бұл күні ата-аналар сабақтарға қатысып, сабақтағы өз балаларын бақылауға, олардың белсенділік деңгейін және оқу материалын игеру тереңдігін бағалауға мүмкіндік беріледі. Олар бұл күні: пәннің ерекшелігін ескере отырып үй жұмысын қалай орындау керек, оқушы пән бойынша оқу жұмысының қандай тәсілдерін игеру тиіс, осы пәнді игеруде қандай қиыншылықтар туындайды және оқушыға оларды жеңу үшін қалай көмектесу керек, т.б. өзекті мәселелерді шешуде көмек ала алады. Ата-аналарға отбасы тәрбиесінің тәжірибесімен алмасудың әртүрлі формалары ұсынылады.

Отбасын мектеп жұмысына тартудың нәтижелі формасының бірі «кіші педагогикалық кеңестер», ата-аналардың белсенді мүшелерімен бірігіп мұғалімдердің нақты бір сыныптың оқу-тәрбие процесінің әртүрлі мәселелері бойынша кеңестер өткізуге болады.

Осылайша, мектеп пен отбасының сынып жетекшісі арқылы реттелетін педагогикалық процестерінің ара қатынасы мұғалім қызметінің диагностикасы негізінде қойылған міндеттерімен анықталады. Сынып жетекшісі қалыптастырған мақсат пен міндеттер оның оқушылар мен олардың отбасыларымен әрі қарай жұмысының бағыттарын анықтайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә. Әдептану негіздері: Оқу құралы V-VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.
2. Жумадуллаева А. Отбасының тәрбие негіздері. – Алматы, 2007. – 146 б.
3. Капралова Р.М. Работа классного руководителя с родителями. – Москва, 1980. – 193 с.
4. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы: «Санат», 2000. – 208 б.
5. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006. – 198 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ибрайымова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие: пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Тараз, 2007. – 140 б.
2. Кабакова М.П. Психологические методы исследования семьи: Учебное пособие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 114 с.
3. Қожахметова К.Ж. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. - Алматы: «Әлем», 2000. – 128 б.
4. Мырзакелді К. Абзалдық әліппесі: Әкесінің өз ұлына өсиеті. – Уроки мудрости: Заповедь отеческая к сыну своему. 2-ое изд.изм. и доп. – Алматы: «Әл-Фараби», 1998. – 224 б.

1.5 СЫНЫПТАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ

Жоспары:

1. Тәрбие жүйесі және сынып жетекшісінің міндеттері.
2. Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру.
3. Сынып жетекшісінің қызметтері.
4. Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру.

Негізгі ұғымдар: сынып жетекшісі, ата-аналар комитеті, ұжым, қарым-қатынастар, іс-әрекет.

Басқа пәндермен байланысы: психология, әлеуметтану, философия, басқару теориясы.

1. Тәрбие жүйесі және сынып жетекшісінің міндеттері. Зерттеулер мен озат педагогикалық тәжірибелердің негізінде ғылыми деректер бойынша оқушылардың тәрбиесі, тәртібі, мәдениеті, қоғамдық орындардағы өзін-өзі ұстауы т.б. қадағалауды қажет етеді.

Әртүрлі мектептерде тәрбие жүйелері ұжымдық шығармашылық жұмыстар, қоғамдық-пайдалы және өндірістік еңбек, тәрбие шараларын ұйымдастырудың әртүрлі формаларын енгізудің (тарихи орындарға саяхат, музейге бару, театрлар, көрмелер т.б.) тиімділігі жоғары болып табылады. Осылайша, тәрбие жүйесі мақсаттар жиынтығынан, тәрбие жұмысының негізі ретінде ұжым, ұжымдық қатынастар мен қоршаған ортаға деген жүйенің бірлігінен тұрады. Кез келген тәрбие жүйесі негізінде бүтіндей ұжымның тәрбие мақсаттарын белгілеуі, танымдық іс-әрекет, өзара қатынастар, оқушылардың өзін-өзі басқаруы, ұлттық салт-дәстүрлерге сүйену, әр жастағы ұжымдарды құру мен ұжымдық шығармашылық арқылы көрініс табады. Тәрбие жүйесі бірнеше кезеңнен тұрады:

- жүйенің қалыптасуы;
- ұжым іс-әрекетінің жүйесі мен мазмұнын жасау;
- жүйені лайықты тәртіп бойынша қалыптастыру,

дәстүрлерді сақтау мен жаңалықтарды енгізу.

Тәрбие мақсаттары мәселесін шешпей, тәрбие жүйесін құру мүмкін емес, өйткені білім беру саласындағы қызметкер үшін іс-әрекет, басқа да саладағы сияқты, мақсат пен міндеттер арқылы анықталады. Сынып жетекшісінің мақсаты мен міндеттері мектептің тәрбие жұмысының бағдарын ұстанады, сыныптағы тәрбие жұмысы мектептің тәрбие жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Қазіргі заманғы ізденістер бойынша тәрбиенің мақсатын анықтау мәдениеттану бағытында жүргізілуде. Бұл мәселе біршама нәтижелі, өйткені ол ұлттық және дүниежүзілік мәдениеттегі тарихи қалыптасқан рухани құндылықтарға сүйенеді. Тәрбиенің мақсатын тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана емес, жалпы адамзаттық және адамгершілік, ұлттық құндылықтарды игеру арқылы сипатталады.

Мұғалімдер ұжымында ортақ мақсат болған жағдайда ғана, әрқайсысы оған жету үшін іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жету мүмкіндігі бар. *Ұлттық мәдениет құралдары арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру жүйесі:*

1. Мектептерде қазақтың дәстүрлі мәдениетін тәрбие жүйесінде кеңінен насихаттау қажет;
2. Тұлғаның қазақ тілін терең меңгеруіне қажеттіліктерді күшейту.

3. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін тәрбие шараларында практикалық қолдануы аясын кеңейту;

Ұлттық мәдениетке арналған арнайы курстар, факультативтер.

1. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған оқушылардың зерттеу іс-әрекеті.

2. Ұлттық мәдениетті меңгеруді мақсат еткен үйірмелер мен клубтардың жұмысы.

3. Ұлттық мәдениетті меңгеруге арналған сыныптан тыс іс-әрекет (сынып сағаттары, жарыстар, мерекелер т.б.).

4. Ұлттық мәдениетпен байланысты лицей дәстүрлері.

Мектеп өз түлектерінің мәдени негізінің қалыптасуына ықпал етеді, ол дегеніміз – мектеп бітірушінің білім мазмұнын, жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту факторы. Қойылған мақсат тәрбиелік міндеттер арқылы жүзеге асады. Оларды анықтаудың әдістемелері бар. Тәрбиелік міндеттерді ұсынады:

а) тәрбиелеу және дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыру;

ә) ұжымды ұйымдастыру мен дамыту;

б) оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен қабілеттерін дамыту.

Сынып жетекшілерінің іс-әрекетіне жасалған әлеуметтік талдау нәтижесінде оның міндеттерін төрт топқа бөледі.

Бірінші топ – әлеуметтік міндеттер (балаға көмек, оны әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізу, жеке тұлғаның дамуы мен оның даралығының қалыптасуына тиімді жағдай жасау, отбасымен және тәрбие институттарымен байланысты жетілдіру).

Екінші топ – диагностикалық міндеттер (сыныппен жұмысты дұрыс ұйымдастыру үшін оқушының жеке тұлғасы мен ұжымның даму диагностикасы).

Үшінші топ – адамгершілік міндеттер (баланың бойында қайырымдылық, мейірімділік қасиеттерді қалыптастыру).

Төртінші топ – даралық-тәжірибелік сипаттағы міндеттер (оқушылармен жұмыстың нәтижелі педагогикалық тәсілдерін таңдау, өз жұмысын жоспарлау, іс-әрекетті бақылау мен түзету, рефлексия т.б.).

Педагогтардың, зерттеушілер мен мұғалімдердің оқушылар ұжымындағы тәрбие жүйесін ұйымдастыру үшін маңызды міндеттерді бөліп қарау. Өйткені оқушы өмірінің барлық

мүмкіндіктерін сынып жетекшісі мен мектептің тәрбие жұмысы және отбасы тәрбиесімен байланысты. Ең маңызды міндеттер:

1. Денсаулық пен салауатты өмір салтын тәрбиелеу;
2. Тұлғаның өнегелілік мінез-құндылықтарын жетілдіру;
3. Баланың бойына біткен қабілеттілігі мен мақсат-мүдделерін дамыту.

2. Сынып жетекшісінің жұмысындағы оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыру. Оқушылардың адамгершілігі, әдептілігі және мәдениеттілік деңгейі тәрбиенің нәтижесі табылады. Адамгершілік адамның іс-әрекеті мен қылықтарынан көрінетін қоршаған ортаға деген қатынасын білдіреді. Қарым-қатынас дегеніміз субъектінің қоршаған ортамен қалауы бойынша анықталатын байланысы. Сондықтан оқушының қандай құндылықтарды таңдап алуы сынып жетекшісі мен пән мұғалімдеріне тәуелді.

Зерттеушілер қатынастар жүйесіне әртүрлі құрылымдарды енгізді. Әрбір қарым-қатынас тәрбиенің өнегелерін игеру дегенді білдіреді, алайда мұндағы ең бастысы тәжірибеледің мағынасын түсіну, сезіну болып табылады. Қазақ ғалымдары Қ.Б.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, Г.К.Нұрғалиева, К.Ж.Қожахметова, Қ.Бөлеев т.б. жеке тұлғаның қасиеттерін құндылық қатынастардың қалыптасу нәтижесі деп түсіндіреді.

Жеке тұлғаның ең басты қасиеттерін осылайша бөлу өте маңызды, өйткені, қоршаған ортаға, адамға, материалдық және рухани дүниеге деген қатынастың қалыптасуы барысында адамгершіліктің барлық тұстарын қамту мүмкін емес.

Тәрбие нәтижелері туралы сөз етер болсақ, жеке тұлғаның басты қасиеттерінің қалыптасуы туралы айтуға болады:

1. Басқа адамға деген қатынас – гуманизм.
2. Өз өзіне деген қатынас – қадір-қасиет.
3. Еңбекке деген қатынас – еңбексүйгіштік, еңбекқорлық.
4. Ұжымға деген қатынас – ұжымшылдық.
5. Отанға деген қатынас – отансүйгіштік, патриотизм.
6. Табиғатқа қатынас – табиғатқа қамқорлық.
7. Көркемдікке қатынас – көркемдікті эмоциялық-эстетикалық түрде қабылдау қабілеті.

Жеке тұлғаның осы бір қасиеттерін қалыптастыру – қоршаған орта туралы білімдерді өнегелілік түрде түсініп-сезіну. Сондықтан, оқушылардың қоршаған орта туралы білімдер жинағын

адамгершілікпен сезінуі тәрбие жұмысының басты мақсаты болып табылады.

Оқу материалының, әрбір сабақтың өзіндік тәрбиелік маңызы бар екені белгілі. Олардың әрқайсысы оқушылардың қоршаған ортаға деген, құндылық қатынасын қалыптастыруда басқа адамның жеке тұлғаға құрметінен бастап, болмысты эмоциялық-эстетикалық қабылдауға дейінгі, құндылық сапаларын тәрбиелейді. Білімдерді терең меңгеруге, оларды өнегелілік түрде түсініп, сезінуге, оқушыларды адамгершілік-құндылыққа үйрету іс-әрекетті ұйымдастыруы мен сипатталады.

Пән мұғалімдерінің оқушыларды тәрбиелеуі сынып жетекшілерінің басшылығына тәуелді. Осылайша, олар сыныптағы тәрбие жүйесін жүзеге асырады. Сонымен, сынып жетекшісі дегеніміз – оқушылар тәрбиесін реттеуші мұғалім. Мектептің тәрбие міндеттеріне сүйене отырып, өз сыныбындағы оқушылардың ерекшеліктері мен тәрбиелілік деңгейлерін ескере отырып, осы мәселені шешуге пән мұғалімдері, оқушыларды, ата-ананы т.б. біргелікте тәрбие жұмысын ұйымдастырады.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныптан тыс тәрбие көрініс табады. Сынып жетекшісі қызметі 1934 жылы енгізіледі. Қазіргі уақытта оқушы жеке тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттілігін дамытудағы рөлі жоғары болып табылады. Бұл ретте, сынып жетекшісі – пән мұғалімдері мен ата-ананың әрбір оқушыға ықпалын үйлестіретін тәрбиені ұйымдастырушысы.

3. Сынып жетекшісінің қызметтері. Сынып жетекшісінің жұмысы мектеп жарғысымен белгіленеді. Алайда бұл тізім оның іс-әрекетінің барлық қызметін қамти алмайды. Оның іс-әрекетінің әртүрлі бағыттары көптеген зерттеулерде қарастырылған.

1. Сынып жетекшісінің мектептегі қызмет-әрекетін ұйымдастыруы (Н.Е.Щуркова) бойынша функциялары:

- әрбір оқушыны қажетті оқулықтармен және әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- баланың көзінің көруі, құлағының естуі, оның бойын ескеріп, әрбіреуінің қабілеті мен белсенділігіне қарай оқу бөлмесіне санитарлық-гигиеналық талаптарға сай қамтамасыз ету;

- сыртқы киім мен аяқкиім қоятын орынның болуы;

- мектептің ертеңгілік тамағының тәртібі мен асхананың тазалық ережесін қамтамасыз ету;

- оқушы үсті-басын ретке келтіре алатын дәретхана бөлмелерінің орналасуы мен оларды пайдалану мәдениетін ескерту;

- сынып бөлмесінің ішкі көрінісін, бөлменің жарықтығы, бөлменің көркемдігін сақтайтын кезекшілер қою;

- әрбір баланың киімі мен аяқкиіміне гигиена, эстетика тұрғысынан талап қою;

- әрбір оқушыны сабақ кестесі мен сынып бөлмелерінің орналасуынан хабардар ету;

- оқушыға барлық сынып бөлмелерінің неге арналғанын, оларды пайдалану ережелерінен (директор кабинетінен бастап, ойын бөлмесі мен медициналық бөлмеге дейін) түсінік беру;

- оқушының қоршаған заттармен жоғары мәдени деңгейде, тазалықты, әдемілік пен тәртіпті сақтай отырып пайдалана білуін үйрету.

2. Сынып жетекшісінің топтың пәндік іс-әрекетін ұйымдастыруы:

- тұлғаны дүниедегі адам өміріне қажетті құралдары, материалдық құндылықтарға жататын еңбек іс-әрекеті;

- баланың күш-жігерін, өзінің денесіне, денсаулығына, ағзасының сұлулығы мен күшіне, адаманың өз денесін билей алатын спорттық іс-әрекет;

- балаға дүниені көркем образдар арқылы тануға, көркемдік заттар тудыра отырып, дүниені көркейтуге мүмкіндік беретін іс-әрекет.

3. Өмірді түсініп, сезінудің рухани іс-әрекетін ұйымдастыру, ол дегеніміз – оқушылардың рефлексиясы, өмір құндылықтарын түсініп, сезінудегі өзіндік талдауға және өзінің ішкі дүниесін дамытуға жәрдем беру.

4. Тәрбие нәтижелерінің диагностикасы негізінде жеке тұлғалық дамудың сипаттамасы. Сынып жетекшісінің диагностикалық іс-әрекеті тәрбиелік жүйені құрудың негізі болып табылады. Жеке тұлғаның қалыптасуы ерекше қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген жеке тұлғаның қасиеттері оқу барысында сабақта да, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында да қалыптасады.

Қазақстан Республикасы мектептеріндегі тәрбие мазмұнын ұлттық салт-дәстүрлерге сәйкес жетіліп келеді. Оны өнегелілік түрде түсініп, ұғыну – мұғалім алдында тұрған маңызды мәселе.

Мұғалім оқу пәндеріндегі тәрбие мүмкіндіктерін білуі тиіс. Бұл орайда гуманитарлық саладағы пәндердің орны ерекше. Көптеген мұғалімдердің сабақтың тәрбиелік міндеттерін орындау мүмкіндігі деңгейіне дейін жүзеге асырылады.

4. Оқушылардың сыныптағы іс-әрекетін ұйымдастыру.

Сынып жетекшісі негізінен мынадай тұжырым ережелерді ұғынып, түсінген жағдайда ғана тәрбие міндеттерінің шешімі нәтижелі болмақ:

1) тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы.

2) тәрбие жүйелік сипатта болу.

3) тәрбие іс-әрекетінің мақсаттарының бірлігі, оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдердің өзара әрекеттестігі тәрбие жүйесінің кепілі.

4) тәрбие процесі жеке тұлға теориясы мен іс-әрекет теориясына, құндылықтар теориясы мен басқару теориясына сүйенуі қажет.

Жеке тұлға теориясы арқылы мұғалім оқушының тек тәрбие объектісі ғана емес, сонымен қатар ол іс-әрекеттің субъектісі екенін түсіндіреді. Оқушылардың іс-әрекеті бірнеше кезендерден тұрады: мотивтің қалыптасуы – оларды адамгершілік түсініктерді ұғынуына жағдай жасау; мінез-құлық пен іс-әрекет нормаларының қалыптасуы – өз іс-әрекетіне қанағаттану. Демек, оқушы жеке тұлғасының қалыптасу барысында мотив, танымдық, мінез-құлық, эмоциялық сезім құрылымынан тұрады.

Сынып жетекшісінің іс-әрекетінде басқару теориясының да маңызы бар. Ұстаздың негізгі жұмысы – оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру, ал ұйымдастыру басқару теориясының құрамды бөлігі болып табылады. Оның заңдылықтарын білу мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынасты, сыныптағы тәрбие жүйесін басқаруға мүмкіндік береді.

Тәрбие жүйесінің қызметіндегі маңыздысы оқушылардың іс-әрекетінің түрлерін тиімді таңдау (тәрбиелік шаралар) және оларды өткізу. Адамды қалыптастыратын негізгі іс-әрекеттер: танымдық іс-әрекет, материалдық еңбек, қоғамдық-пайдалы жұмыс, бағалау-бағыттау әрекеті, ойын іс-әрекеті, қарым-қатынас, спорттық-сауықтыру, көркемдік-шығармашылық іс-әрекет.

Басқару теориясы тәрбиелік шараларды дайындаудың нәтижелі әдісін анықтауға мүмкіндік береді, олар:

1) тәрбиелік шаралардың нақты бір формасын таңдау (сынып сағаттары, демалыс кеші т.б.);

2) шаралардың мақсаттары мен міндеттерін анықтау;

3) белсенді топпен бірігіп тәрбие жұмыстарын жоспарлау;

4) жұмысты ұйымдастыру міндеттерін белсенді топ мүшелеріне бөліп беру;

5) мерекеге дайындық;

6) сынып жетекшісінің тәрбие шараларын дайындауда оқушыларға ақыл-кеңес беруі;

7) белсенді топпен бірігіп шараларға дайындықты тексеру;

8) оқушылармен бірігіп өткізілген шараларға талдау жасау;

Тәжірибе көрсеткендей, осы ұсынысты қолдана отырып, сыныпта осындай тәрбие жұмыстарын өткізуге болады.

Сынып жетекшісінің жұмысында сыныппен немесе жеке бір оқушымен этикалық әңгіме өткізу ерекше орын алады. Жетіліп келе жатқан тұлғаның қиындықтарын адамгершілікпен түсіндіру, ересек адам тарапынан көрсетілген өз мезгіліндегі моралдық қолдау, оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көп әсер етуі мүмкін. Өкінішке орай, көбінесе этикалық әңгімелер үгіт-насихатпен алмастырылады. Оның орнына сынып жетекшісінің өнегелі, тәрбиелік маңызы зор әңгіме әдісінің орны ерекше болып табылады. Өзінің ғылыми еңбектерінде В.А.Сухомлинский: «Мұғалімнің сөзіне, оның оқушымен әңгімесіне зор мән беру керек» деген пікірді қуаттайды.

Негізгі әдебиеттер:

1. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: «Фолиант», 2011. – 244 б.
2. Класс жетекшісінің анықтамалығы /Құрастырған В.М.Коротов. Алматы: «Мектеп», 1982. – 202 б.
3. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 192 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ғабдуллин М. Ата-аналарға арналған тәрбие туралы кеңес. – Алматы: «Мектеп», 1966. – 123 б.
2. Рожков М.И., Байбородова Л.В. Организация воспитательного процесса в школе. – Москва, 2000. – 169 с.
3. Щуркова Н.Е. Мы стали классным руководителем. М., 1986. – 162 с.

II ТАРАУ. ҒҰЛАМА ОЙШЫЛДАРДЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ

Қазақ халқының тарихи тұлғалары мен ойшылдарының мұраларындағы «тәлім-тәрбие, әдептілік, имандылық» туралы зерделеу мәселелері ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ұлы мақсат-мұраттардың ішіндегі ең негізгілерінің бірі болып саналады. Ал қазіргі таңда сол бір ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан халықтық тәрбиенің мақсаты – түркілік рух, азаматтық парыз, Отан алдындағы борыш, елдік пен бірлік ұстанымдары болып табылады. Демек, мұндай тағылымдық өнегелердің дені қазақ ойшылдары мен қоғам қайраткерлерінің мұраларындағы жастарды адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеудегі ұлттық идеяларымен байланысты. Мұндай өнегелік идеяларды біз: «Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу – қазақтың таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен адам санасын шындауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады» деген дәстүрге сәйкестендіреміз [1, 3-б.].

Ықылым заманнан бері түркілік тәрбие беру әрбір дәуірдің заманауи қажеттіліктерінен, қоғамдық даму заңдылықтарынан қалыптасқан. Қоғам – барынша тұрақты болғанмен, әрбір кезең үшін белгілі бір мақсат қояды, оны шешуге ұмтылады, сәйкесінше келесі дәуірге жаңа ұмтылыстар түзеді. Яғни ол тәрбие қағидалары мәңгі, тылсым болғандықтан, халқымыздың «өткені-қазіргісі-болашағы» үшін құрылатындықтан, түркілік тәлімдік тәжірибеде отансүйгіштік тәрбие қағидаларын жеке мақсаттардан жоғары қоятындықтан, әлеуметтік ерекшелік өкілдерінің бәрін қамтитындықтан барынша асқақ болып табылады. Түркілік тағылымдар – мәңгі сақталуы мен насихатталуы және мойындалуы үшін қажетті педагогикалық шарт болмақ. Сондықтан түркілік тәрбие өздігінен оқшау, абстрақтылы, ешкімге қатыссыз көзқарастар тізбегі емес, халқымен бірге шынайы өмір сүретін,

олардың таным-түйсігі мен өмірлік қағидаларының, болашақ көзқарастарының жалпы негіздерін құрайды. Мұндай қағидалар өскелең ұрпақ пен әрбір түркі елінің азаматының бойына әдептілік, имандылық, ізеттілік сана-сезім түрде сіңіріліп отырады, сәйкесінше түркілік тәрбиені жүзеге асырудың құралы болып табылады. Осыдан оның өміршең-тәжірибелік сипатта болуы үшін тағылымдық қыры ашылады. Ол қоғамдық-әлеуметтік институттардың барлығында: отбасы, балабақша, мектеп, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында камтамасыз етілетін сатылы жүйелер бойынша ұрпақтарды тәрбиелеуге бағытталған тағылымдық мәні зор. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағына отансүйгіштік тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін отансүйгіштік тәрбие жөніндегі халықтық өнегелер, талаптар және әдіс-тәсілдер қолданылған. Халықтық тағылымдардың сан мыңдаған жылдарға созылған тұғырнамасы оның мәңгілігі мен түркілік рух түрінде көріне алатындығын бағамдайды. Сонымен қатар қазақ халқы тарихының өн бойына үңілген сайын ондағы отансүйгіштік тәрбиені қалыптастыру мен ұрпақтарының бойына сіңіру дәстүрлерін де бағамдауымызға болады. Яғни түркілік болмыс пен түркілік рухтың бүгінгі көрінісіне тоқталар болсақ, қазіргі түкі елдерінің өркениеттегі орны, жетістіктерімен қатар «сан мыңдаған жылдар бойы әлемдік деңгейде саяси-әлеуметтік беделі мен мәдени-рухани мәртебесі биік дәрежеде болған қазақ халқының тарихи тұлғалары мен ойшылдарының бізге қалдырған тәлімдік-тәрбие мұралары болып табылады.

2.1 АНАХАРСИСТІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Анахарсис (б.д.д. 620-555 жж.) – сақ дәуірінің белгілі ойшылы, данышпан, философ. Грек ғалымдары мен философтарының еңбектерінде оның трактаттарынан деректер келтірілген. Еуропа ғалымдарына «Анноға» арналған сөзі, «Патшаның ұлына» айтылған тағылымдық өнегелері, «Медокқа» арналған трактаты қазіргі кезде де қолданыста бар.

Ежелгі түркі ойшылдарының бірі, біздің дәуірімізге дейінгі 620-555 жылдары өмір сүрген *Анахарсис*тің (Анарыс деп атайды) тағылымдық мұраларындағы түркілік тәрбие идеяларының орны ерекше. Әйгілі Платон еңбектерінде Анахарсис туралы: «Анахарсис – аңызға айналған скиф, өзінің Грекияға жасаған саяхаты кезінде даналығымен танымал болған және Солонның ықпалымен өмірін философияға арнады» дейтін деректер бар.

Скифтердің есімі тарихта тек әскери жорықтармен ғана қалған жоқ, ұлы даналардың Отаны ретінде мәлім болды. Бұл болжам туралы деректерде: «Анахарсис скиф патшасы Спаргапистің шөбересі, Ликтің немересі, Гнурдың баласы» деп келтіреді.

Геродот және Страбон оны «жеті ғұламаның» бірі деп есептеп, солардың қатарына қосқан. Ол қоғамдық түзіліс сұрақтарымен көп айналысқан. Пәлсапашы пікірінше, әділ өмірдің орнауы, болуы үшін жақсы заңдардың болуы жеткіліксіз, онда сонымен қатар сол заңдардың қорғаушыларының болуы да маңызды деп есептеген. Қызметіне, қоғамдық ортадағы орнына, мансабына қарамастан заң алдында барлық адамдар тең болуы қажет деген. Халық жиналысының жұмысын бақылап тұрып бірде Анахарсис таңғалғандығын жасырмастан былай депті: «Элладалықтар өте қызық екен, олар өте ақылды сөздер айтқанымен, барлық маңызды сұрақтар мен мәселелерді ақымақтар шешеді екен» деп, «Адам қандай да бір маңызды іске кіріспестен бұрын өз жүйкелерін тәртіпке, қалыпқа келтіру үшін өз көңіл күйін көтеруі тиіс. Күрделі, үздіксіз жұмысты атқару үшін демалыс керек» дейді.

Адам бойындағы жақсы мен жаман нәрсе не деген сұрақты қоя отырып, өзі оған былай жауап береді: «Анахарсис саны бар сапасыз достарға ие болғанша, аз да болса нақты, өзің сенім арта алатын шынайы бір досыңның болғаны артық деп тұжырымдаған. Нарық, оның пікірінше, адамдардың бірін-бірі алдап, арбауы, тонауы, ұрлық жасауы үшін арналған орын. Ал ол алдап-арбау өлі адамдарды ма, жоқ тірі адамдарды ма деген сұраққа Анахарсис сұрақпен жауап береді: «Ал қайықтағыларды қай топқа жатқызуға болады?» дейді, ал «Көре алмаушылық және қорқыныш адам бойындағы ең жаман қасиеттердің бірі: қызғаншақтық адамның өз достары мен таныстарының кірісін санауға әкеліп соқтырса, қорқыныш адам бойына үмітсіздікті ұялатады» деп келтіреді.

Геродоттың Анахарсис туралы қалдырған мәліметтеріне көз жүгіртіп көрелік: «Анахарсистің тағдырынан» көргеніміздей, скифтер өзге елдердің салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптарын қолданудан мақсатты түрде бас тартып отырған. Ол көптеген елдерді аралап, түрлі мәдениеттермен, салт-дәстүрлермен танысып, көріп-білгеннен кейін, ақырында өз еліне қайта оралып отырған. 559 ж. өзінің шынайы досы, өмірдегі ұстазы Солон қайтыс болғаннан кейін Анахарсис өз отанына қайтып оралған. Геллеспонт арқылы жүзіп отырып, Кизикке келген кезінде кизиктіктердің Аналар құдайының құрметіне жасап жатқан мерекелерінің үстінен түседі. Анахарсис сол жерде Анаға егер өз еліне қайтып оралса, құрбандық шалуды дәл осы жердегідей етіп жасауға уәде етеді.

Ол Скифияға қайтып оралған кезде Гилеяға тереңінен бой ұрып, барлық құдайларға арналған әдеп-ғұрыптарды, бағыштамаларды жасап, соларды орындай бастайды. Ол өзі Кизикте көрген мерекелеуді өз елінде де дәл солай етіп жасайды. Ол ғұрыптарды жасау барысында Анахарсис өз денесіне құдайлардың кішкене етіп жасалған бейнелерін тағынып, тимпандарды (мыс ыдыстар) соғады. Анахарсистің мұндай іс-әрекеттерін көрген скифтіктердің біреуі дереу ол туралы Савлияға жеткізіп барады. Мұны естіген Савлия дереу Анахарсис болған жерге келіп, оны өз көзімен көрген кезде садақпен атып өлтіреді. Сондықтан да қазір біреу-міреу Анахарсис туралы бір нәрсе сұрайтын болса, ол өзге елдің әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрін қолданғандықтан, ешкім ол туралы еш нәрсе білмейтіндіктерін айтады. Анахарсистің тек Геродотқа ғана емес, сонымен қатар басқа да қазіргі заманғы оқырмандарына да белгілі болғандығын Понт Эвксинскийдің жалпы сипаттамасында келтірілген мына сөйлемдерден көруге болады: «Понттарда өз ақылдылығымен көзге түсетін бірде-бір тайпа жоқ, сондай-ақ скиф тайпасынан шыққан Анахарсистен асатын білімді, ғұлама ер адамды да білмейміз».

Диоген Лаэртскийдің «Пәлсападағы атактылардың ілімдері мен өмір сипаттамалары» атты еңбегінде «Скиф Анахарсис» деген арнайы тарау бар, онда скифтік ғұлама туралы нақты мәліметтер мен ақпараттар берілген. Онда мынадай мәліметтерді оқуымызға болады: «Скиф Анахарсис Гнурдың ұлы. Оның анасы грек қызы болғандықтан, ол екі тілді қоса меңгерген. Ол скифтік және

эллиндік мәдениет, олардың әдеп-ғұрыптары туралы, өмірдегі құнсыздықтар жайлы, сонымен қатар сегіз жүз әскери істер туралы өлең жазған» дейді. Өзінің мәнерлі де шешен сөйлеуінің арқасында «скифтік өмір сүру салты» туралы мақалдардың пайда болуына септігін тигізген. Кейінірек біз Анахарсистің шамамен б.э.д. 594 ж. Афиныға келіп, атакты ғұлама пәлсапашы Солонмен кездескенін білеміз. Гермипптің айтуынша, ол Солонның үйіне келгеннен кейін оның бір үй қызметкеріне Солонға Анахарсистің келгендігін, оның қонағы болып, өзін көргісі келіп тұрғандығын жеткізуді өтінеді. Солон оған қонақжайлық қатынастардың оның елінде баршаға бірдей дәрежеде көрсетілетінін айтады. Оның бұл сөзіне Анахарсис Солонның өз елінде тұрғандығын, сондықтан өзімен қонақжайлық байланыс орнату қажеттігін айтып жауап береді. Осы сөздерден кейін Солон оны қабылдап, өзінің ұлы достарының бірі етіпті.

Анахарсис Грецияда Солон б.д.д. 559 ж. қайтыс болғанға дейін отыз жылдан астам өмір сүреді. Осы аралықта ол Лесбоста, Фивыда, Коринфте, Фокиде, Беотияда, Сицилияда, Египетте, Персияда болады. Антик зерттеу көздерінің ақпараттарына сүйенсек, Анахарсистің өз ақылдылығымен, тапқырлығымен, ғұламалылығымен аты шыққандығы соншалық, ол Грецияның жоғары басқару ұйымының – Ареопагтың мүшесі болған. Ол олимпиадалық ойындарда сөз алып, бірнеше мәрте марапаттауларға ие болған.

Анахарсистің қанатты сөздері, афоризмдері, мәнді сөздері, ұтымды жауаптары осы іспеттес болып келеді. Мүмкін бұлардың барлығы бірдей скифтік ойшылға тән емес те шығар. Бірақ олардың басым бөлігі сол дәуірге тиесілі, сол кездегі скифтіктердің салт-дәстүрлерімен таныстырып өтеді. Кейінгі жеткізілген Анахарсистікі болып табылатын хаттар (б.д.д. III ғ.) оған жақын ойшылдардың пікірлерінің ұштасатындығын көрсетеді. Аңыз бойынша, Анахарсис айналатын шеңбер мен желкен және тіреуіш ойлап тауыпты деседі. Геродоттың айтуы бойынша Скифияға оралған соң ол өз отандастарына антикалық мәдениетті уағыздауға кіріседі, алайда сонысы үшін өзі қаза табады.

Анахарсистің афоризмдері мен ойлары:

Саны бар, сапасы жоқ көп достан гөрі, шынайы бір досыңның болғаны артық.

Бірінші тостаған шөлге арналады, екіншісі – көңілділікке, үшіншісі – рахаттануға, төртіншісі – ақылсыздық пен ессіздікке.

Нарық бірін-бірі алдауға әдейі арналған орын.

Қауіпсіз кемелер дегеніміз – жағаға алып шығарылған кемелер.

Жүзімдік үш түрлі сабаққа ие: рахаттану сабағы, масаю сабағы және ессіздену сабағы.

Ашулы адам көмірге ұқсайды: егер сені күйдірмесе де, қаралайды.

Таңғаларлық нәрсе, той басталғанда кіші тостағандармен ішеді де, асқазандары тойған кезде үлкен тостағандармен ішеді.

Мас болып қалмау үшін көз алдында мас адамның жасап жатқан ессіз қылықтарын көріп отыру керек.

Заң – өрмекші торы: кіші жәндіктер онда бірден өледі, ал ірілері калыпты да жақсы өмір сүреді.

Ең жақсы басқару дегеніміз: барлығы тең деген ортада алғашқы орындар жақсылық жасаушыларға, ал кейінгілері – кінәлілерге.

Сонымен қатар әскери өнерді жақсы меңгерген, әскери қолбасшы болған. Әйгілі философтар мен тарихшылардың еңбектерін оқып, білімін кеңейтеді. Тарихшылардың айтуынша, көшпелілердің ер жігіті әскери соғысқа қатыспай, алыс сапарға шықпайтын болған. Анахаристың өз Отанын, халқын шексіз сүйгенін, туған халқының салт-дәстүрін қатты құрметтегенін мұнда «Анноға» арналған сөздерінен білеміз: «Менің бар жамылғым – скифтің шапаны, етігім – аяғымның терісі, төсегім – кең дала, таңғы асым мен түстігім – сүт, ірімшік және қуырдақ, сусыным – су» деген екен. Сонымен қатар, «Патшаның ұлына» айтылған тағылымдық сөзінде: «Сенің сенгенің – сыбызғы-сырнай мен әмияның, менің сенгенім – садақ пен жебе. Сондықтан сен – сауықшыл дүниенің құлысың, ал мен – еркін адаммын. Сенде жау көп, менің дұшпандарым жоқ. Егер сен де асыл тастарыңды лақтырып тастап, садақ пен қорамсақты асынып, скифтердің ішінде өмір сүрсең, онда сен де мен сияқты еркіндікте жүрер едің», - деп, еркін жүретін көшпенділік өмірдің мәнін түсіндіреді. Ал «Медокқа» арналған трактатында адамның бойындағы жағымсыз

қасиеттерді сынап, ондай қасиеттерден скифтер өз бойларын аулақ ұстайтынын, бауырмал, таза, батыр және әділ халық екенін айта келіп: «Қызғаныш пен қорқақтық – адамның бойындағы қасиетсіз сезім, оның соңы досың мен еліңнің табысын табалайтын қайғыға ұласады, ал қорқыныштың түбі үмітсіз дүниеге үміттенумен өмір сүруге әкеп тірейді. Мұндай адамдарды скифтер ұнатпайды. Жек көру, қызғаныш, көре алмаушылық сезімдері бар адамдар жауымен қалай күрессе, олармен де солай күреседі» деп келтіреді. Біздің пікірімізше, Анахаристің отансүйгіштік рух туралы өсиеттері негізінен өз туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілігімен сипатталады. Болашақта жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде негізгі құрал ретінде пайдалануға болады.

АНАХАРСИСТІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Әділ сөзге тоқтау, әділетті болу туралы:

Анахаристің зұлым Гипархқа айтқаны

Араластырылмаған шараптың артық мөлшері адамға өз парызын өтеуге зиянын тигізеді, өйткені адамдардың ақылға сай ойлауға деген қабілеттілігі бар жанды ол бүлдіреді. Егер ол ақылға сыйымды және қамқорлыққа толы өмір сүрмесе, онда ұлы істерге ұмтылатыны үшін, өз ниеттерін табысты орындау қиынға соғады. Сондықтан ойын асықтары мен маскүнемдікті тоқтат, солар арқылы сен билікте тұратын істерге жүзінді бұр – сенің әкең осыны қалай жасағандай, достарың мен өтінушілерге жақсылық жаса. Басқа жағдайда сенің кемістіктерің сенің өміріңе қауіп туғызады. Сонда сенің достарың скиф Анахаристі еске алады. («Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.1., 426-427 бб.)

Әдепсіздік, көре алмаушылық, тәрбиесіз, күншілдік, қиянат жасау туралы:

Анахаристің Медокқа айтқаны

Көре алмаушылық пен құштарлық – бұзылған жанның сенімді белгілері. Қашан достарың мен басқа азаматтар игілікті болғанда, көре алмаушылық мұңы ауыр сезінеді, ал құштарлық тек бос

сөздерге негізделген үміт қалдырады. Скифтер осындай адамдарды ұнатпайды.

Басқаларға жақсы болғанда қуанады және оларға ақылға сыйымды болып көрінетінге ұмтылады. Риза болмаудан туындайтын жеккөрушілік, кекшілдік және басқа да құштарлықтарды, олар жанға зиян тигізетіндер ретінде қашанда батыл аластайды. («Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.1., 427 б.)

Елін, жерін, Отанын сүю; ел қорғау; ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қою:

Анахарсистің Ганнонға айтқаны

Киім қызметін мен үшін скиф хленасы атқарады, аяқ киім – өзімнің жалаңаяқ табаным, төсек мен үшін – бүкіл жер, ең жақсы тағам – сүт, ірімшік, ет болып табылады. Дәмдінің бәрі – аш жүру. Адамдардың көпшілігі қиналып жүретіндердің барлығынан мен боспын. Егер керек болсам, сонда сен маған кел. Оларды сіз маған мырзалықпен сыйлағанға жауап ретінде, мен саған өзімдікін жіберемін. Сен оларды карфагендіктерге бере аласың немесе өз игілігіне жарату үшін құдайларға арнай аласың. («Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.1., 427 б.)

Отансүйгіштік тәрбие туралы:

Анахарсистің патша баласына айтқаны

Сенде флейта мен қалың әмиян, ал менде садақ пен жебелер бар. Сондықтан сен құлсың, ал мен еріктімін. Сенде жаулар жеткілікті, ал менде олар жоқ. Егер сен ақшанды лақтырып тастап, қолыңа садақ пен жебелерді алғың келсе және скифтермен бірге өмір сүретін болсаң, онда сенде біздің барлық игіліктеріміз пайда болады. («Қазақ халқының философиялық мұрасы. Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.1., 427-428 бб.)

Борыш, жауапкершілік туралы:

Анахарсистің Крезге айтқаны

Лидия патшасы! Олардың мінездері мен өмір салттарын білу үшін, мен эллиндер еліне жолға шықтым. Маған алтынның қажеті жоқ, мен үшін Скифияға жетілген адам болып оралу маңыздырақ. («Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.1., 430 б.)

Әдемі, шешен сөйлеу, ұтымды сөз айту:

Анахарсистің Крезге берген даналық жауаптары:

Крез патшалығы қаншама халықты өзіне қаратқанын айта келіп, жиналған даналардың ішіндегі Анахарсиске:

- Тірі жануарлар мен жәндіктердің ішіндегі ең өжеті қайсы? – деп сауал қояды. Оған Анахарсис:

- Ең тағы аңдар, себебі олар өзінің бостандығы үшін жанын қияды, - деп жауап береді.

- Тірі жануарлар мен жәндіктердің ішіндегі ең әділетті өмір сүретіні қайсы? – дейді. Анахарсис былай дейді:

- Ең әділетті тіршілік ететін тағы хайуанаттар. Олар заң бойынша емес, табиғаттың ыркымен өмір сүреді: табиғат – құдайдың жаратқан жаратылысы, ал заңды адамдар қолымен жасайды. Сондықтан да адамның шығарған заңынан тәңірдің ақ жолы әлдеқайда әділетті! – депті. Сол кезде патша сөзден жеңіліп, Анахарсисти мазак ету үшін:

- Осы жыртқыштар даналықтың негізі болып жүрмесін, - дейді.

Данышпан ғалым оған өз пікірін білдіреді:

- Заң негізінен гөрі табиғаттың ұлылығын мойындаудың өзі де данылықтың белгісі, - деп тұжырымдапты.

Сонда патша жымиып тұрып:

- Сенің жауаптарыңның барлығы скифтердің тағы аңға үқсас тәрбиесіне негізделген, - депті (Жұртбаев Т. «Дулыға» кітабынан, Т.1., 152 б.)

Әдебиеттер:

1. Платон. Сочинения. – М., 1972. – Т.3. – 687 с.
2. Геродот. История. – Ленинград, 1972. – Т.4. – 560 с.
3. Жұртбаев Т. Дулыға. – Алматы, 1994. – 1-т. – 368 б.

2.2 КҮЛТЕГІННІҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Күлтегін (684-731 жж.) – Шығыс Түркі қағанаты әскерінің бас қолбасшысы, «көк түркінің көк семсері» атанған батыры. Жастайынан жетім қалған Күлтегін Қапаған қағанның тәрбиесінде өскен. Ол әскери өнерді жетік біліп қана қоймай, ел билеу ісін де жақсы меңгерген. Бар өмірін түркі елінің бақытты өмір сүруіне арнайды.

Түркі мемлекетінің нығайып, дамуына үлес қосқан *Күлтегін* (684-731) – Қапаған және Могилян дәуіріндегі Түркі мемлекетінің көрнекті әскери қолбасшысы болған Құтлұғ қағанның кіші ұлы. Күлтегін Түркі мемлекетін нығайту мақсатында бірнеше рет жорыққа шығып, өзін қабілетті қолбасшы ретінде танытты. 718 жылы қас жауы табғаштар шабуылына тойтарыс берді. Екі ел арасында бірнеше жыл бойы бейбіт өмір орнатты. Әкесі Құтлұғ қаған Екінші Шығыс Түрік қағанатының іргесін қалап, шаңырағын көтерсе, артында қалған екі баласы: үлкені – Білге қағаны ел бастап, кішісі – Күлтегіні қол бастап, сол қағанаттың айбынын асырып, мерейін тасытыпты. Ағайынды екі ұлан ақыл қосып бірге қимылдап, бірі елінің алтын тұтқасына, екіншісі асыл тірегіне айналыпты. Ажал жетіп, сол асыл тірек құлағанда Ұлы Дала күңіреніп, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, Күлтегін рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатыпты. Мұның өзі түркі тарихы туралы өте құнды дерек болатын, себебі мұндай деректер басқа еуропалық халықтарда кездеспеген жаңалық пен дерек болатын. VI-IX ғасырларда қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде түркілік отансүйгіштік рух жетекші орын алады. Зерттеуші Ғ.Айдаров «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» атты ғылыми еңбегінде: «Түркі бектері мен халқым, мұны естіндер. Қандай өнегелі сөздерім бар болса, соларды мәңгі тасқа жаздырдым. Оларды оқындар, тағылым алындар!» деп келтіреді.

Демек, түркі халықтарының рухы биік тарихы бар екендігін айшықтайтын өсиет сөздері тарихи баға жетпес құндылық болып табылады.

КҮЛТЕГІННІҢ ӨСИЕТ МҰРАЛАРЫ

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы айтқаны:

10. Қаған болып, жоқ, кедей халықты көп көтердім,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым.
Осы сөзімде өтірік бар ма?
Түрік бектері, халқым, бұны тыңдаңдар!
Түркі халқын жиып,
Ел болғандарыңды мұнда бастым.
Жаңылып, кешкендеріңді де мұнда бастым.

(«Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.5., 16-б.)

Серт беру, берген сертінде тұру; сөз байласу, уәдеде тұру; ел үшін кек алу:

27. Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.
Інім Күлтегінмен бірге,
Екі шадпен бірге
Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым.
Біраз ұлғайтып, біріккен халықты от-су қылмадым.
28. Жер-сайда босыған халық
Өліп-жетіп,
Жаяу-жалпы
Келіп жатты.
Халықты көрмек боп:
Терістікте – оғыз халқына қарсы,
Шығыста – қытай, татабы халқына қарсы,
Түстікте – табғашқа қарсы
Көп қолмен он екі жорық жасадым.

(«Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.5., 22-23 бб.)

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы өсиеттері:

11. Түркі халқы жойылмасын, - дейді,
Ел болсын – дейді.
Әкем Елтеріс қағанды,

Шешем Елбілге қатынды
Тәңірі төбесіне ұстап
Жоғары көтерген екен.
Әкем қаған он жеті ер ертіпті.

(«Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.5., 19-б.)

54. Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым,
Елтеріс қаған жауламаса,
55. Оған еріп мен де жауламасам,
Елім, халқым жойылар еді.
(Оның) әрекетінің нәтижесінде,
56. Еліміз қайта ел болды,
Халқымыз қайта халық болды.

(«Қазақ халқының философиялық мұрасы. Жиырма томдық шығармалар жинағы» кітабынан, Т.5., 36-б.)

Жеке тұлғаның борыш, жауапкершілігі туралы:

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық;
Мысалы, төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздармен аттанып,
Төрт бұрыштағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері – Қадырхан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.

(Шәкенұлы Ж. «Түркілік сарынды түп тамыр еткен тәуелсіздік жыры» мақаласынан. 24 желтоқсан, 2010 ж.)

Батырдың аңғалдығы, сенгіштігі туралы айтқаны:

Ат – ер қанаты. Батырдың өз атын өзі таңдауы, өз атының болуы;
Мысалы, Күлтегін жауға жаяу ұмтылды.
Оңтұтықты қарулы көсемдерімен
Қолға түсірді.
Жарақтыларды қағанға еншіледі,
Бұл әскерді сонда талқандадык.

Жиырма бір жасқа келгенде
Чача Сеңұңмен айқастық
Ең ілкі Тадықын Чуырдың,
Боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.

(Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар» кітабынан, 63-б.)

Ерлік, батырлық туралы өсиеттері:

Батырдың атының сұлу кескін-сымбаты, шабыс желісі,
ақылдылығы, төзімділігі;
Мысалы, Бір жылда бес рет шайқастық,
Ең ілкі Тоғу кентінде шайқастық
Күлтегін Азбан ағын мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Алты ерін шанышты,
Шайқаста жетінші ерін қылыштады.
Екінші (рет) Құшлағакта
Едіздермен шайқастық.
Күлтегін Аз қаракерін мініп,
Шабуылға ұмтылып,
Бір ерін шанышты.

(Марғұлан Ә. «Ежелгі жыр, аңыздар» кітабынан, 67-б.)

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы айтқаны:

Минш жазығындағы соғыста Күлтегін баһадүр қалың жауға қарсы шабады. Сонда: «Шаша Сүңгімен соғыстық. Қаруына, сауытына жүзден артық оқ тиді. Баһадүрдің басына бірде-бір оқ дарыған жоқ. Оның шабуылын, түркі бектері, жақсы білесіндер! Жау әскерін сол жерде талқандадық» делінген Күлтегіннің үлкен жазуында (Жұртбаев Т. «Дулыға» атты кітабынан, Т.2., 128-б.)

Әдебиеттер:

1. Мыңжанұлы А. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: «Жазушы», 1992. – 400 б.
2. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 181 б.

2.3 ҚОРҚЫТТЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Қорқыт (VIII-IX ғғ.) – оғыз-қыпшақ тайпаларынан шыққан ойшыл, батагөй абызы, дәулескер күйшісі, келер күнді болжайтын көріпкел данасы. Тарихи деректерде Сыр бойы мен Сарыарқа алабында ғұмыр кешкен. Қорқыт қазақ үшін ең алдымен күй атасы. Ол туралы аңыз-әңгімелерде ел бірлігі мен түркі халықтарының тұтастығы туралы күймен жеткізген. Түркі халықтарының арасында «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қорқыттың елмен қоштасуы», «Тәңір күйі» деп келетін күйлері, байырғы сарындар күні бүгінге дейін қолданыста бар.

Түркі халықтарына ортақ тұлға, ғұлама *Қорқыт* (VIII ғ. Қызылорда облысында өмір сүрген) – түркі халықтарына ортақ данышпан, ойшыл, қобызшы. Қорқыттың өмір сүрген ортасы туралы ғылымда әртүрлі болжамдар қалыптасқан. Шығыс ғұламасы Рашид әд-Дин «Жамиғ ат-тауарих» атты тарихи шежіресінде Қорқыттың оғыз-қыпшақтың қият тайпасынан шыққанын және 95 жасында қайтыс болғанын дәлелдейді. Ал академик Ә.Марғұланнның еңбектерінде VIII-VIII ғасырларда өмір сүрді деген пікір айтылады. Қорқыт жайлы аңыздардан оның бойындағы үш түрлі өнер ерекше айқындалады. Біріншіден, оғыз-қыпшақ ұлысының белгілі абызы. Екіншіден, күйші, қобыз өнерінің негізін салушы. Үшіншіден, әйгілі жырау, оның жырларында оғыз-қыпшақтарының тарихы, өмір салты баяндалған. Түркі халықтарының фольклорындағы Қорқыттың дүниеге келуі туралы аңыздарда әлемді үш күн, үш түн қараңғылық басқанын айтады. Сұрапыл дауыл тұрып, ел-жұртты қорқыныш сезімі билеген. Осыған байланысты баланың атын «Қорқыт» деп қойған дейді. Зерттеуші Е.Тұрсынов түркі халықтарының фольклорына сүйене отырып, «дада, деде» деген сөздерді «насихат айтушы жырау» деп келтіреді. Белгілі түркітанушы В.Жирмунский: «Қорқыт магиялық аспап – қобыздың иесі, көріпкел, ғұлама, абыз» деп сипаттайды. Деректерге сүйенетін болсақ: «Қорқыттың тарихи тұлға екенін растайтын жазба ескерткіш «Қорқыт ата кітабы» немесе («Китәби дәдәм Коркуд») болып табылады. Онда Қорқытты жырау, ақылгөй, данышпан, көсем, бақсы, күйші ретінде бейнелейді. Аңыздарда Қорқыт өзінің жүйрік желмаясына мініп, халқы бақытты өмір

сүретін Жерұйықты іздеуші, ғұмыр бойы өлімге қарсы күресуші жан ретінде суреттеледі. Қорқыт өмірінің соңында мәңгілік өмір сырын іздеп, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетеді. Бірақ қайда барса да, алдынан көр қазып жатқан адамдарды жолықтырады. «Кімнің көрі?» деген сауалына «Қорқыттың көрі» деген жауап естиді. «Қайда барсаң да Қорқыттың көрі» деген сөз осыдан қалған. Ақыр аяғында: «жер кіндігін тапсаң, тірі қаласың деген аян естіп, туған жері Сыр өңіріне оралады. Содан мәңгі өмір тек өнерде деген ой келіп, қобыз аспабын ойлап шығарады. Өзен ортасына кілем жайып, үстінде отырып, қобыз тартқанда күй күшімен суга батпайды екен. Қорқыт ата қобыз тартқан жылдары өлім болмаған, тек бақытты өмір болған дейді. Бірақ Қорқыт шаршап, ұйықтап кеткен сәтінде судан қарақұрт шығып, оны шағып өлтірген. Аңызда ажал ашық келмей қарақұрт кейпінде келеді» дейді.

Белгілі тарихшы Л.Гумилев оның «қайтыс болған жерін Қызылорда облысы Қармақшы ауданындағы Сырдың бойында 1952 жылға дейін сақталған «Қорқыт мазары» дәлелдейді. Қорқыт көне түркі қоғамының ыдырау кезінде өмір сүрген. Ал бұл қоғамның біржола күйреуі VIII ғасырдың аяқ шеніне келеді (745 жыл)» деп келтіреді. Қорқыт бабамыздың «Елім-ай, халқым-ай» күйінің шығу тарихы көрсеткендей, елінің ыдырауына өкініш сезімдері бар. Демек, Қорқыт ата өмір сүрген дәуірді VIII ғасырдың аяғы IX ғасырдың басы деп топшылауымызға болады.

Қорқыт мұраларын этнопедагогикалық тұрғыдан зерделеу тарихи, әдеби, этнографиялық мәліметтерді қажет етеді. Сондықтан ол жөніндегі кейбір мәліметтерге жүгінсек, оның туған жері белгісіз, ата жағынан – оғыз тайпасының қият руынан, ана жағынан – қыпшақ, әкесінің есімі – Қарақожа деп келтіреді [4, 22-б.].

Қазақ өркениеті үшін оғыз-қыпшақ тайпаларының этногенезі айрықша мәнді, өйткені қазақ, өзбек, түркімен тайпалары IX-X ғасырларда сол оғыздардан тараған еді. Ал оғыздардың өзі ертедегі сақ-массагет, одан соңғы ғұн, үйсін тайпаларынан құралған болатын. Оғыз-қыпшақ дәуірі түркілік тағылымның жетістігі мол кезең болды. Солардың қатарында «Қорқыт ата» кітабын айтуға болады. Зерттеуші-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Бұл тарихи-тағылымдық мұра Сыр бойындағы оғыз-қыпшақ дәуірінде жырланып, XV ғасырда кавказ жерінде хатқа түскен», - деп келтіреді [5, 51-б.].

Яғни, Қорқыт мұраларын тәлім-тәрбиелік тұрғыдан зерттеу бабамыздың түркі дүниесіндегі орнын ашады. Қорқыт дала данышпаны ретінде оғыз-қыпшақ ұлысының әйгілі ойшылы, қарт данагөйі, белгілі сазгер қобызшысы, шамандық сенімнің пірі, дала жыршысы, кейде парасатты хан кеңесшісі ретінде белгілі болған. Философ зерттеуші Ж.Алтайдың: «Қорқыт жайындағы аңыздарды жинақтай келгенде, оның бойындағы үш түрлі өнері айқындала түседі. Біріншіден, ол – оғыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бақсы, шаман. Екіншіден, Қорқыт – күйші, музыкант, ең тұңғыш қобыз сарынын тудырған Адам. Үшіншіден, Қорқыт – эпос айтушы, әйгілі жырау», – деген ой-пікірі де осыны айғақтайды [6, 80-б.].

Яғни, Қорқыт мұраларында түркілік тәрбиеге тән халықтың мәңгі өмір сүруі үшін аңызға айналған «өлімен қашып, өмір сүруді» армандаған утопиялық идеяларынан біз халқымыздың ғұмыр кешу қағидаларын, өмір сүру дағдыларын, сол арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұрагерлік тәрбиені, ата мен бала, ана мен ұл-қыз т.б өткен мен бүгінді байланыстыратын мол мұрағаттарды танимыз. Оның көп қызметті шығармашылық өмір жолы сол дәуірдегі халқымыздың өмір сүруіндегі ережелерді ескертуімен, тіршіліктің мән-мағынасын байыптауымен, әлем мен адам арақатынасының үйлесімділігін ұғындыруымен ерекшеленеді. Оның түйіндеген өмір заңдылығы мен тіршілік бомысы, ғұмыр кешудің тиімді озық үлгілері жөніндегі ой-толғамдары сол дәуірдің ұрпақтары үшін канондық ережелерге айналған. Кей деректерде ол әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді жүйелеуші, жинақтаушы және оны ұрпақтарға өмір үлгілері, ұлттық болмысты сақтайтын қағидалар ретінде ұсынушы болған. Бәлкім осы заманғы халықтық дәстүр мен көшпелілер өркениетінің өміршеңдігі мен ұстамды сабақтастығы, ұрпақтан-ұрпаққа берілген тұрақты жалғастығы Қорқыт кезеңінен оның айрықша тұлғалық орнынан бастау алып жатқан шығар немесе символдық түрде солай. Атап айтқанда, бабамыз өз заманының данышпаны ретінде тууына, өмір сүруіне, үлгі боларлықтай мол мұра қалдыруына объективті себептер қажет болуы мүмкін. Біздің пікірімізше, Қорқыт мұрасы халықтық дүниетаным, ортақ рухани мұра, ортақ ұлттың тыныс-тіршілігі болып есептеледі, ал оның тарихи эпсаналары мен мәтіндік туындылары және қобыз күйлерінің сарындары объективті деректер, яғни шынайылық болып табылады. Қашанда тағылымдық мұралар тек ауызша

жырлар мен аңыздар ел өмірінде рухани сусын, өмірлік тәжірибе үлгісі, отансүйгіштікті қалыптастырудың ашық көзі ретінде қастерленген. Біздің пікірімізше, келтірілген тарихи деректерден Қорқыттың этнопедагогикалық мұраларындағы аңыздар мен күйлер, жазба әңгімелер жиынтығы, даналық тұжырымдамалары т.б. аса бір ұмытылмастай жинақталған көне дәуірдің тағылымдық мұралары болып табылады. Ол бүгінгі таңда кеңінен насихатталуы қажет деп білеміз.

ҚОРҚЫТТЫҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МҰРАЛАРЫ

Адамгершілік-имандылық тәрбиесі туралы онегелері:

«Мәңгілік мұра»

Адамның гүлі ұл мен қыз,

Көзінің ақ пен қарасы...

(«Қорқыт ата» кітабынан, 29 б.)

Бір күні Қам Ганұлы Хан Байындыр орнынан тұрыпты: Шам күндігін жер үстіне тіктіріпті; ала шатырды көк жүзіне қарай көтеріпті; мың жерге жібек кілем төсетіпті. Хандар ханы Хан Байындыр жылда бір рет той жасап, оғыз бектерін қонақ етеді екен. Және де той жасап аттан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдырыпты. («Қорқыт ата» кітабынан, 28 б.)

Тұлғаның әдепті, мәрт, тәрбиелі болып қалыптасуы жайында:

Қазақ ауыз әдебиетінде кең тараған тақырыптың бірі – кенже баланың ерлік көрсетуі. «Қорқыт ата кітабында» осы тақырыпта жалғыз ғана жыр бар. Ол – «Үшін Қожаұлы Секірек туралы жыр». Мұнда бірқатар әлеуметтік мәселелер сөз болады. Солардың ең бастысы – *әдептілік, жасы үлкенді құрметтеу, қария адамдардың алдынан кесіп өтпеу* сияқты ежелгі түркі дәстүрлері. Сол кездегі салт-сана бойынша, хан сарайына барғанда әрбір бек тек өзіне лайықты орынға ғана отыруы тиіс. Ал бектің қай орында отыратыны оның соғыста көрсеткен ерлігіне, яки мал-мүлкіне қарай белгіленеді. Ел қорғаған ерлік іс қашанда бірінші орынға қойылған. (Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан. Т.1., 135-136 бб.)

Еңбек-өнер тәрбиесі туралы:

«Қазанбектің баласы – Оразбектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жырдан» ежелгі түркілер бала тәрбиесіне ерекше мән бергенін көреміз. Оны әскери өнерге үйретуді әкесінің міндеті санаған. Ол кезде әрбір адамның азаматтық мәртебесі оның ел қорғау ісіне қосқан үлесіне қарай бағаланған. Демек, бұл жырдың негізгісі оғыз бен қыпшақ бектерінің бала тәрбиесі мәселесіне арналған.

Оғыз–қыпшақ дәуірінің дәстүрі бойынша, он бес-он алты жасқа толған ер балалар міндетті түрде әскери өнерді үйренетін болған. Мұндай бала- жігіттерді ересектер өздерімен бірге қан майданға ертіп барып жүрген. Қолына қару ұстап, жаудың қанын төкпеген жігіттерді ешкім сыйламаған, тіпті адам санатына қоспаған. Ең жаман қасиет қорқақтық, опасыздық саналған. Жаудан қорқып қашқандарды өз әкелері-ақ қатал жазалап отырған. Оғыз–қыпшақ дәуірінің, жаугершілік заманының осы бір шындығын «Қазанбектің баласы Оразбектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жырдан» айқын көруге болады. (Келімбетов Н. «Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан, 128 б.)

Сұлулық-сымбат тәрбиесі туралы:

«Қорқыт туралы қазақтың қария сөздері»

Ерте кезде бір ханның әдемі сұлу қызы болған. Хан ол қызды ешкімге көрсетпеу үшін, түн теңізінің жағасына бір сарай салып, қасына ерген қырық қызымен сонда апарып орналастырады. Қызға күн, ай сәулесі түспес үшін оны қараңғы сарайдың ішінде ұстаған.

Қолөнер туындыларындағы әдемілік туралы:

Белгілі тарихшы Әбілғазының айтуы бойынша, Қазанбектің жақсы көретін әрі ордасының көп тұрған жері, батырдың сиынып, ас-садақа беретін орны- Қазығұрт тауы болған. Ескі аңыздар бойынша, осы тауда ертеде ұлы адамдар тұрған киелі үңгір болған екен. Батырлар осында «Алтын қабак» атысқан. Ақындар *домбыра*, *қобыз тартып*, жыр шығарған. Қорқыт ата осы Қазығұрт тауына жиі келіп, Қазанбекті мақтап өлең айтқан. Сонымен, бұл жырда сол дәуірдің ең маңызды деген мәселелерінің бірі жырланған. («Қорқыт ата» кітабынан, 46-б.)

Бесік тәрбиесі жайындағы өсиеті:

«Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жырда» әсіресе бір балаға зар болған әке-шешенің мүшкіл халі жөніндегі хикаялар жиі ұшырайды. Әрине, мұның өзіндік себептері бар. Патриархаттық-рулық қауымының ұғымы бойынша тек еркек кіндікті бала ғана отбасының, ру-тайпаның жалғасы, қауымның болашақ тірегі саналған. Сол себепті той-жиындарда ер баласы бар аталар ең сыйлы орынға отырып, оған зор қошемет көрсетілетін болған. Сонымен, өзінің перзенті жоқтығына қорланып, Дирсеханның әйеліне айтқаны:

«Хан қызы! Орынымнан тұрайын ба?

Жағаңнан, алқымыңнан алайын ба?

Табанымның астына салайын ба?

Қара болат өз қылышым

Қолыма алайын ба?

Әз кеудеңнен басыңды кесейін бе?

Жан тәттісін саған білдірейін бе?

Алқызыл қаныңды жер үстіне төгейін бе?

Хан қызы, себебі неден еді, айтшы маған,

Қатты қысым көрсетем енді саған», - деп, ақыры әйелінің кеңесі бойынша, Дирсехан аш-жалаңаштарға қыруар көп қайыр-садақа беріп, ата-бабасының аруағына сиынып, тәңірден бала тілейді. Күндердің күнінде әйелі босанып, ұлды болады. Бала он бес жасқа толады. Бір күні достарымен асық ойнап жүргенде ханның семіздіктен құтырған бұқасы босанып кетіп, балаларға тап береді. Барлық балалар қашып кеткенде, Дирсеханның ұлы қорықпай, дәу бұқаны жұдырықпен ұрып жығады. Содан бала Бұқаш аталып кетеді. Бұған риза болған әкесі ұлына енші беріп, оны бектер қатарына қосады. Бірақ Дирсеханның күншіл нөкерлері әкесін баласына қарсы айдап салады. Бір күні Дирсехан аң аулап жүріп, өз баласын өзі атып кетеді. Бір сұмдықтың болғанын жүрегі сезген анасы өзінің қырық нөкер қызымен баласын іздеп жолға шығады. Айдалада қызыл қанға боялып, өлім аузында жатқан ұлын көріп, сол арада боздап жылайды.

Қара кима көздерің,

Ұйқы алыпты, ашсайшы!

Тәңірі берген тәтті жан,

Сайрандамай, қайтсайшы!

Әз кеудеңде жан болса,

Ұлым, хабар берсейші!

Қара басым құрбандық
Болсын саған, сезсейші!
Қазылық жаудың көп суы
Ағар екен, ақпасын!
Қазылық жаудың көк шөбі
Шүйгін екен, тапталсын!
Жүйрік сенің киігің,
Жортпасын енді, тас болсын!..

Ақыры, анасы баласын ақ сүтімен емдеп, ұлы аман қалады.

(Келімбетов Н.«Ежелгі дәуір әдебиеті» кітабынан, 122-124 бб.)

Әдебиеттер:

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті /Жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Ана тілі», 1991. – 264 б.
2. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 576 б.
3. Қорқыт. Елім-ай: Күйлер. – Алматы: «Ғылым», 1992. – 317 б.
4. Мұқтарұлы С. Қорқыт Ата. – Түркістан: «Мұра», 1997. – 68 б.
5. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991. – 400 б.
6. Философия тарихы /Оқулық. Ж.Алтай, А.Қасабек, Қ.Мұхамбетәлі. – Алматы: «Жеті жарғы», 1999. – 288 б.

2.4 ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) – Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің «Екінші ұстазы» атанған данышпан, энциклопедияшы ғалым. Оның туған жері Сырдария бойындағы ерте замандағы түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы. Арабтар оны «Фараб» деп атаған. Ол өз заманында іргелі ғылым салаларының бәріне өзіндік үлес қосып, із қалдырады. Сол ғылыми мұраларын былайша топтастыруға болады: астраномия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, психология, социология, лингвистика, риторика, философия болып келеді. Бізге жеткен ғылыми қолжазбалары: «Алматеске түсініктеме», «Геометриялық сызықтар жасаудың әдістері», «Астрология», «Китаб әл-мусики әл-кабир».

Түркі ғалымдардың ішінде дүниежүзіне мәлім екінші ұстаз *әл-Фарабидің* тағылымдық мұраларында түркілік тәрбиенің негізі қаланған. Оның жан мен тәннің пайда болуы жайындағы трактатында өзінен бұрынғы Платонның «Жан тәннен бұрын пайда болады» деген пікірін жоққа шығарып, жан мен тән бірге дамиды, тәнсіз жан жоқ, жан – тәннің тіршілік қасиеті, адамның тәні де, жаны да өткінші деп ой топшылайды. Адамның айналаны тануы бес сезім мүшесі арқылы іске асатынын, оның өзі сыртқы және ішкі жан қуаты болып бөлініп, сыртқы жан қуаты жеткізген мәліметтерді ойда қорытып сыртқа шығару (ой) ми мен тілдің ісі дейді. Адамның жануарлардан ерекшелігінің өзі ойлай, сөйлей алуында деп қарайды. Әл-Фарабидің тағылымдық мұраларында жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымына берілген анықтамада: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында қайырымды адам боламыз» деп келтіреді [1, 20-б.].

Ғұлама данышпанның дүние жүзіне танымал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде жан құбылыстарының әртүрлі көріністеріне қысқаша сипаттама береді. Ол тану процесін екі кезеңге бөледі де, біріншісін сезімдік кезең деп атаса, танып-білудің негізгі түйсік-сезімінде, ойлау процесін туғызуға түрткі болады деп қарайды. Оның ізгі қала тұрғындарының қажыр-қайраты мен ерік-жігерін рухани қасиетті қалыптастырудың негізгі факторы дейді. Батырлық, ерлік іс-әрекеттер ерік-жігердің жақсы сапасы болса, ал мейірімсіздік, қорқақтық, дүниеқорлық, нәпсіқұмарлық адам бойындағы ұнамсыз жан қасиеттері деп қарайды. Яғни, адам жанының ерекше қасиеттерін санамалай келіп, адамның жануардан айырмашылығы саналы іс-әрекетіне байланысты. Адам қоғамнан тыс тіршілік ете алмайды, сондықтан ол басқалармен қоғамда қарым-қатынасқа түсу арқылы әрекет етеді. Осы әрекеттесу кәсіптік ерекшеліктерді туғызады, түрлі топқа, қоғамдастыққа бірігеді. Демек, қарым-қатынас ізгілікке, қайырымдылыққа құрылуы керек. Адамдар қоғамда бақытты өмір сүруі үшін өзара көмектесетін ізгі қоғам құруы керек. Ондағы адамдар бір-бірімен ынтымақты байланыс

жасауы тиіс дейді. Ізгілікті адам бойына дарыту тәрбие, өнеге арқылы іске асырылады деп тәрбие мәселесіне басты орын береді.

Әл-Фараби еңбек бөлінісіне қарай қала тұрғындарын кедейлер, шәкірттер, әкімдер деп үшке бөледі де, дене еңбегі кедейлерге, ал ой еңбегі шәкірттер мен әкімдерге тиісті деп қарап, білім алу, ел басқару ісі де халыққа адал қызмет бірінші орында тұруға тиіс деп есептейді. Әл-Фараби ұлы ағартушы болғандықтан, адамды тек оқу-білім арқылы жақсартуға, жетілдіруге болады, оқу-білім барша халыққа ортақ нәрсе деп қарайды. Оның отансүйгіштік тағылымдарының бірінде: «Қайырымды қала қолбасшысының елді қорғаудағы 12 ерекше қасиетіне тоқталады, оның негізгілері:

- көкірек көзі ояу;
- қиындықты жеңе білетін;
- нәпсіге берік;
- рухы биік;
- намысты, батыр болуы қажет» деп келтіреді [2, 125-б.].

Біз Әл-Фарабидің тағылымдық мұраларын талдай отырып, ғұлама-ойшылдың халық туралы ойлары, түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде түркілік рухқа негізделгенін айта аламыз. Жас ұрпақты ерлікке, жауынгерлік рухқа баулуда аталған «Қайырымды қала қолбасшысының елді қорғаудағы 12 ерекше қасиеті» қазіргі кезде де өзінің құндылығын жойған жоқ.

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МҰРАЛАРЫ

Кішіпейілділік, қол ұшын беру:

«Адам туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер тұтқа адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамзат тегіне жататын болғандықтан, олар өзара бейбітшілікті, татулықты сақтаулары қажет». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 10-б.)

Адамгершілік-имандылық тәрбиесі туралы өнегесі:

Мәрттік, жомарттық; (мінез-құлық туралы) «Біз мінез-құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре келе пайда болады дейміз. Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, қарама-қарсы мінез-құлыққа өз еркімен көшіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын

нәрсе – әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі және ұзақ уақыт қамтылуын айтамын. Мінез-құлықтың қалыптасуы жолдары өнер үйрену жолдары сияқты ...» (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 12-б.)

Қайырымды қала басшысының қасиеттері туралы:

Қайырымды қаланың бірінші басшысы, ол – қайырымды халықтың басшысы және жер жүзін мекендейтін елдің басшысы. Өз бойында туа біткен он екі қасиетті ұштастырған адам ғана осындай бола алады. Біріншіден, бұл адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер осы адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір іс істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады; жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жағдайына сәйкес ұғып алатын болуы керек; өзі түсінген, көрген, есіткен және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын болуы керек. Әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған кезде сол белгінің ишаратын іліп әкестерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт: Өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан анық айтып бере алатын ділмар болуы шарт. Өнер-білімге құштар болу, оқып-үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналмайтын, бұған оңай жететін болу керек. Тағам қабылдағанда, сыр-сұхбат құруға келгенде қанағатшыл болу керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт. Шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек. Жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт. Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге жақын болуы тиіс. Дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да белгілеріне жирене қарауы керек; жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділеттілікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білігінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет. Әділ болуы керек, бірақ қыңыр болмауы керек, әділеттілік алдында мінез көрсетіп қасарыспау керек, бірақ әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болуы шарт. Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанда қолдау көрсетіп, бұл

ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. («Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Құрастырған: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. Он томдық/ 3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. I мыңжылдық – XV ғ. соңы)» кітабынан, 151-б.)

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы айтқаны:

Қашықтасың, туған жер – қалың елім,
Небір жүйрік болдырып жарау деген,
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм секілді тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түңіледі.

Бауырым, қанша сүйгенмен,
Өтеді өмір күйбеңмен.
Шындыққа бас тік алаулап,
Пенделіктен бол аулақ.

Жататын дәйім жаңғырып,
Бұл ғұмыр емес мәңгілік.
Бейопа мына заманда,
Бақұл боп кетер адам да,
Жұрт кілең күнін көп қызық,
Жіберер зая өткізіп.

Қағаздың түсіп бетіне,
Сызықтай бейне тартылған.
Тап болып, жігер сарқылған,
Кездейсоқ өмір өтіне
Қайыспай тұрса нар тұлғаң.

Сонда да беріп кетеміз,
Жүректің отын молында.
Арманда аңсап өтеміз,
Біз ұлы мұрат жолында.

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті кейде болса эзезіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен,
Таңда адал дос өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма алданып.

(«Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Т.1. /Құрастырушылар: Ш.Ахметұлы, А.Әлібекұлы. Қожа Ахмет Йасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы» кітабынан, 419-420 бб.)

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы:

«Ерік күші дегеніміз – ең алдымен түйсіктен шығатын қалау, ол жанның талпынушы бөлігіне жатады, ал қабылдау болса сезімге жатады. Осыдан кейін жанның қиялдаушы бөлігі пайда болады, осының арқасында қалау пайда болады. Бірінші ерік күшінен кейін екінші ерік күші келеді. Екінші ерік күші қиялдан шығатын қалау болып табылады. Осы ерік күшінің арқасында адам жанның ақыл-парасатты бөлігінде әрекетшіл ақыл-парасат тудыратын алғашқы білімді қабылдай алады. Сол кезде адамда үшінші ерік күші пайда болады, басқаша айтқанда ойлау қабілетінен шығатын қалау туады. Бұл ерікпен таңдау деп аталады. Бұл нәрсе еш жағдайда да басқа жан-жануарға тән емес, тек қана адамға тән құбылыс. Және осының арқасында адам мақталатын, не датталатын, жақсы не жаман қылықтар жасайды және сол үшін не сый-құрмет көреді немесе керісінше болуы мүмкін.

Алғашқы екі ерік күші ақыл-парасатсыз жануарларда болуы мүмкін. Ал егер ерік күшінің барлық түрі бірдей адамда болатын болса, онда ол, қайырымдылық пен зұлымдықты, жақсы мен жаманды ажырата алатын қабілетті болып, бақытқа талпына

алады». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 405-б.)

Еңбек-өнер тәрбиесі туралы өнегесі:

Өз еңбегінің нәтижесін көру. «Қайсыбір салада оң нәтижеге жетуге қабілетті адамдар қабілеті жоқ адамдардың басшысы болады. Нәтижеге жетуге көбірек қабілеті бар адамдар қабілеті аз адамдарға басшы болады. Бұл адамдар тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізген жақсы немесе кеңесші болу қабілетіне қарай ажыратылады.

Жақсы басшылық жасап, жақсы ақылгөй болуға қабілеті бар адамдар осы нәрсеге қабілеті жоқ адамдарға басшы болады. Осы сияқты қайсыбір салада жақсы қасиеті бар адамдармен салыстырғанда жаратылысынан жетілмеген қасиеттері бар адамдар жақсы тәрбиенің арқасында, жаратылысынан өте абзал қасиеттері бар адамдардың тәрбиесін көрмегендермен салыстырғанда, анағұрлым лайықты адамдарға айналады.

Қайсыбір салада неғұрлым жетілген, тәрбие көргендер соғұрлым кәміл емес тәрбие алғандарға басшы болады. Осындай жаратылысынан өзі бейім нәрсенің бәріне сәйкес тәрбие алғанда осы салада жаратылысынан тамаша қасиеті еш уақытта болмағандарға басшы бола алмайды, олар жаратылысынан тамаша қасиеті бар, бірақ тиісті тәрбие алмағандарға ғана немесе жеткілікті тәрбие алмағандарға ғана басшы бола алады.» («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 408-б.)

Әдемі, шешен сөйлеу туралы:

«Халықтар мен қалаларды ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланатын адамдар – бойына ірі қасиеттер мен шешендік өнері дарыған адамдар». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 452-б.)

Табиғаттың таңғажайып көріністерін сипаттауы:

«Ол денелерді, денелердегі заттарды, дүниені құрайтын дене тектерін және дүниені құшағына алған заттарды қарастырады. Тұтас алғанда бұлар – сезіммен қабылданатын заттары бар тектер, атап айтқанда: аспан денелері, онан соң жер, су, ауа, от, бу және т.б, онан соң жер бетінде және жер қойнауында болатын тастар мен минералдар, бұдан кейін өсімдіктер, парасатсыз хайуандар,

парасатты жандар әлемдері. Осы тектердің әрбір тектегі түрлері жөнінде зерттеуші болмысы мен болмыстың бастамалары жайлы білім алады». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 439-б.)

Ән, күйге үйрету, өнердегі әсемдік туралы:

«Музыка асқақтардың арынын басатындығы, кемеліне келмегендерді кемелдендіретіндігі және өз шамасын білетіндерді өз дәрежесінде сақтайтындығы жағынан алғанда өте пайдалы болып табылады. Ол денсаулық үшін де пайдалы, өйткені тән ауырғанда, жан да ауырады, тән азап шеккенде, жан да күйзеледі. Сондықтан жағымды дыбыс көңілді көтеріп, жанды жадыратып, субстанцияға лайықты күш тудырып, тәнді кеселден арылтады». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 30-б.)

Табиғатты аялау туралы:

«Табиғат» деген сөз арабтың «табиғ» деген сөзімен түбірлес, ол балауыз тақта немесе қағаздағы басылым, мөр, із, қалып деген ұғымды білдіреді. Ал мұның мәнісі барлық табиғат өзінің бітім-болмысын Алланың құдіретті күшінен алады және осы жасаушының жасау актысының басылымын, ізін, көрінісін өзіне сақтайды. Жасаудың бірінші актысы табиғаттың өзінде қайталанған. Бұл басылым, із Алланың әмірінің белгісі, бейнесі болып табылады. (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 48-б.)

Ақыл-білімге үйрету туралы:

«Білім, яғни ғылыми мұра қалдырған адам өлгеннен кейін өз қамы үшін ғана қарекет еткен адамнан қадірлі, білгіш, көреген болады, өйткені көп мал-мүлік ғылымға кесірін тигізеді. Сондықтан мұра қалдыру дүниауи қам-қарекетке қарағанда абзал да қадірлі, ол ғылымға кесірін тигізбейді. О дүниелік ғұмырда дәрежеге жетуге кедергі болмайды. Егер, бәлкім, ғылымның басқа адамдары, оның әріптестері бұл мұраны пайдаланса, ол оған өлгенге дейін де, өлгеннен кейін де игілік болады». (Көбесов А. «Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбегі» кітабынан, 48-49 бб.)

«Әрекетшіл ақыл-парасат адамда алдымен жанның түйсіктенуші бөлігі қалыптасып, кейін онда түйсікпен байланысты

болатын жанның талпынушы бөлігі дамып және ниет пен жирену қалыптасқаннан кейін ғана адамға әлгі білімдерді және ақылмен пайымдалатын мәндерді береді. Бұл білімдер әуелгі білімдер мен әуелгі ақылмен пайымдалатын мәндер». («Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары» кітабынан, 405-б.)

Әбу Насыр әл-Фараби адамның ақыл қуатына сенген:

Ол «Ақыл туралы» трактатында адам ақылы жаратушы құдіретінің бір көрінісі деген. Ғылым, әл-Фарабидің айтуынша, ақылдың нәтижесі, оның екі түрі болады: теориялық және практикалық. Теориялық ғылымдар: логика, табиғаттану ғылымдары, метафизика, практикалық – этика мен саясат. (Есім Ғ. «Фалсафа тарихы» кітабынан, 49-б.)

Сөзге тапқырлық туралы:

Сөзге тапқырлық – жақсы адамшылық қасиет және мұның өзі әзілді орнымен пайдаланғанда болатын нәрсе. Адам өз өмірінде оқтын-оқтын демалуға тиісті, ал мұнда шектен тыс кетушілік жанға рахат немесе кеселсіз. Әзілдің көп айтылуы жанды рахатқа батырады. Әзілде тең ортасын ұстай білу сөзге тапқырлыққа жатады, шектен тыс көп әзіл мазактаушылыққа соғады, ал мұның жетіспеуі әзілдің жоқтығына әкеп соқтырады. («Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Құрастырған: Қалиев С.Қ., Аюбай К.Қ. Он томдық. Т.3. Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.б. I мыңжылдық – XV ғ. соңы)» кітабынан, 131-б.)

Әдебиеттер:

1. Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық /Құрастырушылар Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева. – Астана: «Аударма», 2005. – 2-т. – 480 б.
2. Педагогика тарихы /Жалпы ред. Ш.К.Беркімбаева (Білім беру және педагогикалық ойлар тарихы). Оқулық. – Алматы, 2009. – 389 б.
3. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: «Қазақ университеті», 2006. – 58б.
4. Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары /Құрастырған: Ә.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев. – Алматы: «Арыс», 2009. – 656 б.

2.5 ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИДІҢ ТӘРБИЕЛІК ХИКМЕТТЕРІ

Қожа Ахмет Йасауи (шамамен 1103-1228 жж.) – түркі халықтарынан шыққан алғашқы сопылардың бірі. Түркі тіліндегі сопылық әдебиеттің негізін қалаушы діндар ақын, кемеңгер ойшыл. Шамамен 1103 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы көне Сайрам шаһарында дүниеге келіп, 1228 жылы Йасыда (Түркістан қаласы) қайтыс болады. «Диуани хикмет» («Хикметтер жинағы») – Қожа Ахмет Йасауидің ислам діні, шарифат үкімдері, сопылықтың мәні, Аллаға ғашық болу, Мұхаммед с.ғ.у.с. пайғамбарымызды сүйу, ақиқат туралы діни, тәрбиелік, философиялық жинақ болып табылады

Қожа Ахмет Йасауи түркі халықтарына ислам нұрын әкелуші, асқан тақуалық өмір кешкен данышпан. Түркі тіліндегі сопылық әдебиеттің негізін қалаушы діндар ақын, кемеңгер ойшыл. Сондықтан болар қарапайым халық оны ерекше құрмет тұтты. Өйткені ол адамдарды ізгілікке шақырды. Негізгі деректерге сүйенетін болсақ: «Әкесі Ибраһим мен анасы Айша (кейбір деректерде Қарашаш) сауатты, білімді адамдар болған. Жетінші атасы Ысқақ баб дін тарату мақсатында Шамнан Тебризге, одан Үргеніш, Сайрам жеріне келіп, сонда қалып қойған. Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының (ҚР ҰК) Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар орталығында сақтаулы «Насаб-наме» қолжазбасында (№3990-47) Қожа Ахмет Йасауидің арғы аталары төртінші халифа, хазірет Әлиден тарайтындығы» туралы жазылған [1, 412-413 бб.].

Бүгінде атасы Ысқақ және әкесі мен анасының кесенелері Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында қасиетті орынға айналған.

ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИДІҢ ХИКМЕТТЕРІ

Бауырмал болу, көпшіл болу; достық; ынтымақ-бірлік туралы хикметі:

«Бісімлә» деп бяндайтын хикмет айтып,
Шәкірттерге дүр мен гауһар шаштым міне.

Жанды жаралап, қайғы шегіп, қандар жұтып,
Мен «Дафтар-и сани» сөзін аштым міне.

Сөзді айттым кімде болса дидар талап,
Ашық сөйлеп, жақын жанды жанға балап.
Ғаріп, жетім, пақырлардың көңілін сыйлап,
Көңілі бүтін халайықтан қаштым міне.

Қайда көрсен көңілі сынық жұмсақ бол,
Ондай сорлы жолда қалса, сырлас бол.
Қиямет күні тәңірімізге жақын бол,
Менменсіген халайықтан қаштым міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,
Сол түні Миғраж шығып дидар көрді.
Қайтып түсіп, ғаріп-пақыр қалін сүрді,
Ғаріптердің ізін іздеп түстім міне.

Үмбет болсаң, ғаріптерге тәуелді бол,
Аят, хадис әркім айтса, тындаушы бол,
Күнделікті не берсе де қанағат қыл.
Қанағат қып сауық шарабын іштім міне.

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,
Ғаріптіктен азап тартты күйіп-жанып.
Жапа тартып, жаратқанға болды жақын,
Ғаріп болып, ауыр жолдан астым міне.

Ақылды болсаң, ғаріптердің көңілін аула
Мұстафадай елді кезіп, жетімді жина.
Дүниекөңіз, арамдардан бойымды тыйып,
Бой түзеп, дариядай тасыдым міне.

Ғашық бабын Мәулім ашты, маған тиді,
Топырақ қылып, бол әзір деп мойнымды иді.
Боран сынды мәліметтің оғы тиді,
Найза алып, жүрек, бауырым тестім міне.

Тілім ащы, көңілім қатты, өзім залым,

Құран оқып, амал қылмас жалған ғалым.
Ғаріп жанын сарп ететін, жоқ дүр малым,
Хақтан қорқып, отқа түспей пістім міне.

Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғафіл,
Хақ әмірін мекем тұтпай, өзім жаһіл.
Ораза, намаз қаза қылып болдым кәпір,
Иман іздеп, жақсы алдынан кештім міне.

Уа, дариға, махаббаттың дәмін татпай,
Қатын-бала, үй-мүліктен түгел қашпай.
Қылмыс, күнә айыбын мұнда шешпей,
Шайтанға еріп, жан берерде састым міне.

Иманыма тырнақ сап қайғы қылды,
Тәрік шашты Пір Мұған әзір бол деп.
Шайтан лағнет менен қашып тұрды,
Имам нұрын «бихамдиллаһ» аштым міне.

Пір Мұған қызметінде жүгіріп жүрдім,
Қызмет қылып, көз жұмбай әзір тұрдым.
Медет етіп, әзәзілді шындап қудым,
Сонан соң қанат қағып ұштым міне.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді сұрар әркім,
Риза болар ол пәндеге пәруәрдігер.
Ей, хабарсыз, сені себеп өзі асырар,
Хақ Мұстафа уағызын естіп айттым міне.

Жеті жаста Арыстан бабқа қылдым сәлем,
Хақ Мұстафа аманатын қылған ан'ам.
Сол мезгілде мың бір зікір қылдым тамам,
Нәпсім өліп, мекеніме кеттім міне.

Құрма беріп, маңдай сипап көңіл бөлді,
Бір мезгілде ақыретке сапар салды.
Хош бол айтып бұл әлемнен өтіп кетті,
Білім алып, қайнап толып тастым міне.

«Инна фатиханы» оқып мәнін білдім,
Нұрын алып өз-өзімен дидар көрдім.
Моллам ұрып «Тыныш» деді қарап тұрдым,
Жасымды төгіп шарасыз тұрдым міне.

Ей, надан, тұлға бол деп айтты білдім,
Сонан соң шөлді кезіп хақты сүйдім.
Күн туып әзәзілді ұстап міндім,
Шабыттанып, белін басып ездім міне.

Зікір салып, өттім мен диуанаға,
Хақтан басқа ешнәрсеге демедім бейуанаға.
Жарық іздеп, кірдім мен паруанаға,
Ессіз болып, күйіп жанып, өштім міне.

Атым-затым еш қалмады қызыл болдым,
Алла жадын айта-айта қызу болдым.
Тазалық пен адалдыққа жақын болып,
Жаман істің мақамына кірдім міне.

Сүндет емес кәпір болса, берме азар,
Көңілі қатты, тілі азардан құдай безер.
Алла атынан ондай құлға тозақ даяр,
Бұл сөзді даналардан есітіп айттым міне.

Тұтып мекен сүннеттерін үмбет болдым,
Жер астына жалғыз кіріп нұрға толдым.
Хақ сүйгіштер мақамына жақын болдым,
Нәпсіні көңіл қылышымен жаныштым міне.

Нәпсім мені жолдан тайдырып, қор қылды,
Тіксіндіріп халайыққа зор қылды.
Зікір айттырмай шайтандармен жар қылды,
Аулақ жүр деп нәпсі басып шаныштым міне.

Құл Қожа Ахмет, өкінішпен өмірің өтті,
Уа, қасірет, көзден, белден қуат кетті.
Өкінішпен тоба қылар уақыт жетті,
Амал жоқ, керуен болып көштім міне

(«Йасауи Қожа Ахмет. Хикметтер /Жалпы ред. басқарған
М.Қ.Әбусейтова; Қазақшалаған Ә.М. Ибатов, З. Жандарбек,
А.Ш. Нұрманова» кітабынан, 6-9 бб.)

Адамгершілік-имандылық тәрбиесі туралы:

25-хикмет

Жолдан азған, бұзылғанға бағыт берген Мұхаммед,
Мейірімі түссе әркімге қабілет берген Мұхаммед.

Жалын атқан наданды жазалайтын Мұхаммед,
Күнәлап сөз айтуы тыныштық болған Мұхаммед.

*Тариқатқа** – жетекші, шын берілген Мұхаммед,
*Хақиқатқа** бастаушы, рұқсат берер Мұхаммед.

Дұғалары қабыл боп, оң жауап алған Мұхаммед,
Жамандыққа – жақсылық жаны жақын Мұхаммед.

Міскін *Ахмед құлына хат жазып берген Мұхаммед,
Періштеге, адамға бақыт берген Мұхаммед.

Жетім, пақыр, ғаріпке жомарт болған Мұхаммед,
Періштеге, адамға бақыт болған Мұхаммед.

*Тариқатқа** – сопылардың діни-адамгершілік жағынан өзін-өзі
жетілдіру жолы.

*Хақиқатқа** – ақиқат.

Міскін * – мүсәпір, бейшара.

(«Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Құраст.: Қалиев С.Қ.,
Аюбай К.Қ. Он томдық. Т.3. Көне жазба мұралар тағылымы
(б.з.б. I мыңжылдық – XV ғ. соңы)» кітабынан, 239- б.)

Әділ сөзге тоқтау, әділетті болу туралы:

99-хикмет

Әркім қылса тариқаттың дұғасын,
Адам шариятқа кірмек керек.
Шарияттық істерін ада қылып
Одан кейін бұл дұғаны қылмақ керек.

Шариғатсыз қадам қоймас тариқатқа,
Тариқатсыз қадам қоймас Хақиқатқа,
Бұл жолдардың негізі бар Шариғатқа
Бәрін оның Шариғаттан білмек керек.

Одан кейін шын ниетті бір ер керек
Болмыс болса ол бір ер сыннан өткен.
Шариғатқа сай келетін кереметті
Сол бір ердің етегінен ұстау керек.

Кім білместен бұл жолдардан шайхымын десе,
Кереметтен уәлиятқа хабар берсе,
Жалған болар егер рух оған сенсе
Өзін ондай жалғаншыға жуытпау керек.

Шын ниетсіз сыннан өтпей муршид болмас
Тариқаттың жолдарын ол әркез білмес,
Бұрмалаушы-дүр сенімге ол лайық емес
Ондайлардан аулақ-аулақ қашпақ керек.

Ниетінді бергін, сыннан өтпек жандарға.
Күні-түні қажымай тұр Риадатқа.
Сеніп өзің құлдығыңа ғибадат қыл.
Құлдығыңа белді байлап тұрмақ керек.

Одан кейін мужаһида тонын киіп
Риадаттың тасында еріп аққан
Менмендіктен етіп, таза саф қылып
Бедел-атақ рахатын сатып, төмендіктен алмақ керек.

Осы болар жарандардың қылғандары,
Талапкерге болсын деген айтқандары.
Рас-дүр бұл сөз, білгін, жоқ-дүр жалғандары,
Жан қалауымен мұны білмек керек.

Адалдықпен қабыл қылса мұны,
Нак сеніммен бірге болса түні-күні.
Жат-есімен танымал болса елде тоны

Жарандармен ұлық ерді қылмақ керек.

Шын ниетсіз осы жолға кірмеді олар,
Инабатсыз жолға қадам қоймады олар,
Сыннан өтпей, ешқандай дем ұрмады олар,
Мурид болған бұл сипатты болмақ керек.

Әркім кірсе осы жолға белін байлап,
Құл Қожа Ахмет керек өзін қызметші ойлап,
Өз ниетін құдайына дұрыс ойлап,
Өзіздерге бет бұруын қылмақ керек.

(«Йасауи Қожа Ахмет. Хикметтер /Жалпы ред. басқарған
М.Қ.Әбусейтова; Қазақшалаған Ә.М. Ибатов, З. Жандарбек,
А.Ш. Нұрманова» кітабынан,
125- 126 бб.)

Аманат ету, оны орындау туралы хикметі:

Хақ тағала рахымымен пәрмен қылды

Хақ тағала рахымымен пәрмен қылды,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Алпыс үште сүннеттерін бекем тұтып,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім,
Алпыс үште сүннет деді, есітіп білдім.
Жер астында бар жаныммен құлдық қылдым,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Жарандардан пайда, көмек ала алмадым,
Жүз жиырма беске кірдім, еш нәрсе біле алмадым.
Хақ тағалаға құлшылық қыла алмадым,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Болармын ба Мұхаммедтің шын үмбеті,
Үмбетім десе күнаһардан асып түсер дәулеті.
Балдан тәтті оның бұл мехнаты,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Біздер үшін жаннан кешті ол Мұхаммед,
Үмбет болсаң, қамын жеме жалған үмбет.
Күндіз-түні сайран салып шашқан мүлік,

Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Елу жаста хабар келді: өлмек адам,
Шарты болар сенде болса нұрлы иман.
Таңда махшар дидарласып қылар мейман,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Ей, мұсылман, бұл дүниенің баяны жоқ,
Шын білерсің әркез мұның жалғаны жоқ.
Кім білмесе бір Алланы, иманы жоқ,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Асылым топырақ, нәсілім топырақ баршадан хар,
Басқа салса өр кеудең топырақ болар.
Өлген жанға шайтанның әуесі бар,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Шын тақуаға құдай өзі қылар рахмет,
Қиямет күні жарылқаумен тонын беред.
Махшар күні дидар көріп сүргей дәулет,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Пенде болсаң мехнат тарт, қараңғы адам,
Ақылға ерсең ганибет дүр саған одан.
Аманат қой ғазіз жаның, жүрме бейғам,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Алпыс үште сүннет болды жерге кірмек,
Расул үшін екі ғалам жарық бермек.
Ғашық жанның сүннеті-дүр тірі өлмек,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Үмбет болсаң есітіп жаның бермес пе едің,
Мұстафаға жаның құрбан қылмас па едің?
Жан не болар, иманыңды бермес пе едің,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.
Құл Қожа Ахмет алпыс үште ғайып болды,
Әдеп сақтап Мұстафаға серік болды.
Сұлтан болды, мехнат тартып күйікті болды,
Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет.

(«Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-том.

Жұрастырушылар: А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы.
Қожа Ахмет Йасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат
сыйы » кітабынан, 34-35 бб.)

Кешірімшілдік, қарапайымдылық, аяушылық, сабырлылық туралы:

Бірде Қожа Ахмет Йасауидің болашақ мүриті, сахара тайпасының көсемі Баба Машын Қожа Ахметтің зікір жиынын ұйымдастырғаны жайында естіп, шайхыны өрескел қылығы үшін жазаға бұйырмақшы болады. Ол Қожа Ахметтің екі мүритіне (олардың біреуі – Сүлеймен Хакім ата Бақырғани) шайхыны қамшымен дүрелеуге әмір етеді. Ахмет 500 дүреге шыдап, соңғысына даусы шығып кетеді. Қожа Ахмет Йасауи таңырқаған шәкірттеріне 500 дүрені өзінің ту сыртында тұрған диюлар мен перілер қабылдағанын, ал соңғы дүре өзіне тигенін айтады. **(Жанайдаров О. «Ежелгі Қазақстан аңыздары. Қазақстан балалар энциклопедиясы» кітабынан, 104 б.)**

Адамның қадір-қасиетін бағалау:

Іздеймін панасыздар жүректерін,
Ғаріп, бейбақ, жетімдер тілектерін.
Масаттанып, панданған кісілерден
Тұра қаштым, көңілімді кірлетпедім.

Адамдарды көрсең егер қапаланған,
Жарасар жазып дертін шипа болған.
Жолға сал сондай ғаріп жолықтырсаң,
Аспағай күнделікті ризық наннан.

Жалғыздың жүрегін баула – болса ақылың,
Жарлы-жақыбай, жетімдерді ырза қылғын.
Жарлы-жақыбай, жетімдерге қарасса кім,
Қалдырмас рахметін Құдай құлын.

Бергейсің барлық жұртқа жылы қабак,
Құп болар әз жаныңды құрбан қылмақ.
Аз ғана талғажауың табылса егер,
Парызың пақырларды асырамақ.

Халықтың жәрдемінен үміт етем,
Біреулер эзәзілге еріп кеткен.
Мүләйім сөз айтқанның бәрі алдамшы,
Үлгі алма ондайлардан түпке жеткен.

Хақиқатты білгенің сөзге асыл,
Тәуиптыға қызмет қыл, болмай басыр.
Құрметтеп хақ жолында жүргендерді,
Әділдіктен тайганның жоқтауын асыр.

(Байниетова С. «Қожа Ахмет Йасауи. Тарих, тұлға,
уақыт.» кітабынан, 70-б.)

Сабырлылық туралы:

Сабыр болып, үміт тұтып опасына,
Уәдесін шын ғашықтар танымас болар.
Жапа шекпей ғашық болмас, тыңда, ғапіл,
Жапа шегіп, сабыр болғыл, болма жаһіл.

(Ахметбек А. «Қожа Ахмет Йасауи: Көмекші оқу құралы»
кітабынан, 58-б.)

Мінажат

Мінажат ойлады міскін Қожа Ахмет,
Аллахым қыла көр бар пендеңе рахмет,
Ғаріп Ахмет сөз ешқашан қарымас,
Егер жер астына кірсе, шірімес,
Және ол мансұқ болып, ол қор болмас,
Оқыған пенделер ауру болмас,
Құдайым бұйыртса маған жәннәт,
Оқығанға қылармын шапағат,
Тілегені не болса, Тәңір берер.
Махаббат қуатын көкірегіне салғай,
Дидарын көрсетіп, Хақ тағалам,
Өзін жолға салсын бір уа барым,
Құдайым ойласын махшарда жақсылық,
Қиямет күні қымбат затына.
Дұғаға жәрдем берсе әр мұсылман,
Өлер уақтында күтеді оларды нұр иман,
Менің хикметтерім әлемге толар,
Есітпеген жан қылады арман.
Менің хикметтерім дерттіге дәрмен,
Кісі бойы ерімесе, онда ол жолда қалған,
Менің хикметтерім әлемде дастан,
Рухым келсе, қылады сұхбатты бостан,

Менің хикметтерім бәрі хадис-ті.
Кісі бойы ерімесе, білдір хадисті,
Менің хикметтерім талапкердің асы,
Егер олай болмаса, жоқ оның опасы.
Менің хикметтерім Хақтың бұйрығы,
Оқып, білсең бар мағынасы Құран.
Менің хикметтерім әлемде сұлтан
Қылар бір сәтте, шөлде гүлстан,
Менің хикметтерім махаббат қуаты,
Көзіңнің жасына қылғайсың тахарат,
Намазына Расул алла имамы.
Қауымы оның періштелер тамамы,
Ауырып жүріп қылған мінажат-намазың
Қабыл болғай, оның Хаққа барлығы,
Менің хикметтерімді ғашыққа айтқын,
Жүрегі айнадай адалға айтқын.
Барлық көр, шіріген тіс, ішінен кәззап,
Бар ақылымды тауыстым, таппадым саф.
Менің хикметтерімді таңдаулыға айтқын,
Құдайды сыйлар жомартқа айтқын.
Әділ патшаның бір аты Садық.
Қылар бір сәтте Пайғамбарға лайық.
Менің хикметтерімді надан есітпес,
Жүрек-көңілі қара ақылымды алмас.
Бейхабарға Алла назарын салмас.
Әдепсіз, надан дүние пірсіз.
Жазымыш бітсе, әркімнің жазуы бітсін.
Уәлидің жазуы бітіп, мақсатына жетсін.
Пір кәмілді көрмей, шайық санамаймын,
Құдай қабыл қылмас ол оқыған Құранды.
Діні иманы жоқ, исламы ойран,
Қиямет таңы атса, жолда қалған
Өзін шайық дер, іші бос, құр қуыс,
Жиырма бес жасқа жетпей, санады өзін жоғары.
Насихат қылар пір менен жасты
Өзі түсінбес, жақсы менен жаманды.
Олардың сөздері шатасқан, шатастырар елді де
Шарифат адамы қашады ол елден.
Айналсын деп мұны бірнеше бейақыл,

Әулиелерден қылады мұны нақыл.
Қойып күнәһарды, өткелге кіргіз.
Тілі қу, өзі қу, қылғаны жамандық,
Оның қулығы шайтаннан сорақы.
Қулығы күтер алдынан махшар таңында.
Олардың жүздерін көрмеңіз әркез.
Олардай қарғыс атқаннан айналып кет әркез.
Жай тілмен сөйлеп, соқырды айттым,
Ақиқат сөзбен наданды сөктім.
Егер ғалым болса, жаным жолына құрбан,
Дүр, гауһар сөзімді, есітіп ұққын.
Сол ғылымға жан құрбан қылармын,
Барлығын жаныммен жақсы қылармын.
Қане, ғалым, қане, еңбеккер жарандар,
Құдайдан сөйлесе, сіздер жан беріндер.
Шын ғалым жастығын тастан жаратты,
Не ұқса, соны ол әлемге айтты.
Өзін білді, иесін таныды.
Құдайдан қорықты, ынсапқа келді.
Менің хикметтерімді дана есітсін,
Сөзімді дастан қып, мақсатқа жеткізсін.
Менің хикметтерім нағыз сөз маржаны
Жүрек түбінде болса зікірдің сұлтаны.
Менің хикметтерім, момынға болар пір
Қай пенде болса да құдайға бас иген,
Менің хикметтерім, тыңдағандарға айтқын.
Дұғамен мадақтап, рахметке батқын,
Менің хикметтерім, ұлық пірдің қолы,
Есіткендер болар мас, тыңдаса оны.
Тірі болса дүниеде қор болмас,
Оқыған пенделер, ауру болмас.
Қияметте оған жолбасшы болармын,
Егер дертті болса, дертіне дәру болармын.
Егер жүз жыл өмір көрсе қартаймас,
Егер жер астына кірсе шірімес.
Құдай қылғай оны тозақтан азат,
Мәңгілік бағында үнемі болар шат.
Егер хикмет оқыса бар халық
Маған перзент болар, ол нағыз талапкер,

Менің хикметтерімді, одан күш алған
Кезінде олар сыйлайды иман.
Иасауи хикметін дана есітсін,
Есіткеннің бәрі мақсатқа жетсін.
Жауһар кенінен бір түйір алсын,
Есітпегеннің бәрі қасіретке қалсын.
Кісі есітсе хикметті жаныменен
Шығар жаны иманыменен.
Құлаққа алмайды бұл сөзді надан,
Оны адам деме жынысы хайуан.
Құдайдың сөзінен шыққан бұл хикмет,
Есіткенге жағар, оған көп рахмет.
Менің хикметімді кім тұтса бекем.
Құдай қылғай оны әркез уайымсыз.
Кірер жәннат ішіне көңілі тоқ.
Құдайым оларға берер шадман, уайым жоқ.
Менің хикметтерім Хақтың мадағы,
Ғашық жандардың дертінің дауасы.
Менің хикметтерім Алланың мүлкі,
Таң мезгілінде десе, Алла өзің кешір.
Қарғыс атқан шайтан тұтынбас бұл жолды.
Мұхаммед Мұстафа алғай қолды.
Пайғамбар үмбетім деп мөрін соғар,
Әзәзілді құдайымның өзі тоқтатар.
Менің хикметтерімді дертсізге айтпа,
Бағасыз гауһарымды наданға сатпа.
Иассауи хикметінің құдіретіне батқын.
Нағыз ғашықтың шарабынан бір тамшы татқын.
Нағыз ғашықтың шарабынан бір тамшы татқай,
Құдайдың Елшісіне біржола барғай.

(«Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер /Жалпы ред. басқарған
М.Қ.Әбусейтова; Қазақшалаған Ә.М. Ибатов, З. Жандарбек,
А.Ш. Нұрманова» кітабынан,
191- 194 бб.)

Әдебиеттер:

1. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық 6-том. Қожа Ахмет Йасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы /Құрастырушылар: А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 бет.

2.6 АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Асанқайғы (шын аты Хасан Сәбитұлы) 1361-1370 жылдар аралығында Еділ бойында дүниеге келген. Қазақ тарихшыларының деректеріне сүйенетін болсақ, Асанқайғы Алтын Орда ханы Ұлұғ-Мұхаммедтің ықпалды билерінің бірі болған. Хан қайтыс болғаннан кейін Дешті Қыпшаққа келіп, қазақ хандары Керей мен Жәнібек сұлтандардың игі істерін қолдап, Қазақ Ордасының ұраншысы болады. Аңыздар бойынша, ақын Сарыарқада – Ұлытауда қайтыс болған.

Түркі тарихында аты хатқа түспесе де, жыр-толғаулары халық аузында, ел жадында мәңгі сақталған жыршы-жыраулардың тәрбиелік идеяларының өзіндік орны бар. Себебі жыршы-жыраулар мұралары қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, ноғай халықтарында бірдей кездеседі. Оның өзіндік себептері біздің ойымызша, кезінде Алтын Орда дәуірінде бір шаңырақ астында өмір сүргеніне байланысты. Демек, түркілік тәрбие мәселесі жыршы-жыраулардың да толғауларында көрініс тапқан. Солардың ішінді түркі халықтарына танымал жыршы, философ, тарихи тұлға *Асанқайғы* (шын аты Хасан Сәбитұлы) 1361-1370 жылдары Еділ бойында өмір сүрген. Деректерде оның туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Асанқайғының отансүйгіштік маңызы зор мұраларына тоқталар болсақ, ол өзінің өлең-толғауларында хандық билікті нығайту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажеттігін насихаттайды. Оның қиялынан туған «Жерұйықты» іздеуі аңыз болса да, жер-суларға берген сипаттамалары шындыққа жанасады. Мысалы, Шідерті өзенін көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының жері екен» деп сипаттама береді. Оның отансүйгіштік идеяға негізделген аңыздарының бәрі де халық арасында кеңінен мәлім [1, 31-б.].

Зерттеуші Б.Мамиеваның пікірінше: «Асанқайғы – түркі халықтарына ортақ бейне. Оның есіміне қатысты аңыз, жырлар ноғай, башқұрт, қырғыз, қазақ халықтарының фольклорлық мұраларында көп кездеседі. Сол мұралардың жалпы нобайы Асанқайғының өмір сүрген дәуірін Ноғайлы немесе Алтын Орда кезеңімен байланыстырады» деген деректер келтіреді [2, 197-б.].

Асанқайғының шын мәнінде де ХҮ ғ. Алтын Орда ханының, соның ішінде Ұлығ-Мұхаммедтің кеңесшісі болған дерекке жанасады. Қазан қаласынан Дешті-Қыпшақ жеріне қайтып оралған Асанқайғы Алтын Орданың орнында пайда болған ұсақ хандықтардың өмірі ұзаққа созылмайтынын болжай білген. Асанқайғы Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ руларының Әбілқайыр хандарынан бөлінуін жақтайды. Бірақ сұлтандардың қазақтарды Жайық пен Жем бойына қоныстандырмақ ниеттерін құптамайды. Асанқайғы өз халқының «Жерұйығын» Шу, Сарысу бойынан, Ұлытау төңірегінен іздеуге тікелей араласады. Сондағы діттегені ежелгі түркі, қыпшақ даласынан безбеу, ел іргесінің берік, ағайын ұжымының күшті болуы, «Ел бірлігін нығайту, халық ауызбіршілікті болса, мемлекеттік билік те берік болады, ондай ел ешкімге есе беріп, жеңілмейді» деген тоқтам.

Оның түркілік тәрбие туралы толғауларында адамға деген мейірімділік, қайырымдылық, сүйіспеншілік қай жағынан болса да бірін-бірі толықтырып жатады, туған-туыстармен тіл тигізіп қырқыспайтын, бет жыртысып көңіл қалдырмайтын татулық сезімі айқын білінеді. «Мінезі жаман адамға енді қайтіп жуыспа. Тәуір көрер кісіңмен жалған айтып суыспа» деген өсиетті жырлайды. Жырау бірде: «Ғылымым жұрттан асты деп, кеңессіз сөз бастама» дейді. Сөз астарында өзім болдымдыққа салынып тоқмейілсіме, жеңіл мінезділікке ерме деген уағыз сарыны аңғарылады. «Есенінде, тірінде, бір болыңыз бәріңіз» деп халықты бірлікке шақырады. Онсыз «Қилы-қилы заман болар, қарағай басын шортан шалар» деп ертеңгі күнге бұлыңғырлық төніп қалар деген болжамын еске салады. Адамдық ұстаным – борышты міндеттердің жауапты саласы. Оны бұзушылық – ойшыл үшін жат құбылыс. Абыз әдептілік сұранысын былай түйіндейді:

«Есті көрсең кем деме, бәрі тұйғын табылмас»;
«Нәпсі алдаушы дұспанның, насихатын алмағұл,
Бақыты оянған ерлердің, әрбір ісі оң болар»;
«Сөз сөйлесе жөн біліп, не десе де жарасар»;
«Ауылдағы жамандар, ел қадірін не білсін!».

Болатын адам, өсетін ел тәуір көретінмен жалған айтып суыспайды, болмайтын нәрсеге кіжінісіп, желке құрыстырып ұрыспайды.

Әдептіліктің әр қыры мен сыры – бақыт көрінісіне лайық. Дегенмен бақыт – адамға деген ерекше сыйласу мен махаббат

сезімнің үйлесімі мен иірімі. Бақытты жандар ғана өзара түсінісе де, жақындаса да, біріге де алады.

Біздің пікірімізше, Асанқайғының түркілік тәрбие туралы жыр толғауларында көшпенділер даласының сұлулығы, жер байлығы, аң-құстардың тыныс-тіршілігі, олардың географиялық мекен-жайы, күйі тілге тиек болады. «Аққу – құстың төресі, ен жайлап көлде жүреді» деген шумақтан сұлулықтың сүйкімділікті ұштайтынын пайымдаймыз. Көркемдіктің жан семіртетінін, сүйкімділіктің тән тазалығына еритінін «Бұл заманда не ғаріп» деген өлеңінен аңғарамыз. Жыраудың «Иісмайын жамандап, жұпар қайдан табасың? Көлдің суын жамандап, Еділ қайдан табасың?» дегені атамекенді ардақтай білуге паш етеді.

АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ӨСИЕТТЕРІ

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы:

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген,
Еділ деген қиянға,
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың.

(«Бес ғасыр жырлайды» екі томдық толық жинағы»
кітабынан, Т.1., 23-б.)

Елінсүйгіштік, ізгілік туралы тура сөйлеу:
Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,

Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің?!
Қорған салдың бейнет қып,
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.
... Оны неге білмейсің?!
Қатын алдың қарадан,
Айырылдың хандық жорадан,
Ел ұстайтын ер таппас,
Айрылар ата мұрадан!
Мұны неге білмейсің!?
Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі, -
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлді жүр еді.
Андып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді:
Құладың қуды өлтірсе –
Өз басыңа келеді!
Құлың кеп сені өлтірер,
Осыны Асан біледі,
Мұны неге білмейсің?
...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Мұны неге білмейсің?
...Ай, Жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүзген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма
Мұны неге білмейсің!?

(«Бес ғасыр жырлайды» екі томдық толық жинағы»
кітабынан, Т.1., 24-б.)

Батырларға берген өсиеті:

Есті көрсең кем деме,
Бәрі түйғын табылмас.
Қарындасың жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам әзіз айтар деп
Көңіліңді салмағыл.
Нәпсі алдаушы дұспаның
Насихатын алмағыл.
Бакыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнге артылып,
Не қылса да, мол болар.
Тазылары түлкі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жөн болып,
Не десе де жарасар.
Бай, байсын деп ат қойып,
Ел аузына қарасар.
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кеңпейілге таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Ғылымым жұрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Жеңемін деп біреуді
Өтірік сөзбен қостама.

(«Бес ғасыр жырлайды» екі томдық толық жинағы»
кітабынан, Т.1., 25-б.)

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы өнегелі сөзі:

Еділ бол да, Жайық бол,
Ешкімменен ұрыспа,
Жолдасыңа жау тисе,
Жаныңды аяп тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп қалған соң,

Қол қусырып барған соң,
Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақың болса біреуде
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Сенікі жөн болса да
Атың шықпас дұрысқа.
Мінезі жаман адамға
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен
Жалған айтып суыспа.
Өлетұғын тай үшін,
Кешетұғын сай үшін,
Желке терің құрысып,
Әркімменен ұрыспа.
Ашу – дұспан, артыңнан
Түсіп кетсең қайтесің
Түбі терең қуысқа!..

(«Бес ғасыр жырлайды» екі томдық толық жинағы»
кітабынан, Т.1., 26-б.)

Әдебиеттер:

1. Сейталиев Қ.Б. Педагогика тарихы. – Атырау, 2007. – 336 б.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған
Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – 1-т. – 320 б.

2.7 АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Абай Құнанбайұлы Семей облысы, Абай ауданында 1845 жылы 10 тамызда дүниеге келген. Абайды әкесі Құнанбай Семейдегі Ахмет-Риза медресесіне оқуға береді. Ол кезде жас шәкірт Шығыс ғұламалары мен түркі ойшылдарының шығармаларымен танысып, өзі де соларға еліктеп өлең жаза бастайды. Ақынның бізге жеткен мұралары өте аз. Көптеген шығармалары ұмытылған, жоғалған. Шығармаларының негізгі тақырыбы елдің әлеуметтік жағдайы, тәрбие, дін, табиғатты суреттеудегі эстетикалық бейнелеудің ұлттық сипатын қолдануы, ұлағатты тәрбиелік сөздерден тұрады.

«Түркілік тәрбие» туралы кемегер ой-тұжырымдарымен белгілі *Абай Құнанбайұлы* тәрбие, дін, саясат, қоғам, әлеумет, өмір философиясы секілді келелі мәселелерді қамтиды. Оның тағылымдық мұраларының мәні жеке тұлғаның өз еліне, жеріне, бауырларына, ұлтына адал еңбек етуге тәрбиелеумен сипатталады. Сондықтан ақын шығармаларының негізгі бағыты ұлт болмысын айқындауға құрылған. Себебі Абай шығармаларында «отаншылдық» немесе «патриот» сөздері нақты кездеспесе де, оның отаншылдық идеяны насихаттайтын өсиеттері көп. Сонда да әлі күнге дейін біз оны қазақ халқының патриот ақыны деп айтылуына жеткілікті көңіл аудармаймыз. Бұл тұрғыда зерттеуші ғалым М.Мырзахметов: «Абайдың халық арасындағы орасан зор ықпалы бар әдеби мұрасын әлеуметтің ой-санасын, азаматтық сезімін ұштап жетілдіру бағытында, қазақ елін топқа, тапқа жіктемей, ағартушылар ұстанған таным тұрғысынан танытуға ұмтылады. Абай – бүкіл түркі атаулының ұлтжанды қамқоршысы» деп келтіреді [1, 71-б.].

Шын мәнінде түркі халықтары Абай өмір сүрген дәуірде қиын-қыстау кезеңді басынан өткізген болатын. Бұл кезеңде қазақ халқының іргесі сөгіліп, елді әркім билеп, Ресей империясының озбыр саясаты және жергілікті болыс-билердің солақай іс-әрекеті елдің тыныштығын бұзған аумалы-төкпелі заман болатын. Ақынның өзі бұл кезеңді:

«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртын» деп сипаттайды.

Мұның мазмұны ел бірлігін, оқу-білімді, отаншылдық тәлім-тәрбиені, ағартушылықты насихаттаумен түсіндіріледі. Сонымен бірге Абай Құнанбайұлының ерлік дәстүрінің төмендігінен: «Кетті бірлік, сөнді ерлік» деп, өз заманындағы ерлік пен батырлықтың қадір-қасиеті кетіп, халық арасында надандықтың орын алып, отаншылдық рухтың беделінің төмен түскеніне налып, толғана ой айтады. Демек, Абай Құнанбайұлының ел бірлігі, батырлық туралы айтқан түркішілдік идеялары әлі де болса өз құндылықтарын жойған жоқ деп білеміз.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ШЫҒАРМАЛАРЫ

Еңбек-өнер тәрбиесі туралы өнегелі сөзі:

ЖАСТЫҚТЫҢ ОТЫ, ҚАЙДАСЫҢ

Жастықтың оты, қайдасың,
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай,
Қаруын көңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса,
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса.

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса,
Алдыңа айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай,
Құр айғаймен эуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

(«Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.1., 102-103 бб.)

Табиғаттың таңғажайып көріністері туралы:

ЖАЗ

Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып ыңкылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап,
Жоғары-төмен үйрек-қаз
Ұшып тұрса сымпылдап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңкылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін,
Ет әпер деп қыңкылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұркылдап;
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,

Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.
Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен,
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңкылдап,
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып, қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап,
Мылтық атқан, құс салған
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутындап;
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жаркылдап,
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қаркылдап.

(«Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.1., 63-64 бб.)

Адамгершілік-имандылық тәрбиесі туралы:

Ғылым таппай мақтанба

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпак –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз.

(«Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.1., 60 бб.)

Өзін-өзі тәрбиелеу туралы:

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

(«Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.2., 13 б.)

Абай Құнанбайұлының бала тәрбиесіне арналған тағылымдық өнегелі сөздері

Жетінші сөз

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа

да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмарлығы, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген Һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене?, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауладағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілмен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлертірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз. («Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.2., 95-96 бб.)

Отыз жетінші сөз

Халық арасында кеңінен тараған өнеге, өсиеттері:

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.
2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады.
3. Хикмет сөздер өзімізшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады.
4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.
5. Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың.
6. Ер артық сұраса да азға разы болады. Ез аз сұрар, артылтып берсең де разы болмас.
7. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың.
8. Сократқа у ішкізген, Ионна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та, жөнге сал.
9. Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі виноват.
10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.
11. Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?
12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?
13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егер де аузынан қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.
14. Қуанбақтық пен бақ – мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі ақ қ...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.
15. Егер ісім өңсін десең ретін тап.
16. Биік мансап – биік жартас,
Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,
Екпіндеп ұшып қыран да шығады.

Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды.

17. Дүние үлкен көл,
Заман – соққан жел,
Алдыңғы толқын – ағалар,
Артқы толқын – інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.
18. Бақпен асқан патшадан,
Мимен асқан қара артық;
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
19. Тоқ тіленші – адам сайтаны,
Харекетсіз – сопы майтаны.
20. Жаман дос – көлеңке:
Басыңа күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.
21. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.
22. Қайратсыз ашу – тұл,
Тұрлаусыз ғашық – тұл,
Шәкіртсіз ғалым – тұл.
23. Бағың өскенше тілеуінді ел тілейді, өзің де тілейсің, бағың өскен соң – өзің ғана тілейсің. («Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.2., 122-124 бб.)

Еңбек-өнер тәрбиесі туралы:

Отыз сегізінші сөз

— (үзінді)

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халқыңа махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадалат ісінің алды-артынан байқарлық білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдаға мұқтади* болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұқтади болсын. Яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңізде бір жақсылық бина* қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әрине жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлки бұларсыз тағат тағат* емес.

*Мұқтади** (араб т.) – еру, бағыну, құлшылық ету.

*Бина** (араб т.) – негіз, тірек.

*Тағат** (араб т.) – тыңдау, тәртіп, құлшылық ету.
(«Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы» кітабынан, Т.2., 142 б.)

Әдебиеттер:

1. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы: «Ана тілі», 1994. – 192 б.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 296 б.
3. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: «Жазушы», 2005. – 336 б.

2.8 МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Шоқайұлы Мұстафа отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы жүргізген қоғамдық қозғалыс көсемдерінің бірі, түркі халықтарынан шыққан тұңғыш рет демократиялық Еуропаның ортасында Түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы патриот, қоғам қайраткері. Ол орыс империясының езгісіне түскен түркі халықтарын азат ету үшін күреседі. Оның негізгі арманы Орта Азияда «Түркі мемлекетін» құру идеясы болатын.

Түркі халықтарының болашағын ойлап, тұтас ел болуын аңсаған қазақтың біртуар ұлы Мұстафа Шоқайұлының отансүйгіштік тәрбие идеялары бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Тарихи дерекнамаларды негізге алатын болсақ: «Мұстафа Шоқайұлы (25.12.1886 жылы Қызылорда облысы Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылында дүниеге келген – 27.12.1941 жылы Алманияда Берлин қаласында қаза тапқан) – Алаш қозғалысының қайраткері, Түркістан өлкесі халықтарының азаттық күресі жетекшілерінің бірі, публицист. М.Шоқай сауатын ауылда ашады да, Сұлутөбе станциясындағы орыс мектебінде оқиды. 1902 жылы Ташкент қаласындағы гимназияға қабылданып, оны 1910 жылы «өте жақсы» деген үлгеріммен аяқтайды. Ол осы жылы Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1917 жылы тамамдайды» [1, 621-622 бб.].

Оның саяси өмірге араласуы 1914 жылы Ә.Бөкейханұлының ұсынуымен Ресей мемлекеттік думасындағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметіне тағайындалуынан басталып, бұл міндетті ол 1917 жылғы революциялық өзгерістерге дейін атқарады. 1916 жылы Түркістандағы ұлт-азаттық көтерілістің себеп-салдарын тексеруге осында депутаттар А.Ф.Керенский және К.М.Тевкелевпен бірге М.Шоқай да келеді. 1917 жылы соғыс майданындағы окоп қазу жұмысына алынған мыңдаған қазақ басқа түркістандық жастарды өз елдеріне жеткізу жұмысына ат салысады. Осы жылы Түркістанның саяси орталығы Ташкентке келіп, Түркістан мұсылмандарының Ұлттық Орталығына (Милли Мәркәзи) басшылық етіп, қазақ тілінде шығып тұрған «Бірлік туы» газетін ұйымдастырып, оған редакторлық жасайды. Бұл аталған саяси ұйым мен басылым Түркістанның түркі және мұсылман

халықтарының тұтастығы жолында күресті. 1917 жылы қарашада Ташкентте орнаған кеңестік билік жергілікті мұсылман халықтарының саяси билікке араласу құқын мойындамауына байланысты Қоқан қаласында өз жұмысын бастаған Түркістан мұсылмандарының құрылтайы Қоқан автономиясын жариялап, оның Уақытша үкіметін бекітеді. М.Шоқай бұл үкіметте алдымен Сыртқы істер министрі, сонан соң Бас министрі міндетін атқарады. 1918 жылы қаңтар айында Кеңес үкіметі әскерлері Қоқан қаласына басып кіріп, М.Шоқай басқарған Түркістан автономиясы үкіметін күшпен таратып жібереді. 1917 жылы 5-13 желтоқсанда болып өткен II Жалпықазақ құрылтайы Алаш автономиясының құрылатындығын мәлімдеп, онда Алашорда үкіметінің іс-құжаттарын бекітеді, М.Шоқай соның құрамына енеді. 1918 жылы көктемде Ташкенттен жасырынып шыққан М.Шоқай азамат соғысы жылдары кеңестік билікке қарсы оппозицияның қатарында болып, 1919 жылы Маңғыстау арқылы Тбилисиге өтіп, «Вольный горец», «Борьба» газеттерінде қызмет істеп, «На рубеже» журналына редакторлық жасайды. 1921 жылы ақпанда Тбилиси қызыл әскерінің қолына өткен соң Мұстафа Шоқай зайыбы Мариямен бірге Стамбулға аттанады. 1921 жылы жазда олар Парижге келіп, М.Шоқай орыс эмигранттарының «Дни» және «Последние новости» газеттерінде қызмет жасайды. 1927 жылы Зәки Уәлиди Тоғанмен бірге «Янги Түркестан» журналын ұйымдастырып, 1929 жылдан бастап өзі редакторлық жасаған «Яш Туркестан» журналын шығара бастайды. Берлин қаласында жарық көрген «Яш Туркестан» 1939 жылға дейін Польша үкіметі тарапынан бөлінген қаржыға шығып тұрды. Мұстафа Шоқайұлының саяси арманы Түркістан автономиясын құру, болашақта түркі халықтарын бір тудың астына біріктіріп «Түркі мемлекетін» құру болды. Ол біз үшін маңызды патриоттық өсиетінде: «Жалпы ұлттың мүддесін жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында өзін құрбан ете білген адамдар ғана нағыз ұлттың патриоты және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады», - деп тұжырымдайды [2, 7-б.].

Сондай-ақ Мұстафа Шоқайұлының жаңа ғылыми деректер келтіріп, тарихи тұлға туралы (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы) зерттеулерінде К.Л.Есмағамбетов:

«Мұстафа Шоқайұлы – туған халқына ғана емес, өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, әзербайжан және басқа да түркі халықтарының бостандығы үшін күрескен тұлға. Осы жолда өмірінің соңғы сәтіне дейін өзінің ой-қабілетін сарқа жұмсаған М.Шоқайдың қайраткерлік, шығармашылық болмысын жан-жақты пайымдаудың еліміздің мұрат-мақсаттарын негіздеуге берері мол», - деп әділ бағасын береді [3, 5-б.].

Мұстафа Шоқайұлы Түркістанда орнаған Кеңестік биліктің отаршыл сипатын қатесіз тани білген және онымен күреске ғұмырын арнаған, сондай-ақ, бұл күреске бұрын Түркістан халықтары тарихында болмаған жаңа мазмұн, сипат беріп, оны өзінің қажырлы еңбегімен жаңа интеллектуалдық көкжиекке көтерген, түркі патриотизмінің негізін қалаушы қоғам қайраткері.

Мұстафа Шоқайұлының тағлымдық мұралары

Елін, жерін, Отанын сүю, ел қорғау, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қою:

«Түрікшілдік белгілі бір қоғамдық құбылыс ретінде танылды. Ресейдің отарлау саясатына қарсы бағытталған азаттық қозғалысты бастаушы ұлт зиялыларының түрікшілдік бағыт ұстауына ұлы түрік рухының өлмегендігі, ғасырлар қойнауынан бері қарай түрік халықтарымен бірге жасасып келе жатқан азаттық философиясының санада сақталғаны негіз болды» [5-8] деген пікірге ден қойсақ, қазақ зиялыларының халқы үшін қаншалықты еңбек сіңіргенін байқаймыз. (Шілдебаев С. XIX ғасырдың 1-жартысындағы Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай // Жас Түркістан, 1999. №3.5-8 бб.)

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы:

«Алла елімнің тәуелсіздікке қол жеткізгенін көруді нәсіп етсе, мен тек үгіт-насихат ісімен ғана айналысар едім. Жастар үкімет құрса, мен елімнің тарихы және басқа өлке халықтары туралы тамаша кітаптар жазумен шұғылданаар едім – дейтін Мұстафа Шоқай». («Шоқай М. Таңдамалы шығармаларының жинағы» кітабынан, Т.1., 31 б.)

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы:

Мұстафа Шоқай ұлтжанды саясаткер болды. Ол басқа өкілдерімен де тез тіл табыса алатын қабілетті болды. Бұл жөнінде жұбайы Мария айтқандай: «Мұстафа тар ауқымды ұлтшылдықтың ұшқыны еді. Ол бүкіл Түркістан ұлттарының бірігуі жолында еді, орыстар оны осылай танитын еді». М.Шоқай патшалық Ресейдің Орта Азиядағы отаршыл саясатын әшкерелеп, Түркістан халықтарының теңдігі мен тәуелсіздігі үшін, оларды рухани құлдықтан құтқару үшін аса зор жауапкершілікті өз мойнына алды. («Мұстафа Шоқай, Мария Шоқай. Естеліктер» кітабынан, 103-б.)

Серт беру, берген сертінде тұру, елі үшін кек алу:

М.Шоқай пікірінше туған халқы үшін қызмет ету – әр пенденің перзенттік борышы, бұл оның абыройлы міндеті, ол әр этностың өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасуына оның нақты өсіп-өнген ортасы, табиғаты, тау-тасы, өзен-көлі, кір жуып, кіндік кескен жері ерекше әсер ететінін төмендегіше түйіндейді: «Атамекенді сүю» дегеніміз – өзінің жеке басының талаптарын қанағаттандыру, немесе белгілі бір топтың, не бір жеке адамның мүдделерін қорғау дегендік емес. Атамекенді сүю-оның тұтас мүддесіне қызмет ету, керек болса жан пида қылуға дайын тұру болып табылады («Шоқай М. Таңдамалы шығармаларының жинағы» кітабынан, Т.2., 6-б.)

Әділ сөзге тоқтау, әділетті болу:

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», ерік – жігеріміз артады. Ерік – жігер бірлігі дегенде, біз жеке адамдардың немесе жекелеген топтардың ерік-жігерін ғана айтып отырған жоқпыз. Бүкіл халқымыздың ерік-жігерін, қала берді мұғажырларымыздың ерік-жігерін айтып отырмыз... «Күрес» дегенде, ең алдымен атқаратын міндеті көзделеді. Мұғажырлар оның қандай нәрсе екенін жақсы біледі. Біз – Түркістан мұғажырларының алдында бір ғана міндет тұр. Ол – ұлт азаттығы жолында күресу міндеті. («Шоқай М. Таңдамалы шығармаларының жинағы» кітабынан, Т.2., 214-б.)

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы:

«Біздің ұлттық орталық пен Сырдария облыстық атқару комитеті тарапынан ұсынарым: «Жұмысшы-солдат депутаттарының кеңестері жергілікті ұлттық ұйымдардың өміріне, ісіне араласпауы керек, «мандат комиссиясы» (тексеруші ресми алқа) деген алқаларын жіберіп халықты мазалауын, қарулы солдаттарды ауылға жұмсап, тінту арқылы дүние-мүлік пен салық жинауды мүлдем тоқтатуы керек, комитет мүшелері мұндай әрекеттерге тыйым салуға тиіс...» («Шоқай М. Таңдамалы шығармаларының жинағы» кітабынан, Т.3., 43-б.)

Әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия /Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – Т.7. – 728 б.
2. Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: «Қайнар». – Т.2. – 1999. – 520 б.
3. Есмағамбетов К.Л. Әлем таныған тұлға (М.Шоқайдың дүниетанымы және қайраткерлік болмысы). – Алматы: «Дайк-Пресс», - 2007. – 504 б. +28 б. жапсырма

2.9 МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАРЫ

Жұмабайұлы Мағжан (1893 – 1938) – қазақ халқының ағартушысы, қоғам қайраткері, түркілік идеяны насихаттаушы ақын. Туған жері қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы. Ол жастайынан оқу-білімге өте зерек болып өседі. 1905 жылы Қызылжардағы медреседе білім алады. Одан кейін Уфадағы Медресе-Ғалияны бітіріп шығады. Ол кезде университет пен бірдей деңгейдегі Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясын тамамдайды. Негізгі шығармалары: «Мен жастарға сенемін», «Педагогика», «Қорқыт», «Батыр Баян», «Түркістан» т.б.

Қазан төңкерісі тұсында қазақ халқының бостандығын шынайы азаматтық тұрғыдан сезініп, әділ бағасын берген түркішіл-патриот Мағжан Жұмабайұлының шығармалары түркілік тәрбие бағытындағы проблеманы негізге алады. Оның «Тіршілік көркі –

ерік», «Қазағым», «Туған жер», «Батыр Баян» т.б. шығармаларын шынайы отаншылдық мәні зор еңбектер деп айтамыз. Ақын:

«Жаратылдым топырағыңнан сенің бүгін.

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жаны-тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолпан – Айым, сен – Күнім», - деп туған жердің қадір-қасиетін ұлтжандылық тұрғыдан сипаттайды [1, 55-б.].

Ол өзінің «Педагогика» атты еңбегінде ұлттық мәселелерді орынды көтеріп, ғылыми мәнді пікірлер келтірген. Өмірдің өзекті мәселелерін жүректің нәзік қылымен өрнектей білген Мағжан ұлттық тіл, ұлттық тәрбие туралы да өрелі ойларын айтқан. Яғни: «Тәрбиеден мақсұт – адамды һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты», - деп өзінің гуманистік пікірін жеткізеді [2, 99-б.].

Мағжан Жұмабайұлы – елім, халқым деп шыққан үркердей ұлтжанды азамат. Пантүркішілдікпен, ұлтшылдық пен айыпталып, бар болғаны ел тарихының негізін зерттеп, өзінің шынайы түркітекті екенін жырлып, халқын сүйгені үшін жазықсыз жазаға ұшырады. М.Жұмабайұлының тағылымдық мұраларының жұрт жанына жақын, жүрегіне жылы тиюінің сыры, олар халқының дағды салтындағы, түркілік дәстүрлерді саналы тандау жасау қабілеттілігінен көрінетін оң жасампаз дүниетанымға ие, отаны, қоғамы, өз иелігіне мақсатталған дербес шешім қабылдай алатын азаматтарды тәрбиелеу, қоғамдық қалпындағы әдет, ырым, этнографиялық көрініс-құбылыстарға негізделе жазылды.

Ағартушы Мағжан Жұмабайұлын Түркістанды, Тұранды жырлағаны үшін түркішілсің деген. Осы орайдағы оның «Жан сырымды түсіндірсендерші, жан даусымды естісендерші» деп өтінген үні абзал ақынды «ах» ұрғызып, оның «ұлы сиясынан» мұң-зар болып кұйылды. Дегенмен Мағжан Жұмабайұлы өзінің отансүйгіштік идеясынан жаңылыспады, керісінше от боп жанып, «Түркілік рухты» жоғары қойып:

«Тұранға жер жүзінде Жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?

Тұранда – түрік ойнаған ұқсап отқа,

Түріктен басқа от боп – жан туып па?

Көп Түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қарашаңырақ қалған жоқ па?» - деп, Мағжан Жұмабайұлы «түркілік рухтың» негізі қазақ халқында екендігін ашып айтып, сол халықтың құрамындағы тұлғалардың өздеріне тән халықтық рухани-мәдени және материалдық құндылықтарын сақтай отырып, елдің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсатын негізге алады. Сонымен қатар, түркілердің әлем өркениетіндегі орнына объективті сипаттама береді.

Түркі гұламаларын өзіне пір тұтып айтқан «Қорқыт» поэмасында ежелден белгілі өлімнен қашатын Қорқыт жайын шабыттана жырлауы – өлімнен қанша қашсаң да, алдыңнан соншалықты қабір тұруы ықтимал деген тұжырым жасап өтеді, яғни:

Өмірде арманым жоқ Қорқытқа ерсем,

Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.

Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,

Құшақтап қобызымды көрге кірсем.

Ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді табиғи кесім ретінде болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде уағыздайды.

Мағжан қазақ халқының бақытқа жетер жолы тек ұлттық тәуелсіздікке, өз тағдырын өзі шешетін жағдайға жету деп білді. Оның ертедегі ерлер ісіне қайта оралып келе беретін себебі осыдан.

Күніреніп ойлағанда Алаш жайын,

Жанымды орай берді ұлы уайым.

Кеудеме күннің нұры толғандай боп

Жырлаймын алты алаштың Абылайын...

Халық басынан кешкен қанды оқиғаларының жасырылмайтын жанды рухани тілде қалатынын жақсы түсінген. Оның:

Бірлік, елдік, қайрат, бақ, ардың,

Жауыз тағдыр жайды бәрін – не бардың.

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың, - деген бір жол өлеңінде терең мағына сиып тұр. Тіл – тағдыры екенін күні ілгері болжаған кемел ойшыл суреткерлердің негізі қазақ тілінің қадірін арттыру жолында бұл күндері көтеріліп жатқан жұртшылық пікірімен мейілінше үндес екенін атап айту керек.

Мағжан Жұмабайұлының тәлім-тәрбиелік шығармалары

Ерлік-отансүйгіштік тәрбие туралы:

ТҮРКІСТАН

Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып өскен.
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған қалың өрттей аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең, ауыр ой бергендей.

Тұранның егі-шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, желде жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тын.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі-шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдің
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі осы екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейітін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі – Памир, Алай.
Қазығұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұк кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Білесің, тарихты ашсаң, Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле –
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі –

Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарық етіп өте шыққан нажағайдай.

Тұранды мақтамаймын тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан – қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан – Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз ішекті домбырасын
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от боп жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге Отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолы Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.

Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны – Абылай ері...

Тұраннан Сарыарқаны бөлек деме,
Түркістан алты алашқа болған кебе.
Тұранның топырағын құшып жатыр
Кешегі ердің ері көкжал Кене.

Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Қырағы Тянь-Шань мен Памир, Алай,
Күтеді көптен сені қарай-қарай.
Кене мен Абылайдың жолын қумай,
Жапанда жайылудың мәні қандай?!

Ертеде Оқыс, Яксарт – Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі – сол екі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейітін!

**(«Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы»
кітабынан, Т.1., 124-127 бб.)**

Отанын сүю, ел қорғау, ел мүддесін өз мүддесінен жоғары қою:

Жауынгердің жыры

Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!
Қолымда найза көк болат –
Ерлігіме айғағым.
Ұлт дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Ұлтымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі кәрі күн Куә –
Ежелден жаудан таймадым.
Қорқыныш емес нажағай,

Нажағай – өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесен,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым.
Қазам жетсе майданда,
Басымда найзам – сайғағым.
Қайратты, қайтпас жан досым –
Ерлігіме айғағым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!

(«Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы»
кітабынан, Т.1., 155-164 бб.)

Қайрат-жігер, ерлік, батырлық туралы:

Мен жастарға сенемін

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,
Жайып қанат, ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер,
Сүттей таза жүректер,
Қасиетті тілектер –
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,

Айбынды алаш елім дер,
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға?!
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!

Алаш – айбынды ұраны,
Қасиетті құраны.
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға:
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін!

(«Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы»
кітабынан, Т.1., 47-48 бб.)

Әдебиеттер:

1. Жұмабаев М. Шығармалар: Үш томдық. – Алматы: «Білім», 1995. – Т.1. – 256 б.
2. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы: 1-том. Өлеңдер, дастандар, әңгіме. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 208 б.
3. Жұмабаев М. Көп томдық шығармалар жинағы: 2-том. Өлеңдер, дастандар, аудармалар. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 208 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалар жинағы. 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: «Жазушы», 2008. – 232 б.

III ТАРАУ. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕ ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Ана тілім – айбыным менің

Мақсаты: Тәуелсіз елдің әрбір жас ұланын туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Сыныпты тақырыпқа лайықты безендіру, нақыл сөздер жазылған плакаттар, газеттер, шығармалар.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

Хор: «Менің Қазақстаным»

1-жүргізуші: Қазақ тілі – халқымыздың тарихы, шежіресі арманы мен үміті, қайғысы мен қуанышы, күллі рухани өмірінің үні. Қазақ тілі – халқымыздың өткен, қазіргі және келешек ұрпағын тарихы бір тұтастық, мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып-білеміз, халық рухының сарқылмас бастауы да сонда жатыр. Ел жұртымызды, туған жерімізді, оның өзен-көлдерін, оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап, соларға деген перзенттік махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз.

2-жүргізуші: Қазақстан Республикасының өз күшіне енген Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Еліміздің азаматтары бірінші – қазақ тілін білуі тиіс. Оның үстіне қазіргі кезде тілдің қоғамдық өмірде орны өте үлкен, маңызы зор. Оған себеп мынау: қоғамның дамуына қарай тілдің атқаратын қызметтерінің саны да өсе бастайды. Мысалы, қазір халықаралық деңгейге көтерілген тілдердің қоғам өміріндегі атқаратын міндеттерінің саны елуден асады. Ал қазақ тілінің қоғамдағы атқаратын міндеттерінің саны шамамен оншақты ғана. Тілдің қоғамдағы орны өскен сайын, сол тілді қолдайтын, этностың да мәдениеті жоғарылай түседі.

1-жүргізуші: Ана тілі... Бұл туралы қаншама айтылып келеді. Ал ана тілінің құдіретін қанша айтсақ та түгесу мүмкін емес. Бала

кезінде балдай сорып ана сүтімен бойға сіңген қасиетті туған тілдің арқасында ғана жаныңды поэзия шуағына бөлейсің, біле-білгенге адамдағы ұлттық мақтаныштың алғашқы ұшқындары да жүрекке тіл арқылы ұялайды. Туған тілге деген сүйіспеншілік бала кезден басталмаса кейін қиынға соғады. Айналаңдағы адамдарға, өзің өскен ортаның табиғаты мен халқының мәдениетіне, дәстүріне деген көзқарас та туған тілінді білуден басталады.

«Туған тілім» өлеңін оқиды (Дихан Әбілев).

Туған тілім – бабам тілі – өз тілім!

Туған тілім – анам тілі – өз тілім!

Туған тілім – данам тілі – өз тілім!

Туған тілім – адам тілі – өз тілім!

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар,

Туған тілім тіл болудан қалса егер,

Жүрегімді суырып-ақ алыңдар.

2-жүргізуші: Еміреніп айтса да, тебіреніп айтса да өз тілі жөнінде өзекжарды сөз айтуға әркімнің-ақ хақысы бар. Бірақ бұлай деу – өз тілін асқақтатып, өзгенікін аласарту деген сезімді ойдан тумаса керек. Тілге тілдің жаулығы жоқ. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» дегендей өзге тілді құрметтеу алдымен өз тілінді құрметтеуден басталады. Әрбір адамның өзінің ана тіліне деген көзқарасын қарап, оның мәдени деңгейіне ғана емес, сонымен бірге азаматтық қасиеттері жөнінде де мүлтіксіз баға беруге болады. Өз Отанына деген махаббат – өз ана тіліне деген шынайы махаббатсыз болуы мүмкін емес. Өз ана тіліне немқұрайлықпен қарайтын адам хайуанмен тең.

1-оқушы:

Тіл құдіреті

Тілім менің өмірдегі тірегім,

Тілімменен тарихымды білемін.

Сан ғасырлар қалыптасқан тілімді,

Қастерлеп те, қадірлеп те жүремін.

Қазақ тілі – дана тілі, асыл тіл,

Қазақ тілі – баба тілі, ғасыр тіл.

Қазағымның қуанышын сен жырлап,

Елдігімнің дәрежесін асыр тіл.

Қазақ тілім – сөз байлығы малыңған,
Тусын мәңгі ай мен күнің оңыңнан.
Өз тілім деп тебіренген ерлердің,
Ерейікші бүгінгі күн соңынан.

2-оқушы:

Тілді қорға!

Қадірлемей туған жерін, даласын
Сайратса ұлын басқа тілге баласын
Бабам еккен қасиеттен айрылып,
Мәңгүрт болып, қазақтықтан қаласың.

Жайлап алса дабыры көп қоқыс ән,
Жүрегіне басқа тілді тоқысаң.
Қазақ болып жазылуың бекер-ақ
Абай жырын аудармамен оқысаң.

Теріс қарай бұрылмасын күн бүгін,
Жатқа еліктеу жайылмасын індеті
Абыройын сақтау үшін еліңнің,
Тілін қорғау әр адамның міндеті.

1-жүргізуші: Әрбір саналы адамның өз ана тілінде дұрыстап сөйлей білуді – мәдениеттіліктің басты белгісі деп ұғынуы тиіс. Ахмет Жұбанов: «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті» дейді. Ал кеменгер жазушымыз М.Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген адам интеллигент емес» деген пікір айтса, халық жазушысы Ғ.Мүсірепов осы ойды: «Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», – деп одан әрі тереңдетеді.

Мағжан Жұмабайұлының мына өлеңі дәл айтылғандай:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп
Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың!

Қорытынды сөз.

Сара жолды салып кеткен зиялы бабаларымыз: «Тіліңнің көсегесін көгерт, қазақ!» дегендей, болашақ ұрпақ, біз ана тіліміздің көркеюіне өз үлесімізді қосуымыз керек.

Тілдің құдіреті, адам өміріндегі маңызы туралы жас ұрпаққа талай ақын-жазушылардың шығармалары белгілі. Сондықтан, әрбір адам елінің болашағы үшін тіл дәрежесінің көтерілуіне өз үлесімізді қосу керек деген ойымдызды мына өлең жолдарымен аяқтағымыз келеді:

Анамның тілі – ардақтым менің,
Ойлантар әркез тағдырың сенің.
Арманым – алда дамытып тілді,
Азамат болсам көркейтер елін.
Талғамы, ойы жоғары халық.
Келеді өрлеп жаңа жол салып.
Заманмен бірге, айбынды тілім,
Мәртебең биік болары анық!

Тақырыбы: Доссыз өмір – тұзсыз ас

Мақсаты: Оқушыларға достықтың құдіреттілігін, адамға әсерінің қандай екенін, адал дос қандай болу керектігін меңгерту, үлкенге ізет, кішіге үлгі етуге, адамгершілікке, имандылыққа, жоғары мәдениеттілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ұлағатты сөздер, достық жайлы мақал-мәтелдер.

Тәрбие сағатының барысы:

Ұйымдастыру бөлімі.

Құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Доссыз өмір – тұзсыз ас» деп аталатын тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

1-жүргізуші:

Уа, шіркін, не жетеді бұл өмірде,
Досыңмен оңашада сырласқанға.

1. «Жолдас, дос, құрбы» тақырыбына шығарма жазып тапсыру.

2. Анкета.

3. Қорытынды шығару.

2-жүргізуші: Пікірталас. Оқушылар әңгімесі

1-жүргізуші:

1. Тал бесік, дәстүрлі тәрбиеден достық туралы айтып берейін.

2. Кәне, оқушылар, өздерің ақын-жазушылардың жырлағанындай, қай ақынның «Достық» жайлы жырлаған жырларынан кім үзінді оқып бере алады?

3. Достық туралы мақал-мәтелдер.

4. Сыныптағы достық және өздерінің достарың жайлы жақсы қасиеттерімен үлгі тұтарлық мінездерінен мысалдар келтіріп, ортаға әңгіме ретінде салу.

5. Қорытынды сөз.

Оқушылардан «Жолдас, дос, құрбы» тақырыбы бойынша шығарма жаздырту және сауалнама алу. Анкета мен шығарма алдыңғы сабақта берілді. Соның нәтижесінде олардың достық туралы түсініктері мен ой-пікірлері анықталды. «Сенің досың кім екенін айт, мен сенің кім екеніңді айтып беремін» деген екен кісі жаңа танысқан адамына, көбіне бала кезден басталған достық өте ыстық болып келеді. Содан да шығар, «Киімнің жаңасы жақсы, достың көнесі жақсы» деген екен. «Жаңа достың екеуінен ескі достың біреуі артық» дейді.

2-жүргізуші:

Пікірталас. Оқушылар әңгімесі.

Ал енді, оқушылардың достық жайлы ойларын ортаға салайық.

Оқушылар, қыз бен жігіттің арасында шынайы достық бар ма?

Ал қыздар арасында достық бар ма?

Неліктен қыздар арасында достықты жоқ дейді, ал ұлдар арасында достықты берік дейді?

1-жүргізуші:

Тал бесік дәстүрлі тәрбиеден достық туралы айту. «Жолдас, дос, құрбы» дәстүрлі дүниетаным, халық педагогикасының ұстамы бойынша бұл үш атаудың әрқайсысының аясына сыйғызылған өзінше ерекше ұғым түсінік бар. Енді соған жеке тоқталып кетейік.

Жолдас

Бұл сөз «жол» түбіріне «дас» жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Демек тура мағынасында ол серіктес, сапарлас деген ұғымды білдіреді. Бұған қарағанда ертеректе халық ұзақ сапарға немесе жорықтарға бірге аттанатын серіктерін «жолдас» деп атаса керек. Бұған қазақ ертегілері мен батырлар жырын зейін қоя оқысақ, айқын көз жеткіземіз. Ертегінің кейіпкеріне жауды жеңетін таусоғар, көлсоғар, желаяқ сияқты серіктер жолдан қосылып

«жолдас» болады. Ал эпостағы ержүрек батырлар жауға жолдас ертпей жалғыз аттанып, қысылған шақта оларды есіне алады немесе «Қырық жолдасы» артынан келіп жәрдем етіп жүреді. «Жолға шықпай тұрып жолдасыңды сақта», «Жолдасын таппаған ер азады», «Жолдасы жоқ жігіттің олжасы жоқ» деген сияқты мақал-мәтелдер және:

Жалғыз жүрсен, жолмен жүр

Жолдан жолдас қосылар

Жолдан жолдас қосылса,

Жолың болмай несі бар, -

деген сияқты қанатты жолдар бұл ойымызды дәлелдей түседі. Бұл сөз кейінірек сыйлас, пікірлес, ниеттес, тілектес адамдардың қарым-қатынасын білдіретін ұғымға айналады. Дәстүрлі түсінікте жолдас таңдауға ерекше мән берген. Халықымызда «Жолдасын жаман болса, көңілің азар, жолдасың жақсы болса, күнде базар» деген қанатты сөздер бар. Жарасымды жақсы жолдастық, қарым-қатынас бірте-бірте достыққа ұласады.

Дос

Қазақ екінің бірін досым деп атай бермейді. Достық жан дүниесімен, арман-мұратымен, іс-әрекетімен, мінез-қылығымен тұтаса жақындасқан адамдардың берік одағы. Шынайы дос бола білу әркімнің қолынан келе бермейді. Достық адамгершілік асыл қасиеттердің жемісі. Қазақтың көне дәстүрінде дос болған адамдардың арасында серттесу, анттасу рәсімі болған. Сондықтан халықымыз «Есептескен дос болмас, андысқан ауыл болмас» деген өнегелі сөздер бар. Достың арасында шек болмайды. Ал «Доссыз өмір – тұзсыз ас» немесе «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын» деп халық достықты ерекше қадір тұтады.

Құрдас

Халқымыз бұл сөздің астарына да үлкен мағына сыйғызған, ол бір жылда, бір айда, бір күнде туған адамдар деген мағынаны білдіреді. Жалпы адамгершілік тәрбиеде құрдастық, достық жолдастық жолымен келеді. Эпостық жырларда батырлардың құрдастарына да көп орын беріледі. Мәселен хандардан қорлық көріп, жалғыз жүріп тарыққан шағында Ер Тарғынның елде қалған «Тарғын-Тарғын дейтұғын, қолынан сарқыт жейтұғын» қырық құрдасын сағынатыны естерінде болар.

Пәк көңілден көктем гүлін сыйлаған
Достарыммен қоштасарда қиналам.
Дірілдейді жүректерде сыр сезім
Мөлдірейді қара көздер қимаған
Бір-ақ минут. Қалада олар, көктеммен
Осы бір сәт қымбат,
Оған жетер нең?
Қайран өмір қауышатын құшақтар,
Дәл осындай қимастықпен өтер ме ең?!
Әлем әсем, бұлдыры жоқ ешқандай,
Күні де күліп, біздер үшін шыққандай.
Достасу мен қоштасудың бар сырын,
Ой-хой, бүгін аспан асты ұққандай.

Достық туралы ойшыл-ғұламалардың өсиетінен

Дос адам сарайынды жұмақ етер.

(Махмұд Қашқари)

Кімнің досы жақсы болса, өзі де жақсы болады.

(Ахмет Йүгінеки)

Жақсымен дос болсаң,
Алдыңнан шығар елпектеп.
Жаманмен дос болсаң,
Сыртыңнан жүрер өсектеп.

(Махамбет Өтемісұлы)

Өзіңе қарай дос таңда,
Күшіңе қарай жүк көтер.

(Жүсіп Баласағұни)

Не жетеді нағыз досқа, асылға,
Қуансаң да, қайғырсаң да қасыңда.

(В. Шекспир)

Сауалнама сұрақтары:

1. «Шын дос» деп қандай адамды айтасың?
2. Сенің шын досың бар ма, болса кім?
3. Шын досыңның мінезі қандай (мінезін сипатта)?
4. Ұнайтын, ұнамайтын жақтарын ата.
5. Досыңның отбасы саған қандай көзқараста?

6. Оның сені ренжіткен кезі болды ма?

7. Сен оны ренжіттің бе?

8. Татуласуға кім шақырады?

9. Сенің досыңа отбасыңның көзқарасы қандай?

(Жақсы, өте жақсы, көңіл бөлмейді, жақтырмайды)

10. Досыңның құпиясын сақтай аласың ба? Ол ше?

11. Қанша уақыттан бері доссың?

Достық туралы және сыныптағы өздерінің достарың жайлы жақсы қасиеттермен үлгі тұтарлық мінездерінен мысалдар келтіріп пікірлерін ортаға салу.

Қорытынды сөз.

АҚЫЛ-ОЙ ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Абайдың сөзі – ақылдың көзі

Мақсаты: Абайдың айтқан сөздерін талқылай отырып, ғылым, білім туралы ұғымдарды бойына сіңіру, оқу арқылы адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесін қалыптастыру.

Көрнекілігі: Абайдың портреті. М. Әуезовтың «Абай жолы» кітабы, Абайдың нақыл сөздері.

Тәрбие сағатының барысы:

Ұйымдастыру бөлімі.

Сыныпты дөңгелек үстел түрінде дайындаймыз. Оқушылар, бүгінгі тәрбие сағатымызды «Абайдың сөзі – ақылдың көзі» деген тақырыппен алып отырмыз. Абай атамызды бәрің де білесіңдер, ақын, кеменгер, данышпан.

Өмірбаяны. Абай Құнанбаұлы 1845 жылы Семей облысының Абай ауданында дүниеге келген. Оны әкесі әуелі ауылдағы татар молдасына, кейін Семейдегі Ахмет-Риза медресесіне оқуға береді. Медреседе оқып жүріп орыс тілін үйрену мақсатында үш ай орыс мектебінде оқиды. 13 жасқа келгенде әкесі оқудан шығарып алып, ел басқару ісіне араластырады. Осы жұмыста қазақтың білгір-шешендері, әнші-күйшілері, ақын-жыршылармен кеңірек танысады.

Абайдың аудармашылығы. Германияда Абайға арналған мұражай бар. Ол мұражайда Абайдың, Лермонтовтың, Гетенің портреттері ілініп тұр.

Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» әні 3 тілде бірдей бейнетаспада қазақ, орыс, неміс тілдерінде бірдей ойнап тұр. Осыдан Абайды неміс халқының қалай құрметтегенін көруге болады.

Абайдың оқу-ғылымға шақырған өлеңдері. «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өлең сөздің патшасы»

Абайдың жеке адамның дамуы мен қалыптасуы жайлы 45 қарасөзі бар. Қара сөздеріне тоқталайық:

Оқушы – 1-ші қарасөз.

Оқушы – 7-ші қарасөз.

Оқушы – 19-шы қарасөз.

Оқушы – 18-ші қарасөз.

Оқушы – 37-ші қарасөз.

Абай адам мінезінің түрлерін жақсы, жаман деп екіге бөлген екен. Жастардың белгілі бір өнер үйреніп, пайдалы іспен шұғылдануын уағыздаған.

Абайдың шешендігі.

Абай мен Жанқұтты шешеннің кездесуін сахналау

Абай - оқушы

Жанқұтты шешен - оқушы

Автор: 17 жасынан сөз өнеріне араласып, дуалы ауызды би Шабанбайдан бата алған Жанқұтты жаман мен жақсыны, адалдық пен аярлықтың, қысқа өмірдің мәнін терең білген кісі еді. Жолы түсіп Құнанбайдың үйіне ат басын тіреді. Ондайда игі жақсы сәлем бермек, бір ауыз аталы сөзін естіп қалмақ ел дәстүрімен ауылдың үлкен-кішісі қоғадай жапырлап келіп Жанқұттыға сәлем береді. Солардың ішінде Абай да бар еді.

Жанқұтты: Абай шырағым, дүние неге сүйенеді?

Абай. Дүние үмітке сүйінеді.

Жанқұтты: Көздің көрмесі бола ма?

Абай. Иә, көз қабағын көрмейді.

Жанқұтты: Шам жарығы түспес жер бола ма?

Абай. Шам жарығы түбіне түспейді.

Жанқұтты: Болат пышақтың кеспесі бола ма?

Абай. Болат пышақ өз сабын кеспейді.

Жанқұтты: Тамағына тартпайтын мақұлқат бола ма?

Абай. Өз тамағына тартпайтын мақұлқат болмайды. Ата, сізден бір сауал сұрасам рұқсат етесіз бе?

Жанқұтты: Ата баладан сұраған сұрақты бала атасына қойған несі айып, сұра, шырағым.

Абай. Ата, сұрасам, арсыз не, қымбат не, дауасыз не?

Жанқұтты: Мұны сен текке сұрамадың-ау, балам! Е, шырағым, арсыз өтірік, қымбат - шындық, дауасыз - кәрілік.

Абай. Оныңыз рас, ата. Артыңызда айта жүрер өсиет болса, соны естиін деп едім. Оны естіп көңілім жай тапты.

Жанқұтты: Балам, мен бүгін бір жасап қалдым. Құнанбай мырзаның әкесінен оза туған, Өскенбай атасына жете туған баласы бар естуші едім. Соған көзім жетіп қойған жоқ, көріп, көңілім тасып отыр, жанарыңның оты бар екен – ойлылығың шығар, сезіміңнің нәрі бар екен – елің сұрағанда шөл қандыраар бұлағы боларсың.

(Батасын береді.)

Бір сөз айтсаң жақсыға

Аталы сөзге тоқтайды.

Бір сөз айтсаң жаманға

Өмірінде ұқпайды.

Надандықтың белгісі

Өзін-өзі мақтайды

Көкірегі соқырға

Өмірде тоқ айтпайды.

Шешеннің сөзі шын асыл,

Қап түбінде жатпайды.

Қазақ халқының музыкасы Абай есімімен тығыз байланысты. «Абай сазгер» деген тақырып бойынша «Желсіз түнге жарық ай» әні орындалады. Оқушыларға танымдық сұрақтар:

- Абай атаның 500-ге тарта өлеңдері бар. Абайды әлемге танытқан кім?

- Мұхтар Әуезов қандай роман жазды?

Қорытынды: Мұхтар Әуезовтің 20 томдық жеке шығармалар жинағы бар. Сонымен, бүгінгі сабақта Абай асыл сөздерінің қай заманда да алатын орны ерекше екендігін ескере отырып,

Абай - әлемнің Абайы,

Абай - аудармашы,

Абай - табиғат жыршысы,

Абай - сазгер екендігін біліп таныстық.

Абайдан алдым сабақ бала жастан,
Тең барма ойға терең одан асқан.
Алды бейіш, арты ырыс болсын,
Мен оның шәкірті едім ізін басқан, - деп сабақты аяқтаймыз.

ІЗГІЛІК ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Адам болам десеңіз

Мақсаты: Абай жас ұрпаққа өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсу, даму жолдарын байқатар басты нәрсе – ғылым деп көрсетеді. Әдепті болуға үйрету – жақсылыққа тәрбиелеу. Үйрету, үлгі көрсету, жақсыға жанастыру, дағдыландыру, жақсы салтты дәстүрге айналдыру, яғни игілікті іс-әрекеттерді қалыптастыру, саналы азамат болып сапалы өмір сүру үшін, ғылымды үйреніп, тәлімге тәнті болу керек. Азбайтын, тозбайтын басты байлығымыз – білім мен ғылымды жастардың санасына сіңіру.

Көрнекілігі: Қанатты сөздер: адамгершілік, ғылым, білім жайында. Абайдың өлеңдер жинағы, қарасөздері. Үнтаспадан өлең оқылады. Абайдың портреті.

Тәрбие сағатының барысы:

Ұйымдастыру бөлімі.

Жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі «Адам болам десеңіз...» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

Жүрегін шырақ етіп жандырған кім?

Жырымен жан сусынын қандырған кім?

Қастерлеп сөз асылын өлеңменен,

Мұра қып кейінгіге қалдырған кім?

Үнтаспадан Абайдың бір шумақ өлеңі оқылады:

Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақты жерде өстім,

Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма.

Жүргізуші: Мыңмен жалғыз алысқан қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы, классик ақын Абай Құнанбайұлы ағартушылық жұмысында, өзінің өлеңдері мен қарасөздерінде оқу, өнер, білім үйрену, оны халық қажетіне жұмсау, жастарды

адамгершілік қасиеттерге, өнегелі мінез-құлыққа тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлді.

Абай жас ұрпаққа, яғни сіздер мен біздерге өмір сүруді үйретіп, оның болашақ өсу, даму жолдарын байқатар басты нәрсе – ғылым деп көрсетеді.

Оқушы:

Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба.

Құмарланып шаттанба,

Ойнап босқа күлуге,

Бес нәрнеден қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз, - деп өсиет айтады. Саналы азамат болып, саналы өмір сүру үшін, ғылымды үйреніп, тәлімге тәнті болу керек дейді ғұлама.

Жүргізуші: Абайдың ағартушылық идеясы «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айтылған «адам болу» қағидасымен ұштасып жатыр.

Ғылым таппай мақтанба...

Адам болам десеңіз, – деп келеді де, ғылым тауып, адам болу үшін не істеу керек дегенде Абай «адам болу» қағидасын ұсынады.

«Бес дұшпанға» бой алдырған өз замандастарының қылықтарын «Дос жылатып айтады» дегендей жеріне жеткізіп, сүйегінен өткізіп айтып, олардың «ұятын, арын оятып», адам болғысы келген адамның асық болар «бес асыл ісін» өсиет етеді.

«Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде

«Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой,

Бес асыл іс көнсеңіз...», - деп бес асыл істі тұжырымдап береді. Ал осы ғұламаның бес асыл ісін біздер қалай түсінеміз. Кәне, кім айтады?

Оқушы:

Абай 44-сөзінен: «Адам баласының ең жаманы – талапсыз» деп бастайды да, талаптын түрлері көп болатындығын баяндайды. Талаптың ішіндегі ең зоры – бір өнерді таңдап, содан нәтиже шығармай тынбаушылық.

Керек іс бозбалаға талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.

Кейбір жігіт жүреді мақтан сөйлеп,

Сыртқа пысық келеді, көзге сынық, – деп Абай талаптың дарынды, ынтаны дамытатыны, сондықтан да халықтың «Талапты ерге нұр жауар» деген сөзді бекерге айтпағаны туралы ой толғайды.

Оқушы: «Еңбек» – бұл дүниедегі құдіретті күш, діни ұғымда құдай болса, ғылыми ұғымдағы бірден-бір жасампаз ұлы күш – еңбек» болып табылады. Яғни, «Адамшылықтың парызы үшін – еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» дейді ақын.

Еңбекті «бес асыл істің негізгісі» деп бағалаған – Абай:

Бақпен асқан патшадан

Ақылымен асқан кара артық.

Сақалын сатқан кәріден

Еңбегін сатқан бала артық... – деп адамды дүние жүзіндегі тіршіліктің жасампаз күші етіп отырған оның еңбегі, адамның адамгершілігі тек адал еңбегімен бағаланатыны туралы ой қорытады.

Оқушы: «Терең ой». Адамды адам еткен еңбек болса, сол еңбек дағдысы барысында қалыптасқан адамды барлық жан-жануардан ерекше айырып тұрған екі қасиетті Абай жоғары бағалады. Оның біріншісі – ақыл-ой, екіншісі – сөз. Абайдың «Жапырағы кураған ескі үмітпен» өлеңінде адам үнемі үздіксіз ойлауы керек, өйткені тек тұрақты ақыл-ой әрекеті ғана кісіні алға бастайды, бірақ ой күнделікті өмірмен байланысты ақиқатты түрде болуы керек деп үйретеді.

Оқушы: «Қанағат». Абайдың адамгершілік, иман туралы толғаныстарында «қанағат» ұғымына ерекше мән берді. Ақынның түсінуінше қанағат – барға риза болу, місе тұту, нысаптан шықпау, нәпсіге ермеу. Қанағат қарын тойғызса, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызуға жеткізетінін ақын: «Адам баласы қанағатсыздықпен... хайуандардың тұқымын құртты...» деп мінейді.

Оқушы: «Рақым» дегеніміз ұғымды идеялық тұрғыдан алғанда адамның өзге кісілерге жасайтын жақсылығы, мейірім-шапағаты мен көмегі. Абайдың пікірінше, терең ойдың негізгі ақыл болса, рақымдылықтың негізі – жүрек пен сезім.

Жүргізуші: «Бес дұшпан» – Абай айқындап берген адамгершілікке жат этикалық әдеп нормалары. Абай «Бес асыл ісінде» нағыз адам болу үшін бес нәрсеге асық болу керектігін айтса, «Бес дұшпанда»:

Адам болам десеңіз,

Оған қайғы жесеңіз,

Өсек, өтірік, мақтаншак,

Еріншек, бекер мал шашпак –

Бес дұшпаның білсеңіз... – деп адам бойындағы жағымсыз қасиетті сынға алады. Осы жағымсыз қасиеттерден жұртшылықты сақтандырмақ болады.

Оқушы: «Өсек». Абай заманында ел арасында көп тараған, адамгершілікке жат, жаман қылықтардың бірі – өсек айту, өсекшілдік. Осы жайға реніш білдірген ақын 24-сөзінде «Қазақ ортасынан ұрлық, өтірік, өсек, қастық қылып, өнерді, малды түздеп, бөтен жақтан түзу жол іздеп, өрістетерлік күн болар ма екен» деп армандайды.

Оқушы: «Өтірік». Ақын өтірікті «бес дұшпанның» ең бір жиіркенішті түрі ретінде сипаттап, өз халқын осындай бір сұм кесапаттан тазартуды армандайды. Ақты кара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететін кісілерді Абай имансыз, азған адамдарға жатқызады.

«Расы жоқ сөзінің,

Ырысы жоқ өзінің.

Өңкей жалған мақтанмен,

Шынның бетін бояды» - деп өтірік пен өтірікшілердің бет-пердесін ашады, сынайды.

Оқушы: «Мақтаншак». Абай сөзімен айтқанда, мақтаншақтар біреуді «демесін» демейді, «дейін» деп дейді, азаптанып жүреді. «Біреуі» жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, надан да болса адам. Екіншісі – өз елінің ішінде мақтанарлық мақтан іздейді, оның надандығы толық, адамдығы толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я ауылына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол наданның наданы.

Оқушы: «Еріншек». Адамдардың бойына біткен жаман қылықтардың ішіндегі ең жағымсызы – еріншектік. Абайдың түсіндіруінше, еріншектік –күллі дүниедегі өнердің дұшпаны.

Оқушы: «Бекер мал шашу». Абай шығармаларында қолда бар қаржы мен мал-мүлкін дұрыс пайдалана алмайтын, өз пайдасын білмейтін, сырт көзге жомарт болып көрінетін мақтаншақ адамдарды өлтіре сынаған.

Жүргізуші: Абай адамның адам болу қағидасымен шектелмей, адамтану туралы ойын әрі дамытып, тереңдете берді. Ойшыл ақынды көп толғандыратын ендігі бір мәселе – адамның барлық жағынан жан-жақты жетіліп, «толық адам» болу мәселесі.

Толық адам болу үшін адам бойындағы ең негізгі қасиеттер – қайрат, ақыл, жүрек тең болуы қажет деп тоқтамға келеді.

Көрініс: «Жүрек, ақыл, қайрат». Абайдың жетінші қарасөзі бойынша.

«Жүрек»: Мен адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп, еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп, тулап кететұғын – мен. Әділет, ынсап, ұят, рақым, мейірімділік дейтұғын нәрселердің бәрі менен таралады. Жүрек жанында тұрған «Ақыл» мен «Қайрат» сөз сөйлейді.

«Ақыл»: Ей, ақыл! Амал да, айла да – бәрі сенен шығады, жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені – сен, екеуінің де іздегенін тауып беріп жүресің, соның жаман.

«Қайрат»: Ей, қайрат, сен де жақсылықты берік ұстап кетесің – соның жаман.

Ортада ой таластырған үшеуге әділ төрелікке «Білім ата» келеді. Басына шалма ораған, ойлы қолында кітап.

«Білім»: Сенің үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Осы үшеуінің басын қос, соның ішінде жүрекке билет.

Жүргізуші: Абайдың айтуы бойынша, үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жолын білмек.

Қорытынды: Сонымен, оқушылар, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп тебіренген Абай халқына деген бар күйініші мен сүйінішін сыйғыза отырып, ақын шығармашылығының кемелдену барысында бүкіл адамзатқа ақыл-ой, білім, парасат, адамгершілік қасиеттерді саралап, аты алтын әріппен жазылар нағыз адамға жылы жүректен тұрар мейірім, шапағат-нұрын дарытуды мақсат етті. Баршаға ортақ ізгілік ой-қазынасын ұсынып, адамзаттың Абайы бола білді.

ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Иманы кемел ел мықты

Мақсаты: Оқушыларды имандылыққа, әдептілікке тәрбиелеу, қазақ қоғамындағы әдептілік нормаларымен таныстыру, Отансүйгіштікке, ұлт жандылыққа, халқына деген, оның рухани байлығына сүйіспеншілігін ояту.

Көрнекіліктер: нақыл және өлең сөздері жазылған плакаттар.

Тәрбие сағатының барысы:

Мен қазақпын, бір биік белеспін мен,

Европа да, Азия да емеспін мен.

Аралықпын, жетінші материктей,

Бірақ барша адаммен тең өстім мен.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Қымбатты ұстаздар мен оқушылар, бүгінгі біздің тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер.

1-жүргізуші: Оқушылар, өздерің көріп жүргендей, қоғам дамуымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары да көбеюде. Оның ішінде теледидар, радио, интернет және т.б.

Елімізді дамыту, экономикамызды, өркениетімізді дамыту жолында батыстың бірқатар тәжірибелерін алуымызбен қатар, жағымсыз жақтары да туралы ұмытпағанымыз жөн. Біздің мәдениетімізге жат батыс халқының шектен тыс әдепсіздік элементтері біздің еліміздегі ұлттық тұтастығымызға әлдеқандай зиян тигізуде.

Сонау ХІХ-ғасырда орыстың гуманист жазушысы Федор Достоевский «Еуропаға бет бұрысымызды оның келеңсіз нәрселерін бойға сіңіруден бастадық» деп айтып кеткен екен. Келісесіздер ме?

2-жүргізуші: Біріккен Ұлттар Ұйымының мәлімдемесінде: «Егер біз жаһандандудың пайдалы жақтарын алуға және жағымсыз жақтарынан арылуға тиісті болсақ, біз өзімізді жақсы басқара білуге үйренуіміз қажет» деген.

Бұл сөзін аша кетсек, көптеген, ұйымдар – БҰҰ, Еуропалық Одақ және Дүниежүзілік Сауда ұйымдары сауда қатынастарының ашық болуын қамтамасыз етуде халықтар мен мәдениеттер арасындағы кедергілерді жоюға тырысып бақты. Бірақ қазіргі

тандағы көптеген халықтар арасындағы жанжалдар осы әрекеттердің жемісі деп түсінген жөн.

Өзіміздің халқымызға келетін болсақ, ежелден ата-бабаларымыздың қалдырған мұрасы – рухани мәдениетімізден айрылып қалу қаупі туып тұр. Қалайша біз рухани мәдениетімізді сақтап қалмақпыз?

Дамыған елдер туралы айтсақ (Англия, Испания, Жапония, Араб елдері), олардың өркендеу жолында ең басты берік ұстап келе жатқан дүниесі – рухани байлығы екенін білеміз. Демек, рухани байлығынан айрылған ел бәрінен айрылады. Тілі жоқтың елі жоқ, діні жоқтың рухы жоқ. Жылтыраған дүние тек бүгіннің ғана қуанышы, көз құртының бүгіні ғана жұбанышы болып қала бермек.

Дүние иесімен сәнді болмақ. Ал иесі рухани жаны таза, тіліне, дініне берік болғанда ғана дүниесінің иесі қала бермек.

Бүкіл ел алдыңғы қатардағы өсіп келе жатқан мемлекеттер І-ші орында мектептерде дін тарихын оқытуды жолға қояды екен. Себебі дін сабағы ең үлкен тәлім-тәрбиенің жолы емес пе? Дін жүрекке иман ұялатады. Иманды кісі кез келген өз ісіне сеніммен қарайды. Әрбір істі қолға алғанда ақылға салып, ертең оның сұрауы бар ғой деген оймен ағаттыққа ұрынбайды. Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарымыз: «Қоғамның барлық ісін өркендету үшін шынайы әдептілік болуы керек. Ұлт қоғамды берік сақтаудың жолы. Қағазда жазылғанмен іс жүзінде (еркіндік) болмаса, ой тура жолға салынбаса, онда мемлекет күйрейді деген сөз» деп өсиет қалдырған екен. Өзіміздің қазақ қоғамымызда да ежелден әдептілік нормаларында қаншама даналық жатыр: «Безбепті қазақ малсыздан, безбепті қазақ арсыздан» дегендей, бірінші орынға Ар, Абырой, Ождан ұғымдарын қойған туыстық қарым-қатынас нормасын бұзған адамды ұрмай-соқпай-ақ, атып-аспай-ақ, сол өз ортасы жатсынып, оған «елден шыққан», «қара бет», «жетесіз», «мәңгүрт» деген айып тағылатын болған. Көшпенділер қоғамының тәрбиесін көрген дені дұрыс адам үшін мұнан ауыр жаза жоқ.

Мына сұрақтарға жауап беріңіздер:

• «Жеті атасын білмеген ұл – жетесіз». Бұл даналық тұжырымды қалай түсінесіздер?

• «Діні берік», «діні қатты», «діні аман» деген сөздерді қалай түсінесіздер?

• «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер, өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер» деген сөзді қалай түсінесіз?

• «Бостандық бостандықты тудырады». Неге? Қорытындылай келе, Жұбан Молдағалиевтің «Менің халқым» атты өлеңінен үзінді береміз:

Елі бар бақ жұлдызы жанып тұрған,
Жері бар жаралгандай жарық нұрдан.
Ер халқым, көтерілші өн бойыңа,
Ғаламды таңырқатсын алып тұлған.

Ел болдың, еріктісің, күшің өктем,
Күзің – жаз, гүл-жазира, қысың – көктем.
«Қазақтың ұлымын» деп Еуропада
Мен сені көкірегіме қысып өтем.

Тар жолдан таймай өткен халық – батыр,
Алдыңда бұдан да әсем өмір жатыр.
Дарига-ай, дәурен жетіп көрсем сені,
Тойыңа толған шақта толы ғасыр, - деп ойымызды аяқтаймыз.

ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: «Айбынды ел – Қазақстан!»

Мақсаты: Оқушыларды Тәуелсіздік күнімен, оның рәміздерімен, тарихымен таныстыру. Отанның өткені мен бүгінгісін оқып үйрене білуге және өз Отанын жан-тәнімен қорғауға, азаматтық борышым деп сезіне білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Елтаңба, ту, әнұран, Қазақстан Республикасының саяси-экономикалық картасы, буклет, кітаптар.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Отан отбасынан басталады.

II. Қазақстан – ортақ үйіміз.

III. Астаналар тарихынан.

IV. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.

V. Қазақстан – ХХІ ғасырдағы Айбынды ел.

Сынып жетекшісі:

Әуелгі Отан – ана алды, оттың басы,

Ауыл алды, аунаған шөптің қасы.

Сағынғанда тым ыстық көрінеді,

Жаста ойнаған үйшік қып сайдың тасы.

Отан дейміз от жаққан жерімізді,
Отан дейміз өсірген елімізді,
Отан дейміз туған жер, атамекен,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

Отан дейміз кең байтақ астананы,
Жасыл жайлау, жаңа жол, жас қаланы,
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,

Ол бірақ өз үйіңнен басталады, – деген ақын Өтебай Тұрманжановтың өлең жолдарын оқи отырып, оқушылар, сіздерге мынандай сұрақ қойғым келеді. Отан дегеніміз не? «Отан отбасынан басталады» дегенді қалай түсінесіңдер?

Оқушы: Отан дегеніміз – отбасынан басталады. Одан шексіз, шетсіз қияға өрлеп кете бастады. Ауылдың жұпар иісті жусаны, оның кеудеңе құйылған мөлдір ауасы, жотаға өрлеген жалғыз аяқ жолдары – осының бәрі-бәрі біздің туған елімізді, Отанымызды құрайды.

Оқушы: Туған жерсіз адамның күні жоқ. Алыс кетсең өз үйіңнің ыстық-суығына дейін сағынасың. Туған жерің түсіне енеді. Алыстан сені қол бұлғап шақырады.

Оқушы: Туған ел мағынасы тереңде жатыр. Күлдір-күлдір кісінеп, айнала шапқылаған құлыншақ! Сәуірде бүршік атқан қылтиып күн көзіне көрінген балауса шөп! Күннің қызғылт шапағына бөленген үйлер – осының бәрі тұтас тұрған туған ел!

Сынып жетекшісі: Отанымыз туралы, еліміз туралы түсінгенімізді жақсы айтып жатырмыз. Ал, енді біздің жыршы-жырауларымыз «Отан» туралы айтқан ұлағатты сөздеріне мән беретін болсақ.

Оқушы: Асанқайғы бабамыз алысқа аттанарда осындай әдемі жерді қимай, тебіреніп тұрып төмендегі жыр жолдарын арнапты:

Басканың бәрін қисаң да,
Туған жерді қимайсың.
Бөктеріп алып кетер ем,
Ат сауырына сыймайсың,- деп күрсінген екен.

Оқушы:

- Алатаудың қыраны мол еді,-
Қырағы болсын құлыным.

Қойнау суға мол еді,-
Бұлағы болсын құлыным.
Бұл жер батырлар төрі еді, -
Сыңарлы болсын құлыным!
Әумин!- деп бата беріп отырған.

Оқушы:

Туған жерім арналы сай,
Ішсем суы татиды шекер, балдай.
Қызғалдақ, қалың егіс, көк жоңышқа,

Сенен артық жер, шіркін, өтер қандай! – деп Бауыржан Момышұлы туған жерінің табиғат бесігінде тербеліп, саф алтындай салқын самал ауасын жұтып еркін өскен.

Сынып жетекшісі: Отан десек, біздің көз алдымызға кең-байтақ ұшы-қиыры жоқ «Қазақстан» деген жеріміз елестейді. Біздің туып-өскен жеріміз – Қазақстан. Қазақстан жеріндегі әлемде жер көлемі жөнінен тоғызыншы орын алады. Көктем жылуы оңтүстіктен Қызылқұм, Бетпақдала және Тянь-Шань тауларынан, солтүстіктегі кең далаға дейін аяндап барғанынша екі ай уақыт өтеді. Жеріміздің солтүстігінде әлі қар мызғымастан жатқан кезде, оңтүстіктегі тау етегінде өрік гүлдейді. Бұл өлкеде басын мәңгі қар басқан зенгір таулар, белесті үстірттер, кең-жазира жазықтар мен ойпаттар ұштасып жатады. Ал қанекей, картадан Қазақстанның географиялық орналасуын айтып берейік.

Оқушы: Каспий теңізінің солтүстік-шығысы мен Арал теңізінің солтүстік бөлігі біздің аумаққа кіріп жатыр. Республика жерінде он мыңнан астам өзен мен көл бар. Қазақстан батысы мен солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігі мен оңтүстік-батысында – Түрікменстан, Өзбекстан және Қырғызстанмен, оңтүстік-шығысы мен шығысында Қытаймен шектеседі.

Сынып жетекшісі: Енді, елдердің астаналарына тоқталайық. Сіздер білесіздер, тарихта бірнеше астана болған, бір қаладан екіншісіне ауыстырылып отырған. Қанекей!

Оқушы: Қазақ хандығы қалыптасқан және көркейген кезеңде еліміздің астанасы Түркістан қаласы болған. Ежелгі кезде Түркістан «Йасы» деп аталған. Ол аса маңызды керуен жолдары торабында ірі әкімшілік, шаруашылық және діни орталық ретінде ерекше көзге түскен. VIII ғасырда қала Түркістан деп атала бастаған.

Оқушы: Иә, қазақ жерінің түкпір-түкпірінен, Орта Азиядан, Сібірден келген сауда жолдары осында тоғысқан. Орыс патшасының қазақ хандарына жіберген елшілері Түркістанға келіп, ханға грамота тапсырған. Түркі тілдес мұсылмандардың әулиесі Қожа Ахмет Иасауидің кесенесі салынғаннан кейін бұл қала түркілердің діни орталығына айналған.

Оқушы: 1920 жылы Кеңес үкіметі орнап, Қазақстан республика болып жарияланғанда, оның астанасы ретінде Орынбор қаласы таңдап алынды.

Оқушы: Орынбор Қазақстан мен Орта Азияға баратын үлкен керуен жолының үстінде жатты. Кейінірек, Одақтас Республикалардың шекараларын белгілегенде Орынбор Ресейдің жерінде қалды да, астананы басқа қалаға көшіруге тура келді.

Оқушы: 1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы ежелгі қала – Қызылордада орналасты. Оған қаланың Орынбор-Ташкент темір жол бойында жататындығы, Мәскеумен тікелей байланыс жасауға оңтайлылығы себеп болды. Дегенмен, табиғат жағдайларының тым қолайсыздығы бұл қаланың астана ретінде өсіп, кеңеюіне мүмкіндік бермеді.

Оқушы: 1929 жылы астана Алматыға көшірілді. Тарихи деректерге қарағанда, қазіргі Алматының орнында ежелгі заманда Алмалы деген қала болған. Ол керуен жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан.

Оқушы: Ал 1854 жылы орыс әскерлері Іле Алатауының бөктерінде ежелгі мекеннің орнына Верный деген бекініс құрған. Көп ұзамай бекініс Жетісу аймағының әкімшілігі және мәдени орталығына айналған. Дегенмен, қаланың жан-жақты өсуі оның еліміздің астанасы мәртебесін алуымен байланысты болды.

Оқушы: Еліміз егемендік алғаннан кейін оны басқару жүйесіне күрделі өзгерістер енгізілді. Соған орай, астананың қиыр шетте жатуы мемлекетті басқару ісіне қолайсыз екендігі байқалды. Сондықтан Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Ол іргесі қаланғаннан Ақмола кейіннен «Целиноград» деп, 1992 жылы қайтадан «Ақмола», ал 1998 жылы 6 маусымнан «Астана» деп аталды. Астана – Қазақстанның бас қаласы.

Сынып жетекшісі: 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзін тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Сонымен қатар оның әнұраны, елтаңбасы, туы яғни еліміздің рәміздері қабылданды.

Оқушы: Елтаңба авторлары: Шота Уәлиханов, Жандарбек Мәлімбаев.

Оқушы: Елтаңба – мемлекеттің тарихы дәстүрін көрсететін белгі.

Республиканың елтаңбасы көгілдір түсті бояуының үстіне салынған шаңырақ бейнесінен тұрады. Одан күн сәулесі тәріздес уықтар тарайды. Осы шаңырақ пен уық біздің Отанымыздағы көптеген ұлт өкілдерінің бірлігін көрсетеді, ал қанатты тұлпар көшпенділердің бүкіл өмірі атпен байланыстылығын көрсетеді. Ат – адамның сенімді досы.

Сынып жетекшісі: 1991 жылы желтоқсанда Республика әнұранының жаңа мәтіні қабылданды. Сөзін жазғандар: Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева. Мемлекет әнұранының сазын: Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди ағаларымыз дүниеге әкелген. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2006 жылғы 7 қаңтардағы №112-III Ресми құжаттарна сәйкес, Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қосымша әнұранның жаңа мәтіні қабылданды. «Менің Қазақстаным» әнінің музыкасын жазған: Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

- Қане, қазір бәріміз орнымыздан тұрып әнұранды айтайық. Бұл біздің елімізге деген құрмет болып есептеледі (Әнұран айтылады.)

Сынып жетекшісі: Қазақстан Егемендік алуымен қатар өзінің Ата заңын қабылдады.

Оқушы: Еліміз Егеменді ел болып, тәуелсіздігін алғаннан бері талай қиыншылықтарды басынан кешіп келеді.

Оқушы: Халқымыз нарықтық экономиканы басынан кешіріп, енді ғана оңалып келе жатыр. Бірақ, осындай қиындықтарға қарамай, жас Республикамыз ғылымда, экономикада, мәдениетте көштен қалмай, талай жетістікке жетуде.

Сынып жетекшісі: Ерлік – тәрбиенің жемісі. Ерліктің анасы – мақтаныш. Тазалық, ұқыптылық, кіршіксіздік – мақтаныш сезімін тудырады. Өзін-өзі ұстай білу, талап қоя білу тәртіпті бола білуге үйретеді. Сыртқы тәртіпсіздік адамның ішкі кемістігінің белгісі. Сыртқы ұқыптылық – ішкі жинақтылық белгісі. Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады.

Оқушы: Ұлттық рух – бұл асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы асыл қасиет. Ұлжанды болу үшін ұлттық рух пен ұлтшылдық арасын ажырата білген жөн.

Сынып жетекшісі: Ұлттық рух пен ұлтшылдық арасын ажырата білу үшін – тәрбие керек. Ал тәрбие мәні ол – мақал-мәтелдер.

Оқушы:

Әскерсіз қолбасшы – қауқарсыз.

Басшысыз әскер – әлсіз.

Оқушы:

Қайратыңа әдісінді жолдас ет,

Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.

Оқушы: Әділсіздік – әлсіздік.

Оқушы: Ептілік те ерлік.

Оқушы: Ердің туы – намыс.

Оқушы:

Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,

Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.

Оқушы:

Тәрбиелеп бастаған түлегінді,

Туған елім, тілеймін тілегінді.

Саған қарай садағын кім кезесе,

Қалқан етіп тосамын жүрегімді,-

деп Асанқайғы бабамыз аңсаған. Ал сендер осылай деп айта алар ма едіңдер?

Оқушылар: Біз әрқайсысымыз Отанымыз – Қазақстанды қорғауға дайын болайық.

Сынып жетекшісі қорытынды сөз сөйлейді.

Тақырыбы: «Қаһарман қыз Хиуаз»

Мақсаты: Қазақтың біртуар батыр қыздарының бірі, ұшқыш Хиуаз Доспанованың бейнесін сомдаған шығармалар арқылы оқушыларға отансүйгіштік тәрбие беру.

Көрнекілігі: Х.Доспанованың портреті, стенд, «Қазақтың батыр қыздары» атты фотомонтаж, ерлік туралы қанатты сөздер жазылған плакаттар, жеңіс туралы әндер жазылған музыкалық үнтаспа т.б.

Сынып жетекшісі: Құрметті ұстаздар мен оқушылар, Ұлы Отан соғысының жеңісіне орай «Қаһарман қыз Хиуаз» атты тәрбие сағатын ұсынамыз.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін».

Сынып жетекшісі: Қаһармандығы тарихта белгілі болғанымен, дүйім жұртқа көп таныс емес қазақтың батыр қыздарының бірі Хиуаз Қайырқызы Доспанова (15.05.1922 жылы Атырау облысында дүниеге келген – 21.05.2008 жылы Алматы қаласында қайтыс болды) Ұлы Отан соғысы жылдары кезінде қан майданда ерлікпен шайқасқан қазақтың ұшқыш қызы М.М.Раскова (1912-1943) басқарған 46-шы гвардияның түнгі бомбалаушы-ұшқыштар полкінде штурман қызметін атқарған. Солтүстік Кавказ, Кубан, Қырым, Украина мен Белоруссия, Польша мен Германияны фашистерден азат ету жолында жау тылына 300-ден аса рет ұшып шығып, көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін «Қызыл жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. Соғыстан кейін Қазақстан Жоғары Кеңесінің депутаты, Жоғары Кеңес төралқасының хатшысы, Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінің 1-ші хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің 2-ші хатшысы қызметтерінде болған. Еңбектегі жетістіктері үшін «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. «Халқым үшін» (1963), «Под командованием Расковой» (1965), т.б. кітаптары жарық көрген.

КСРО кезіндегі әділетсіздіктердің салдарынан «Кеңес Одағының батыры» атағына лайық болса да оған берілген жоқ, дегенімен әділеттілік орнап Қаһарман ұшқыш, қазақтың тұңғыш офицер қызы Хиуаз Қайырқызы Доспанова Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Отан наградalarını тапсыру барысында «кешегі қан майданда қазақ халқының мерейін асырған, оның ішінде қазақ қыздарының қуатын, жоғары адами

қасиетін көрсете білген Х.Доспанованы «Халық қаһарманы» жоғары наградасымен марапаттады».

Тәрбие сағатының барысы:

Сахна алдына екі жүргізуші шығып, музыка сазына үйлестіре сөз сөйлейді.

1-жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Сіздерді халық қаһарманы, алғаш рет қазақтан шыққан жалғыз ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың өмір жолын, отансүйгіштік сезімін, Отаны үшін жанқияр ерліктерін паш етуге арналған әдеби-сазды монтажды тамашалауға шақырамыз!

2-жүргізуші:

Ерлікті бағалайтындарды шығыс әлеміне жалт қаратқан қос жұлдызымыз - Әлия мен Мәншүкті Ұлы Жеңістің қарсаңында жиі еске алып жүрген жайымыз бар еді. Екі қыз қазақ қаһармандарының ешқашан тот баспайтын екі белгісі еді. Тәуелсіздік күні қарсаңында тағы бір қаһарман қызымызды таныдық.

1-оқушы:

Авиация тарихында әйелдер авиаполкі 1942 жылдың көктемінде жасақталды. Осы полктің құрамында қазақ қызы Хиуаз Доспанова да болған еді. Ол сол кезде бар болғаны 20-ақ жаста екен. Сол 20 жасында ол адам таңқаларлық ерліктер жасады. Жау шебіне 300 мәрте ұшып барып, неміс фашистерін зор шығынға ұшыратады. Сол үшін «Қызыл Жұлдыз», I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

2-оқушы:

1930-жылдардың соңында «жастарға қайда барса да жол ашық» деген ұранның буы жастарды шыр айналдырып, ерлікке, батырлыққа бастап, жан таптырмайтын еді.

3-оқушы:

Мысалы, кеңестік ұшқыш Валерий Чкаловтың Еуропадан Америкаға Солтүстік полюс арқылы барған ерлігінің зор дәріптелгені сондай, бала атаулы Чкалов боламыз деп еліруші еді...

4-оқушы:

Осындай ерліктердің жастарды ерлікке, қаһармандыққа жігерлендіргені рас. Солардың бірі Орал қаласындағы №1 мектепте оқитын Хиуаз Доспанова еді. Жақсы оқитын, жігерлі де белсенді қазақ қызына сол кезде алынбайтын қамал жоқ секілді көрінген. Ол

да өзінше ұшқыш болуды армандады. Бірақ Чкалов секілді бола алмаймын-ау, ол ер адам ғой деп өкініп жүргенінде, Валентина Гризодубова, Полина Осипенко және Марина Раскова үшеуі Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін қонбай ұшып, өзі де желкілдеп жүрген қызды одан бетер таң қалдырды. Сол екпінмен Хиуаз қаладағы аэроклубқа жазылды.

5-оқушы:

Сонымен алған бетінен қайтпайтын қаһарман қыз 1940 жылы мектепті үздік бітіргенде запастағы ұшқыш деген куәлік те алып шығады. Сөйтіп Мәскеуге жол тартып, Хиуаз Мәскеудің 1-ші медициналық институтына оқуға түседі. Бұл жерде де алғыр қыз құрбыларының алды болып жүреді. Сабақты жақсы оқумен қатар ол спорттық гимнастикамен де айналысады, әрі қоғам жұмысының белсендісі болады. Сөйтіп жүргенде бір жыл өте шығып, жазғы сессия күндері басталады.

2-бастаушы:

Осы мезетте талай жастың өмірін қиған, талай ананың өзегін өртеген, талай балаға жетімдік көрсеткен соғыс басталды. 1941 жыл...

1-бастаушы:

Бұл соғыс жаны таза, жігері мықты қазақ қызының отансүйгіштік сезімін өршіте түсті.

6-оқушы:

Бойында отансүйгіштік қасиеті жоғары Хиуаз өзге құрбылары секілді демалыста үйіне кетпей, Мәскеу қорғанысына қатысу жұмыстарына қалады. Олар әуелі «Метрострой» жүйесінің қарамағында болса, еріктілерді артынан Мемлекеттік қорғаныс комитеті өз қолына алады.

7-оқушы:

1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылы басталады. Жан-дүниесі белсенді іске жанығып тұратын Хиуаз бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда өзінің ақырын жүріп сабақ оқи алмасын біледі. Майданға сұранып, медбике, тым болмаса санитар болып кеткісі келіп жүргенде бір күні атакты Марина Раскованың қыз-келіншектер авиаполкін құрғалы жатқанын естиді. Көктен іздегені жерден табылған Хиуаз алдыңғылардың бірі болып, атакты М.Расковаға келеді. Жасыратыны жоқ, қараторы қызға мұнда да сенімсіздікпен

қасиетін көрсете білген Х.Доспанованы «Халық қаһарманы» жоғары наградасымен марапаттады».

Тәрбие сағатының барысы:

Сахна алдына екі жүргізуші шығып, музыка сазына үйлестіре сөз сөйлейді.

1-жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Сіздерді халық қаһарманы, алғаш рет қазақтан шыққан жалғыз ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың өмір жолын, отансүйгіштік сезімін, Отаны үшін жанқияр ерліктерін паш етуге арналған әдеби-сазды монтажды тамашалауға шақырамыз!

2-жүргізуші:

Ерлікті бағалайтындарды шығыс әлеміне жалт қаратқан қос жұлдызымыз - Әлия мен Мәншүкті Ұлы Жеңістің қарсаңында жиі еске алып жүрген жайымыз бар еді. Екі қыз қазақ қаһармандарының ешқашан тот баспайтын екі белгісі еді. Тәуелсіздік күні қарсаңында тағы бір қаһарман қызымызды таныдық.

1-оқушы:

Авиация тарихында әйелдер авиаполкі 1942 жылдың көктемінде жасақталды. Осы полктің құрамында қазақ қызы Хиуаз Доспанова да болған еді. Ол сол кезде бар болғаны 20-ақ жаста екен. Сол 20 жасында ол адам таңқаларлық ерліктер жасады. Жау шебіне 300 мәрте ұшып барып, неміс фашистерін зор шығынға ұшыратады. Сол үшін «Қызыл Жұлдыз», I және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

2-оқушы:

1930-жылдардың соңында «жастарға қайда барса да жол ашық» деген ұранның буы жастарды шыр айналдырып, ерлікке, батырлыққа бастап, жан таптырмайтын еді.

3-оқушы:

Мысалы, кеңестік ұшқыш Валерий Чкаловтың Еуропадан Америкаға Солтүстік полюс арқылы барған ерлігінің зор дәріптелгені сондай, бала атаулы Чкалов боламыз деп еліруші еді...

4-оқушы:

Осындай ерліктердің жастарды ерлікке, қаһармандыққа жігерлендіргені рас. Солардың бірі Орал қаласындағы №1 мектепте оқитын Хиуаз Доспанова еді. Жақсы оқитын, жігерлі де белсенді қазақ қызына сол кезде алынбайтын қамал жоқ секілді көрінген. Ол

да өзінше ұшқыш болуды армандады. Бірақ Чкалов секілді бола алмаймын-ау, ол ер адам ғой деп өкініп жүргенінде, Валентина Гризодубова, Полина Осипенко және Марина Раскова үшеуі Мәскеуден Қиыр Шығысқа дейін қонбай ұшып, өзі де желкілдеп жүрген қызды одан бетер таң қалдырды. Сол екпінмен Хиуаз қаладағы аэроклубқа жазылды.

5-оқушы:

Сонымен алған бетінен қайтпайтын қаһарман қыз 1940 жылы мектепті үздік бітіргенде запастағы ұшқыш деген куәлік те алып шығады. Сөйтіп Мәскеуге жол тартып, Хиуаз Мәскеудің 1-ші медициналық институтына оқуға түседі. Бұл жерде де алғыр қыз құрбыларының алды болып жүреді. Сабақты жақсы оқумен қатар ол спорттық гимнастикамен де айналысады, әрі қоғам жұмысының белсендісі болады. Сөйтіп жүргенде бір жыл өте шығып, жазғы сессия күндері басталады.

2-бастаушы:

Осы мезетте талай жастың өмірін қиған, талай ананың өзегін өртеген, талай балаға жетімдік көрсеткен соғыс басталды. 1941 жыл...

1-бастаушы:

Бұл соғыс жаны таза, жігері мықты қазақ қызының отансүйгіштік сезімін өршіте түсті.

6-оқушы:

Бойында отансүйгіштік қасиеті жоғары Хиуаз өзге құрбылары секілді демалыста үйіне кетпей, Мәскеу қорғанысына қатысу жұмыстарына қалады. Олар әуелі «Метрострой» жүйесінің қарамағында болса, еріктілерді артынан Мемлекеттік қорғаныс комитеті өз қолына алады.

7-оқушы:

1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылы басталады. Жан-дүниесі белсенді іске жанығып тұратын Хиуаз бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда өзінің ақырын жүріп сабақ оқи алмасын біледі. Майданға сұранып, медбике, тым болмаса санитар болып кеткісі келіп жүргенде бір күні атақты Марина Раскованың қыз-келіншектер авиаполкін құрғалы жатқанын естиді. Көктен іздегені жерден табылған Хиуаз алдыңғылардың бірі болып, атақты М.Расковаға келеді. Жасыратыны жоқ, қараторы қызға мұнда да сенімсіздікпен

карады. Бірақ соғыс кезіндегі жаны жанығып, жалындап тұрған қызды полкқа қабылдайды.

8-оқушы:

Сөйтіп Хиуазды Саратовтың әскери-әуе училищесіне жібереді. Мұнда штурмандар дайындайтын сыныпты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде авиация тарихында тұңғыш рет құрылған түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады.

9-оқушы:

Хиуаз қызмет еткен полк Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысады. ПО-2 деп аталатын бомбалаушы ұшақтардың міндеті алдын-ала белгіленген жау құрамалары шоғырланған жерлерді бомбалап қайту еді. Штурман ретінде Хиуаздың жұмысы ұшақты нысана үстін дәл әкелу, сосын жарқырауық бомбаны тастау, егер нысана көрініп тұрса оның үстіне басқа бомбаларды да төгіп өту еді. Сонымен бірге ұшаққа жау истребителі шабуыл жасаса, пулеметтен оқ боратуы керек. Ал егер ұшқыш командир жараланса, не оққа ұшса, өз кабинасындағы штурвалмен ұшақты да басқарып кете беру болатын. Міне, сондықтан да штурманның рөлі ерекше болатын.

10-оқушы:

Хиуаз күні бүгінге дейін өзімен бірге ұшқан қарулас достарын еске алып отырады. Қиын кезде бірге болып, ажалдың аузына қайтқан сол кездегі жас ұшқыштар Полина Белкина, Мария Смирнова, Дуся Носаль, Юлия Пашкова, Ирина Себрова сияқты құрбылары еді. Солардың бірі Кеңес Одағының Батыры атағын алған, эскадрилья командирі Марина Чечнева «Менің қарулас достарым» атты кітабында Хиуаз Доспановаға он бес бет арнапты. Соның бір жерінде қазақ қызының штурман ретіндегі шеберлігіне былай тоқталады: «Доспанова әрдайым өзінің ұшағын нысанаға дәл бағыттап және өзінің әуежайына да дәл шығып отыратын еді».

11-оқушы:

Кавказ, Қырым майдандарындағы шайқастардың өзінде де қыз-келіншектерден жасақталған авиаполк үкіметтің жоғарғы наградаларын алып жатты. Алдымен оған «гвардиялық» деген атақ берілді, сосын «Тамань», артынан оның туына «Қызыл Ту», «Суворов» ордендері қадалды.

12-оқушы:

Кеңес әскерлері 1945 жылы Берлинді алған күндердің бірінде Мемлекеттік қорғаныс комитеті қыз-келіншектер авиаполкін алғашқы болып таратып, оларды әскер қатарынан босатады.

2-бастаушы:

Соғыстағы ерліктері үшін Хиуазға «Қызыл Жұлдыз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендері, «Кавказды азат еткені үшін» медалі беріледі. Әскери атағы да аға лейтенант шеніне өседі.

1-бастаушы:

2004 жылы 15 желтоқсанда Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Тәуелсіздік күні қарсаңында өзінің Жарлығымен елімізге сіңірген айтарлықтай еңбектері, республиканың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан зор үлестері үшін марапатталған Қазақстанның бір топ азаматтарына мемлекетіміздің жоғары наградаларын тапсырды.

13-оқушы:

Елбасы Ұлы Отан соғысына ұшқыш болып қатысқан Хиуаз Доспанова туралы айрықша айтып өтті. Кешегі қан майданда қазақ халқының мерейін асырған, оның ішінде қазақ қыздарының рухани қуатын, жоғары адами қасиеттерін көрсете білген Хиуаз Доспанованың есімі ежелден еліміздің аузында. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы қарсаңында бұл кісіге «Халық Қаһарманы» жоғары атағының берілуі кейінгі ұрпақ жүрегінде халқымыздың рух қуатын мәңгіге сақтауда, жастарды тәуелсіз еліміздің лайықты патриоттары етіп тәрбиелеуде нағыз үлгі болмақ.

14-оқушы:

Алматы қалалық әкімдігінде қала әкімі Иманғали Тасмағамбетов Хиуаз Доспановаға «Халық Қаһарманы» атағының айрықша белгілері – «Алтын Жұлдыз» бен «Отан» орденін тапсырды. Елімізге ерлігі белгілі қызымыздың ерлігі осылай бағаланып, мерейі тасыды!

2-бастаушы:

Хиуаздың есімін қазақ жұртшылығына алғаш танытып, мақала жазған сол кездегі майдандық газеттің тілшісі, ақын Сағынғали Сейітов екен.

1-бастаушы:

Сонымен қатар Хиуаз Доспанова туралы батыр қыздың досы Раиса Аронованың естелік кітабында, соғыс кезінде әскери ұшқыш болған П.Батлуктың «Гвардиялық полктің штурманы», эскадрилья

командирі Марина Чечневаның «Менің қарулас достарым» атты кітаптарында атап өтілген.

2-бастаушы:

Хиуаз Доспанованың 1960 жылы жарық көрген «Под командованием Расковой», 1963 жылы шыққан «Халқым үшін» атты кітаптары бар. Батыр қыздың ерлікке толы жылдары туралы мағлұматтар осы кітаптарда берілген.

1-бастаушы:

Соғысты екінші топтағы мүгедек болып аяқтаған Хиуаз мединститутқа қайтып келіп, оқуын жалғастырмақ болады. Бірақ тағдыр оған басқа жолды жазыпты. Майданнан жаңа қайтқан жаралы қарындаспен әңгімелесіп отырып, оның бойындағы белсенділігі мен қажырын байқап қалған сол кездегі Орал обкомының бірінші хатшысы Мінайдар Салин оны қоғамдық қызметке шақырады. Сөйтіп, өзі туған облыста нұсқаушы болып жүрген Хиуазды обком келесі жылы Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді.

2-бастаушы:

Бұл Хиуаздың бойындағы дарынын ашуға серпін берген қадам болды. Аталмыш оқу орнын үздік бітірген ұшқыш қызды үкімет Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне сайлайды.

1-бастаушы:

Осындай қызметте жүрген батыр қыздың ұйымдастырушылық қабілетімен қоса шындыққа шырылдап ара түсетін, принципшіл, алған бетінен қайтпайтын, табанды қырлары да көрінеді.

2-бастаушы:

Батыр қыз Хиуаз Доспанованы Бауыржан Момышұлы, Сағынғали Сейітов секілді ел азаматтары құрмет тұтып, жоғары бағалаған. Хиуаз батыр ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, жоғары адамгершілік қасиетімен елеулі. Ол өз халқының адал перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат!

Қорытынды: Хиуаз – халқының сүйіктісі, сол себептен де оның ерлігін елі ұмытпай, елеп өтуде. Батыр қыздың ғажайып тұлғасын аңызға айналдыру жоғары отаншылдықтың белгісі, жас ұрпақтың жетуге талпынатын мұраты.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: «Халық өнері – асыл қазына»

Мақсаты: Ұмыт болған салт-дәстүрлерді дәріптеу оқушылардың өз халқына, ұлтына, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

Көрнекілігі: Ұлағатты сөздер жазылған слайдтар, суреттер, буклеттер, «Халық өнері – асыл қазына» атты фотоальбом.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Кіріспе сөз.

Құрметті оқушылар! Сіздер бүгінгі халық өнері асыл қазына атты тәрбие сағатына қош келдіңіздер! Әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері салт-дәстүрі, тілі болатыны белгілі. Біздің тәрбиеміз де ананың ақ сүтінен, ана әлдиінен, атаның қасиетті сөздерінен бастау алады. Халқымыздың әдет-ғұрпы мен дәстүрін біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру – азаматтық борышымыз.

Хор «Қазақы дастарханым».

II. Әр топ өздерін жеке-жеке таныстырып өтеді.

«Мұрагер» тобының ұраны: Салт-дәстүрлерді қастерлеп сақтаймыз.

1-оқушы:

Ассалаумағалейкум, халқым менің
Ардақта дәстүрінді, салтыңды, елім.
Мереке басы болсын берекенің,
Игі еңбектің жемісін бәрің жегін.

2-оқушы:

Біздер бұрын көрмеген
Салт-дәстүрім өлмеген.
Үйренеміз дәріптеп
Заманымда өрлеген.

«Құлагер» тобының ұраны: Ата-бабамыздың өнерін, салт-дәстүрін әрі қарай жалғастырамыз.

3-оқушы:

Егемен болмай ел болмас,
Етек-жеңі кең болмас,
Терезесі тең болмас,

Енді қазақ кем болмас.

4-оқушы:

Мәнге толы қазағымның ғұмыры,
Сан асылдың ашылып тұр тұғыры,
Кеше ғана керексіз қып тастаған
Ғажап екен қазағымның ғұрыпы.
Сәнге толы қазағымның тірлігі,
Кіріп тұрса ынтымақ пен бірлігі.
Әр жүректе бүршік жарып гүлдейді,
Сезімді серпілтетін жыр гүлі.

5-оқушы:

Әнге толы бабалардың даласы
Ақпейілді баласы мен данасы.
Ардақтылар ақтаңдақтан көрінбей
Күлгін тартты артып дұшпан жаласын.
Ел тарихы, жер тарихы өзіміз,
Болашақтың қасиетті көзіміз,
Барлық ұлтпен бауырласып жетерміз
Ақ-қараны тілеп тұрса сөзіміз.

6-оқушы:

Қазақ жері – қонақжай төрлер жері,
Қазақ елі қырағы ерлер елі,
Елі кедей болмаған – жері байтақ
Едігедей, Бабырдай шерлер елі.
Азат бүгін байлыққа тұнған елім,
Азап жүгін, ел жауын қуған ері,
Әділет пен бірлікке жанын қиып
Әділ өткен билердің туған елі.

7-оқушы:

Қазақ жері көп шеккен қасіретті,
Қазақ елі өнерлі, өсиетті.
Египетті билеген Бейбарыстың,
Елі текті, киелі, қасиетті.

8-оқушы:

Қазақ жері көп шеккен қасіретті,
Қорлаған жау басқыншы халыққа мұң.
Қобыланды, Ер Тарғын, Алпамыстар,
Қорғап қалды ел бағын алыптарым.

9-оқушы:

Бауыр басқан тәніміз
Бұзылмаған антымыз,
Кең даланың қазақ дейтін халқымыз,
Өзге ұлттай бар дәстүрі мен салтымыз.

10-оқушы:

Толе би, Қазыбек би, орақ тілді Әйтекем,
Асқар тау, Қазығұрттай білімді еді,
Бірі күн, бірі туған айдай болып,
Заманға сәйкесімен келіп еді.

Біздің ата-бабаларымыз данышпан шешен болған, олар кез келген сұрақтарға, жұмбақтарға ойланбай жауап берген.

Көрініс: Өз-Жәнібек сұрайды:

– Дүниеде не өлмейді?

Би: Ағын су өлмейді, асқар тау өлмейді, аспанда ай мен күн өлмейді, әлемде кара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығыпты.

Жиренше:

Ағын судың өлгені –
Алты ай қыста қатқаны
Асқар таудың өлгені –
Басын бұлттың жапқаны
Ай мен күннің өлгені –
Еңкейіп барып батқаны.
Қара жердің өлгені –
Қар астында жатқаны.
Ажал деген атқан оқ –
Бір Алланың қақпаны.
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

Мұғалім: Балалар он түрлі жұмбағым бар, шешесіңдер ме?

Оқушы: Айтыңыз, шешеміз.

Мұғалім: Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он.

- Бір дегеніміз бірлігі кеткен ел жаман.
- Екі дегеніміз егесіп өскен ер жаман.
- Үш дегеніміз шідеріне шалынған ат жаман.
- Төрт дегеніміз төсектен безген жас жаман.

- Бес дегеніміз белдесіп өткен жау жаман.
- Алты дегеніміз асқынып кеткен ауру жаман.
- Жеті дегеніміз жас келіншек жесір қалса сол жаман.
- Сегіз дегеніміз сыйы кеткен ер жаман.
- Тоғыз дегеніміз торқалы той, топырақты өлімге бас көрсетпесе сол жаман.

- Он дегеніміз оңалмас кәрілікке дауа болмас.

Хор «Ата дәстүрлері».

«Бесікке салу» дәстүрі.

Бесік – көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздан қалған қасиетті мұра. Қазақта «Ел боламын десең бесігіңді түзе». Сондай-ақ «Есік көргенді алма, бесік көргенді ал» деген ұлағатты сөздер бар.

Әже (бесікті ашып):

Алас-алас,

Бар пәледен қалас,

Асқар-асқар таумен кет,

Ағыны қатты сумен кет,

Тастай қаткен түнмен кет,

Ұйытқып соққан желмен кет,

Бисмиллә балам,

Ұйқың тәтті болсын,

Күлкің шатты болсын,- деп бесікке салады.

Ана:

Әлди-әлди ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем,

Жылама, бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

Көкала иттің құйрығын

Жіпке тағып берейін.

Қорытынды.

Тақырыбы: Киім кию әдебі

Мақсаты: Оқушыларға киім, сән туралы мағлұмат беру, киім таңдауда талғампаздық, әдемілік қасиеттерін меңгерте білу, оқушының жеке талғамы арқылы киімді дұрыс таңдай білуге, өз мәдениетін жетілдіруге тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Кіріспе сөз.

II. Киіне білу де – өнер .

III. Сұрақ-жауап.

IV. Сөздің көркі – мақал.

V. Қорытынды.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен оқушылар! «Киім кию әдебі» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: «Киіміне қарап қарсы ал, ақылына қарап шығарып сал» дегендей, сәнді киім адамның қоғамдағы орнынан, білімінен, тұрмыстық жағынан хабар беріп отырады. Ал бүгінгі өткізгелі отырған тәрбие сағатымыз осы әдемілік, әдептілік, сән жайлы түсініктер бермек.

Бұған он оқушы қатысады. Тәрбие сағатымыз үш бөлімнен тұрады.

1. Киіне білу де – өнер. Оқушылар киім кию туралы өз ойларын, пікірлерін ашық айтып өтеді.

2. Сұрақ-жауап. Оқушыларға түрлі сұрақтар қойылады.

3. «Сөздің көркі – мақал». Мұнда әдемілік, әдептілік, сыйластық қасиеттеріне орай мақал-мәтелдер айтылады.

Ал осы сайыстың қорытындысын қазылар алқысы шығарса дейміз.

Іске сәт, оқушылар!

1-жүргізуші: Киім ұғымы адамның уақытқа және қоғамдық жағдайларға сәйкес сұлулық туралы белгілі бір ұғымын бейнелейді. Адамзат қоғамы дамыған сайын бұл көзқарастар өзгереді. Яғни сән де үнемі жаңарып отырады. Құрметті көрермендер, оқушылар, әдемілік, сәнділік, талғампаздық мәдениеттерін еске ала отырып, сайысымызды бастаймыз.

Алғашқы тур «Киіне білу де – өнер» деп аталады.

Қане, оқушылар, киім киюдегі әдептілік, қандай киімдер адамға үйлесіп тұрады? Сән туралы өз пікірлеріңізді айтып өтсеңіздер.

2-жүргізуші: Киім таңдаудағы жақсы талғамды білдіретін көрініс әдемілік, сәнділік. Сәнділік ұғымы киім мен аяқ киімнің, бас киімнің, қолғаптың, сөмкенің бір-біріне үйлесіп тұруына байланысты болып келеді.

Келесі турымыз: «Сұрақ-жауап» деп аталады.

1. Сән дегеніміз не?

2. Досыңыз әдемі көйлек киіп келді. Оған сіздің көзқарасыңыз?

3. Талғам дегеніміз не?

4. Қазіргі жастардың киім киісіне сіздің көңіліңіз толады ма?

5. «Ағаш көркі – жапырақ, адам көркі – шүберек» деген мақалдың мағынасын қалай түсінесіз?

6. Сіз қазіргі сәнмен киінесіз бе?

1-жүргізуші: Бұдан кейінгі турымыз «Сөздің көркі – мақал» деп аталады. Оқушылар әдептілік, әдемілік қасиеттеріне орай мақалдар айтып өтсін.

Мақал-мәтелдер айтылады.

2-жүргізуші: Киімге деген талғампаздық адамның өзіне-өзі сын көзбен қарай білуінің белгісі. Киім адамды жұртқа тым оқшау көрсетпеуі тиіс. Әр халықтың өз дәстүрін, киім киісін, ұлттық қасиетін сақтай отырып киінуі сол ұлтты биіктен көрсететін ардақты қасиет екенін білдіреді. Бүгінгі өткізген тәрбие сағатымызда сіздерге киінудегі ұлттық, рухани мәдениеттің эстетикалық талғамының бір түрін көрсетіп өтуді міндет еттік.

1-жүргізуші: Киімді әркім өзінше таңдайды, таңдау кезінде жеке талғамы мен үлгі ағымына сүйенеді. Жақсы киіне білу де адамның өз мәдениеті, талғамы, адамгершілік негіздеріне сүйенетін өнер деп тегін айтылмаса керек. Орны-орнымен мақтай біл, құрметін сақтай біл демекші жаңа болып өткен оқушылар сайысын қорытындылау сөз кезегін қазылар алқасына береміз.

2-жүргізуші: Оқушылар, бүгінгі тәрбие сағатында киім туралы, сән жайлы біраз мағлұматтар айтылды. Әрине 45 минут көлемінде тақырыпты толық қамту мүмкін емес, бірақ та бүгінгі айтылғандардан сіздер естеріңе сақтап, бұдан былай әдепті де әдемі, талғампаз оқушылар болады деп сенеміз.

Сынып жетекшісі: Құрметті оқушылар, бүгінгі тәрбие сағатымыз өз мәресіне жетті. Көңіл қойып тыңдап, қатысқандарыңызға көп рақмет!

Тақырыбы: Қазақтың киіз үйі

Мақсаты: Халқымыздың ежелден дәріптеп келген салт-дәстүрлері мен тағылымдарын бойына сіңіріп өскелең ұрпақты ізгілік пен парасаттылыққа баулу.

Көрнекілігі: Киіз үйдің үлгісі, жиһаздары, отау, шаңырақ жөнінде жазылған слайд материалдары.

Тәрбие сағатының барысы:

1-жүргізуші: Ертеде мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын баспанасы киіз үй болған. Ол тез жығып, түйеге артып жүруге, шапшаң тігуге ыңғайлы, көшіп-қонуға лайықтап жасалған. Киіз үй заманымыздың VII ғасырында кеңінен пайдаланылып, киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне айналған. Оған Алтай, Сібір, Қырым таулы-тастарындағы сурет таңбалар айғақ бола алады. Ұзақ жылғы тәжірибе негізінде халық киіз үйдің ұйтқып соққан желге жығылмайтынына, нөсерлеп құйған жаңбырды өткізбейтініне көзі жетіп, оны баспана етуді әдетке айналдырған.

Киіз үйдің көшіп-қонуға ыңғайлылығымен бірге жазда ауасы таза, салқын болады. Қос қабаттап киіз жапқан үйде ертеде ата-бабаларымыз қыста да қыстап шыққан. Балшықтан соққан там үйлер бергін келе тұрақтанып, егіншілікпен айналыса бастаған кезде пайда болған.

Қазақтың киіз үйі сыртқы жабуына қарай «Үзікті», «Көтерме туырлықты», сүйегінің уақ-ірілігіне қарай: «Ақ орда», «Ақ отау», «Алтын орда», «Хан орда», және «Қараша үй», «Қара лашық», «Абылайша», «Ұраңқай», «Жолым үй» сияқты түрлерге бөлінеді.

Киіз үйдің сүйегі дегеніміз, ол – кереге, сықырлауық, уық, шаңырақ. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық. Кереге – киіз үйдің қабырғасын құрайды. Кереге жасау үшін шыбық талды кептіріп, оны қоламтаға төсеп балқытып, арнаулы үлгімен ырғақта қатырады. Үлгіге келген талды жонып, бояйды, түйенің мойын терісінен жасаған таспамен көктейді. Бұл жөнінде мынадай тақпақ бар.

Оқушы:

«Мықты болса іргеміз,

Бәріміз де біргеміз.

Сонда құт пен береке», -

Деп жатады ел неге?

Үй тұрмайды орнығып,

Керілмесе кереге.

Уық та керегеге ұқсас әдіспен даярланады. Уықтың керегеге жақын бүгілісін «иіні», ал шаңыраққа байланысар бөлігін «қары» дейді:

Оқушы: Уықтар –

Бұл жөнінде ел біледі,
Шаңырақ пен керегені,
Ұстастырып тұрмаса,
Тұтастырып тұрмаса,

Қайыспайтын уықтар,
Қалай олар жуықтар?
Байқап өзін көрсендер,
Мықтысы осы дерсіңдер.

Шаңырақ – киіз үйдің күмбезді төбесін құрайтын ең жоғарғы бөлшегі. Қазақ ұл-қызына бата бергенде «Шаңырағың биік болсын» деуі осыдан шыққан. Сонымен қатар шаңырақ берекені, бірлікті де білдіреді. Бата-тілек бергенде, «Шаңырағың шайқалмасын» деп жатады. Бұл отбасы тату-тәтті, ынтымақты болсын деген сөз.

Оқушы:

Елім бақыт санайды,
Таңы атса арайлы.
Өсіп-өнген халқымыз,
Ақ ордадан тарайды.
Ақ ордамыз – ақ отау,
Елімізге бақ отау.
Ырза болса Қаратау,
Басын иген Алатау.

Ақ отадан жалын ап,
Өсіп жатса жамырап,
Сол отауды құрайтын.
Биік тұрған шаңырақ.
Ұнаған соң үлгісі
Мақұлдады ел, кісі.
Елтаңбасы – Шаңырақ,
Болды елімнің белгісі.

Киіз үй және оның жасаулары.

«Сағанакты кереге»,
«Шаңырақ» біреу,
Шаңыраққа сексен «уық» болар тіреу.
«Алты қанат» ақ боз үй дейсің мұны,
Сұраса сынап біреу-міреу.
Буынып, «белдеу, арқан», «басқұрына»,
Жабылар «төрт туырлық» қапсырыла.
Төрт бауырлы «түндік» сонсоң орын тебер,
Киіз үй күмбезіне бастырыла.
«Жалаң ши», «ораулы ши», «үзік», «желбау»,
Бұларда қызыл-жасыл бояу молдау.
Жел соқса, дауыл соқса, шайқалмасқа,
«Желбауға» жүк байлайды сәл ауырлау.
Ең алғаш «күлдіреуіштен» сығалар таң,
Басында – керегенің «адалбақан».
Тәрдегі «текеметте» малдас құрып,
Ертегі-аңыздарды айтар атаң.
Іргеден маңдай төсеп еспе желге
Қымыз іш, қарыз қалмас еш денеңде.

«Кесеқап», «аяққап», «әбдіре», «сандық» -

Болмаған арттық мүлік көшпелі елде.

Сықырлауық кереге шеңберіне басқұр арқылы тартылып, кереге бауымен байланады. Есік табалдырық пен маңдайшадан, қос босағадан, жарма беттен тұрады. Шаңырақтан кейінгі ерекше кастерленетін киіз үйдің бөлшегі – босаға. Жаңа қосылған жас жұбайларға «Қос босағаң берік болсын» немесе, «босағаны керме» деп ырымдап жатуында үлкен мән-мағына бар. Босағаны киелі, қасиетті деп санаған.

Оқушы:

Мұны мықты жасаған,
Ақ тілекті дос адам.
Шайқалмайды шаңырақ,
Берік болса босағаң.
Осы арқылы енеді,
Тербетілер бесікте,
Осы арқылы келеді
Бақыт пенен несіп те.
Босағасыз тұрмайды,
Тұрмайды әсте есік те.

Ән: «Ақ босаға».

Киіз үйдің жиһаздары

Қазақтың киіз үйіне лайықталып жасалған үй жиһаздары болған. Олар: кебеже, әбдіре, кереует, ағаш жастық, жүк аяқ, тұскиіз, кілем. Төселетін бұйымдар: алаша, текемет, сырмақ, тулақ, құрақ көрпеше. Тұтынатын бұйымдар: аяққап, кесеқап, тұлып, қоржын. Ыдыс-аяқ: кесе, табақ, ағаш аяқ, күбі, тостаған, қасық, ожау, келі т.б.

Енді осы жиһаздарға тоқталайық:

Оқушы:

Болмас үйге түспесек,
Шалап, сусын ішпесек.
Кірсең бәрі дайын тұр,
Көрпе жастық, құс төсек.
Көп ойланып қалмай-ақ,
Ажыратасың оңай-ақ,
Ағаш төсек, әбдіре,
Жарасып тұр жүкаяқ.

Түкті кілем, түс киіз.
Түрлі түсті алаша.
Оны-мұны елеме,
Деп қалмашы немеңе?
Анау тұрған ожау мен
Қымыз торсық, тегене,
Ілулі қоржын, аяққап,
Адалбақан – бәрі бар.

Айналаңа қарасаң,
Бәрі-бәрі тамаша.

Оқушы:

Кілем – сәнді тоқылатын, баспананың жылулығын сақтайтын және дыбысын бәсеңдететін арнайы үй жиһазы. Оларды тоқу ерекшеліктеріне қарай түкті кілем, тақыр кілем деп бөледі.

Оқушы: Сырмақ деп – ою бастырып немесе жиекпен өрнектеліп сырған төсеніш үй жиһазын айтады.

Оқушы: Кебеже – көшіп-қонып жүргенде сүр ет, құрт-май сақтайтын ағаш тақтайшасынан жасалынып, бетін ою-өрнекпен жиектелген, сандықша ыдыс. Ертеде қазақтар көшіп-қонып, кебежені түйеге теңдеп, жас балаларды соған отырғызатын болған. Үйде кебеженің үстіне абдыра қойылып, оның үстіне көрпешектер жиналып қойылады. Әбдіре – киім-кишек салатын, беті ою-өрнектермен жиектелген, үлкен қақпақты қорап ыдыс.

Оқушы: Ағаш жастық – екі басы қайқы, ағаш төсегінің ең алғаш пайда болған бөлшегі: биіктігі 25-30 см, көлденені бір немесе екі кісілік болады. Ағаш төсекте ағаш жастығы беті ою-өрнектермен әшекейленген.

Оқушы: Күбі – ағаштан жасалып, май шайқауға, қымыз, шұбат пісуге, кейде көже ашытуға арналған ыдыс. Ожау – сусын ішуге, құюға арналған ыдыс. Ағаштан жасалатын ожаудың түрін II ғасырдан қолдана бастаған, ал металдан жасалған ожау XVI-XIX ғасырда пайда болған.

Қорытынды: Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында киіз үйге байланысты жұмбақтар оқиды:

Ерте тұрдым, алып ұрдым.

(Есік)

Отыз омыртқа, қырық қабыртқа,
Бәрін көтеріп тұрған ауыз омыртқа.

(Кереге, уық, шаңырақ)

Жетпіс кемпір, жер тістеп жатыр.

(Керегенің аяқтары)

Тәрде төртеуі отыр төремін деп,
Есікте екеуі отыр өлемін деп,
Ортада біреуі,

Құдайдың не салғанын көремін деп.

(Жұқаяқ, екі босаға, адалбақан)

Қорытынды.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: «Жасөспірім құқығы»

Мақсаты: жасөспірімді өз елінің патриоты болып қалыптасуына, үлкен жауапкершілік иесі, ынталы, жігерлі, басқаның құқығын құрметтейтін азамат болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасы Конституциясы баптарынан үзінді, «Бала құқықтары туралы» Конвенция, накыл сөздер.

Жұмыс формасы: командалық сайыс.

Қатысушылар: 8 сынып оқушылары, қазылар алқасы, ата-аналар.

Жүргізу реті.

Сынып жетекшісі: Құрметті қонақтар, оқушылар! Біздің еліміз – бүкіл әлем қауымдастығы мойындап отырған тәуелсіз, егемен мемлекет. Әр мемлекеттің өз заңы болады. Президент Н.Ә.Назарбаев: «Занды білу заман талабы» деген болатын. Көптеген азаматтар санасында құқық ұғымы – жазалау, соттау, құқық бұзылуы ұғымына байланысты түсінеді. Ал құқық - әлеуметтік әділеттілік, теңдік, ізгілік және қоғамға негізделген тәртіп ережелері. Бүгінгі тәрбие сағатымызда құқық ұғымын мемлекет тәртібі, құқық адамдар арасындағы, өндірістік қарым-қатынасты реттеуші құрал ретінде қарастырамыз. Ол үшін мектебіміздегі 8-сынып оқушылары өзара командалық сайысқа түсіп, құқық туралы өз білім, біліктілігін ортаға салады. Олар – 8 «А» сыныбының құрама командасы «Жас заңгер» тобы және 8 «Ә» сыныбының құрама командасы «Бала би» тобы.

Қазылар алқасында:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
2. Мектеп инспекторы, немесе, құқық қорғау органының өкілі.
3. Ата-аналар комитетінің өкілі.
4. Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының өкілі. (Сынып жетекшісі әрқайсысын таныстырады).

Ал енді сайысымызды бастаймыз. Командалар топтарымен алдын-ала белгіленген орындарға жайғасады.

Сайыстың 1-бөлімі «Ой сергіту».

Толық жауап берілген кезде бағалануы «5» балл.

Әр топқа 11 сұраққа жауап дайындау ұсынылады. Уақыт мөлшері – 5 минут.

1-топқа арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы қашан жарық көрді?
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі?
3. Қазақстан Республикасында қанша қазақ тұрады?
4. БҰҰ деген не?
5. Құқық немен қорғалады?
6. «Жеті жарғыны» кім жазды?
7. Құқық деген не?
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы күні?
9. Біздің мемлекет қандай мемлекет?
10. Есім хан жазған заң жинағы?
11. Еліміз Егемендік алған жыл?

2-топқа арналған сұрақтар:

1. Ұлттық валютамыз қай жылы шықты?
2. Қазақстан Республикасының рәміздері?
3. Шарифатта «Ата-ананы құрметтеу туралы» не айтылған?
4. Адам құқығын кімдер қорғайды?
5. Қазақстан Республикасы БҰҰ-на қашан мүше болды?
6. БҰҰ-ның атқаратын қызметі?
7. Конституция деген не?
8. «Жеті жарғы» заңдар жинағының мазмұнында не баяндалған?
9. Жоғары мемлекеттік наградаларды атаңыз?
10. Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабы» туралы айтыңыз?

Сынып жетекшісі: қазылар алқасы топ жауаптарын саралап, бағалауын сұраймын.

Сайыстың 2-бөлімі «Ойды аяқта».

Сынып жетекшісі: Қазір мен оқитын мақалдарды аяқтау керек. Кім бірінші және дұрыс жауап береді? Бағалануы: 1-5 аралығында.

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)
2. Біреуге ор қазба... (өзің түсесің)
3. Қолыңмен істегенді ... (мойныңмен көтер)
4. Заңның құрығы... (бәрінен де ұзын)
5. Ер туған жеріне... (ит тойған жеріне)
6. Өтіріктің құйрығы... (бір-ақ тұтам)

7. Тура биде... (туған жоқ)
8. Өзге елге ұлтан болғанша... (өз елінде сұлтан бол)
9. Еңбек түбі... (зейнет)
10. Бақа көліне ... (патша)
Ер елінде ... (патша)
11. Өлімнен ұят ... (күшті)
12. Ақыл жастан, асыл... (тастан)

Сайыстың 3-бөлімі «Өз құқығыңды білесің бе?»

Сынып жетекшісі: бұл бөлімде әр топ мүшелері Қазақстан Республикасының «Балалар құқығы Конвенциясынан» және «Қазақстан Республикасының Конституциясы» баптарынан үзінділер оқып, оның мағнасын түсіндіруді келесі топқа ұсынады. Уақыт мерзімі – 7 минут. **Сайыстың 4-бөлімі «Ой талқылау».**

Сынып жетекшісі: парақта жазылған жағдаяттардың қайсысында бала құқығы қорғалуы керектігін айқындау керек.

Парақтағы жағдаяттар:

1. Автобус жүргізушісі есіктің алдын босатып, салонның ортасына қарай ығысуды талап етті.
2. Анасы ұлының көшеде кешкі сағат 9-дан кейін қыдыруына тыйым салды.
3. Әкесі ұлына мектептен «екілік» алып келсе жазалайтынын айтты.
4. Мектеп директоры ауыстыратын аяқкиім ала келуге бұйырды.
5. Құқық қорғау органының өкілі жасөспірімді көшеден кездестіріп, дереу өзінің кабинетіне алып келіп, жауап алуға кірісті.
6. Ағасы 6-сыныпта оқитын інісінен көшеде машиналарды жуып, табыс табуын талап етті.

Сайыстың 5-бөлімі «Таным-тағылым».

Сынып жетекшісі: командалар құқық тану бағытында берілген тақырыптарға эссе жазады. Уақыт мерзімі 10 минут. Ең жоғарғы ұпай – 5, қанағаттанарлығы – 3 ұпай.

Тақырыптар:

1. «Адам құқығы» деген сөзді қалай түсінесің?
2. «Қоғам» дегенді қалай түсінесің?

Сынып жетекшісі: Жоспарланған сайыс түрлері өткізілді. Екі команда мүшелері барлық тапсырмаларды толық орындауға тырысты. Енді осы жұмыстарымыздың қорытындысын анықтау үшін келесі сөзді әділқазылар алқасына беремін.

Қазылар алқасының төрағасы сайыс қорытындысын жариялайды. Жеңімпаз команда капитанына мақтау қағазы тапсырылады.

Қорытынды: сынып жетекшісі сабақты қорытындылай келе, әр команда жауабындағы кемшіліктерге тоқталып, оқушылардың құқықтық білімін толықтыру үшін алынатын шаралар туралы мәлімдеме жасайды.

Сынып жетекші:

Құқығымды қорғаған,
Ата Заңды қолға алам.
Оның әрбір бабымен,
Әділеттік орнаған.
Тәуелсіздік мәңгілікке сақталсын,
Алдымыздан барлық үміт ақталсын.
Тату-тәтті бірге болып қашанда,
Бейбіт өмір бар халықта жақталсын!

**ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕГЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ
САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ**

Тақырыбы: Табиғат – тал бесігін

Мақсаты: Оқушыларды табиғатты қорғауға, қастерлеуге тәрбиелеу, табиғатқа деген сүйіспеншілігін туғызу.

Көрнекілігі: Жылдың төрт мезгілі – фотосюжет, табиғат көріністерін бейнелейтін көрме, буклеттер, ауылымыздың сыртқы көрінісін бейнелейтін шағын макет, табиғат жайында жазылған плакаттар, табиғат жайында кітаптар, ребустар, сөзжұмбақтар.

Тәрбие сағатының барысы:

Жүргізуші: Табиғат – деп отырғанымыз адамдардың мекен тұрағы, көзбен көріп қызықтайтын, әсер алатын қуанышы. Адамдар табиғатты аялай отырып, одан әсер алып, өзін әдемілікке тәрбиелейді. Табиғаттың иесі де адамдар. Табиғаттағы адамдар, жәндік, жануар болсын бәрі бір-бірімен тығыз байланысты. Олардың даму жағдайлары бір-бірімен тығыз байланыста болса ғана табиғаттың заңы бұзылмайды. Сондықтан табиғатқа деген сүйіспеншілігіміз біздің адамгершілік қасиетіміздің ең жоғарғы деңгейі. Табиғатты аялай білсек, бізге де табиғат дұрыс қарап, бар байлығын аялай алдымызға төгіп салған кездері болған еді.

Сондықтан адам – табиғаттың төл перзенті. Қазіргі таңда табиғи ортаның бүлінуі орын алып отыр. Табиғат –біздің тал бесігіміз.

Табиғатпен тілдесу

Табиғат,
Тіршіліктің тұнып тұрған,
Сен күнсің көтерілген күліп қырдан.
Сен көлсің,
Сен – ормансың,
Сен бұлбұлсың,
Адамды сұлулыққа құнықтырған.
Сен – жерсің,
Сен – жарықсың,
Сен – адамсың,
Сен – гүлсің,
Сен – ауасың,
Сен –Анамсың.
Бәрі сен мына жарық дүниесің,
Шабытын ақын біткен сенен алсын,
Ешкімге етпеп ең ғой сен алалық.
Қарайсың тіршілікке неге налып.
Жайнатып сені мәңгі әкетейін
Әкелші, дертің болса, мен-ақ алып!

Табиғаттың қасіретін түсініп, қолдан келгенше аялап, келешек ұрпаққа табыс ету бүгінгі біздің міндетіміз. Бүгінгі тәрбие сағатымыздың мақсаты да осы.

1-оқушы:

Қайырлы түн!
Жер анам,
Көк аспанды жамыл да,
Таңға дейін дін аман
Тәтті ұйқыда дамылда!
Орманың да шуламасын, суларың да туламасын,
Ақ басты ала тауларың да
Күңіренбесін, жыламасын.

2-оқушы:

Шамынды өшір, түсіре ғой пердеңді,
Қайырлы түн, Алып жер!
Дүбірлетіп сенің ұлы кеуденді.

Таптамасын танктер.

Қайырлы түн,

Көк аспан, алып жерді төсен де,

Таңға дейін тәтті ұйқыда толаста, ұшырама кеселге.

3-оқушы:

Қайырлы түн!

Көк аспан алып жерді төсен де,

Боз көрпенді айқара ашып, жап шыққа

Сенің нұрың тыныштықпен жарасқан

Қайырлы түн! Ұйықта.

Шашу болып жұлдыздарың шашылды,

Айың келіп, ақ мойнына асылды.

Шәліге орап, әлдилеген құс жолы

Тыныштық деп аталатын жас ұлды.

4-оқушы:

Адамға табиғатсыз өмір бар ма?

Не қиын кезеңдерге төзді ол да.

Дария орта түсіп, теңіз қашып,

Табиғат бұлқынады қыл бұрауда.

5-оқушы:

Табиғат адамдарға нәр береді

Сәмбі тал саз кешеді, сәнденеді

Өртенген жетім тоғай жәутең қағып,

Мұнайып сездіреді әлденені.

6-оқушы:

Мезгілсіз зымыранды ұшырады,

Асау жел ерік бермей құтырады.

Күтіп, баптап, аялап ескермесе

Байлығынан адамдар ұтылады.

7-оқушы:

Уа, табиғат, шеберсің-ау, шеберсің,

Көрмегенді көрсетерсің, бересің.


Ұлан-асыр, байлығыңды місе етпей

Ашкөзденген адамдарға не дерсің?

Хор. «Атамекен».

Жүргізуші: Балалар, ендігі кезекті біздің «Табиғат – тал бесігің» атты тәрбие сағатымыздың табиғат деген сөзіне қазір сөзжұмбақ шешіп көрелік.

Қане, кім көп білер екен!



1. Ағаш.

2. Жеміс аты.

3. Дән.

4. Ұшатын жәндік аты.

5. Кішкентай құс.

6. Абай өлеңі (жылдың төрт мезгіліне байланысты).

7. Ай аты.

Жүргізуші: Адамзат табиғатты қашанда туған анасына балаған, оның көріністерін масаттана жырлаған, табиғат туралы көп көркем туындыларын мұра қып қалдырған қай ақынды білесіңдер? (Абай Құнанбайұлы). Олай болса, Абай атамыздың жылдың төрт мезгілге байланысты өлеңдерін есімізге түсіріп, жатқа айтайық.

Оқушы: Қыс.

Оқушы: Жаз.

Оқушы: Жазғытұры.

Оқушы: Күз.

Жүргізуші: Балалар, енді біз кезекті көрініске берейік. «Табиғатты аялайық» атты сахналық көрініс.

Автор - оқушы.

Тал - оқушы.

Балалар – оқушылар.

Кешірім сұрайтын бүлдіршін - оқушы.

Автор: Талдың төбесіне өрмелеп шығып, бұтағын майыстырып жатқан бүлдіршінге жерде тұрған бала оған тал болып үн катады.

Тал:

Сындырма мені,

Мен – жақсылық кені!

Мен – денсаулық емі!

Мен – еркелетем сені!

Күтсеңдер, гүл шашам,

Жолыңа жұпар шашам.

Көлеңкемді сағаларсың,

Салқындап демаларсың.

Автор: Тал үстіндегі бала өз ісінің әбестігі үшін ұялып, балалардан кешірім сұрайды.

Бүлдіршін:

Балалар, мені кешіріңдерші,
Мен енді мұндай іс жасамаймын.

Мені де өз қатарларыңа қосыңдар!

Тал: Балалар, сендер мен туралы көп білетін боларсыңдар, мен жайында кім тақпақ айта алады?

Автор: Балалар білетін тақпақтарын жатқа айтады.

Оқушы:

Көктем шыға тал шыбық.

Көк жапырақ киінген.

Биік тұрар шаншылып,

Кейбір зәулім үйлерден.

Оқушы:

Қатар-қатар көк терек.

Көкке байлап өседі.

Жапырағы көкпенбек

Сәнге бөлер көшені.

Оқушы:

Білегінді түрін де

Отырғыз, дос, жас шыбық

Алма ағаштың гүліндей

Құлпырады тіршілік.

Оқушы:

Жасыл бұтақ түрінде

Жатады өмір сыр бүгіп.

Аппак гүлдің түбінде

Қызыл алма тұр бұғып.

Оқушы:

Сыбдыр-сыбдыр жапырақ,

Аймаласып жер қапқан.

Жер анаға бір өзгеше

Түсі алтын кілем жапқан.

Тал: Ой, балалар, көп рақмет. Енді, мен сендерге жұмбақ айтайын.

Қане, шешіп көріңдерші.

Тікен-тікен тік пісте,

Қысы-жазы бір түсте.

Бала: Шырша.

Тал: Жарайсыңдар, балалар!

Автор: Балалар талды риза қылып, одан кешірім сұрап, үйлеріне тарай бастайды. Міне, балалар, сендер де бұтаны жұлмай, қайта оларды өсіруге, өркендетуге тырысыңдар. «Табиғатты аялайық», жас достар!

Жүргізуші: Ән. «Желсіз түнде жарық ай». (А. Құнанбаев)

Жүргізуші: Балалар, енді біздер бәріміз «Туған жер» атты өлеңді хормен айтамыз.

Туған жер

Туған жерім, ақ туысың арымның,
Табынсам, тек саған ғана табындым.
Кіндікті мен үйрендім де далаңнан
Талабыма темір таға тағындым.

Күнделікті үйрендім де далаңнан,
Даналық пен дарқандықтан жаралған.
Қиялшыдай көз жіберіп қияға
Көкірегіме ұя салды бала арман.

Болашақтың сипап өткен самалын,
Сезінгендей серпіледі сана мың.
Елім менің, ертеңім мен сенің,
Үкілі үміт бүгін балғын баламын.

Бақыт қандай балаң болып жаралу
Мейірімі нұр, пейілі жыр дала ару!
Перзентім, парызымдай арманым –
Кірпішің боп кетігіңе қалану!

5-сынып оқушыларын салтанатты түрде «Жас эколог» үйірмесіне тарту.

Оқушыларға төсбелгі тағу рәсімі.

Қорытынды.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Жігіт сұлтаны

Мақсаты: Оқушыларды рухани, интеллектуалды жағынан дамыту және өз тарихын, мәдениетін қастерлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жігіттер туралы нақыл сөздер жазылған слайд, газет шығарылады.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар сіздерді «Жігіт сұлтаны» сайысына қатысуға шақырамыз.

2-жүргізуші:

Кездесер күн бүгінгі
Жүректер дүрсілдеуде.
Қырандай бір-біріңмен
Жарысуға келдіңдер ме?

1-жүргізуші:

Бәрі де қолдарыңда,
Қандай жол таңдайсыңдар.

2-жүргізуші:

Әділдікпен баға берер жігітке,
Әділдікпен қара қылды қақ жаратын
Әділқазы алқаларын сайлайық
Ер жігітті таңдап бүгін алуға.

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар! қазылар алқасын таныстыруға рұқсат етіңіздер. Төрт әділқазылар алқасының мүшелері сайланады. Әрқайсысына бағдарлама жазылған қағаз беріледі. Баға нөмірлері таратылады (3,4,5).

2-жүргізуші:

Өмірге талаптанған
Өршіл ой, армансыңдар.
Қиялға қанаттанып,
Алысқа самғарсыңдар, - дей отырып сайыскер
ұлдарымызбен танысайық.

Ұлдар өздерін таныстырады.

1-жүргізуші:

Өнерлі өрге жүзеді талаптанып,
Қыран биік самғайды қанаттанып.
Адам үшін парыз ғой өнер іздеу,

Жүрген соң Адам деген атақты алып, - дегендей, ендігі кезең өз өнерін көрсету.

Ұлдар өз өнерлерін көрсетеді.

2-жүргізуші:

Спорт біздің досымыз,
Күш-қайратың сыналған.

Спорт біздің досымыз,

Бала кезден шыңдаған, - дей келе сайысымыздың 3-бөлімі «Күш сынасуды» бастаймыз.

1-жүргізуші:

Білекті бірді жығар, Білімді мыңды жығар, - дей отырып, сайысымыздың 4-бөлімі «Сұрақ - жауап».

Ұлдарға ұлттық ұғымдар бойынша сұрақтар қойылады.

Ұлтымыздың әр сөзі

Асып жатыр кәдеге.

Жігіт сұлтаны мінеки

Келіп жетті мәреге.

Әділқазылар алқасына сөз беріледі.

Қорытындылау.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА АРНАЛҒАН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

Тақырыбы: Нашақорлық – қорлық

Мақсаты: Есірткіні қолданудың денсаулыққа зиянын оқушыларға жеткізу, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойын еркін жеткізуге үйрету, сабаққа ынтасын жоғарлату.

Көрнекілігі: буклет, фото көрме, бейне материалдар.

Тәрбие сағатының барысы:

Жүргізуші: Бүгін біз тәрбие сағатымызды «Нашақорлық – қорлық» деген тақырыпқа арнаймыз. Қазіргі кезде елімізде есірткіні қолдану және оған қарсы күрес жүргізу негізгі мәселенің біріне айналды. Зиянды әдеттерге алкоголь ішімдіктеріне үйір болу, темекі тарту және нашақорлық жатады. Әділін айтсақ, бұлардың қайсысы болса да қайғылы жағдайға соқтыратын құмарлық кесел. Ішімдік, нашақорлық, темекі адам организмiне өте қауіпті. Бірақ біз бүгінгі шағын уақытымызда бұл мәселелерді бірден қамти алмаймыз. Бұл мәселеге соншалықты үлкен мән беріліп отырғаны

сол, нашақорлыққа ең бастысы жас адамдардың және жастардың тартылуы.

Жүргізуші: а) Пікірталас

Балалар, ойланып көріңдерші, адам есірткіні не үшін қолданады?

- таныс емес сезімді сынап көру;
- бұл заттарды қолданып көрген адамға еліктеу;
- өмірдің ауыртпашылығынан арылып, өздерінің басқалардан «кем» еместігін сезіну;
- «жок» деп айта алмау;
- ата-аналардың, мұғалімдердің пікірімен келіспеу;
- зеріккеннен не істерін білмеу;
- өздеріне назарын аудару;
- сәтсіздіктен және кездейсоқтықтан қорқу;
- мектепте оқуды игере алмау.

Жүргізуші: б) Есірткінің зияны

Есірткіні жүйелі қолдану ағзада зат алмасу процесінің өзгеруі, есте сақтаудың нашарлауына, мағынасыз ойлардың пайда болуына, жеке тұлғаның тоқырауына, ұрықсыздыққа әкеледі.

Нашақорлықтан емделу өте күрделі, өткені нашақорлар қоғаммен байланысын жоғалтқан, олардың көпшілігінің психикасы қатты бұзылған. Оларға тек медициналық көмек қана емес, жақындардың көмегі, өмір сүріп отырған қоғамның көмегі ауадай қажет.

Есірткіні ағзаға егу алғашқы кезеңде жақсы көңіл күй және жалған сезім мен жалғасады. Ал іс жүзінде есірткі қолдану психикалық және дене тәуелділігіне, бүкіл ағзаның ауруына соқтырады. Есірткі қолдану салдарынан адамның психикасы, жүрек-тамыр және жүйке жүйесі, бауыр, бүйрек зардап шегеді, тістері бұзылады, қан тамырлары ауырады, иммунитеті төмендейді. Нашақор адам 35 жасқа да жетпейді, нашақорлардың орташа жас мөлшері қысқарады. Есірткі зат алмасу процесіне қатыса отырып, ең алдымен сиротинин шығарушы ми клеткасын өлтіреді. Сиротиннің адамды белсенділікке жетелейтін және түңілдіріп отыратын көңіл күйдің ауытқуын бақылау жасайтын мидың қызметіне көмек беретін зат. Имунды жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы әртүрлі жұқпалы ауруларға ыңғайлы болып келеді. Есірткі заттар обыр, асқазан жарасының және т.б. пайда

болуына соқтырады. Ортақ инені пайдалану салдарынан СПИД және гепатит жұқтыру қаупі артады.

Сонымен, есірткіні қолданумен байланысты қандай қауіптер туындайды?

- үйір болу, дененің және психиканың тәуелділігі;
- есте сақтаудың жойылуы;
- СПИД және басқа ауруларды жұқтыру;
- келешек ұрпағындағы кемістік;
- эмоцияның және ағзаның зат алмасуының бұзылуы.

Жүргізуші: в) Карточкалармен жұмыс

Өзін-өзі бақылау сұрақтары:

- «Нашақорлық» ауруының белгілері мен қауіптері қандай?
- проблеманың қандай жолдарын білесің?
- аз уақыт қолданған есірткінің денсаулыққа ықпалы бар ма?
- есірткі заттарды 3 рет қолдану тәуелділікке ұрындыратыны шындық па?
- есірткіні мөлшерден тыс қолдану неліктен қауіпті?

Жүргізуші: г) «Келеңсіз оқиға». («Келеңсіз оқиға» атты қыз бен баланың есірткімен айналысу туралы шағын әңгіме оқу.) Балалар, ойланып, көріңізші, осы жастардың болашағы бар ма? Неліктен Вика есірткіні құлап бара жатқан самолеттегі өмірмен салыстырады?

Қазақстан мемлекеті нашақорларды емдеуге кепілдіктер беріп тұр. Егер біреу есірткімен айналысуды байқаусызда бастаса, міндетті түрде дәрігер наркологқа немесе психиатрға баруы керек.

Сіздің денсаулығыңыз өз қолыңызда!

Сонымен, нашақорлық қауіпті кесел, онымен ауырмай, алдын алған жөн деген сөздермен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Қорытынды.

Тақырыбы: Темекінің адам ағзасына тигізетін зардабы

Мақсаты: Оқушыларға темекі құрамы мен оның адам ағзасына тигізетін әсерін және зиянын түсіндіру. Темекінің адам ағзасына тигізетін зардабын, тәжірибе жүзінде көздерін жеткізе отырып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Көрнекілігі: бейне роликтер, слайд материалдары, бөтелке, мақта, сіріңке, темекі, қызыл, көк түсті фигуралар.

Тәрбие сағатының барысы:

Жүргізуші: Құрметті оқушылар «Темекінің адам ағзасына тигізетін зардабы» тақырыбы бойынша ретпен, толықтырып отырамыз және ойымызды ашық айтамыз.

Темекі жайлы өткен сабақтардан білесіздер. Енді темекі туралы сұрақ қоямыз, соған жауап беруге дайындалыңыздар.

1) Темекінің қорабын көрсетіп, оның сыртында жазылған сөзді оқу. «Денсаулық министрлігінің ескертпесін оқи тұра, кейбір адамдар неге темекі тартады?»

Жауап.

- Зиянын білмегендіктен тартады.
- Үлкендерге еліктейді.

2) Осы темекіден адам өкпесіне қандай улы зат жиналуы мүмкін?

Жауап.

- Смола

3) Смола дегеніміз не?

Жауап.

- Темекі құрамындағы заттар күйгенде түзілетін қоспа.

4) Смоланың өкпеге қандай әсері бар?

Жауап.

- Смоланың құрамында ауру туғызатын реактивті элементтер бар. Ол өкпедегі алмасу жолдарын бекітеді.

5) Темекі адам өмірін қысқарта ма?

Жауап.

- Қысқартады. Егер күніне 1 қорап темекі тартатын болса, онда 1 аптада 1 күндік өмірі қысқарады.

- Сұраққа өте жақсы жауап бердіңіздер. Енді сыныпты 4 топқа бөлеміз.

Бөліп отырғызғаннан кейін, әр топқа сұрақ беріледі, қорытындысын немесе жауабын бір оқушы айтады.

1-топ. Темекінің құрамы.

2-топ. Темекінің адам ағзасына әсері.

3-топ. Ал санап көрелік, темекінің отбасылық бюджетке қандай әсері бар?

4-топ. Темекінің зияны мен пайдасы.

Балалар, сендер темекінің құрамын, адам ағзасына әсерін, бюджетке қандай әсері бар екенін, зиянын, пайдасын айтып

жатырсындар. Олай болса, бәріміз мына тәжірибеге көңіл аударайық.

Бөтелке алынады, оның аузына мақта салынып, аузы жабылады да, бөтелкенің қақпағына тесік жасалып темекі орналастырылады. Темекі тартылады.

Сұрақ: Темекіші бөтелкені кімге ұқсатамыз?

Жауап: Адамға.

Сұрақ: Салынған мақта не?

Жауап: Өкпе.

Сұрақ: Нені байқадыңыздар?

Жауап: Мақтаның сарғайғанын, қолға сап-сары болып жұққанын, ісінің жаманын, ішке түтіннің кеткенін байқадық.

- түтін өкпедегі газ алмасу жолдарын бекітеді, сары болуы ол смола, сонымен қатар онда никотиннің болуы.
- никотиннің болуын қалай білеміз?
- оны білу үшін жапырақты сүртсек, қарайып қалады.

Мінеки, балалар, темекінің өкпеге қаншалықты әсерін көріп отырмыз. Олай болса, темекі тартатын адамдардың 90% өкпе ауруымен ауырады екен.

Екі топ, көк, қызыл фигуралар алу арқылы топқа бөлінеді.

Көрініс: «Сен қандай жауап берер едің?»

Мұғалім: Тақтада ілінген суретке түсінік береді.

Ерлан мен Сәуле дос. Қонаққа бара жатыр, олар лифтпен жоғары көтеріліп келеді, лифт тоқтап қалды. Ерлан біраз тұрғаннан кейін жиі темекі тартты. Қасында тұрған Сәуле не айтты? Ерлан не істейді?

I топ ұлдар рөлін,

II топ қыздар рөлін көрсетеді.

- ал енді осы көріністен Ерлан бірден темекі тартпаймын деді ме?

- жоқ. Олар біраз айтысып қалды. Ал жоқ, тартпаймын деп айту қиын. Олай болса, осы темекінің зиян екенін біле тұра тартпауға бола ма? Болса адам темекі тартпау үшін қандай болу керек.

- ұстамды, табанды, ерік-күші мықты болу керек.

- темекі жайында бейнеролик көрсетіледі.

Денсаулығымыз жақсы, мықты болсын десек, темекі тартпауымыз керек.

Қорытынды.

Тәрбие сағатының барысы:

Жүргізуші: Құрметті оқушылар «Темекінің адам ағзасына тигізетін зардабы» тақырыбы бойынша ретпен, толықтырып отырамыз және ойымызды ашық айтамыз.

Темекі жайлы өткен сабақтардан білесіздер. Енді темекі туралы сұрақ қоямыз, соған жауап беруге дайындалыңыздар.

1) Темекінің қорабын көрсетіп, оның сыртында жазылған сөзді оқу. «Денсаулық министрлігінің ескертпесін оқи тұра, кейбір адамдар неге темекі тартады?»

Жауап.

- Зиянын білмегендіктен тартады.
- Үлкендерге еліктейді.

2) Осы темекіден адам өкпесіне қандай улы зат жиналуы мүмкін?

Жауап.

- Смола

3) Смола дегеніміз не?

Жауап.

- Темекі құрамындағы заттар күйгенде түзілетін қоспа.

4) Смоланың өкпеге қандай әсері бар?

Жауап.

- Смоланың құрамында ауру туғызатын реактивті элементтер бар. Ол өкпедегі алмасу жолдарын бекітеді.

5) Темекі адам өмірін қысқарта ма?

Жауап.

- Қысқартады. Егер күніне 1 қорап темекі тартатын болса, онда 1 аптада 1 күндік өмірі қысқарады.

- Сұраққа өте жақсы жауап бердіңіздер. Енді сыныпты 4 топқа бөлеміз.

Бөліп отырғызғаннан кейін, әр топқа сұрақ беріледі, қорытындысын немесе жауабын бір оқушы айтады.

1-топ. Темекінің құрамы.

2-топ. Темекінің адам ағзасына әсері.

3-топ. Ал санап көрелік, темекінің отбасылық бюджетке қандай әсері бар?

4-топ. Темекінің зияны мен пайдасы.

Балалар, сендер темекінің құрамын, адам ағзасына әсерін, бюджетке қандай әсері бар екенін, зиянын, пайдасын айтып

жатырсындар. Олай болса, бәріміз мына тәжірибеге көңіл аударайық.

Бөтелке алынады, оның аузына мақта салынып, аузы жабылады да, бөтелкенің қақпағына тесік жасалып темекі орналастырылады. Темекі тартылады.

Сұрақ: Темекіші бөтелкені кімге ұқсатамыз?

Жауап: Адамға.

Сұрақ: Салынған мақта не?

Жауап: Өкпе.

Сұрақ: Нені байқадыңыздар?

Жауап: Мақтаның сарғайғанын, қолға сап-сары болып жұққанын, ісінің жаманын, ішке түтіннің кеткенін байқадық.

- түтін өкпедегі газ алмасу жолдарын бекітеді, сары болуы ол смола, сонымен қатар онда никотиннің болуы.

- никотиннің болуын қалай білеміз?

- оны білу үшін жапырақты сүртсек, қарайып қалады.

Мінски, балалар, темекінің өкпеге қаншалықты әсерін көріп отырмыз. Олай болса, темекі тартатын адамдардың 90% өкпе ауруымен ауырады екен.

Екі топ, көк, қызыл фигуралар алу арқылы топқа бөлінеді.

Көрініс: «Сен қандай жауап берер едің?»

Мұғалім: Тақтада ілінген суретке түсінік береді.

Ерлан мен Сәуле дос. Қонаққа бара жатыр, олар лифтімен жоғары көтеріліп келеді, лифт тоқтап қалды. Ерлан біраз тұрғаннан кейін жиі темекі тартты. Қасында тұрған Сәуле не айтты? Ерлан не істейді?

I топ ұлдар рөлін,

II топ қыздар рөлін көрсетеді.

- ал енді осы көріністен Ерлан бірден темекі тартпаймын деді ме?

- жоқ. Олар біраз айтысып қалды. Ал жоқ, тартпаймын деп айту қиын. Олай болса, осы темекінің зиян екенін біле тұра тартпауға бола ма? Болса адам темекі тартпау үшін қандай болу керек.

• ұстамды, табанды, ерік-күші мықты болу керек.

• темекі жайында бейнеролик көрсетіледі.

Денсаулығымыз жақсы, мықты болсын десек, темекі тартпауымыз керек.

Қорытынды.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН САХНАЛЫҚ ҚОЙЫЛЫМДАР

«Ер Тарғын»

Қатысушылар:

Ақшахан – Қырымның қырық ханының үлкені.

Олалай, Бұлалай – Қырым жұртының жауы, Торғауыт елінің хандары.

Тарғын – қыпшақ батыры.

Ақжүніс – Ақшаханның жалғыз қызы.

Құл, күң, уәзірлер – Ақшаханның адамдары.

Ханзада хан – Еділдегі Ормамбеттің он сан ноғайының бір ханы.

Бек – ханзаданың қол астындағы би.

Көбен, Теген, Себен – Ханзаданың қол астындағы батырлар.

I көрініс.

(Шымылдық ашылады. Тақта отырған Ақшаханның алдына уәзірі келеді)

Хан (уәзіріне қарап): Кешегі соғыста Алалай, Бұлалай еліне бастап кірген бір батыр болды. Жаудың қамалын бұзып алған сол батырды тауып, маған алып кел!

(Уәзір шығып кетеді де, біраздан соң Тарғынды алып келеді. Ханның жанына тұрады.)

Хан (онымен көріседі): Сен кімсің?

Тарғын: Мен қыпшақпын.

Хан: Сен қыпшақ болсаң, біздің жұртқа неге келдің?

Тарғын: Мен ханымыздың бір жақсы бегін шаһид еттім. Онан соң жұрт менің тынышымды ала бастады. Сол себепті сіздің қоластыңызға қашып келдім.

Хан: Сен кешегі жауды бұзған қайратыңды сенің тынышыңды алған жұртыңа көрсетпедің бе?

Тарғын: Жо-оқ! Нақақтан өз жұртымды жылатуға дәтім бармады.

(Хан сәл ойланып отырады да, барлық уәзірлерін шақыртады)

Хан (жанында тұрған уәзіріне бұрылып): Барлығын жинап кел!

(Уәзір шығып кетеді. Сәлден соң көп уәзірлерді ертіп қайта кіреді.)

Хан: Құрметті менің нөкерлерім. Бүгіннен бастап бұл батыр әскербасы болады (Тарғынды нұсқайды).

Уәзірлер (хормен): Құп, тақсыр! Әміріңізге құлдық (бәрі он қолдарын көкірек тұстарына қойып, иіледі).

(Шымылдық жабылады)

II көрініс.

(Шымылдық ашылады. Ақжүніс төрде шашын өріп тұрады.

Айналасындағы күндері Тарғынды сөз етеді.)

Бірі (Ақжүніске жақындай түсіп): Кешегі соғыста ерлік көрсеткен Тарғын есімді қыпшақ жігіті көрінеді.

Екіншісі: Өзі сондай қайратты көрінеді.

Үшіншісі: Ханшайым, сіздің теңіңіз ғой деп ойлаймын.

Ақжүніс: Жарайды, мені жайыма қалдырыңдар. Ал сен қала тұр (үшінші күңіне бұрылып).

(Екеуі шығып кетеді.)

Ақжүніс (күңіне ділдә ұсынып): Ділдәні беріп сенің тіліңді кескенім. Тарғынды ешкімге білдіртпей осында алып келіп менімен жолықтыр. Егерде өзіңнен басқа жанға білдірсең, өзіңді өлтіруден тайынбаймын.

(Күң шығып кетеді. Тарғынды ертіп әкеледі. Күң қайта кетеді. Ақжүніс пен Тарғын жөн-жосық сұрасады.)

Ақжүніс: Сіз бұл елде неғып жүрсіз?

Тарғын: Елімнің тынышын бұзып алған соң қашып осында келдім.

Ақжүніс: Мен сіз туралы естіген соң сізді көргім келді.

Тарғын (біршама уақыттан соң): Мен қайтайын.

Ақжүніс: Менен хабар болған уақытта менің жаныма келіп жүріңіз. Менің сізді шақырған лебізімді әркез жерге тастамаңыз.

Тарғын: Бұл айтқаныңызды қабыл алдым. *(Тарғын кетеді. Ақжүніске бір құл келеді.)*

Құл: Ханшайым, сізді айттыруға жаушы келіп жатыр. Менен рұқсат, қызымның өзі күйеуге барғысы келе ме екен, келмей ме екен деп хан сұрап жатыр.

Ақжүніс: Әкем маған үш күн мұрсат берсін.

(Құл шығып кетеді. Ақжүніс күңіне Тарғынды шақыртады.)

Ақжүніс: Тарғынды шақырып кел, тез жетсін!

(Күң Тарғынды ертіп келеді.)

Ақжүніс: Міне, мені бір хан баласына айттыруға жаушы келіпті. Әкем мені сол ханның баласына бермек болып, менен рұқсат сұрай кісі жіберіпті. Мен ондай хан баласына таңсық емеспін, өзім де хан баласымын. Сұлуға таңсық емеспін, өзім де сұлумын. Мен кімнің бақыты зор болса, соған барамын. Мені осындай кісіге қор қылғанша, батыр екенің рас болса, мені алып қаш. Мен сенен басқа ешкімге тимеймін. Егер маған келмесең, мен шыдап тұра алмаймын, сенің қайғыңнан өлемін.

(Тарғын мен Ақжүніс қол ұстасып шығып кетеді. Шымылдық жабылады.)

III көрініс.

(Шымылдық ашылады. Тақта отырған Ханзада ханға уәзір келеді.)

Уәзір: О, хан ием! Осы елге кеше Олалай ханның торғауыт деген елін алған Тарғын батыр келді. Ол Ақшахан патшаның қызы Ақжүніс сұлуды алып қашып келіпті.

Хан (уәзіріне қарап): Тарғынды осында алып кел!

(Уәзір Тарғынды алып келеді.)

Хан: Сен өз жұртыңнан қанып Қырым жұртына бардың. Ол Қырым жұртының Олалай, Бұлалай деген жауын алып бердің және сен біздің қол астымызға келген соң мынау Еділден шыққан Шаған дейтұғын судың бойындағы қыл жалаулы көп қалмақты ығыстырып, солардың жерін бізге тартып алып бер.

Тарғын: Пәлі, бас тақсыр, жарар, Алла тілесе, бірақ менің қасыма үш батырдан жолдас беріңіз.

Хан: Кімдерді аласың?

Тарғын: Қарасайұлы Көбен, Алшағырұлы Теген, Өмірұлы Себен батырлар. Осы үшеуімен барып қарармыз, бізге айтқан жарлығыңыз жерде қалмас.

(Көбен, Теген, Себен және Тарғын – төртеуі шығып кетеді. Шымылдық жабылады.)

IV көрініс.

(Шымылдық ашылады. Жерде Тарғын жатады. Қасында Ақжүніс отырады.)

Тарғын (қабағын түйіп алған): Хан мені белім мертілгені тастап, өзі көшіп кетті. Ал мен болсам, жатысым мынау. Алланың бұйрығы маған таянған секілді.

Ақжүніс: Кетпек болсаң, кетемін деп шыныңды айт, олай болса сенің артыңда қалғанда мен не етемін, одан да сенің алдыңда кетейін.

Тарғын: Мені жұрт ағаштан жығылып өлді демес, Шағанның бойындағы көп қалмақты асырамын деп жаудан өлді дер. Бүйтіп жатқанша біржолата өлейін (қаһарланып, белін қолымен басып қалғанда, бел омыртқасы сырт етіп орнына түседі).

(Қару-жарағын Ақжүніске асындырады.)

Тарғын: Тәңірім тілекті берді. Кешегі жұртына тастап кететұғын ноғайдың еліне қарай жүрейік.

(Тарғын мен Ақжүніс кетеді. Бірер минуттан соң қайта кіреді.)

Ақжүніс: Алдыңғы жағымызда көмескі бір-екі қара көрінеді (қолымен маңдайын көлеңкелеп, көрермендер жаққа көз жібереді).

Тарғын: Егер жау болса, жалғызбын. Оның үстіне айқасқа жарамаймын (тұрып қалады).

Ақжүніс: Бұлай етпеніз, беліңіздің жазылғандығын білдіріп, сол тастап кеткен елге бір көрініңіз. Жақсыларға ой салып, жамандарды қорқытып қайтыңыз. Егер бармасаңыз, Қырым халқынан Ақшаханның қоластынан Тарғын деген батыр келіп, омыртқасы мертігіп, іске аспай, қарға-құзғынға жем болды дер.

(Екеуі қайтадан кетеді. Сәлден соң қайта кіреді. Қолында құрығы бар малшы отіп кетеді. Хан, мырза, би – түгел осы жерге келіп, Тарғынға көріседі. Бәрі отырады.)

Хан: Айыпқа бұйырмаңыз. Сізге бара алмадық. Бұл уақытта жұртымызға жау келіп, өзіміз бек қатты қайғыдамыз. Өзіңіз аман-есен жазылып келдіңіз бе?

Тарғын: Аллаға шүкір, келдім.

Хан: Бұл қалмақты әуелгідей қуып, бізді бұл жаудан бостаншы.

Тарғын: Қатып қалған көнім, қатты қалған көңілім бар. Қырымға барып, қырық құрдасымды алып, Алла жол берсе, еліңді шауып, басыңды алармын. Көзіме көрінбей кет!

Хан: Олай болса райыңнан қайт. Бұл Бұлғыр тауға сені жалғыз тастап кеткенімнің ұятынан Ақжүніс сұлудың үстіне жалғыз қызымды берейін. Жаңағы жұртымның саған бармағаны үшін айыбыңды бер (қол алысады).

(Бәрі шығып кетеді. Сол жерге қаптаған жау кіріп келеді. Тарғын қылышымен келіп, жауды келген жағына қарай ығыстырып шығып кетеді де, шымылдық жабылады).

Керкұла атты Кендебай

Қатысушылар:

Шал - 60-70 жаста

Кішкентай бала – қарияның немересі

Кендебай – батыр

Қойшы бала

Ханның екі баласы

Тойдағы қонақтар

I көрініс

(Шымылдық ашылады. Сахнаның бір шетінде қария мен немересі отыр.)

Бала: Ата, ата, Кендебайдың жалғасын айтшы.

Қария: Қазір, шырағым, қай жерінде тоқтап едік, есіме түсірші.

Бала: Кендебай батыр қасқырдан құлынды тартып алып, үйіне әкелмей ме?

Қария: Иә, иә, ұмытпапсың. Содан Кендебай құлынды үйіне алып келіп, оны құланның сүтімен асырайды. Құлын сағат сайын емес, сәт сайын өсіпті. Алты айда алты кез ат болыпты. Аттың түсі керкұла болыпты. Керкұла қуса жетіп, қашса құтылатын аузымен құс тістеген ерен жүйрік болыпты. Кендебай осылай аң аулап, ел аралап жүре беріпті. Ол мейлінше қайырымды болыпты, жылағанды жұбатыпты, жатсынуды сүйемпті, табысына бүкіл ел ортақ болыпты. Керкұла атты Кендебай батыр атанып, әлемге аян болыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап, алысқа ұзап кетіпті.

(Сахнаға батыр киімін киген Кендебай шығады, оған қарсы бір бала кездеседі. Баланың киімі өрім-өрім, жылап жүр.)

Кендебай (балаға жақындап): Көзің жасты, көкірегің қайғылы не еткен жансың?

Бала: Ардақтаған аңанды алса, төгілмей ме ырысың. Асқар таудай әкеңді алса, көрген күнің құрысын.

Кендебай: Не болды? Жөндеп айтшы?

Бала (жылап, күрсініп): Мен Мергенбай деген батырдың жалғыз баласы едім. Қазір алтыға шықтым. Биыл төртінші жыл,

елімізге жау тиіп, жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті. Әкем алып ұйқылы батыр еді. Ұзақ жортуылдан келгенде алты күн қатарынан ұйықтайтын. Осы ұйқыда жатқанда әкемді жау әскерлері байлап әкетті. Әкемді арашаламақшы болып жетіп барған шешемді қайырымсыз жау алдына өңгеріп әкетті. Мен жетім қалдым. Амалсыздан Тасқара байдың қозысын бағып жүрмін. Мен әке-шешеме жылаймын, бай малына жылайды.

Кендебай: Олай болса, жылама. Мен әке-шешенді іздеп тауып беремін.

Бала (қуанып): Рақмет, аға, онда біздің қойшылардың қасына екі-үш күн жатып тынығыңыз, содан кейін жүрерсіз.

Кендебай: Мақұл, тілегенің болсын.

(Шымылдық жабылады.)

II көрініс

(Шымылдық ашылады. Сахнада тақта отырған хан, алдында екі ұлы тұр.)

Хан: Не көріп, не білдіңдер? Бие құлындады ма?

Балалары (бірге): Бие құлындаған да жоқ, еш нәрсе болған да жоқ.

(Осы кезде Кендебай кіріп келеді.)

Кендебай: Дат, тақсыр!

Хан: Датың болса айт!

Кендебай: Мен айтсам, бұлардың айтып отырғаны өтірік. Бұларға көрінбей, мен де күзеттім. Түн ортасы кезінде екі балаңыз ұйықтап қалды. Таң алдында бие бір алтын құйрықты, құндыз жүнді құлын туды. Аспаннан бір бұлт үйіріліп келді де, оны көтеріп ала жөнелді. Мен құйрықтан шап беріп ұстай алдым. Бұлтпен араласқан үлкен құс құлынды алып кетті де, құйрық менің қолымда қала берді.

Хан (асығыс): Құйрық қайда?

Кендебай: Тақсыр, сабыр етіңіз. Мен алтын құйрықты пайда қылғым келсе, сізге айтпаймын ғой, міне, құйрық *(Қойнынан құйрықты алып шыққанда үй іші жап-жарық болып кетеді).*

Хан: Қазір үшеуің іздеп шығып, құсты да, құлынды да тауып келіңдер. Таба алмасаңдар, менің маңымды көрмендер!

(Үшеуі шығып кетеді. Шымылдық жабылады.)

III көрініс

(Шымылдық ашылады. Сахна бірінші көріністегідей, қария мен оның алдында жатқан немересі.)

Қария: Жеті басты дәуді, ақырған арыстанды, жәдігөй кемпірді өлтірген Кендебай Керқұла аттың ақылымен кемпірдің ордасында үш-төрт күн демалып, жәдігөйдің асыл қазынасын жинап алып, Керқұла аттың алдына алтын науаны салып, алтын құйрықты құлындарды ертіп, аман-есен ханның үйіне жетеді. Хан қуанып, үлкен той жасайды. Тойға түк таба алмаған ханның балалары келеді.

(Осы кезде сахнада ерсілі-қарсылы жүгірген адамдар, айқай-шу, оларға хан балалары қосылады. Тынышталған кезде хан қасында отырған Кендебай көрінеді.)

Кендебай: Мен хан баласы емеспін, адам баласымын. Өз атым Кендебай, ел мені Керқұла атты Кендебай деп атайды. Сіздің еліңізге ерігіп келгенім жоқ, жұмыспен келдім. Екі бірдей жоқ іздеп жүрмін... Намыс іздеп жүрмін, рұқсат болса айтайын.

Хан: Айт, айт, балам!

Кендебай: Бұдан бірнеше жыл бұрын сіздің жорықшыларыңыз елімізді шауып кетіпті, малымызды айдап, қолға түскен батырымызды байлап алып кетіпті. Міне, сол батырды босатып әкетпек болып келдім. Бұл - бірінші. Екінші жоғым мынау. Бір күні малда жүргенімде аспандап ұшқан алты аққудың біреуінің алтын кебісі менің қолымда қалды. Сол алтын кебіс сіздің елдікі дейді. Соны табыс еткелі келдім *(Ханға кебісті ұсынады)*.

Хан: Дұрыс, балам! Сіздің елдің малын айдатып, батырын байлатып алдырғаным рас. Мергенбай батыр әйелімен екеуі біздің қолда. Зынданда жатқан Мергенбайға: «Маған қызмет етсең босатам», - деп елші жіберіп едім, қасарысқан батыр екен. «Жауыма қызмет етпеймін. Қол-аяғымды босатсаң, содан соң сөйлеймін», - деді. Босатуға қорықтық. Ондағы мақсат сені қолға түсіру еді. Сені алдырып, құлынымды қоймайтын қара құсқа жұмсамақ едім. Өзім іздеп таба алмаған соң, намысы болса іздеп келер деп едім. Одан кейін де екі жылдай келмедің, содан соң алты қызым сені іздеп барған болатын. Бұл менің кіші қызымның кебісі. Енді сенің алдыға қояр тағы бір шартым бар.

Кендебай: Ол қандай шарт?

Хан: Дүниеде жеті басты дәу бар, ақырған арыстан бар, жалмауыз кемпір бар. Осы үшеуін өлтіріп, бастарын алып кел.

Осыны орындасаң, батырыңды босатамын, малыңды өзіңе қайтарамын. Кіші қызымды беріп, күйеу етемін.

Кендебай: Шартыңыз осы болса, ол орындалды (қоржынынан арыстанның аузын, кемпірдің басын, жеті басты дәудің көздерін ханның алдына төгіп тастайды). Міне, арыстанның аузы, мынау дәудің көздері, анау кемпірдің басы.

Хан (қуанышпен орнынан тұрып): Рақмет, батыр (сахнаға қарап): Босатындар зынданда жатқан Мергенбай батыр мен оның жарын, азат етіңдер қолға түскен басқа да адамдарды. (Екінші жағына қарап): Көрші елдерге хабар беріңдер, хан кіші қызын Кендебай батырға қосады екен, дайындалындар, ертеңнен бастап біздің елде отыз күн ойын, қырық күн тойы болады. Ешкім де шет қалмасын! Бәрі келсін!

(Шымылдық жабылады.)

IV көрініс

(Шымылдық ашылады. Сахнада қария мен оның алдында жатқан немересі.)

Қария: Содан ата-анасына қосылып, бала қуанады. Баласына қосылып, ата-ана қуанады. Кендебай тұрғанда елге ешбір жау тие алмайды. Сөйтіп, бұл ел Керқұла атты Кендебайдың елі болып атаныпты. (Немересіне қарап): Мұрат, сен де өскен соң Кендебай секілді батыр боласың ба? Мұрат, Мұратжан... Ұйықтап қалыпты. Қой, төсегіңе жатқызайын (немересін көтеріп, шығып кетеді).

(Шымылдық жабылады.)

ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР МАЗМҰНЫ

1-тақырып. Тәрбие процесі, оның мәні мен өзіндік ерекшеліктері

Жоспары:

1. Тәрбие процесі, оның өзіндік ерекшеліктері.
2. Тәрбие жұмысының мәні, мазмұны.
3. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиенің рөлі.

2-тақырып. Сынып жетекшісі және оқушылар ұжымын тәрбиелеу

Жоспары:

1. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысындағы негізгі міндеттері.
2. Сынып ұжымын ұйымдастыру формасы.
3. Ұжымның өзін-өзі басқаруы, оның проблемалары.

3-тақырып. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формалары мен тәсілдері

Жоспары:

1. Тәрбие сағаты және оны ұйымдастыру.
2. Сынып жетекшісінің функционалдық міндеті.
3. Тақырыптық тәрбие сағаттары.

4-тақырып. Ізгілік педагогикасындағы тәрбие және тәрбиелеу процесі

Жоспары:

1. Тәрбие – педагогика ғылымының категориясы.
2. Тәрбиелеу жүйесі.
3. Тәрбиелеу жүйесінің сипаттамасы.

5-тақырып. Сынып жетекшісі қызметінің мазмұны және мақсаты

Жоспары:

1. Оқушыларды психологиялық-педагогикалық зерттеу.
2. Сынып жетекшісінің тәрбие жоспары.
3. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмыстарының түрлері.

6-тақырып. Мектептің тәрбие жүйесіне әсер ететін психологиялық факторлар

Жоспары:

1. «Тұлғаның бәсекелестік қабілеті» түсінігіне жалпы сипаттама.
2. Жеке тұлғаның қиын ситуациялардан шығудың психологиялық амалдары.
3. Психологиядағы «темперамент», «толеранттылық», «сабырлылық» анықтамаларын салыстыру.

7-тақырып. Тәрбие әдістері, оның мәні мен мазмұны

Жоспары:

1. Тәрбиенің негізгі әдістері және оның халық педагогикасындағы орны.
2. Қазіргі отбасындағы тәрбие әдістерінің жағдайы.
3. Бала тәрбиесіндегі ырымдар мен тыйымдардың рөлі.

8-тақырып. Ғұлама-ойшылдардың мұраларындағы тәрбие қағидалары

Жоспары:

1. Халық педагогикасындағы «Сегіз қырлы, бір сырлы» ұғымына сипаттама беріңіз.
2. Қожа Ахмет Йасауидің «Ал-инсан» және Абай Құнанбайұлының «Толық адам» қағидаларын қалай түсіндіресіз.
3. «Тәрбиелі адам», «Көрегенді адам» ұғымдарының мәні.

9-тақырып. Тәрбиенің қоғамдық мәні

Жоспары:

1. Тәрбие, тәртіп, мәдениет ұғымдарының сипаттамасы.
2. Бала тәрбиесіне қоғамдық ортаның әсері.
3. Тәрбие құралдарының мәні мен мазмұны.

10-тақырып. Мектептегі тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың проблемалары мен шешу жолдары

Жоспары:

1. Тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың негізгі мақсаты.
2. Тәрбиелік шаралар.
3. Тәрбиелік консилиум.
4. Сыныптан тыс тәрбие шаралары.

ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ

1-тақырып. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» ұғымдары және олардың мәні

1. «Тәрбие», «тағылым», «әдеп», «ибалы», «иманжүзді», «тәрбиелі адам» ұғымдарына берілген анықтамалардың философиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық мазмұнын түсіндіру.

2. «Жақсы адам» және «жаман адам» ұғымдарын салыстыру кестесін жаса, негізгі ерекшеліктерін анықтау.

Әдебиеттер:

1. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 317 с.

2. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: «Санат», 2001. – 350 б.

2-тақырып. Қазақ халқының ойшыл-ғұламаларының мұраларындағы негізгі тәрбиелік өсиеттері

1. Анахаристің тағылымдық мұралары.

2. Қорқыттың тәрбиелік өнгелері.

3. Асанқайғының танымдық-тәрбиелік мұралары.

Әдебиеттер:

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т. 1. – 320 б.

2. Тайжанов А. Тағылымды танымдар /Көмекші оқу құралы. – Орал: «Ағартушы», 2007. – 304 б.

3-тақырып. Тұлғаның әлеуметтенуіндегі тәрбиенің ролі.

1. «Әлеуметтенген тұлға» түсінігі.

2. «Тәрбиесі қиын» деген ұғымды қалай түсінесіз, оның шығу себептері.

3. Қалада өскен бала мен ауылда өскен баланың тәрбиесі туралы салыстырмалы сипаттама.

Әдебиеттер:

1. Педагогика; Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы /Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Алматы, 2002. – 384 б.

2. Педагогика курсының лекциялары. Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университеті. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2003. – 368 б.

4-тақырып. Отбасы тәрбиесінің проблемалары.

1. Отбасы тәрбиесіне талдау, сипаттама беру.

2. Қыз бала тәрбиесі.

2. Ұл бала тәрбиесі.

Әдебиеттер:

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: «Қайнар», 1996. – 288 б.

2. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 203 б.

5-тақырып. Мектептегі тәрбие жүйесінің бағдарламалары.

1. «Атамекен» бағдарламасы.

2. «Елім-ай» бағдарламасы.

3. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы.

Әдебиеттер:

1. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы: «Кәусар бұлақ», 1994. – 32 б.

2. Дүйсенбінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. Монография. – Алматы, 2000. – 335 б.

6-тақырып. Тәрбие сағаттарындағы халық педагогикасының ролі.

1. Ұлттық ойындардың жаңа моделін ұсыну.

2. Ұлағатты сөздердің мәні.

3. Тыйым сөздердің мазмұнына сипаттама жасау.

Әдебиеттер:

1. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы /Оқу құралы. – Алматы: «Рауан», 1998. – 128 б.

2. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы, 2004. – 304 б.

7-тақырып. Тәрбие әдістерінің мәні мен мазмұны.

1. Тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері.

2. Ынталандыру әдістері.

Әдебиеттер:

1. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі: Оқу құралы. – Алматы: «Дарын», 2004. – 152 б.

2. Педагогика: оқу құралы /Жалпы ред. басқарған А.Құдиярова. – Алматы: «Дарын», 2004. – 448 б.

8-тақырып. Тәрбиенің психологиялық сипаттамалары.

1. «Сабырлылық», «ұстанымдылық» ұғымдарының мәні.
2. «Әдепті баланың» психологиялық сипаттамалары.
3. «Тәрбие жүйесінің» психологиялық қиындықтары.

Әдебиеттер:

1. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә., Ғабитов Т. Әдептану негіздері: Оқу құралы V-VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.

9-тақырып. Сынып жетекшісі мен ата-аналардың қарым-қатынасы.

1. Сынып жетекшісі қызметіндегі негізгі проблемалар.
2. Ата-аналармен жұмыс жасаудың педагогикалық негіздері.
3. Сыныптағы тәрбие проблемаларын шешу жолдары.

Әдебиеттер:

1. Атемова Қ.Т. Тәрбие теориясы. 050103 – «Педагогика-психология» мамандығына арналған оқу-әдістемелік кешен. – Алматы, 2005. – 57 б.
2. Қоңыратбаева Т.Ә. Ұстаздың менталдық әлемі. – Астана, 2004. – 123 б.
3. Мұхамбетова С.Қ. Тәрбие теориясы. – Астана: «ЕҰУ баспасы», 2005. – 195 б.

10-тақырып. Мерекелік шаралардың бала тәрбиесіне әсері.

1. Мерекелік шарларды ұйымдастырудың мәні мен мазмұны.
2. Наурыз мерекесі.

Әдебиеттер:

1. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1987. – 231 б.
2. Класс жетекшісінің анықтамалығы /Құрастырған В.М.Коротов. – Алматы: «Мектеп», 1982, – 298 б.
3. Армысың өз Наурыз! /Құрастырған Б.Бекжанов, Т.Рысбек. – Астана: «Зерде», 2012. – 328 б.

ЕМТИХАН СҰРАҚТАРЫ

1. Тәрбие үрдісіндегі оқушыларға жеке ықпал етудің әдістері.
2. Тәрбие процесінің мәні. Тәрбиенің заңдылықтары дегеніміз не?
3. Тәрбие жұмысының бағыттары
4. Сынып жетекшісінің функционалдық қызметі
5. Тәрбие принциптері дегеніміз не?
6. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері
7. Дарынды балалармен жұмыс істеу әдістемесі
8. Балалар ұжымы мен жұмыс істеудегі педагогтың кәсіби шеберлігі
9. Сынып сағатын өткізуде қолданылатын әдістер мен құралдар
10. Тәрбие әдістері, оның мәні мен қызметі
11. Сынып сағатының қызметтері
12. Тәрбие әдістерінің түрлерін атаңыз?
13. Ата-аналармен атқаратын жұмыстарында сынып жетекшісінің қызметі?
14. Ата-аналар комитеті және оның қызметі
15. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру
16. Ата-аналардың мектеппен қарым-қатынасының ынтымақтастық негіздері
17. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсат және міндеттері
18. Балалар мен жастар бірлестіктерінің ролі
19. Сынып жетекшісінің жеке оқушымен жұмысының маңызы
20. Оқушылар ұжымын тәрбиелеу жолындағы атқарылатын педагогикалық функциялар.
21. Балалар ұжымында саналы тәртіпті қалыптасудағы мұғалімнің ролі.
22. Балалар ұжымының даму кезеңдері.
23. Тәрбие үрдісін оңтайландыру үшін психологиялық диагностиканы қолдану әдістері.
24. Педагогикалық жағдаяттарды талдау алгоритмі.
25. Жеке тұлғаның дамуында және қалыптасуында жетекші роль атқаратын факторлар.
26. Қазіргі тәрбие жүйесінің басшылыққа алатын тәрбиенің принциптері.
27. Сынып жетекшісінің тәрбие жүйесінің негізгі компонентері қандай?

28. Сыныптағы оқушы тұлғасын қалыптастырудың ерекшеліктері қандай?
29. «Адамның еңбекке қатынасы» дегенді қалай түсінесіз?
30. Қазіргі мектептегі тәрбиенің мақсатына пікіріңіз?
31. Ақыл-ой тәрбиесінің негізгі құралдарын айтыңыз?
32. Тәрбие процесінің мазмұны дегеніміз не?
33. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу жұмысының мазмұнына қандай моральдық қатынастарды қалыптастыруға болады?
34. Отбасы тәрбиесі дегеніміз не?
35. Отбасы тәрбиесінің мазмұнына сипаттама беріңіз?
36. Ата-аналардың бала тәрбиесінде қолданылатын қарым-қатынас стильдері қандай?
37. Отбасы тәрбиесінің жалпы әдістерін атаңыз?
38. Акселерация құбылысы дегеніміз не?
39. Жеке тұлғаның объективті қоғамдық қатынастарға бейімделуі?
40. Ұжым дегеніміз не?
41. Еңбек тәрбиесі дегеніміз не?
42. Эстетикалық тәрбие алдына қойылатын міндеттерді атаңыз?
43. Жеке тұлғаның дамуына ортаның әсерін түсіндіріңіз?
44. Іс-әрекетке, тәртіптілікке қалыптастыру әдістерін атаңыз?
45. Жеке тұлғаны даму процесін түсіндіріңіз?
46. Тәрбиенің қоғамдық бағыттылығы дегеніміз не?
47. Жастарға патриоттық тәрбие берудің міндеттерін түсіндіріңіз?
48. Тәрбие процесінде тәрбиеші тұлғасының маңызы туралы айтыңыз?
49. Қоғамдық тәрбие дегеніміз не?
50. Қоғамдағы тәрбиенің алатын орны?
51. Сынып жетекшісі іс-әрекетінің жүйесі?
52. Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбиенің ролі?
53. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыс жүйесі?
54. «Қиын балалар» деген ұғымды қалай түсінесіз?
55. Тұлғаны «қайта тәрбиелеу» дегеніміз не?
56. Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру әдістерін атаңыз?
57. Салауатты өмір салты дегеніміз не?
58. Жеке тұлғаны қалыптасуындағы проблемаларды айтыңыз?
59. Қазіргі мектептегі тәрбиелеу жүйесіне сипаттама беріңіз?
60. Тәрбие сағатын ұйымдастырудың әдістемесі?

61. Жеке адам санасын қалыптастыру немесе сендіру әдісі дегеніміз не?
62. Тәрбие жүйесін диагностикалаудың мәні?
63. Ұжымдық-шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесіне сипаттама беріңіз?
64. Педагогикалық консилиум дегеніміз не?
65. Балалар ұжымының даму кезеңдеріне сипаттама?
66. Тәрбие үдерісіндегі жеке тұлғаға ортаның әсері қандай?
67. Имандылық тәрбие дегеніміз не?
68. Имандылық тәрбиенің әдістеріне сипаттама?
69. Тәрбиенің тәсілдеріне педагогикалық сипаттама беріңіз?
70. «Бала құқығы туралы конвенция» халықаралық құжатының мәні?
71. Жеке тұлғаның қоғамдық ортаға бейімделуінің әлеуметтік проблемаларын атаңыз?
72. Бала тәрбиесіндегі халық педагогикасының роліне түсінік беріңіз?
73. Жеке тұлғаның дүниетанымы туралы түсінік?
74. Әл-Фарабидің педагогикалық идеяларына сипаттама?
75. Мұғалімнің басқару стилінің оқушы ұжымына ықпалын түсіндіріңіз?
76. Оқушылардың жас және дербес ерекшелігіне сипаттама?
77. Тұлғаны әлеуметтендіру институтына түсінік беріңіз?
78. Индивид дегеніміз не?
79. Жеке тұлғаға әсер ететін «Микро ортаға» сипаттама беріңіз?
80. Тәрбие – жеке тұлғаны қалыптастырудың ең маңызды факторы?
81. Бастауыш сынып жасындағы баланың ерекшелігі және оның дамуы?
82. Жасөспірім кезең және оның ерекшелігіне түсінік беріңіз?
83. Жоғары сынып оқушыларын психологиялық сипаттама?
84. Жеке тұлғаның өзіндік ерекшеліктері және оның педагогикалық үрдістегі ескерілуі?
85. Тәрбиенің мақсаты, міндеті және мазмұнының өзара байланысын түсіндіріңіз?
86. Педагог мәдениетіне сипаттама беріңіз?
87. Тәрбие әдістерінің жіктелуі. Дегеніміз не?
88. Ынталандыру әдістеріне сипаттама?

89. Балалар ұжымымен жұмыстар жүргізудегі мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін атаңыз?
90. Тәрбие жүйесі және сынып жетекшісінің міндеті?
91. «Дидактогения» ұғымы туралы сипаттама беріңіз?
92. Отбасы тәрбиесінің құқықтық негізін түсіндіріңіз?
93. Отбасы – тәрбие факторына сипаттама
94. Мектеп пен отбасы байланысының тәрбиелік мәні?
95. Тәрбиенің этнопсихологиялық негіздерін атаңыз?
96. Сынып жетекшісінің басқару стилі дегеніміз не?
97. Сынып жетекшісі мен балалар ұжымының байланысы
98. Тәрбие құралдарына сипаттама беріңіз?
99. Педагогикалық эмпатия дегеніміз не?
100. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының міндеті?

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. Тәрбиенің мақсаты:
 - A) Ізгілік тәрбиесі
 - B) Тәрбиені ізгілендіру
 - C) Еңбек тәрбиесі
 - D) Эстетикалық тәрбие
 - E) Жан-жақты және үйлесімді тұлғаны дамыту
2. Тәрбиенің құрамдас бөлімдері:
 - A) Ақыл-ой тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, дене тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, адамгершілік тәрбие
 - B) Ізгілік, интернационалдық тәрбие, эстетикалық тәрбие, атеистік тәрбие, экологиялық тәрбие
 - C) Ақыл-ой тәрбиесі, атеистік тәрбие, саяси идеалдық тәрбие, дене тәрбиесі, демократиялық
 - D) Демократияландыру, экологиялық тәрбие, азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие, отбасы тәрбие
 - E) Адамгершілік тәрбиесі, экологиялық тәрбие, азаматтық тәрбие, кәсіби білім беру, мамандықты таңдауға дайындау
3. Мінез-құлықты және оқушы іс-әрекетін ынталандыру әдістер тобына жататындар:
 - A) Әңгіме
 - B) Сендіру
 - C) Үйрету
 - D) Жаттықтыру
 - E) Мадақтау
4. Тәрбие принципіне жатады:
 - A) Тұқымқуалаушылық әсері
 - B) Ортаның әсері
 - C) Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі саналылық қажеттіліктің сәйкестігі
 - D) Ойын іс-әрекетіне қатысу
 - E) Жеке тұлғаны қалыптастыру процесі
5. Тәрбие әдісіне жататындар:
 - A) Педагогикалық талап
 - B) Сабақ

- C) Сынып сағаты
- D) Орта
- E) Ұжым

6. Тәрбиенің заңдылығына жататындар:

- A) Тәрбиенің қоғамдық жағдайға сәйкестендірілуі
- B) Тәртіп пен мінез-құлық бірлігі
- C) Педагогикалық талап
- D) Оқушының дара қажеттілігін есепке алу
- E) Әлеуметтік орта

7. Экологиялық тәрбиенің міндеті:

- A) Спорт және дене шынықтырудың мәні мен қоғамдық маңызы оқушылардың білім жүйесін байытады
- B) Мектеп оқушыларын көркем өнер шығармашылығына араластыру
- C) Табиғатқа ұқыпты қарым-қатынас қалыптастыру және табиғатты қорғау іс-әрекетін ұйымдастыру
- D) Оқушыларда мәдени мінез-құлықты және тәртіптілікті қалыптастыру
- E) Оқушылардың ақыл-ой қабілетін дамыту

8. Еліктеуге негізделген тәрбие әдісі:

- A) Құптау
- B) Жаттығу
- C) Әдепті үлгі-өнеге
- D) Әдеттендіру, үйрету
- E) Сендіру

9. Тәрбиенің тәсілдері:

- A) Тәрбиені ұйымдастыру түрі
- B) Әдістемелік шарттары
- C) Әдістің бөлігі
- D) Тәрбие құралы
- E) Тәрбие бағыты

10. Сынып жетекшісі құрастырады:

- A) Тақырыптық жоспарды
- B) Оқу жоспарын

- C) Әдістемелік жұмыс жоспарын
- D) Тәрбие жұмысының жоспарын
- E) Күнтізбелік жоспарды

11. «Коллективтің құдіретті күші» еңбегінің авторы:

- A) Н. Крупская
- B) П. Блонский
- C) В. Сухомлинский
- D) А. Макаренко
- E) Л. Выготский

12. Оқушыларды тәрбиелейтін бірлестіктер:

- A) Тұратын жеріндегі достары
- B) Замандастар
- C) Жолдастар
- D) Әріптестер
- E) Ұжым

13. Қазіргі кезде отбасы тәрбиесінің принциптері негізделеді:

- A) Гуманистік педагогикада
- B) Педагогика тарихында
- C) Жалпы педагогикада
- D) Этнопедагогикада
- E) Халық педагогикасында

14. Тәрбие әдісіне жататындар:

- A) Ересектердің жастарға үлгі-өнегесі
- B) Кітап мазмұны
- C) Тәрбие сағаты
- D) Тақырыптық кеш
- E) Үй тапсырмасы

15. А.С.Макаренко ұжымның дамуының төмендегі кезеңдерін қарастырады:

- A) Екі
- B) Үш
- C) Төрт
- D) Бес
- E) Бестен жоғары

16. Тәрбие әдістерінің тобын құрайды:

- A) Сенім тудыру, жаттығу, ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу
- B) Әлеуметтік орта
- C) Жеке тұлғаның дара психологиялық дамуы
- D) Баланың айналасындағы микроорта
- E) Өзін-өзі тәрбиелеу

17. Сынып жетекшісінің атқаратын қызметі:

- A) Шаруашылық, ата-аналармен жұмыс
- B) Оқушыларды теориялық-практикалық дайындау
- C) Тәрбиелік, ұйымдастырушылық
- D) Педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу
- E) Мектептен тыс мекемелердің жұмыстарын ұйымдастыру

18. Отбасындағы тәрбие әдісіне жататындар:

- A) Қарым-қатынасты гуманизациялау, демократизациялау
- B) Үлгі, әңгіме, әртүрлі істерді қолдау
- C) Мұғалімдермен кездесу
- D) Ата-аналар комитетінің мәжілісін өткізу және қатысу
- E) Баланың білімді қажет етуі мен қызығушылығы

19. «Бала құқығы туралы конвенция» қай жылы қабылданды:

- A) 1986 ж.
- B) 1997 ж.
- C) 1984 ж.
- D) 1990 ж.
- E) 1989 ж.

20. Тәрбие туралы туралы ғылым:

- A) Антропология
- B) Андрагогия
- C) Педагогика
- D) Психология
- E) Педология

21. Тәрбиенің негізгі әдістері қандай?

- A) Сендіру, үйрету, жаттықтыру
- B) Тәрбиешінің педагогикалық әдістерді қолдануы

C) Әңгіме, эксперимент

D) Көрнекілік, практикалық

E) Ауызша, саяхат

22. Кіші мектеп жасындағы балалар тәрбиесінде қолданылатын әдіс:

- A) Үйрету
- B) Жаттығу
- C) Нұсқау
- D) Талап
- E) Өнеге

23. Өзге адамдардың жан дүниесінің жағдайына жанашырлық білдіруді ғылыми тұрғыдан қалай сипаттауға болады:

- A) Эмпатия
- B) Бауырмалдық
- C) адамгершілік қасиет
- D) Ізгілік қатынас
- E) Әдептілік

24. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдісі:

- A) Жарыс
- B) Үлгі, өнеге
- C) Жаттығу
- D) Мадақтау
- E) Педагогикалық талап

25. Оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынас стилі:

- A) Либералдық
- B) Демократиялық
- C) Авторитарлық
- D) Жағдайға байланысты жоғарыда айтылғандардың кез-келгені
- E) Либералды-демократиялық

26. Т.Е.Конникова мен Г.И.Щукинаның тәрбие әдістерін жіктеудің үшінші тобында қандай әдістерді жатқызады?

- A) Талап, қоғамдық пікір
- B) Үйрету, жаттықтыру
- C) Баға беру, сендіру

- D) Өңгіме, өнеге
- E) Мадақтау, жазалау

27. Педагогикалық талап қоюдың функцияларын атаңыз:

- A) Ескерту
- B) Ұрысу
- C) Ынталандыру, тежеу
- D) Пікір айту
- E) Сендіру

28. Ынталандыру әдістері:

- A) Жазба жұмыстарды жоспарлау
- B) Лабораториялық тексеру жұмыстары
- C) Өңгіме, лекция
- D) Жаттығу, тәрбиелік жағдай
- E) Мадақтау, жазалау

29. Ұжымдағы жеке тұлға теориясының негізін қалаған педагог?

- A) Н. Крупская
- B) П. Блонский
- C) Л. Выготский
- D) А. Макаренко
- E) В. Сухомлинский

30. Сыныптағы негізгі тәрбиелік қызмет жүктеледі:

- A) Сынып жетекшісіне
- B) Мектеп директорына
- C) Пән мұғалімі
- D) Сынып лидеріне
- E) Ата-аналарға

31. Жеке тұлғаны қалыптастыру:

- A) Әр түрлі жағдайлардың адамдардың саналы қызметіне тәуелсіз түрде ықпал етуі.
- B) Адам ағзасындағы сандық өзгерістер үрдісі мен нәтижесі.
- C) Барлық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с. ықпалымен адамның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасуы.
- D) Нақты тәрбиелеу міндеттеріне бағытталған тәрбиелеу жұмыстары процесі мен нәтижесі.

E) Игерілген білімдер негізінде практикалық және теориялық әрекеттерді саналы және өз бетінше орындауға дайындық.

32. Жеке тұлғаның қоғамдық ортаға бейімделуі:

- A) Әдет
- B) Қалыптасу
- C) Дамуы
- D) Әлеуметтену
- E) Дағды, іскерлік

33. Жеке тұлғаның дамып, қалыптасуына әсер ететін негізгі фактор:

- A) Тәрбие
- B) Өнеге
- C) Дамуы
- D) Әдет
- E) Дағды

34. Тәрбиенің мақсаты мен міндеттері дегеніміз:

- A) Мектептің жоспарына сәйкес
- B) Елдің саяси басшысының шешімімен
- C) Қоғамның қажеттілігімен
- D) Ата-аналар қалауымен
- E) Жеке тұлғаның қызығушылығымен анықталады

35. Орта мектептегі тәрбие беру мен оқытудағы мақсат нені көздейді:

- A) Оқушыны қоғамдық өмірге даярлау
- B) Оқушының жеке басын жан-жақты жетілдіру
- C) Жоғары және арнаулы оқу орнына даярлау
- D) Мектеп бағдарламасына сай терең де тиінақты білім беру
- E) Жоғарыдағы жауаптың барлығы дұрыс

36. Тұлғаның қоғамдағы ізгілік қатынсын анықтайтын ұғым:

- A) Гуманистік
- B) Антропоцентрикалық
- C) Прагматикалық
- D) Технократты
- E) Жоғарыдағы жауаптың барлығы дұрыс

37. Тәрбиелеу дегеніміз:

- A) Ұжымның, тәрбиешілердің тәрбиеленушіге оның бойында көзделген қасиеттерді қалыптастыру мақсатындағы арнайы ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатты көздеген және басқарылатын ықпалы
- B) Білімдерді, біліктіліктерді, дағдыларды бойға сіңіру жөніндегі арнайы ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатты көздеген процесс
- C) Тәрбиеші мен тәрбиеленушінің білімді, біліктілікті, дағдыларды, игеруге, дүниетанымды қалыптастыруға, тәрбиеленушілердің ақыл-ойын және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, белгілі бір мақсатты көздеген және басқарылатын өзара қарым-қатынас процесі
- D) Адам ағзасындағы сандық және сапалық өзгерістер процесі және нәтижесі
- E) Адамның объективтік шындықты фактілер, ұғымдар және ғылым заңдылықтары түрінде анықтауы

38. Тұлғаның «Мен-концепциясының» авторы:

- A) В.Агапов
- B) Э.Бернс
- C) К.Роджерс
- D) В.Столин
- E) З.Фрейд

39. Педагог-тәрбиеші, қайраткерлердің қайта құрылуда сананың, танымдық көзқарастың, құндылық бағдарлаудың, психологиялық білім және тұлғаның іс-әрекет тәсілдеріне бағытталып, оның сапасының өсуі мен жетілдіруін құрайтын бұл:

- A) Оқыту
- B) Тәрбиелеу
- C) Қалыптастыру
- D) Әлеуметтендіру
- E) Дамыту

40. Тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің өзара әрекетінің дамуы, кәсіби және қоғамдық іс-әрекетке дайындауға, алдын-ала ұсынылған мақсатқа адам қасиеттері мен сапаларын қайта құруға бағытталған:

- A) Тәрбие

B) Қалыптастыру

C) Даму

D) Оқыту

E) Педагогикалық процесс

41. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің әдістеріне жатпайтындар:

- A) Адамгершілік тақырыбына шағын шығарма жазу
- B) Оқушылармен әңгімелесу
- C) Сабақ барысында мұғалімнің оқушыларды бақылауы
- D) Ата-аналарымен сұхбат
- E) Өнегелі сөздер

42. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балаларды оқыту және тәрбиелеумен айналысатын педагогика ғылымының саласы:

- A) Салыстырмалы педагогика
- B) Этнопедагогика
- C) Медициналық педагогика
- D) Әлеуметтік педагогика
- E) Олигофренопедагогика

43. Тәрбие жұмысының формасы:

- A) Сабақ
- B) Театр
- C) Экскурсия
- D) Фильм
- E) Кітапхана

44. Оқушыларды қоғамдық ортаға тәрбиелейтін ұжым:

- A) Замандастары
- B) Жолдастары
- C) Отбасы
- D) Тұратын жеріндегі достары
- E) Сынып ұжымы

45. Мектептегі негізгі тәрбиелік қызметті жүзеге асырушы:

- A) Сынып жетекшісі
- B) Мектеп директоры
- C) Пән мұғалімі
- D) Сынып старостасы
- E) Мектеп психологы

46. Тәрбие әдісін құрайды:

- A) Кітап мазмұны
- B) Тәрбие сағаты
- C) Тақырыптық кеш
- D) Ересек адамның үлгі-өнегесі
- E) Экскурсия

47. Тәрбие әдіс-тәсілдерінің тобына жатады:

- A) Әңгімелесу, тәжірибелік жұмыс
- B) Көндіру, үйрету
- C) Семинар, дәріс
- D) Тренинг, консультация
- E) Сендіру, жаттығу, ынталандыру, өзін-өзі тәрбиелеу

48. Сынып жетекшісінің атқаратын қызметі:

- A) Оқушыларды теориялық және тәжірибе барысында дайындау
- B) Тәрбиелік, ұйымдастырушылық
- C) Педагогикалық кеңесті ұйымдастыру және өткізу
- D) Оқыту
- E) Мектептен тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру

49. Бала ағзасының күрт өсуі және дамуы, жыныстық жетілуі қандай

кезенде жүреді?

- A) Сәбилік
- B) Мектеп жасына дейін
- C) Бастауыш сыныпта
- D) Жеткіншектік
- E) Ересек болғанда

50. Сынып жетекшілеріне мектептен тыс, сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру міндетіне жатпайды:

- A) Сынып жетекшілерге тәрбие іс шараларын өткізуді ұйымдастыруға әдістемелік көмек
- B) Мектептегі сабақтан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау
- C) Сабақ кестесін жасау
- D) Тәрбие жұмысының жоспарының орындалуын бақылау

E) Белсенді оқушылардың сабақтан тыс тәрбие жұмысын өткізулеріне әдістемелік көмек

51. Тәрбиелік мақсатқа жетуде кешенді әдістер мен тәсілдерді пайдалану тәртібі:

- A) Әдіс
- B) Әдістеме
- C) Амал
- D) Тәсіл
- E) Акт

52. Балаларды мектептен тыс тәрбиелеу мен білім беру саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерден тұратын ғылым:

- A) Сурдопедагогика
- B) Тифлопедагогика
- C) Дефектология
- D) Әлеуметтік педагогика
- E) Жас ерекшелік педагогикасы

53. Тәрбиелік шараларды өткізуде жүйе құрушы фактор болып табылады:

- A) Форма
- B) Нәтиже
- C) Мазмұн
- D) Құралдар
- E) Мақсат

54. Оқушылардың экономикалық тәрбиелілігінің көрсеткіші болып табылады:

- A) Қазақстан Республикасындағы экономикалық нормативтік құжаттарды, негізгі экономикалық ұғымдармен жетекші идеялар туралы білімі
- B) Табиғатты қорғауға саналы жауапкершілік сезімі
- C) Экономикалық мәдениетті меңгеруі
- D) Табиғатты қорғау бойынша тәжірибелік іс-әрекеті
- E) Математикалық білімі

55. Қазақ тілінде жарық көрген «Тәрбие» және «Тәрбиеге жетекші» атты еңбектердің авторы:

- A) А.Байтұрсынов
- B) Ш.Әлжанов
- C) Ы.Алтынсарин
- D) Ж.Аймауытов
- E) М.Жұмабаев

56. Тәрбиенің басты міндеттері:

- A) Еңбекпен байланысы
- B) Өмірмен байланысы
- C) Қоғамдық мәдениет
- D) Экологиялық тәрбие
- E) Политехникалық білім

57. Адам тұлғасын дамытатын еңбек түрлері:

- A) Салыстырмалы еңбек
- B) Өнімді еңбек
- C) Қоғамдық еңбек
- D) Қарапайым еңбек
- E) Саналы еңбек

58. Эстетикалық тәрбиенің мақсаты:

- A) Бағыттылық
- B) Тұлғаның қоғамдық ортада ішкі және сыртқы сұлулықтарының бірдей болуы:
- C) Жауапкершілік
- D) Ой-өріс этикасы
- E) Әдемілік

59. Дене тәрбиесінің құралдары:

- A) Ойлау жүйелері
- B) Нәтиже
- C) Сөйлеу дәстүрлері
- D) Салт-сана дәстүрлері
- E) Ұлттық-спорт ойындары

60. Мектепке дейінгі тәрбие мәселесін алғаш көтерген қазақ әйелі:

- A) С.Жиенкұлова

- B) Б.Төлегенова
- C) Н.Хмель
- D) Н.Құлажанова
- E) Қ.Аймағанбетова

61. Жеке тұлғаның санасын қалыптастыру әдістері:

- A) Жаттығулар, үйрету, талап ету, тапсырма беру, тәрбиелік жағдайларды тапсыру
- B) Әңгіме, түсіндіру, дәріс, эстетикалық әңгіме, иландыру, пікірталас, мысал келтіру
- C) Жарыс, ынталандыру, жазалау
- D) Тәжірибелер, жаттығулар, оқу-өндірістік еңбек
- E) Иллюстрация, демонстрация, оқушыларды бақылау

62. Балалардың құқығын қорғаудағы халықаралық құжат:

- A) ЮНЕСКО құжаттары
- B) Отбасы кодексі
- C) БҰҰ-ның балалар құқығы туралы конвенциясы
- D) Еңбек туралы кодекс
- E) ЮНЕСКО-ның адам құқықтары туралы құжаттары

63. Даму дегеніміз:

- A) Баланың бойы мен салмағының артуы
- B) Адам еркінен тыс стихиялық процесс
- C) Өмірге бейімделу
- D) Адам психикасы мен жүйке жүйесінің жетілу процесі
- E) Тұлға қасиеттерінің сандық және сапалық өзгерістері

64. Дүниетанымның компоненттері:

- A) Қоғамдық пікір, жеке адам пікірі
- B) Ғылыми білім жиынтығы, көзқарасы, адам мұраты
- C) Тұлға, қоғам, әлем
- D) Біртұтас бағыт-бағдар, қоғам мақсаты
- E) Мақсатқа бағыттау

65. Әлеуметтік орта дегеніміз:

- A) Әр елде тұратын адамдардың үлкен топтарының қатынасы
- B) Адамның өмір сүру әрекетінің жағдайы
- C) Адамды дүниеге келген табиғи ортасы

- D) Адамның қоршаған ортасы (қоғамдық, материалдық, рухани), іс-әрекеті, қалыптасу жағдайы
E) Адамның өмірінің материалдық- тұрмыстық жағдайы

66. Жеке тұлға дамуының негізгі қозғаушы күші:

- A) Қарама-қайшылық
B) Тұқымқуалаушылық
C) Дүниетаным
D) Өзін-өзі тәрбиелеу әдісі
E) Тәрбие принципі

67. «Ұсдаздық дастан» еңбегінің авторы:

- A) К.Д.Ушинский
B) Н.Г.Чернышевский
C) А.С.Макаренко
D) Н.Құлажанова
E) А.В.Луначарский

68. Жеке тұлғаға әсер ететін «Микроортаға» қайсылары жатады?

- A) БАҚ;
B) Достары, ата-анасы;
C) ЮНЕСКО ұйымы;
D) Саяси талдаулар;
E) Жарнама.

69. «Адамға бірінші тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп ой-пікір айтқан:

- A) Махмуд Қашқари
B) Шоқан Уәлиханов
C) Ыбырай Алтынсарин
D) Абай Құнанбаев
E) Әбу Насыр Әл-Фараби

70. А.С.Макаренконың педагогикалық еңбектеріндегі негізгі мәселе болып табылады:

- A) Дидактика мәселесі
B) Ұжымдық тәрбие
C) Шығармашылық
D) Таным проблемасы

E) Оқыту мәселесі

71.Тұлғаны әлеуметтендіру институтына жататындар:

- A) Форма, әдіс, тәсіл.
B) Диспут, тәрбие сағаты, конференция
C) Педагогикалық кеңес, әдістемелік бірлестік
D) Отбасы, мектеп, микрорта
E) Ата-аналар жиналысы

72.Жеке тұлғаның ғылыми ақиқат жүйесі ретіндегі пікірінің құрастырушылық сипатының формасы болып табылады:

- A) Білім
B) Көз жеткізуі
C) Көзқарасы
D) Идеялары
E) Құндылықтары

73. Ынталандыруды өзгертуге бағытталған реакциялардың өзгерістері сипатталатын теориялар:

- A) Прагматизмі
B) Ассоциативті
C) Бихевиористтік
D) Когнитивтік
E) Іс-әрекеттік

74.Тұлғаның объективті қоғамдық қатынасқа икемделуі:

- A) Даму
B) Әдет
C) Дағды
D) Іскерлік
E) Әлеуметтену

75. Жеке тұлғаны қалыптастыру деп:

- A) Әр түрлі жағдайлардың адамдардың саналы қызметіне тәуелсіз түрде ықпал етуі
B) Барлық әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық және т.с.с ықпалымен адамның әлеуметтік жан иесі ретінде қалыптасу процесі
C) Адам ағзасындағы сандық өзгерістер процесі мен нәтижесі

D) Білімді игеру барысында теориялық және тәжірибелік істерді атқаруға өздігінен салалы түрде дайындығы

E) Нақты тәрбие міндеттеріне бағытталған тәрбие жұмыстарының нәтижесі

76. Әлеуметтік жетілуді қандай сапалар сипаттайды:

A) Жауапкершілік, өздігінен дамуға ұмтылу, әлемге позитивті қатынас, толеранттылық

B) Тұқымқуалаушылық, авторитарлық, жігерлілік

C) Альтруизм, еңбексүйгіштік

D) Қайсарлық, іскерлік, эгоистік

E) Нәтижеге талпынушылық, тапқырлық

77. Тұлғаның қалыптастыру бойынша саналы іс-әрекеттің өзіндік адамгершілік қасиеті:

A) Өзін-өзі дамыту

B) Өзін-өзі білімін көтеру

C) Өзін-өзі басқару

D) Өзін-өзі тәрбиелеу

E) Өзіндік жетілдіру

78. Қарым-қатынас дегеніміз:

A) Адамның мінез-құлқы

B) Алған білімді меңгеру

C) Айнала қоршаған дүниемен адамдар арасындағы байланысты тұрақтандырушы

D) Қазіргі заманды түсінудің проблемасы

E) Тұлғаның көзін жеткізу

79. Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз:

A) адамгершілік идеалын құру

B) адамгершілік сапасын қалыптастыру процесі

C) моральдық принциптер жүйесімен таныстыру

D) мораль туралы білімдерді беру процесі

E) моральдық қасиетер, адамгершілік мінез сипаттары, жүріс-тұрыс дағдалары мен әдеттерін қалыптастыру процесі

80. Мектеп пен отбасы әрекеттестігінің бағыттарын көрсетіңіз:

A) ата-аналар жиналыстары мен конференциялары

B) ата-аналармен ұйымдастырушылық педагогикалық жұмыс, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын дамыту, ата-аналармен баланың үлгерімі мен тәрбиесін жақсарту үшін жүйелі жеке дара жұмыстарын жүргізу

C) отбасы тәрбиесінің тәжірибесін талдау, тарату

D) кештер, қамқорлық кеңестерімен жұмыс

E) саяхаттарға, театрға, көрмелерге бару

81. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі деп:

A) Ақыл-ой тәрбиесі

B) Политехникалық тәрбие

C) Дағды

D) Өзін-өзі меңгеру

E) өзіндік тәрбие

82. Өзін-өзі тәрбиелеу әдісін көрсетіңіз:

A) Өзін басқа адамның орнына қою

B) Салауатты қоғамдық пікір қалыптастыру

C) Мадақтау және жазалау

D) Ұжымда жағымды дәстүр туғызу

E) Оқушының тәртібін қадағалау

83. Ата-анасынан балаға тұқымқуалаушылық арқылы беріледі:

A) Ойлау қабілеті

B) Мінез-құлқы

C) Адамның жеке даму қабілетіне негіз болатын нышандар

D) Іскерлігі

E) Әр түрлі іс-әрекетке қабілеті

84. Бала тұлғасы дамуының жағдайлары:

A) Өзара қатынасудың қалыптасуы

B) Сезімдерді тәрбиелеу

C) Дене жаңашылықтарының болуы

D) Жеке гигиенамен дұрыс тамақтандырудың бірлестігі

E) Оқушының даму ортасындағы сипаттары

85. Оқушылардың дамуы бір-бірімен байланысты 3 бағытта жүреді:

A) Психологиялық, физиологиялық, адамгершілік

B) Тұқым қуалаушылық, биологиялық, эстетикалық, діни

- С) Құқықтық, ақыл-ой, экологиялық
- Д) Биологиялық, психологиялық, әлеуметтік
- Е) Әлеуметтік, еңбек, экономикалық

86. Жеке тұлғаға тұқымқуалаушылық арқылы беріледі:

- А) Ізгілік, үнемшілдік
- В) Анатомиялық, физиологиялық ерекшеліктері
- С) Адамгершілік, мінез-құлық стилі
- Д) Еңбексүйгіштік, ізгілігі
- Е) Хоббиі, өмір сүруі

87. Тұлғаны оқытумен тәрбиелеудің нәтижесі неге байланысты емес:

- А) Тұқымқуалаушылыққа
- В) Оқу әректінің сипатына
- С) Табиғат жағдайынан
- Д) Оқытушының талантына
- Е) Оқулықтың сапасына

88. Жоғарғы сынып оқушыларының негізгі іс-әрекетінің түрі:

- А) Ойын ойнау
- В) Еңбек
- С) Спортпен айналысу
- Д) Көркем шығармашылық
- Е) Оқу танымдық

89. Бастауыш мектеп оқушыларының қарым-қатынасына әсер етушілер:

- А) Ата-ананың пікірі
- В) Жолдастарының пікірі
- С) Мұғалімнің пікірі
- Д) Өз пікірі
- Е) Ұжымының пікірі

90. V-VI сынып оқушыларының мінез-құлқы мен үлгерімінің төмендеу себептері:

- А) V-VI сыныпта бастауыш мектеп оқуда жан-жақты дамуын қамтамасыз етпейді

В) Оқушының оқыту шартының өзгеруіне, сонымен бірге жас ерекшелігінің әсеріне, жаңа талаптарға іштей дайын еместігі

- С) Жас ерекшелігінің әсері
- Д) Балалардың оқудан шаршауы
- Е) Бастауыш сынып мұғалімдеріне қарағанда сынып жетекшісінің аз уақыт бөлуі

91. VII-VIII сынып оқушыларының қарым-қатынасына әсер етушілер:

- А) Жолдастарының пікірі
- В) Ата-анасының пікірі
- С) Оқытушының пікірі
- Д) Өз пікірі
- Е) Туыстарының пікірі

92. Оқушылардың тәрбиелік деңгейінің әдістеріне жатпайтындар:

- А) Тәрбие теориясы
- В) Сабақ барысында мұғалімнің оқушыларды бақылауы
- С) Адамгершілік тақырыбына шағын шығарма жазу
- Д) Кинотеатрға бару
- Е) Оқушылармен әңгімелесу

93. «Индивид» латыннан қазақшаға аударғанда қандай мағынаны береді?

- А) Тұлға
- В) Жекелік
- С) Адам
- Д) Кісі
- Е) Жеке тұлға

94. Жеке тұлғаны қоғамдық ортада үнемі зерттеу әдісі:

- А) Салыстыру
- В) Абстрактілеу
- С) Бақылау
- Д) Индукция
- Е) Сынау

95. Баланың жаны дүниеге келген сәтінде тақтаға ұқсас «tabula rasa» деген ғалым?

- A) Торндайк
- B) Д.Локк
- C) Д. Дьюи
- D) Я.А.Коменский
- E) И.Г.Песталоци

96. «Туған сәтінен бастап-ақ кейбір адамдар бағыну үшін, ал кейбіреулері билік ету үшін жаралған» деген пікірді кім айтты?

- A) Аристотель
- B) Платон
- C) Сократ
- D) Гераклит
- E) Торндайк

97. Тұтас педагогикалық процестің тәрбиелік механизіміне жатады:

- A) Оқытушымен оқушының өзара қарым-қатынасы
- B) Педагогикалық технология
- C) Оқытудың технологиялық құралдары
- D) Мақсаты, міндеті, мазмұны
- E) Тәрбие құралдары, түрлері, әдіс-тісілдері

98. Балаларды мектептен тыс тәрбиелеу мен білім беру саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулерден тұратын ғылым:

- A) Жас ерекшелік педагогикасы
- B) Тифлопедагогика
- C) Дефектология
- D) Әлеуметтік педагогика
- E) Сурдопедагогика

99. Ғылыми дүниетаным жеке тұлғаға мүмкіндік береді:

- A) Кәсіпті дұрыс таңдауға
- B) Қоршаған ортаның құбылыстарын дұрыс қабылдау және ұғыну
- C) Өзінің қабілетін бақылауға
- D) Тиімді оқып үйрену
- E) Нағыз достарды таңдау

100. Педагогикалық консилиум:

- A) Педагогикалық ереже;

B) Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және білім деңгейін дамыту мақсатында өткізілетін мұғалімдердің кеңесі;

C) Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін ата-аналардың кеңесі;

D) Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін міндетті педагогикалық кеңес;

E) Оқушылардың іскерлігі мен тәртібін тереңірек қарастыратын және кемшіліктерді жою мақсатында өткізілетін ресми кеңес;

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫНЫҢ КІЛТТЕРІ

№	Қиындық дәрежесі	Дұрыс жауабы
1.	3	E
2.	3	E
3.	2	E
4.	2	C
5.	1	A
6.	1	A
7.	2	C
8.	2	C
9.	2	C
10.	2	D
11.	1	C
12.	2	E
13.	2	A
14.	2	A
15.	1	B
16.	2	A
17.	1	C
18.	2	B
19.	2	E
20.	2	C
21.	2	A
22.	2	A
23.	1	A
24.	2	E
25.	2	D
26.	2	E
27.	1	C

28.	2	E
29.	1	E
30.	3	D
31.	1	C
32.	1	D
33.	1	A
34.	2	C
35.	3	B
36.	2	A
37.	3	C
38.	1	B
39.	2	E
40.	1	C
41.	2	D
42.	1	E
43.	1	C
44.	2	E
45.	1	A
46.	2	D
47.	3	E
48.	2	B
49.	1	D
50.	3	C
51.	1	B
52.	2	D
53.	2	E
54.	1	A
55.	1	D
56.	2	A
57.	3	C
58.	1	B
59.	2	E
60.	3	D
61.	3	A
62.	1	C
63.	2	E
64.	1	B
65.	3	D
66.	2	A
67.	1	C
68.	3	B
69.	3	E
70.	1	B

71.	2	D
72.	3	A
73.	2	C
74.	2	E
75.	3	B
76.	3	A
77.	2	D
78.	2	C
79.	1	E
80.	2	B
81.	2	D
82.	1	A
83.	2	C
84.	2	E
85.	2	D
86.	1	B
87.	1	C
88.	1	E
89.	1	C
90.	2	B
91.	1	A
92.	3	D
93.	3	B
94.	1	C
95.	1	B
96.	2	A
97.	1	E
98.	1	D
99.	2	B
100.	3	C

ГЛОССАРИЙ

Ағартушылық – қоғамдық-саяси ағым. Оның өкілдері ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, тұрмысын өзгертуге күш салды. Ағартушылар қатарында Вольтер, Руссо, Монтескье, Лессинг, Шиллер, Гёте т.б. болды. Олар өз уағыздарын қоғамның барлық топтары мен жіктеріне, әсіресе билік иелеріне бағыштады. Қоғамдағы кертартпа көріністердің бәрі адамдардың надандығынан, олардың өз табиғатын өзі түсінбеуінен деп білді. Ағартушылар қоғам дамуындағы сананың айқындаушы рөлі туралы түсініктерге ден қойды. Ағартушылық идеясы XVIII ғасырда әлеуметтік көзқарастардың қалыптасуына едәуір ықпал етті. Шығыс елдерінде бұл ағым біршама өзіндік сипатта өркен жайды. Дәстүрлі қазақ қоғамында Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин т.б. тұлғаларды айтуға болады.

Адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның, жасөспірімдердің, оқушылардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыруға және оларға өздерінің бір-біріне, отбасына, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген көзқарасын, пікірін анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесі.

Азаматтық тәрбие – азаматтықты адамға өзін-өзі заңды, әлеуметтік, ізгі және саяси әрекетке қабілетті сезіну мүмкіндігін беретін тұлғалық интегративтік қасиет ретінде қалыптастыру.

Ар-ұят – ізгілік пен мейрімділікті, имандылық пен инабаттылықты білдіретін ұғым. Ол адамның әдептілік нормаларды сақтап, одан аспауына, іс-әрекеті мен мінез-құлқына баға беруі мен байланысты туындайтын қасиет. Бұл адамның өзінің қоғам алдындағы міндеті мен жауапкершілігін терең сезінуінен туындайды. Ұят ішкі сезіммен байланысты туындап, сыртқы бет әлпет пішіннен көрініс табады.

Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Дәстүрлі қазақ отбасында ата-ананың рөлі ерекше мәртебеге ие. Осыған сәйкес олардың тікелей үрім-бұтақтары, ата-аналарын қартайғанда қамқорлыққа алуға міндетті. Қазақстан Республикасының Конституциясында ата-аналар мен олардан тараған балалардың құқықтық қарым-қатынастары заң түрінде

бекітіліп, өркениетті жолдармен қорғалады. Ата-ана балаларының тәлім-тәрбиесіне қаншалықты жауапты болса, балалары да кейін әке-шешелері қартайған шағында қамқорлық жасауға міндетті.

Ата-аналар комитеті – оқу-тәрбие және шаруашылық мәселелерді шешуде көмек көрсететін мектептегі өзін-өзі басқару органы.

Әдеп – халқымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы, әйелінің ері алдындағы немесе ерінің әйелі алдындағы әдеп сақтау үлгілерінің көрінісі. Мысалы, ата-ананы, үлкендерді сыйлау, сәлем беру, үлкен адамның жолын кеспеу т.б. әдептілік нормаларды айтады. Әр адамның адамгершілік қасиеттерінің көрінісі және т.б. халықтық тәрбиенің өзін-өзі тану жолындағы үлгісі болып табылады.

Әдеп және жантану – ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында орта мектеп оқушылары үшін жазылған төлтума тұңғыш оқу құралы. Мұнда жантану (психология) және әдептану (этика) ғылымдарының мәселелері қазақ халқының ұлттық ерекшеліктеріне орай баяндалған. Авторлары профессорлар Қ.Жарықбаев пен Ә.Табылдиев.

Әдет – әрбір жеке адамның бойындағы қасиеттер. Әдеттің жақсысы да болады, жаманы да болады. Мысалы, біреу жаман қылықтарды жасайды, өтірік айтады, енді біреулер басқаларға жақсылық жасайды, ата-баба салтын ұстайды. Мұның бәрі халық ұғымында әдет деп аталады.

Әлеуметтендіру (латын. «socialis» – қоғамдық) – қоғам мәдениетін меңгеру барысында тұтас өмір кезеңіндегі адамның дамуы мен жетілуі, адамның қазіргі уақытта қоғамға, әлеуметтік ортаға, топқа тән құндылықтарды, нормаларды, мінез-құлық үлгілерін меңгеруі және оның әлеуметтік байланыстарын және әлеуметтік тәжірибені қайталауы. Адамзат қоғамының пайда болуымен әлеуметтік тәжірибені берудің қажеттігі туындайды. Американдық ғалым Ф.Г. Гиддин (1887 жыл) еңбегінде қолданған.

Балабақша – мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейтін мекеме. Мұндай мекеменің ең алғашқы үлгісін неміс педагогы Фребель (1702-1852) ұйымдастырған (1837). Еліміздегі тұңғыш балабақша Алматы қаласында 1917 жылы ұйымдастырылып, онда 100-ге тарта бала тәрбиеленді.

1919-1920 жылдары Қызылорда, Торғай, Орынбор, Орда, Қостанай қалаларында 115 балабақша жұмыс істеді. Балабақшада

тәрбие, білім беру жұмыстары баланың жас ерекшелігіне, күн режиміне сәйкес жасалған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмыстарын арнайы мамандықтары бар тәрбиешілер жүргізеді. Балабақшадағы балалар 2-ден 3 жасқа дейін – бөбектер тобына, 3-тен 4 жасқа дейін – сәбилердің 1-тобына, 4-тен 5 жасқа дейін – сәбилердің 2-тобына, 5-тен 6 жасқа дейін – естиярлар, 6-дан 7 жасқа дейін – мектепке даярлық топтарына бөлінеді. Балабақшалар бюджеттік, гимназиялық, жекеменшіктік, коммерциялық, т.б. негізде жұмыс істейді.

Бауырмалдық – адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін ұғым. Бауырмалдық – туыс адамдардың арасындағы жақсы көру сезімін, бір-біріне деген мейірімділігін, жанашырлығын, қамқорлығын білдіретін құнды қасиет.

Сондай-ақ, бауырмалдық тек туыстық негізде ғана көрінетін қасиет емес, ол – тұлғаның адамгершілік, имандылық қасиеттерін айқындайтын мінез-құлықтың жағымды белгісі. Өзгені бауырына тарта білу, әр адамды жақын санап, қамқорлық көрсету сияқты ізгілік белгілері адамдар арасындағы өзара сыйластықты, бірін-бірі құрметтеу, жақын тұту сезімдерін қалыптастырады. Адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөлмей, кез келген жағдайда оларға көмектесуге дайын тұру, қол ұшын беру қасиеті де бауырмалдықтың белгісі болып табылады. Бауырмалдықтың салдары адамның не халықтың өзіне зиянды болмас үшін ол тәуелсіздік, ұлттық мүдде, ұлттық намыс сияқты ұлы құндылықтармен астаса көрініс табуы керек.

Биографиялық әдістер (грек. «bios» – өмір, «grapho» – жазамын) – тұлғаның өмір жолын анықтап, түзеп және жобалайтын зерттеу тәсілдері. Б.э. ХХ ғ. I жартысынан бастап өңделе басталды (Н.А.Рыбников, Ш.Бюлер). Б.э. көзі автобиографиялық әдістемелер (сауалнамалар, интервью, тестілер) және адамның іс-әрекет өнімдері (күнделіктер мен хаттардың контент-анализі, өмірлік өлшеу диаграммалары) болып табылады.

Биязылық – адамның сыртқы ортамен байланыс жасайтын қарым-қатынастарының ішіндегі сыпайылық, әдептілік жиынтығы. Жағымды мінез бітістерінің бір сипаты. Әлеуметте белгілі нормалар мен адамгершілік принциптерін орындауға бейімділік. Биязылық адамға қажет қасиет, сезімталдық мөлшерінің негізгі

белгілерінің бірі. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы «Жүректен қозғайтын, әдептен озбайтын» деп, биязылықтың нормасын сақтауды адамдық парыз санаған. Биязылық – мәдениеттіліктің белгісі. Игі әдет, оның әдет-ғұрыпқа айналуы биязылықты қалыптастырады. Биязылық әлеуметтік ортаның талабына бейімделуге жетелейтін тұлғаның қасиеті.

Валеология (лат. «valeo» – денсаулық, сау болу) – денсаулық жайындағы ғылым, салауатты өмір салтының ғылыми негізі, сауықтырудың, өмір іс-әрекетінің заңдылықтарын, адамның сауығу әдістерін қарастырады.

Ғақлия (араб. «عقلیا» – ақылмен ұғыну) – дүние сыры терең таразыланған ой-пікірлер. Прозаның алғашқы қысқа, нұсқа үлгілерінің бірі. Ғақлия термині қазақ әдебиеті тарихында исламдық танымға байланысты Абайдың 38-қара сөзінде, Ы.Алтынсариннің «Шариат-ул-ислам» деп аталатын кітабында (Мұсылмандық тұтқасы, А., 1991, 18-б.) алғаш рет қолданыс тапқан. Ғақлияға жүйріктер хакім, нақылияға жүйріктерді ғалым деп атаған. Хакім ғалымнан биік тұрады, өйткені хакім ғылымның бір саласымен ғана айналыспай, ортақ заңдылықтарды танып ашуға ұмтылған жан-жақты ойшыл, ғұлама дәрежесіне жеткен оқымысты адам. Абай 38-сөзінде адамдарды төрт топқа бөліп қарайды. Осы себепті болса керек, М.Әуезов Абайдағы мораль философиясын сөз еткенде 38-қара сөзді «ғақлият тасдихат» деп атауының мағынасы зор.

Дана (парсы «دانا» - білгір) – білігі мен тәжірибесі мол, рухани әлемге бай тұлға. Дәстүрлі қазақ ұғымында «ақылды, парасатты, білімді» деген мағынаны білдіреді. Даналардың өнегелі өмірі, ғибратты сөздері мен тағылымды іс-әрекеттері барша адамзаттың рухани игілігі. Өмірдің өткінші қызығына елікпей, адамзаттың қарапайым әрі мәңгілік мұраттарын өнеге тұтқан даналар қазақ тарихында ерекше құрметпен аталады. Мысалы, Анахарсис, Қорқыт, Қожа Ахмет Иасауи, Әбу Насыр әл-Фараби, Асан қайғы, Абай Құнанбайұлы т.б.

Данышпандық (латын. «genius» – рух) – жалпы интеллектуалдық және арнайы қабілеттердің дамуының ең жоғарғы дәрежесі, данышпандық туралы жеке адамның шығармашылық іс-әрекеті қоғам өмірінде дәуірлік болса, данышпандық туралы айтуға болады.

Дарынды балалар (неміс. «wunder» – керемет, «king» – бала) – ғылыми еңбектерде дарынды балалардың оқу мен білім, қоғамдық ортада кереметтері мен жетістіктерге ие болуы.

Дидактогения (грек. «didaktikos» – оқытушылық, «genos» – пайда болу) – 1) Тәрбиелеушілердің педагогикалық әдепті сақтамау нәтижесінде оқушыларда пайда болатын жағымсыз психикалық күй (қорқыныш, фрустрация т.б.), ол өз кезегінде тәрбиеленушілердің іс-әрекетіне және өз-ара қатынасына жағымсыз әсері; 2) Мұғалім тарапынан педагогикалық әдептің бұзылуы салдарынан оқушының жағымсыз психологиялық жай-күйі. Негізін салған – Т.Г.Маркирян.

Елжандылық – тарихы тамыры терең әлеуметтік, саяси, психологиялық құбылыс. Ол ұлттардың арасындағы демократиялық дүниетанымға, адамгершілікке, менталитет пен дәстүрге негізделген. Қазақ жерін жанындай қорғау, тілін, дінін дамытып, өркениет жолындағы идеология мен саясат.

Еліктеу (лат. «imitatio» – еліктеу) – басқалардың мінез-құлқын өзіне көшіру процесі. Еліктеу ерікті және еріксіз болуы мүмкін. Өз әрекетін басқаның үлгісімен модельдеуге тырысу. Бұл терминді «мимикрия» терминінен ажырата білу керек. Сондай-ақ имитациялық әрекет механикалық түрде орындалады деп түсіндіріледі. Бұлай сипаттау қате. Мысалы, бала анасының әрекетіне немесе топтағы құрбыларымен ойнаудағы өзара әрекет тәсілдеріне тек еліктеп қана қоймайды, мұндағы мінез-құлық өте күрделі, оған механикалық процесс деген түсінік беруге болмайды. Еліктеудің мұндай түрі бала оның топтағы әлеуметтік моделін реттейтін негізгі ережелерді білуі керек деп түсіндіреді. Бұл терминді жеңілдету үшін көбінесе «үлгілеу» термині қолданады. Еліктеу үлгі тұтатын объектінің қылықтарын тікелей қайталау нәтижесінде болатын үйрену түрі.

Ерлік тәрбиесі – ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрі негізінде оқушылардың ерік-жігерін, табандылық, батылдық қасиеттерімен бірге ұлттық сана, парыз, намысты қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Бүгінгі күн тұрғысынан алып қарайтын болсақ, егемен еліміздің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың санасына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухын қалыптастыру.

Ертегі терапиясы – психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына

алаңдауы оның келешекте өз алдында пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын қалыптастырады. Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады.

Жақсылық – адамгершілік пен имандылықты сипаттайтын ұғым. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық арқылы жүзеге асады. Осы жалпы қасиеті арқылы жас та, кәрі де өзінің мақсат-мүддесіне, арман-тілегіне, болашақтан үміттенуіне сенімін білдіреді. Жақсылық арқылы жеке адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамдық орындарда, тұлғалардың қарым-қатынасына тиісті баға беріледі. Жақсылық әр түрлі деңгейде тұлғалық қасиеттердің ізгілігін айқындайды. Бұл ұғым әлеуметтік психология мен әдептану ғылымдарында жиі қолданылады және адамның жас ерекшелік, ұлттық, жыныстық (гендерлік) өзгешеліктерімен байланысып жатады. Жақсылық ұғымы педагогикалық психологияда да, этнопсихологияда да жиі қолданылады.

Жігер – адамның түрлі қиындықтарды саналы түрде жеңе білу қабілеті. Адамның мінезінде жеке басының жігері басты орын алады. Жігерлі адам көздеген мақсатына жету үшін зор табандылық көрсете біледі. Жігерлілік әрекетінің басты мақсаты – қабылдаған шешімді орындап шығу. Адам жігері арқылы кез келген қиындықты жеңуге жол табады. Адам өзінің жігері арқылы қиыншылықтарды жеңуге ұмтылады. Адамның өз мінез-құлғын жігеріне бағындыра білуі тәрбие жұмыстарында және өзін тәрбиелеуде өте қажет. Мақсатқа жетуді көздеу, айтқанында тұру, өзін ұстай білу, шұғыл шешім қабылдау, тәртіпке бағыну адамның жігері арқылы қалыптасады.

Жігіт – ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат, бозбала. «Жігіт» сөзінің ертедегі, алғашқы мағынасы туралы «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін немесе Тоныкөк жазуларына көңіл аударсақ, «ігід» сөзін оқып, «қолдау, көтермелеу» деген түсінік аламыз. Ал Ж.Баласағұнның «Құдатғу білік» еңбегінде «ігід» – тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру мағыналарына ие. Осы деректерге қарағанда, қазіргі қолданылып жүрген «жігіт» деген сөзіміздің алғашқы мағынасы «қолдау, көтермелеу», одан бері келе «өнеге беру, тәрбиелеу» мағынасына

дейін жетіп, ең соңында, біздің кезімізде, - өнеге көрген, тәрбие алған, ой-өрісі қалыптасқан тұлғаны айтады.

Зиялылық (лат. «*intelligentis*») – білетін, түсінетін, парасатты) – адамның мәдениетке, парасатқа түсінуге ден қоюшылығынан, мәдениеттің құндылығы мен қажеттілігін түйсінуінен көрінетін қасиеті. Зиялылық мәдениет құбылыстарын қайсібір жалпылама ақиқаттарды, заңдарды, нормаларды ұғындыруға саймайтын, өздігінен бағалы аяқталған авторлық туындылар деп білумен, осы бір ерекше, ештеңе мен өзгертілмейтін авторлық туындыны түсінумен және терең сезінумен байланысты. Ғылыми зерттеулерде зиялылық негізінен тектілік қағидалары негізінде тұқымқуалаушылық жолмен берілетінін анықтап отыр. Сонымен қатар зиялылық демократиялық қоғамда жастарға тәлім-тәрбие беруде идеал болып табылады.

Инабаттылық – әдептілік, тәрбиелілік, мәдениеттілік ұғымдарымен жақын мағынада қолданылатын, кісілік қасиеттердің бірі. Инабаттылық, көбінесе, адамның мінез-құлық ерекшеліктерімен айқындалады. Оның басты көріністеріне: адамгершілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, жауапкершілік, тәртіптілік, қанағатшылық, биязылық, ілтипаттылық, ізеттілік, сабырлылық, әділдік, шыншылдық, т.б. жатады.

Көрегенділік – жеке адам бойындағы имандылық, кішіпейілділік, әдептілік тәрізді адамгершілік қасиеттердің жиынтығы. Көрегенділік жақсы үлгімен тәлім-тәрбие алғанын білдіреді. Көрегенділіктің әуелгі қайнары – әдеп болса, алғашқы белгісі амандасудан көрінеді.

Қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата-бабаларымыздың қаһармандық, батырлық, ерлік, отансүйгіштік тәлім-тәрбие беру идеалдарының жиынтығы.

Қазақстандық патриотизм – әрбір азаматтың өз Отанының тағдырына, қауіпсіздігіне, болашағына деген жауапкершілігін сезіну. Барлық азаматтардың ұлты мен конфессиясына қарамастан қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, мемлекет рәміздеріне, мемлекеттік тілге құрметпен қарау. Туған жерге деген махаббаты, Қазақстанды барлық азаматтардың бірыңғай Отаны ретінде түсінуі.

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Тұлғаның айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық

ұғымының екі қыры бар. Бірі – рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), Екіншісі – іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу). Сондай-ақ, қайырымдылық этикалық және интеллектуалдық болып та бөлінеді. Этикалық қайырымдылыққа ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік жатады. Ал интеллектуалдық қайырымдылыққа даналық, парасат, ақыл-ой тапқырлығы мен өткірлігі сезімталдық жатады. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Біреуге жақсылық, жан-жануарларға, табиғатқа қамқорлық жасау – қайырымдылықтың көрінісі. Рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды қайырымды адам дейді. Ол кейде кедей-кепшік, жарлы-жақыбай жандарға көмектесумен, қайыр-садақа берумен де көрініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады.

Мейірімділік – адамның өзге біреуге жылылығын, ізгі ниеті мен лебізін білдіру көрінісі. Мейірімділік адамдар арасындағы сыйластық, кең пейілділік, жанашырлық, ізгі ниет секілді қасиеттерге негізделеді. Мейірімділік адамның жоғары адамгершілік белгісі ретінде оның бүкіл тыныс-тіршілігін, жан дүниесін жадырататын аса маңызды қасиеттердің бірі болып саналады. «Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық секілді ақ жүректен шығады» (Шаһкерім). Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде мейірімділік адамдар арасындағы адамгершілік, ізгілік пен ізеттілік, имандылық пен инабаттылық т.б. асыл қасиеттермен үндестік тапқан. Ж.Баласағұн «кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең – мейірімділік көресің» деп, мейірімділікке зор мән берген.

Мектеп (араб. «*мактаб*») - жазатын орын) – 1) мұсылмандардың алғашқы оқу орны; 2) жас ұрпаққа, тәрбие мен білім беретін мекеме. Білім беру жүйесінің негізгі буыны. Басты нысаны – сабақ оқыту. Оны мұғалім атқарады.

Мектептің тәрбие жұмысының жүйесі – қазіргі жағдайдағы тәрбие мақсатының педагогикалық ұстанымдарға лайықты реттелген өзара бір-бірімен байланысқан сабақтан тыс іс-шараларын құрайды.

Мораль (лат. «*moralis*») – адамгершілік) – адамның қоғамға және өзінен басқа тұлғаларға қатысты мінез-құлық нормалары мен

принциптерінің жиынтығы, қоғамдық сананың ежелден бергі нысаны, адамның мінез-құлқын реттеудің қоғамдық институты.

Нақыл сөз – даналық қорытындыға құрылған мейлінше жинақы әрі мағыналы сөз. Осы ұғым жөнінде әл-Фарабидің замандасы Исхақ әл-Фараби «Әдеби жинақ» атты еңбегінде былай деп жазады: «Нақыл сөз деп болмыстағы белгісіз бір жұмбақ нәрсенің сыры ашылып, сөз қауашағына тұрақтауын айтамыз. Мыс., «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, сынаушысы – халық, қорғаушысы – арман, ең қымбаттысы – ар, барлығынан ардақтысы – өмір» деп келтіреді. Нақыл сөзде өлең өлшемі де қолданылады. Мыс., «Сараң байды қоңыз десең болар, Ішпей-жемей боктық жиған. Жігітті ерім десең болар, жолдас үшін жанын қиған».

Отансүйгіштік тәрбие – халық дәстүрлері негізінде адам баласының бойына жинақталған ерекше белгі. Ол әрбір жеке тұлғаның бойында белгілі бір қасиетке ие. Осы қасиеттер жиынтығы арқылы ғана әрбір тұлға өз Отанының патриоты болады.

Отбасындағы тәрбие – қажетті нәтижеге жету мақсатындағы ата-аналар және отбасының басқа да мүшелерінің балаларға әсер етуінің жалпы аталуы. Отбасы тәрбиесінің мазмұны демократиялық қоғамның басты мақсатымен анықталады, яғни жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Оның құрамдас компоненттері – ізгілік, құқықтық, адамгершілік, ақыл-ой, патриоттық, эстетикалық және еңбек тәрбиесі. Олар экономикалық, экологиялық, саяси, ғылыми-практикалық білім берумен толықтырылады.

Өжеттік – адам мінезіндегі ұнамды қасиет. Өжеттілік жүйке жүйесі күшті, ми қыртысындағы тежелу процесінен қозуы басым адамдарда жиі көрінеді. Өжеттілік адамның ерік-жігер, жүректілік, батылдық, төзімділік, қайсарлық секілді қасиеттерімен үндесіп жатады. Көбінесе ержүрек, батыл адамдардың бойында кездеседі. Өжеттілік қасиеті бар адамдар өз мақсаттарын жүзеге асыру жолында тез шешім қабылдап, табандылық көрсетеді.

Өсиет – кейінгі ұрпаққа айтылған ақыл-кеңес, ғибрат, өнеге, ата-ананың ұрпағына айтқан тәрбиелік сөздері мен өмір тәжірибесінен алынған тағылымдық мұралары. Қазақ этнопеддагогикасында халықтың ойшыл тұлғалары мен ағартушыларының тәрбиелік өсиеттері ауыз-екі, кейде тасқа ойып

жазған ескерткіштері де бар. Мысалы, Орхон-Енисей жазуын айтуға болады.

Патриотизм (грек. «patris» - Отан) – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

Педагогикалық кеңес – білім беру мекемесінің тұрақты жұмыс істейтін коллегиялық органы. Оның құрамында мектеп директоры (төраға), оның орынбасарлары, мұғалімдер, кітапханашы, мектеп дәрігері, ата-аналар комитетінің төрағасы кіреді. Педагогикалық кеңестің бекіткен шешімі білім мекемесінің барлық қызметкерлері үшін міндетті. Педагогикалық кеңес оқу жылының басында және әрбір оқу тоқсанының соңында бір рет отырыс өткізеді.

Педагогикалық консилиум – эксперттік бағалаудың түрі, ол белгілі бір бағдарлама және бірыңғайдағы белгілермен оқушылардың тәрбиесі мен жетістігі дәрежесін ұжымдық талқылау негізінде қабылданады. Баланың қалыптасуындағы кемшіліктерді анықтап, оны жоюдың құралдары туралы ұжымдық пікірді белгілеуге болады.

Педология – балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында психологиялық, анатомия-физиологиялық, биологиялық және әлеуметтік әдістерді жалпылама пайдалануға талпынатын ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың ортасындағы (С.Холл, П.П.Блонский және т.б.) педагогика мен психологиядағы ағымында ғылыми материал жинақтаған, алайда КСРО-да буржуазиялық ғылым ретінде қата бағаланды және тыйым салынды (БҚП(б) ОК-нің 1936 жылғы «Наркомпрос жүйесіндегі педагогикалық бұрмаланушылықтар туралы» қаулысы), нәтижесінде педагогикалық жас ерекшеліктер психология, психодиагностиканың табиғи даму барысына кері әсер етті. Қазақстанда педологияның негізін салушы профессор Х.Досмұхамедов болатын.

Портфолио – АҚШ-та кең тараған білімді бағалаудың жүйесі. Мәні – оқушының оқу-танымдық әрекетінің үлгілерінің және өнімдерінің сыртқы көздерден (мұғалімдерден, сыныптастарынан, ата-аналардан, ұжымнан т.б.) алынған сәйкес келетін ақпараттардың материалдарын жинау, әдістемелік талдау ұйымдастырылады. Әрбір оқушының білім деңгейін жан-жақты сандық және сапалық жағынан бағалайды, оқыту процесі одан

әрі түзетіледі. Мақсаты – оқушының неге қабілетті екенін барынша көрсету.

Сынып жетекшісі – КСРО мектептерінде 1934 жылы енгізілді. 1) педагогикалық қызметкер, оның лауазымды міндеті: бала тұлғасының дара дамуы және қалыптасуына қажет қолайлы жағдай жасауға ықпал ету; 2) мектептегі баланың білімі мен тәрбиесіне жауапты және әр бала үшін қолайлы орта және моральдық-психологиялық климат туғызатын мұғалім.

Негізгі функционалдық міндеті: балалардың өз арасында, мұғалімдермен, ата-аналар мен қарым-қатынасы кезінде туындаған проблемаларды шешуде көмек көрсетеді.

Сыныптағы атмосфера – бірқатар факторлардың, олардың ішінде ең негізгілері тұлғааралық қатынастар мен оқушыларды оқыту үдерісіне тарту негізінде сыныпта қалыптасатын психологиялық атмосфера.

Тәрбие – 1) Әлеуметтік мағынасында – өскелең ұрпақты өмірге дайындау бойынша барлық әлеуметтік құрылым: қоғамдық институттар, діни ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет, отбасы мен орындайтын қоғамның функциясы; 2) Педагогикалық мағынасында – тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілер арасындағы арнайы ұйымдастырылған және басқарылатын қарым-қатынас процесі, оның барысында қоғамдық-тарихи тәжірибені жаңа қоғамдық қатынастарды қалыптастыру мен оларды қоғамдық өмір мен өнімді еңбекке дайындау мақсатында жаңа ұрпаққа дарыту орындалады.

Келесі бағыттырдан тұрады:

1. *Рухани* – адамның тұрақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін өмірге құндылықты қатынасты қалыптастыру. Бұл адамның жұмысы мен ойларына жоғары мағына беруге қабілетті парыз, әділеттілік, шынайылық, жауапкершілік т.б. қасиеттер сезіміне тәрбиелеу;

2. *Адамгершілік* – адамдармен ізгілік қатынастарды, оларды жетілдіру және қоғамдық талаптар мен нормаларды, әдептілік негіздерін құрайды.

3. *Отансүйгішілік* – атамекенге сүйспеншілік, Отанды қорғау мен оның мүдделері үшін өз ар-намысын жоғары қою сезімін қалыптастыру.

4. *Еңбексүйгішілік* – жеке тұлғаны адал еңбек етуге, еңбек пен оның өнімдеріне жауапкершілік қатынасты қалыптастыруға бағытталған тәрбие жүйесі.

5. *Құқықтық* – ата заңды құрмет тұтуға, адам құқықтары мен құқықтық мәдениетті және заңға бағыну мінезін қалыптастыру процесі;

6. *Дене тәрбиесі* – адамның денсаулығына қатысты денсаулықты нығайту, дұрыс тамақтану, жаттығу, тынығу т.б. тұлғаның дене бітімін жетілдіру жүйесі.

7. *Экономикалық* – өндірісті тиімді жүргізу мен ұйымдастыру, бөліп тарату мен тұтыну принциптері мен нормаларының табиғатына сай білімді, іскерліктер мен дағдыларды, қажеттіліктерді, қызығушылықтары мен ойлау стилін қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеушілер мен тәрбиеленушілердің өзара мақсатты әрекеті.

8. *Экологиялық* – өскелең ұрпақты табиғат туралы білім мен аса жоғары ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық ретінде жауапкершілікті қызметті сезінетін жоғары экологиялық мәдениетке тәрбиелеу.

9. *Эстетикалық* – тұлғаны өмірдегі және өнердегі көркемдікті қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау мен жасаудағы, сұлулық заңдары бойынша шығармашылыққа, жасампаздыққа белсенді қатынасудағы тәрбие жүйесі.

Тәрбиенің теориялары мен тарихи типтері:

1. Афиндық – ақыл-ой және дене тәрбиесі (гимнастикалық) тәлім беруге бағытталды.

2. Спартандық – дене тәрбиесі дайындығына ерекше назар аударатын жүйе;

3. Рыцарлық – орта ғасырлардағы зайырлы феодалдардың балаларын тәрбиелеу жүйесі.

Ұлдар 7 жасқа дейін аналарының бақылауында тәрбиеленіп, кейін оларды сюзреннің сарайына берген. Олар 14 жасқа дейін паж міндеттерін атқарып, кейін 21 жасқа дейін рыцарлық ие болу үшін сынақ тапсыратын болған. Сынақтан өтсе «рыцарь» мәртебесі берілген. Ол рыцарь болу үшін – аң аулай білуі, салт атпен жүру, жүзу, семсерлесу, садақ ату, дойбы ойнау, жүрегі қалаған ханымға өлең жазуы, сонымен қатар өзіне мынадай: ержүректік, қайсарлық т.б. қасиеттер мен сипатталған.

Пуритандық – пуритандарда қалыптасқан тәрбие жүйесі. Пуритандар деп, XVI ғ. II жартысы мен XVII ғ. I жартысында Англияда өткізілген реформаларға наразы, негізінен орта таптардың өкілдері және протестант-кальвинистер аталады. Пуританизм абсолютизмге саяси оппозиция мен XVII ғ. Ағылшын буржуазиялық төңкерісінің идеологиялық көрінісі болды. Кейін пуритандық пікірлер Солтүстік Америкадағы ағылшын отарларында таралды.

Пуритандықтар нәпсі тыюшылықпен, тұрмыс, мораль т.б. қатаң реттелгенімен ерекшеленді. Оларға байлыққа табынушылық, кедейлерді жек көрушілік, үнемшілдік тән еді. Сол кезде олардың бала тәрбиесінде қайсарлық, мақсатқа жетудегі табанды болуға үйретті. Пуритандық тәрбие тарихқа өскелең ұрпақты қатаң және даналыққа тәрбиелеудің синонимі ретінде енді. Англияда пуритандар арасында публік скулз мектебінің жүйесі жасалды.

Еркін тәрбие – әрбір баланың күші мен қабілеттерінің ешқандай шектеусіз дамуы, оның жеке ерекшеліктерінің толық ашылуы. Оған баланың тұлға ретінде қалыптасуын тежеуге, оның өмірі мен тәртібін барлық жағынан реттеуге негізделген тәрбиелеу мен оқыту жүйесіне тыйым салады. Сонымен қатар баланың еркін өсіп-жетілуіне жағдай жасалынады. Оның негізін салушы Ж.Ж.Руссо болып табылады. Ресейде еркін тәрбиелеу мектебін 1906 жылы К.Н.Ветцел «Еркін бала үйін» ашқан болатын. Қазіргі кезде де балаларды еркін тәрбиелеуге қызығушылық туды. Алматыда т.б. ірі қалаларда Вальдорфтық мектептер, М.Монтессори орталықтары ашылып, балаларды тәрбиелеудің еркін, зорлықсыз отандық модельдері жасалып жатыр.

Тәрбие әдістері – ересектер мен балалар арасындағы қоғамдық қарым-қатынастардан туындаған тәрбиелік әрекеттестік тәсілдерінің жиынтығы. Ол балалардың бақытты өмір сүруі, іс-әрекеті, қарым-қатынастарын ұйымдастырып, белсенділігін арттырып, тәртіпке келтіруді көздейді. Тәрбие әдістерінде тәрбиешінің тұлғалық ерекшелігі, кәсіптік құзыреттілік деңгейі айқындалады. Тәрбие әдістеріне бақылау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі тәрбиелеу, әрекеттерді ұйымдастыру және т.б. жатады. Тәрбие әсерінің дағдарысы – тәрбие әрекеттестігінде пайда болатын қиыншылық, мәселелер. Түрлері: әрекет дағдарысы (тым кедергісіз болғандықтан даму процесі тоқталады), орта дағдарысы (бала

айналасы оң әсер туғызудан қалады), зат дағдарысы, сөз дағдарысы т.б.

Тәрбие теориясы – тәрбиенің мәнін, заңдылықтарын, қозғаушы күшін, негізгі құрылымдық бөліктерін, және әдістемесін анықтайтын педагогиканың бөлімі.

Тұлға – 1) Дербес әрекет жасайтын субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас, ерекше әдісі. Адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны. Тұлғаның мәні нақты индивидтің өзіндік ерекшелігінде, оның әлеуметтік жүйе шеңберіндегі өзімен-өзін болу қабілетінде ашылады; 2) Адамдар арасындағы өзінің ұстаным - орнын еркін және жауапкершілікпен анықтайтын, қоғамның өкілі ретіндегі адам; 3) Жеке ерекшеліктері бар қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын сезінген, қызметтің белгілі бір түрімен айналысатын әлеуметтік қауымдастықтың белгілі өкілі, нақты адам. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды атқаруы. Профессор Г.Ю.Айзенк бойынша жеке тұлғаның үш негізгі өлшемі – интроверсия, экстрроверсия, нейротизм деп шартты түрде бөлінеді.

Түркі патриотизмі – тұтас түркі әлемінің ерлік, қаһармандық дәстүрлерін қасиет тұтатын және бүкіл түркі мүддесіне адал қызмет ететін жеке тұлғаны қалыптастырудағы отансүйгіштік тәрбие жүйесі.

Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі – ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени мирасқорлықтың халық болмысындағы тұтастығының негізі, этникалық қоғамның базисінің саяси-әлеуметтік-мәдени қондырмасы, түркі халықтарының жасампаздығы мен мәңгілік өміршеңдігінің тұжырымдамалық теориясы бола отырып, «өткен-бүгін-болашақтың» бейнесін әйгілейтін этникалық сана-сезімнің көрінісі.

Тыйым – жаман, жағымсыз істен аулақ болуды талап ету. Тыйымдар тәрбие берудің негізі болып табылады. Діни наным-сенімдерге байланысты қазақ халқында тыйым сөздер де кездеседі. Сол арқылы балалардың жаман әдеттерден аулақ болуына қолданылатын тәрбие құралы.

Ұлтжандылық – өз ұлтының, тілін, дінін, дәстүрін сүюдің белгісі. Ұлтжандылық өз ұлтының мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін қадірлейтін, ұлттық намысты қорғай білетін адамның қасиеті.

Ұлттық мақтаныш – ұлттың материалдық, әлеуметтік және мәдени жетістіктерінің негізінде қалыптасатын әрі алдыңғы қатарлы ұлттық идеялар, ой-пікірлерімен байып отыратын, ұлт бостандығы және саяси әлеуметтік бостандық жолындағы күрестің тарихымен байланысты әлеуметтік психологиялық сезім болып саналады.

Ұлттық намыс – ұлтты құрайтын халықтың әр адамының ұлтқа қатысты айтылған кез келген кемсітушілікті, ұлтқа қарсы жасалған іс-әрекетті бейне өзіне бағытталғандай қабылдап, соған қарсы жандүниесінде пайда болған сезімнің буырқанған серпілісінің жалпы халықтық сипатқа айналған ұжымдық түрі.

Үлгі-өнеге – жеке адамның басқаға үлгі көрсетіп, өнегесін үйретуі. Жеке тұлғаның білімділігі, еңбекқорлығы, имандылығы, үлгілі мінез-құлқы жастарға үлгі-өнеге болады.

Халық педагогикасы – 1) Бұл практика жүзінде тексерілген және жинақталған эмпирикалық білімдердің, мәлімдердің, іскерлік пен дағдының жиынтығы. Ол халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде, көбіне ауызша түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады; 2) Халық арасындағы тәрбиенің мақсаты мен міндетін, тәрбие мен оқытудың құралдары, іскерлік дағдыларының жиынтығынан керінетін эмпирикалық педагогикалық білімдер мен халық бұқарасы тәжірибесінің алаңы негізінде қалыптасқан тәлімдік-тәжірибелер.

Халықтық педагогика негізінен ұлттық ойындарда, салт-дәстүрлер, ырымдар мен тыйымдар, тәрбие және мінез-құлық жиынтықтарының ережелерінде, батырлық дастандарда, халық ауыз шығармашылығында сақталған тәрбиелік және педагогикалық тағылымдар жиынтығы. Жеке тұлғаны қоғамдық ортаға тәрбиелеумен қатар, оған қол жеткізудің жолдары мен құралдары енеді. Жас ұрпақтың бойында ұлттық сананы қалыптастыруға жаңа оқу-тәрбие үдерісіне бағыттауға, оның бойында әлемдік мәдениетте өз ұлтының, этностың рөлі туралы түсінігін дамытуға көмектеседі. Сол арқылы білім жиынтығы және тәрбие дағдысы этномәдени дәстүрде сақталып, тұрақты ұлттық спецификалық қарым-қатынас формаларында және ең маңызды этностық бүтіндігі мен мәңгі өмір сүруіне қызмет етеді.

Шағын жинақталған мектеп – сынып жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп.

Ырым – тұлғаның жақсылыққа құштарлықпен жасалған әрекеті. Ырымның тәрбиелік мәні зор болып табылатын арман тілектерінен тұрады. Мысалы, нәрестенің кіндігін жаны жақсы адамға кестіру, баланың тұсауын жүйрік, жолы болғыш адамға кестіру т.б.

Ізгілік тәрбиесі – жеке тұлғаның моральдық қасиеттерінің, көзқарастары мен сенімдерінің қалыптасу үрдісі. Ізгілікті деп жалпы адамзаттық моральдың ережелері мен талаптарын, нормаларын өз көзқарасы мен сенімі ретінде, мінез-құлқының үйреншікті формасы ретінде көрінетін тұлғаны айтуға болады.

Ілтипат – әр құбылысқа ықылас қою, үлкеннің сөзін тыңдай біліп, сый-құрмет көрсету, жақсылыққа назар аудару, жақсылық жасаған адамға ризашылық, әдептілік көрсету. Ұлттық тәрбиеде халық ұрпағын ілтипатты болуға баулиды. Бұл, көбінесе, отбасындағы тәрбиеден көрініс табады.

Эмпатия (лат. «empathia» – әсерлену) – адамның қасиеті, сезімі арқылы басқа адамдардың жан күйзелісін түсіну қабілеті, оны сезіне білу және оған ортақтасу.

ЮНИСЕФ – БҰҰ-ның балалар қоры. Соғыста қиратылған Еуропа елдерінде балаларға көмек ұйымдастыру үшін 1946 жылы құрылған (1953 жылдан бастап қазіргі атауы). Қоғамдық пікірге ықпал ету және түрлі елдердің өкіметін балаларға көмек көрсету үшін бағдарламаларды әзірлеуге мәжбүр етеді. 1965 жылы балалық шақ пен бейбітшілікті қорғау ісіне қосқан үлесі үшін Нобель сыйлығы тағайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдрашито́ва Т.А., Оспанова Я.Н. Передовой опыт по патриотическому воспитанию граждан. Методическое пособие. – Астана: Издательство ТОО «Агроиздат», 2009. – 236 с.
2. Айталы А. Ұлттану /Оқу құралы. – Алматы: «Арыс», 2000. – 221 б. Асанов Ж. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының теориясы мен практикасы. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 212 б.
3. Айтуов Ә. Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы: «Мектеп», 1978. – 96 б.
4. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер) /Құрастырған Қ.Б. Жарықбаев. – Алматы: «Ана тілі», 2008. – 216 б.
5. Атемова Қ.Т. Түркі халықтарындағы отбасы тәрбиесі дәстүрлерінің қалыптасуы: Монография. – Алматы, 2009. – 328 б.
6. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы: «Қайнар», 1996. – 288 б.
7. Арын М. Бес анық. – Алматы: «Арыс», 1996. – 383 б.
8. Асанов Ж.І. Қазақстан педагогика ғылымы. – Қызылорда: «Тұмар», 2010. – 312 б.
9. Асыллов Ұ., Нұсқанбайұлы Ж. Әдеп: инабаттылық дәрістері. – Алматы: «Рауан», 1998. – 272 б.
10. Ата салтынды аяла. Қазақ салт-дәстүрлері туралы таным/ Құрастырған Н. Ақбаев. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 160 б.
11. Атемова Қ.Т. Тәрбие теориясы. 050103 – «Педагогика-психология» мамандығына арналған оқу-әдістемелік кешен. – Алматы, 2005. – 57 б.
12. Атырау: Энциклопедия /Редакторы З.Қабдолов. – Алматы: «Атамұра», 2000. – 384 б.
13. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы: «Кәусар бұлақ», 1994. – 32 б.
14. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. – Алматы, «Дарын», 2006. – 480 б.
15. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: «Дарын», 2004. – 152 б.
16. Әбілдина С.Қ. Қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд... дис. – Алматы, 1999. – 165 б.
17. Әбілова З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы: «Мектеп», 1972. – 240 б.
18. Бағашар Қ. Исламдағы бала тәрбиесі. – Алматы: «Көкжиек-Б», 2010. – 224 б.
19. Байсеркеев Л.А. Нравственные основы правового воспитания школьников. Учебное пособие. – Алматы: «Санат», 1999. – 208 с.
20. Бахтиярова Г.Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 177 б.
21. Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 225 с.
22. Беркімбаева Ш.К., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлімінің тарихы. Оқу құралы. – Алматы, – 2005. – 187 б.
23. Богданова О.С., Черенкова С.В. Нравственное воспитание старшекласников. – Москва: «Просвещение», 1988. – 206 с.
24. Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: «Мектеп», 1987. – 231 б.
25. Бопайұлы Б. Қазақ кәдесі. – Алматы: «Бастау» ЖШС, 2003. – 192 б.
26. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2004. – 304 б.
27. Бурбаев Т.К. Ұлт менталитеті /Монография. – Астана: «Елорда», 2001. – 248 б.
28. Гриценко Л.И. Теория и методика воспитания. Учеб. пособие для студ. выс. учеб. заведения. – М.: «Академия», 2005. – 240 с.
29. Губашева С., Отарбай А. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: «Фолиант», 2011. – 244 б.
30. Гурова Р.Г. Социологические проблемы воспитания. – М.: «Педагогика», 1984. – 175 с.
31. Ғаббасов С. Ізгілік әліппесі. – Алматы, 1991. – 200 б.
32. Ғабдуллин М. Ата-аналарға арналған тәрбие туралы кеңес. – Алматы: «Мектеп», 1966. – 123 б.
33. Демеуова М.Е., Қожахметова К.Ж. Воспитательные системы Казахстана. – Алматы: «Сигнет-Принт», 2006. – 160 с.
34. Дүйсенбаев А.Қ. Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. Оқу құралы. Ақтөбе, 2008. – 155 б.

35. Дүйсенбаев А.К. Түркі халықтарының тәлімдік тәжірибесі мен педагогикалық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие. Монография. – Алматы, 2010. – 260 б.
36. Дүйсенбінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын мектеп практикасына ендіру. Монография. – Алматы: «Ғылым», 2000. – 335 б.
37. Ескалиев М.Д., Шеденов Ө.К. Жастарға экономикалық тәрбие беру. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 176 б.
38. Ешімханов С.Е. Оқушыларға әскери патриоттық тәрбие беру. – Алматы, 1991. – 266 б.
39. Жарықбаев Қ. Этнопсихология – ұлт тәрбиесінің өзегі. – Алматы, «Білім», 2005. – 260 б.
40. Жарықбаев Қ., Алдамұратов Ә. Әдептану негіздері: Оқу құралы V-VII сыныптарына арналған. – Алматы: «Мұраттас», 1997. – 153 б.
41. Жумадуллаева А. Отбасы-некелік тәрбие негіздері. – Алматы, 2007. – 146 б.
42. Жұмаханов Ә. Жас жеткіншіктерді комплексте тәрбиелеу. – Алматы: «Қазақ университеті», 1991. – 48 б.
43. Ибрайымова Л.Н. Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие: пед. ғыл. канд. ... дисс.:13.00.01. – Тараз, 2007. – 140 б.
44. Игенбаева Б.Қ. Адамгершілік сабақтары. – Алматы: «Дәуір», 2001. – 174 б.
45. Иассауи Қ.А. Диуани хикмет. – Алматы: «Мұраттас», 1993. – 325 б.
46. Кабакова М.П. Психологические методы исследования семьи: Учебное пособие. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 114 с.
47. Каиров И.А., Богданова О.С. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі. Оқу құралы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 346 б.
48. Калюжный А.А. Роль учителя в нравственном воспитании школьников. – Алматы: «РБК», 1994. – 121 с.
49. Капралова Р.М. Работа классного руководителя с родителями. – Москва, 1980. – 193 с.
50. Караковский В.А., Новикова Л.И. Воспитание? Воспитание ...Воспитание: Теория и практика воспитательных систем. – Москва, 1996. – 256 с.
51. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2005. – 284 бет, суретті.
52. Кертәева К. М., Есімова Д. Д. Ұстаздың ұлттық тәлім-тәрбие беруге деонтологиялық даярлығы: Педагогикалық мамандықтар студенттеріне арналған оқу - әдістемелік құралы. – Павлодар: «Кереку», 2010. – 133 б.
53. Керімов Л. Қиын бала және оны қайта тәрбиелеу. – Алматы: «Республикалық кабинет», 1990. – 208 б.
54. Класс жетекшісінің анықтамалығы /Құрастырған В.М.Коротов. – Алматы: «Мектеп», 1982, – 298 б.
55. Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 317 с.
56. Кошербаева А.Н. Развитие идей гуманизма Юсуфа Баласагуни: методология, теория и практика. – Алматы: «КазНПУ им. Абая», 2003. – 160 с.
57. Кукушкин В.С. Теория и методика воспитательной работы. – Ростов на Дону: «МарТ», 2002. – 320 с.
58. Маңғыстау энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра», 1997. – 384 б.
59. Мырзақелді К. Абзалдық әліппесі: Әкесінің өз ұлына өсиеті. – Уроки мудрости: Заповедь отеческая к сыну своему. 2-ое изд.изм. и доп. – Алматы: «Әл-Фараби», 1998. – 224 б.
60. Мұхамбетова С.Қ. Тәрбие теориясы. – Астана, 2005. – 195 б.
61. Қазақ мақал-мәтелдері /Құрастырған Ж.Дәуренбеков. – Алматы: «Ана тілі», 2001. – 192 б.
62. Қазақ мақал-мәтелдері – Казахские пословицы и поговорки /Құрастырған және аударған М.Аққозин. – Алматы, 2000. – 212 б.
63. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» ЖШС, 2002. – 256 б.
64. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.1. «А-Ә» /Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы, 1998. – 720 б.
65. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Т.2. «Ә-Г» /Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 720 б.
66. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Он томдық. XV-XVIII ғғ. билер мен ақын-жыраулар тағылымы /Құраст. Қалиев С., Аюбай К. – Алматы, 2007. – Т.4. – 464 б.

67. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы /Құрастырған Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1994. – Т. 1. – 320 б.
68. Қалиев С. Қазақ этнопеддагогикасының теориялық негіздері мен тарихы /Оқу құралы. – Алматы: «Рауан», 1998. – 128 б.
69. Қалиев С., Майғаранова Ш., Нысанбаева Г., Иманбаева С., Бейсенбаева А.А. Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен әдістемесі(қазақ және орыс тілдерінді). – Алматы: «РБК», 1998. – 158.
70. Қалиев С. Үлгілі үйдің ұл-қызы. – Алматы, 2000. – 208 б.
71. Қалиев С., Иманбекова Б., Жұмабаева Ж. Тәрбие хрестоматиясы. – Алматы: «Алматыкітап», 2004. – 256 б.
72. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ат-түрк»). – Алматы: «Ана тілі», 1993. – 192 б.
73. Қожахметова К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: «РБК», 1997. – 141 б.
74. Қожахметова К.Ж. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. – Алматы: «Әлем», 2000. – 128 б.
75. Қожахметова К.Ж. Тәрбие үрдісі мен оқушылардың тәрбие деңгейін бағалаудың өлшемдері. – Алматы, 2006. – 212 б.
76. Қоңыратбаева Т.Ә. Ұстаздың менталдық әлемі. – Астана, 2004. – 123 б.
77. Қоңырбаева С. Отбасы: бала мен ата-ана. – Алматы, 2006. – 198 б.
78. Қыдырбаева М. Мектептегі музыкалық тәрбие әдістемесі. – Астана: «Фолиант», 2010. – 136 б.
79. Майғаранова Ш.М. Мектеп оқушыларын рухани дамыту мәселелері. – Алматы: «Ғылым», 2002. – 124 б.
80. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты. – Алматы: «Ана тілі», 1995. – 192 б.
81. Нургалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика, формирования. – Алматы, 1994. – 380 с.
82. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, 2000. – 240 б.
83. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т.Ы. Ой. Ақыл. Адамгершілік. – Алматы: «Білім», 1994. – 112 б.
84. Оразбекова К.А. Жеке тұлға ұлттық тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Монография. –Алматы: «Комплекс», 2000. -330 б.

85. Өтешова Б.Қ. Тәрбие жұмысында ұлттық болмыс ұғымдарын жандандыру /Оқу құралы. – Алматы, 2007. – 114 б.
86. Педагогика тарихы./ Жалпы ред. Ш.К.Беркімбаева. Оқулық. – Алматы, 2009. – 389 б.
87. Республикадағы балаларға қосымша білім беруші ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттардың жинағы. /Құрастырған Г.Т.Қажиева. Алматы, 2009. – 384 б.
88. Рожков М.И., Байбородова Л.В. Организация воспитательного процесса в школе. – Москва, 2000. – 169 с.
89. Рувинский Л.И., Хохлов С.И. Ерлік пен мінезді қалай тәрбиелеу керек. Оқушыларға арналған кітап. – Алматы: «Мектеп», 1989. – 150 б.
90. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: «Рауан», 1991. – 176 б.
91. Сейталиев Қ. Тәрбие тарихы. – Алматы: «Мектеп», 1986. – 150 б.
92. Сейталиев Қ.Б. Педагогика тарихы. – Атырау, 2007. – 336 б.
93. Созонов В.П. Организация воспитательной работы в классе. Методическое пособия для класного руководителя. – М.: «Педагогический поиск», 2000. - 160 с.
94. Табылдиев Ә. Халық тағылымы (қазақтың халық педагогикасы және тәрбие). – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 200 б.
95. Тайжанов А. Тағылымды танымдар /Көмекші оқу құралы. – Орал: «Ағартушы», 2007. – 304 б.
96. Тайжанов А.Т. Этномәдени білім мен тәрбие /Оқу құралы.– Ақтөбе, 2009. – 122 б.
97. Тәкежанұлы Қ. Қазақтың ежелгі әдет-ғұыптары. – Алматы, 2005. – 345 б.
98. Төлеубекова Р. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізі. – Алматы: «Комплекс», 2001. – 295 с.
99. Тілеужанов М. Халық тағылымы. – Алматы: «Рауан», 1996. – 299 б.
100. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: «Білім», 1995. – 232 б.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
I-тарау. Тәрбиенің қалыптасу генезисі және оның қоғамдық мәні.....	6
1.1. Тәрбиенің генезисі және тарихи негізі.....	6
1.2. Жеке тұлға туралы жалпы түсінік.....	20
1.3. Тәрбие формалары мен әдістері.....	39
1.4. Тұлғаны отбасында тәрбиелудің мәні.....	49
1.5. Сыныптағы тәрбие жүйесі.....	63
II -тарау. Ғұлама ойшылдардың тәрбие туралы тағылымдық мұралары.....	71
2.1. Анахарсистің тағылымдық-тәрбиелік мұралары.....	72
2.2. Күлтегіннің тәрбиелік мұралары.....	80
2.3. Қорқыттың тәрбиелік мұралары.....	84
2.4. Әл-Фарабидің тәрбиелік мұралары.....	90
2.5. Қожа Ахмет Йасауидің тәрбиелік хикметтері.....	99
2.6. Асанқайғының тәрбиелік мұралары	112
2.7. Абай Құнанбайұлының тәрбиелік мұралары.....	117
2.8. Мұстафа Шоқайдың тәрбиелік мұралары.....	127
2.9. Мағжан Жұмабайұлының тәрбиелік мұралары.....	131
III-тарау. Жалпы білім беретін орта мектепте тәрбие сағаттарын ұйымдастырудың әдістемесі.....	140
Адамгершілік тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	140
Ақыл-ой тәрбиесіне арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	147
Ізгілік тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	150
Имандылық тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	155
Патриоттық тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	157
Эстетикалық тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	169
Құқықтық тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	179
Экологиялық тәрбиеге арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	182
Дене тәрбиесіне арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	188
Салауатты өмір салтына арналған тәрбие сағаттарының үлгісі.....	189
Мектеп оқушыларына арналған сахналық қойылымдар	194
Практикалық сабақтар мазмұны.....	202
Өзіндік жұмыс тапсырмалары.....	204
Емтихан сұрақтары.....	207
Тест тапсырмалары.....	211
Глоссарий.....	234
Әдебиеттер.....	250

Дүйсенбаев Абай Қабақбайұлы

ТӘРБИЕ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Оқулық

Пішімі 60x84 1/16

Тығыздығы 80 гр./см². Қағаздың ақтығы 95%.

Қағазы офсеттік. РИЗО басылымы.

Басуға қол қойылған күні 23.12.2014 ж.

Есепке алынатын баспа табағы 16,06.

«Отан» баспаханасында басылып шығарылды.
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай д-лы №30
e-mail: otan88@mail.ru